



Жеңіс Қашқынов

ТУҒАН ЖЕР  
ТОПЖАРҒАНДАРЫ

“Болашақ-Баспа”  
2003

**Женіс Қашқынов**

**ТУҒАН ЖЕР  
ТОПЖАРҒАНДАРЫ**

*(Деректі әңгімелер, ой толғамдары,  
портреттер, сапарнама)*

**Қарағанды  
2003**

**Женіс Қашқынов. Туган жер топжарғандары** (*Деректі әңгімелер, ой толғамдары, портреттер, сапарнама*). — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. 212 б.

**ISBN 9965-528-82-9**

Жазушының бұл кітабына әр жылдары жазылған батыр бабалардың, ақын-жазушылардың, күйші-әншілердің шығармашылық портреттері, деректі әңгімелері, әдебиет туралы ой-толғамдары мен ел аралағандағы жолжазбалары енген.

**ISBN 9965-528-82-9**

©Ж.Қашқынов  
©Қарағанды маңызды білім беретін  
“Болашақ” институты  
“Болашақ-Баспа”  
редакциялық-баспа бөлімі

## Батыр бабалар — әулие даналар

Тарихқа үңілсек Ақтоғай атырабындағы Тоқырауын сонау ықылым заманнан қалың елге аты жайылған киелі де қасиетті өзен екен.

*Ер Айбас Тайкөк атпен тағы шапты,  
Арасын тамам жолдың оймен тапты.  
Дейтұғын өзен осы Тоқырауын,  
Сол жерде үш күн жатып тоқырапты.*

Бұл шумақ “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырынан алынып отыр. Ертеде Тоқырауын бойында ит тұмсығы өтпейтін тұнып тұрған қалың тоғай өсіпті. Айбас батыр Тайкөкпен өзеннен өту үшін, тоғайды үш күн бойы айбалтамен киіп жол салған көрінеді.

Әмір Темірдің 1389 жылы маусым-шілде айларында қазіргі Қазақстан жері арқылы жасаған жорығы тарихтан белгілі.

Әскер Ортаудан өтіп, Тоқырауын өзеніне жеткенше күннің қатты ыстығында су тапшылығын көреді. Құдық қазуға мәжбүр болады. Тоқырауын өзенінің жақсы, тұщы суына жеткен соң, әскері бой жазып, аз күн тынығып, аң аулайды.

Жүсінқожа Шайхисыламулының “Қисса Наурызбай төре” дастанында:

*Жатайын Тоқырауында үш күн тосып,  
Ел-жұрттың кеңес күрсын басын қосып.  
Мен ондай қатын емес қашатұғын,  
Кетпеймін жалған айтып, бекер шошып,* - дейтін шу-

мақтан да ұзақ жолдан қажып, шаршап келген жолаушылардың бел шешіп, ат шалдыратын жайлы орындарының бірі Тоқырауын өзенінің жағасы болған.

Кейін осы өңірге Дадан Тобықтыны бастап келген Қараменде биге Әлтеке Жидебай мен Сарым Шабанбай елі Тоқырауын бойынан қоныс беріп, ағайын-туыс болып араласып кетеді.

Бала кезімде:

*Қара, Шорда Сеңкібай,  
Әлтекеде Жидебай,  
Сарымдағы Жалаңтөс,  
Жангүтты мен Шабанбай.*

*Кернеидегі Жарылған,  
Карсондегі Аралбай,  
Тобықтыда Карамеде,  
Шұбыртпалы Ағыбай,* - деген қанатты сөздерді

жүрегіме түніп, құлағыма құйып өстім.

Кейін осындағы аттары аталған бабаларымыздың Балқаш пен Қарағанды арасындағы сайын даланы төстерін қалқан етіп, дұшпаннан қорғаған батырлар екеніне көзім жетті. Олардың қаһармандық ерліктері жайлы бұрындары жазылғандықтан, бүгінгі өңгімені данагөй ақыл-биліктері төңірегінде орбіткім келеді.

Тоқырауын бойын жайлаған қалың ел ішінде: “Шақадан туған Қарамеде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтос батырдай еді”, - деген нақыл бар. Ал Жалаңтосі естігенде ел елен ете қалады. Ойткені, тарихта үш Жалаңтос батыр өткен. Бірі – қазақ пен қалмақтың текетіресі Орбұлаққа жиырма мың көлмен келген атшын Самарқанд билеушісі, екіншісі – атакты ғалым Әлкей Марғұлан айтып кеткен Жалаңтос. Ал үшіншісі – сарым Құлық Жалаңтос батыр.

Блікпін күші, найзаның ұшымен жерін қорғаған батыр бабалар ел бірлігіне ерекше көңіл болген. Бұған сарым Жалаңтос батырдың артында қалдырған ақыл-өсиеті, ізгі тілек-батасы дәлел: “Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын билдірмес”, “Жаудан күткен жақсылық – зарыққанның белгісі”, “Аш отырсаң да аман отыр” сияқты т.б. нақылдарымен қоса, туған жерге, елге, кейінгі ұрпағына берген бата-ғысқ, өсиеттері өз алдына бір төбе. Бәрінде де елді бірлікке, ерлікке, батылдыққа, шыдамдылыққа, татулыққа шақырып отырған.

*Туған жер – алтын бесігің,  
Сонымен асыл есімің.  
Сонымен билк мәртебең,  
Сонымен жарық әр күнің,  
Сонымен гүлдер ертеңің.  
Қорға Анаңды – Жеріңді,  
Қорға Ене – Еліңді, –*

Немесе,

*О, туған жер, туған жер,  
Кеудемді төсеп қорғадым.  
Шаршағанда – қуатым,  
Арқа сүйер қорғаным.  
Шалдегенде – көзсорым,*

*Сағынғанда — аңсарым.  
Бір шыбындай жанымды,  
Жолыңа сенің арнадым.  
Топырақ сенен бұйырса,*

*Менің де жоқ арманым,* — деп Жалаңтос баһадүрдің тыек тілеуі Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі, ақ адал махаббаты, асыл арманы. Бүгінгі егемен ел ұландары осындай отаншылдық рухта тәрбиеленсе, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі шайқалмайды.

Әлтеке Дос батырдың немересі Қожаназарұлы Жидебай батырды бірде Абылай Қарақожа еліне жорыққа аттандырады. Ертеректе Балқаш көлінің Ұзынарал тұсындағы су астына төселген тасөткелмен Ыбыр-Сібірге апаратын Ұлы Жібек жолының бір тармағы өтіпті. Талай жылдар ұмытылған өткелді Жидебай батыр біліпті. Сол өткел арқылы сарбаздармен теңіз кешіп өтіп, арғы беттегі Қарақожа елін бағындырып қайтады.

Сонда Қарақожа:

— Бұл жолды көзің шыққыр Жидебай ғана білсе керек-ті, — деп өз өкінішін білдіріпті.

Кейін жасы тоқсаннан асқанда Жидебайдың қос көзі көрмей қалады. Қоңылін сұрай келгендерге:

*Жасымның жүзге келгені,  
Алты алаштың алғысы.  
Қос жанардың сонгені,  
Қарақожаның қарғысы,* — дейді екен.

Бұндай нақыл сөздер:

*Көп жасаған қария,  
Ақылы теңіз — дария.  
Көкірегінде көзі бар,  
Көпке өнеге сөзі бар,  
Сөзі — соқпақ, өзі — нар,* — атанған Жидебай,

данадан қалған асыл ретінде өлі күнге ел ішінде айтылады.

Бірде Жидекен:

*Тобықтының басы еді Қараменде,  
Сирек туар дәл сондай дара пенде.  
Асыл сөзден тең буган мың тоғанак,*

*Орта жүздің құты еді қара қомбе,* — деп, қартайған шағында өзі қадір тұтатын Қараменде шешенге Бөлтірік деген баланы жіберсе керек. Сонда айтқан сәлем сөзі былай екен: “Төрт нәрседен үміт жоқ. Қара сақалды әкем бар, қара шашты шешем

бар. Жеті жетім жанымды қинайды. Бес атаның малын іздеп шаршаймын. Жетпіс – шырылдайды, сексен – балапан, тоқсан – жұмыртқа. Осы тоғыз ауыз сөзіме жауап берсін”.

Үзенгілес досының сөзіне Қараменде:

*Ауру жазыламын деп үмітті,  
Жарлы байырмын деп үмітті.  
Қашқан құтыламын деп үмітті,  
Ұлсыз адам ұл туар деп үмітті,  
Шіркін, үмітсіз тек қарттық екен.*

Алғашқы екі ауыз сөздің мәні осы болса керек. Ал қара сақалды әкесі, қара шашты шешесі болса, бала мен келінге қарап қалыпты-ау. Қайран ер екі елі аузына төрт елі қақпақ қойсын.

*Ел қошсе – бел жетім,  
Үйрек, қаз кетсе көл – жетім.  
Ері жоқ – ел жетім.  
Елі жоқ – ер жетім.  
Жоқтаусыз кетсе, қыз – жетім.  
Парықсыз болса, сөз – жетім.*

Болған іске болаттай берік болсын. Бес атаның малы дегені – шақшасы мен пышағы. қу шақпағы мен көзәйнегі шығар, қалтасын көбейтсін.

*Жетпіс, сексен, тоқсан жас,  
Талай ерді тосқан жас,  
Қашпасын да саспасын,  
Қасқайып көрсін қайран бас, - депті.*

Қараменде шешен өлерінде:

*Иә, шырақтарым.  
Адасқан сиырды тана бастайды,  
Қартайған әжені бала бастайды.  
Бала жақсы болса, дана бастайды.  
Жаман болса бықсытып  
Шаланы қолына ала бастайды.  
Иә, туыспен сыйласыңдар,  
Туыссыз жалғыз кісінің  
Кейде келер, кейде келмес күлкісі бар.  
Туысы екеу кісінің  
Ойда жортып жүрген түлкісі бар.  
Туысы үшеу кісінің  
Отарда жатқан жылқысы бар.  
Не болмаса,*

*Туысы жалғыз кісінің  
Шығар шықпас жаны бар.  
Туысы екеу кісінің  
Оқпе, бауыр, жалы бар.  
Туысы үшеу кісінің  
Жағасы – жайлау,  
Төбесі – қыстау халі бар.  
Тағы біраз ойланып:  
Баласы бардың панасы бар,  
Ағасы бардың жағасы бар,  
Інісі бардың тынысы бар, - депті.*

– Апырай, осының қосымшасын неге былай айтпады екен:

*Рас, жақсы болса, інісі бар,  
Жаман болса –  
Құтыла алмайтын жұмысы бар.  
Рас, баласы бардың панасы бар,  
Жаман болса –  
Құтыла алмайтын пәлесі бар.  
Рас, ағасы бардың жағасы бар,  
Жаман болса –*

*Бет-аузыңа ат тепкендей жарасы бар, - деп*  
өкініш білдірпті Жидебай.

Шабанбай би жайлы бөріміздің билетіміз – Жанғұттыға бата беруі. Жанғұтты он жеті жасында өкесінің айтуымен Сарым елінің белді биі Шабанбайға баға алуға келеді. Би Жанғұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

– Шырағым, дүниеде не адал, өлсімде не мықты? – деп сұрапты.

Сонда Жанғұтты:

*– Адал болсаң судай бол,  
Су арамды көтереді.  
Мықты болсаң жердей бол,  
Жер жаһанды көтереді, - деген екен.*

Жауабына риза болған Шабанбай бала Жанғұттыны бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

*– Аллаға жағам десең – азанды бол,  
Ағайынға жағам десең – қазанды бол.  
Халқыңа жағам десең – әділ бол.  
Судай таза бол,  
Жердей берік бол,*



*Омірің ұзақ болсын,  
Аймағың суат болсын,  
Сөзің халқыңа қуат болсын,* - деп батасын беріп

аттандырған екен.

Жанғұттының Шабанбай биден бата алуға келген сапары жайлы ел ішінде мынандай әңгіме бар.

Ол кезде аты дүбірлеп тұрған Шабанбай бимен дидарласып, бір-екі ауыз сөзін тыңдап қалуға әркім құштар болған. Ал Ботанбай бай өзінің атқа мінер баласы Жанғұттыны арнайы жіберуі тегін емес еді. Шабанбай, біріншіден – сыншыл, екіншіден – шыншыл. Сондықтан данаға өзінің үміп еткен баласын сынатып алуды іске асыру мақсатында ауылдың бір ақсақалын бас етіп, қасына екі-үш жолдасын қосып, Шабанбай биге аттандырады. Бұлар Шабанбай би ауылының шетіне келгенде, бие сауып жүрген ақсақалды желі басынан кездестіреді.

– Біз Шабанбай биге арнайы келе жатқан жолаушылар едік. Ол кісі ауылда ма екен? Үйін көрсетін жібермейсіз бе? – деп жөн сұрайды.

– Анау ауыл ортасындағы ақ үй сол кісінікі, - деп жауап береді желі басындағы қария.

Бұлар үй сыртынан келіп аттан гүседі. Кермеге байлап, үеті-бастарын қағады. Үйге кіріп жайғасады. Дастархан жайылып, қымыз сапырыла бастаған кезде бір қария кіріп, бұларға сәлем береді. Қонақтар бір-біріне таңырқай қарайды. Жүзі таныс адам. Сойтсе, үетіндегі киімін ауыстырып келген жаңағы желі басындағы жолыққан қария Шабанбай бидің өзі болып шығады. Жастардың абыржығанын аңғарған осында бастап келген қария:

– “Күлша істеп, бише іш”, - деген сөз осындайдан қалған, - дейді. Ақсақалдың айтқанын жастар да бірден түсіне қойыпты.

Бізге күні кешеге дейін қызыл империя шешендер мен билерді, байлар мен хандарды, батырлар мен ақындарды тек жағымсыз жақтарынан көрсетіп, тіпті аттарын да ататтырмай қойды емес пе?! Оларды тек баюды ғана ойлаған, елді қанап, қарын сипап, тамақ шуден басқа ештеңемен шаруасы жоқ, құбыжық жандардай санамызға сіңірді.

Сондықтан да ақын Ғафу Қайырбековтің:

*Әлі күнге бір сұмдық – мен аңғарған,  
Сұрап келем ақылды адамдардан.  
Өзге жұрттың хандары жақсы болып,  
Біздің хандар қалайша жаман болған,*

- деп күдіктенуі санамызға тек жаман жақтарынан сіңіруі еді.

Сойтсек, Шабанбай сияқты шешендер елді біріктіре білген. Жоғарыдағы келтірілген мысалдай өз шаруасын өзі жайғаған, өділеттілікті ар туындай жоғары ұстаған дана адамдар. Билер бас қосып бір мәселені шешуге жиналғанда Шабанбай өңгімеге араласпай, шеткері жаққа жайғасады екен. Мәселе шешілмей, өңгіме созбаланып кеткенде токетерін айтып, істі бір-ақ созбен тындыратын болған. “Шаппай жүйрік болған, сойлемей шешен болған Шабаным” деп Жидебай батыр ерекше бағалаған.

Кезінде Шабанбай биден бата алған Жангүтты шешен жайлы Мөшһүр Жүсіп Көпсейұлы мынандай дерек жазып қалдырған:

“Кұлжаннан Айдабол, Айдаболдан Дерінсәлі, Маман, Шуаш. Шуашпан Амантай, Ботантай, Айбала. Ботантайдан Жангүтты. Бұл Жангүтты Мұса, Секербай заманында ауызға біліп, көзіе түскен қазақ жақсыларының қасқа маңдайы болған. Қазақ орысқа бағынған соң екі түрлі заман болған. Бірі – ескі заң, бірі – жаңа заң. Бұл Жангүтты жаңа заңды қорған жоқ. Ескі заңмен қажыға барып қалып, басына тас орнаттырып, тасына жаздырған: “Қазақ Аргын руынан, Жангүтты Ботантайұлы. Мекке мен Мәдинені қормеген кісі анадан тудым, жалған дүниенің жүзіне келмедім десе де болады”, - депті. Одан бұрын әулиелерді зиярат қыла Алатау, Қаратауға барған. Үйсін Төле бидің басында отырып, билік айтып, төбе берген тобесін көремші деп барғанда, Алатау мен Қаратаудың пәлен қалай, түген қалай деп сұрағанына айтқаны: “Тобықты Құнанбай шынның басынан шыққан қайнар бұлақ, қыпшақ Ыбырай қажымас қара болат, Мұса қабыршығы қолға тұрмас жылмағай қара балық, Шыңғыс төре мұсылманға суық, орысқа жуық”. Бұл сөздерді Көктіңұлы Сапақтың бел баласы Игемдерді датқаға сойлеген. “Тобықты Құнанбай, қыпшақ Ыбырай, төртуыл Мұса – қазақтың маңдайына осы үшеуі нағып сиып жүргеніне айран-асырмын”, - деген екен Жангүтты”.

Осындай би-шешендермен билікке түсіп, сөз жарыстырып өскен Жангүтты да халық құрметіне ерте іліккен. Ел аузындағы өңгімелерге қарағанда Жангүтты өзін жақсы-жайсаңдармен тең ұстай білген. Ол бірде қыпшақ дуанбасы Ыбырайдың үйіне келеді. Ыбырай именетін немесе ерекше сыйлайтын кісі болмаса, кез келген адамды үйіне кіргізбей, қонақ үйіне түсіреді екен. Дуанбасының қызметшісі “қонақүйге жүріңіз” дегеніне болмай, Жангүтты Ыбырайдың өз үйіне кірседі. Ыбырай үйінде Шорманның Мұсасымен сөйлесіп, қисайып жатыр екен. Қонаққа қолын бер-

мей, аса таяғының ұшын ұсынады. Жанғұтты таяқты ұстамай, Мұсамен сөлемдесіп, төрге шығып отырады.

Дуанбасы өлден уақытта басын көтеріп:

— Мына басына бөстек киген шалың кім? — дейді.

— Мұсажан, басымызға елтірі бөрік кисек, бөстек дейді. Ел басқарсын деп пысық жігіттен ұлық қойсақ, естек дейді. “Халық аузына қақпақ қойып болмайды” деген осы да, - дейді Жанғұтты Мұсаның орнына өзі жауап берін.

— Ыбеке, сіз сөзден ұтылдыңыз, шешенге ат-шапан айып толеңіз. Бұл Сарым руының Жанғұтты деген кісісі, - дейді Мұса.

Ыбырай ештеңе дей алмайды. Шешеннің тапқыр сөзіне тосылып үнсіз қалады.

Сібір елдіктерінің шекаралық істері жөніндегі бастығы генерал Вешневскийдің 1846 жылы Ұлы жүз албан, суан, жалайыр елдері мен Орта жүз руларының арасындағы ұрлық-қарлық, талдау-топпаулан тұлғи дау-жанжалдарды бітімге келтіру жөнінде өткізілетін съезді тұрақты құжаттар ҚР Ұлттық мемлекеттік мұрағатында сақтаған. Бүкіл Аякоз, Жетісу, Қарқаралы дуандарын қамтыған ұлы дүбірлі үлкен құрылтайға қатысқан рубасы, елбасылар ондағы қаралған мәселелерді бекіткен уәкіл-қуәлар ретінде от мор, танбаларын басқан 23 аға сұлтанның бірі — Әлтеке-Сарым руынан Жанғұтты Ботантайұлы.

Елдің еркіндікке ие болып, тәуелсіздікке қолының жетуін армандап, Кеңесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қосылып, көмек көрсеткен де Жанғұтты. Кеңес хан қазаға ұшырағаннан кейін, бір жыл өткен соң елге оралған. Жанғұтты Ағыбаймен, Шортанбаймен, Құнанбаймен достық қарым-қатынаста болған.

Зұлымдыққа қарсы тұрып көп күш-жігерін жұмсаған Құнанбайға әскери губернатор Фридрихс қарсы шығып қана қоймайды. Құнанбайды Омбыға апарып, алты ай абақтыда ұстайды. Бұл оділетсіздікке Шыңғыс пен Шоқан шыдамайды... Олар Құнанбайды кепілдікке босатып алудың жолын іздестіреді. Құнанбайды босату жөніндегі атақты билердің арызын алу үшін Шыңғыс арнайы Қарқаралыға келеді. Билердің атынан генерал-губернаторға қазақша арыз жазады. Бұл арызға сол кездегі Қарқаралы аймағындағы атақты адамдар қол қояды. Солардың жуан ортасында Әлтеке-Сарым болысынан Жанғұтты Ботантайұлы да бар.

Шоқан арызды орысшаға аудартып, генерал-губернатор Гасфорттың қолына түсіртеді. Артынша Құнанбай босатылады. Ал Қарқаралыдағы Құнанбай бастаған мешіт жұмысын салу жөніндегі

актіге он алты болыстың бірі болып тағы да Жанғұтты қолын қойып, морін басады.

“Тура биде туған жоқ” дегендей, Жанғұтты әділеттілікті жақтаған. Құдайды қолпаштап, Алланы аялаған. Дінге берік сенген, оны ардақ тұтқан. Шортанбай сияқты ақынды қасына алып, Ақсу-Аюлыдан мешіт салдырып, медресе аштырған. Балаларды діни сауаттандырған. Екеуінің достық қарым-қатынастары өле-өлгенше ажырамаған. Жәкесіне, яғни Жанғұттыға көп жыр арнаған Шортанбай ол қайтыс болар алдында:

*Жаралған Жәкем едің асыл зат қып,*

*Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.*

*Аладан ажал жақын келді білем,*

*Кетейін енді сізге қарыздасып,* - деп Жанғұттымен олеңмен тілдеседі. Мұның өзіндік сыры бар.

Құдайға құлшылық еткен Жанғұтты қажылыққа екі рет барды. Екінші сапарында, тура пайғамбар жасында Мекке-Мәдинеде көз жұмып, Мұхаммед пайғамбардың қасынан құтты орын табылды. Осы орайда данагөй билердің батасының қабыл болғанына еріксіз таң қаласын. Олардың көріпкел өулисіліктеріне сенесің.

Бірде Жанғұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда, Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, өлі үйленбеген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, олең шығаратынын естіп жүрген шешен баланы қасына алып, оған бірнеше сұрақ қояды.

Жанғұтты: — *Шырағым, дүние неге сүйенеді?*

Абай: — *Дүние үмітке сүйенеді.*

Жанғұтты: — *Көздің көрмесі бола ма?*

Абай: — *Көз қабағын көрмейді.*

Жанғұтты — *Шам жарығының түспесі бола ма?*

Абай: — *Шам жарығы түбіне түспейді.*

Жанғұтты: — *Болат пышақтың кеспесі бола ма?*

Абай: — *Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.*

Жанғұтты: — *Тамағына тартпайтын мақұлықат бола ма?*

Абай: — *Өз тамағына тартпайтын мақұлықат болмайды.*

Абайдың жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жауап беруін сұрапты.

Сонда Абай:

*Сіз сұңқар самғап ұшқан қиядағы.*

*Талтынған мен балапан ұядағы.*

*Орнекті өлең сөзбен жауап берсем,*

• *Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.*

*Көз көруі жетпейді қабағына,  
Шам жарығы түспейді табанына.  
Өз сабын өзі кеспес болат нышак,*

*Мақұлықат тартпай қоймас тамағына,* - депті.

Ет желініп, қымыз ішіліп болғаннан кейін Абай:

– Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? – депті.

– Е, шырағым, сұрай ғой, - депті Жанғұтты.

– Ата, арзан не, қымбат не, даусыз не? – депті Абай.

– Шырағым, арзан – отірік, қымбат – шындық, даусыз – кәрілік емес пе? Жанарың отты екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар. Халқынның қалаулы азаматы бол, - деп батасын беріпті.

Шабанбай би Жанғұттыға бата беріп, батасы қабыл болып, “Жақсы Жанғұтты”, “Ақылшы ата” атанып, ел құрметіне болып, Аллаға жақса, Жанғұттының Абайға берген батасы да қабыл болып, бүкіл қазақ халқының данышпан ұлы ақыны атануы ұстазынан шөкірттің озғанын көрсетсе керек.

Тоқырауып төңірегінен шыққан Жалаңтөс, Қараменде, Жидебай, Шабанбай, Жанғұттылар оз заманында ел аузына іліккен данағойлер. Олар тәңірге табынып, халқының камын жеп, ұрпағының оркен жаюын ылғи тілеумен өткен әулиелер. Ал бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ұландары осылардай батырлар мен ақындарын, көсемдер мен шешендерін тарихтың қалың қатпарынан жарыққа шығарып, қауышып жатыр. Әрине, бұл қуанарлық жойт. Тек, ұзағынан сүйіндірсін!

2000.

## Баһадүрдің сом тұлғасын сомдаған

Сайын даласын, Алаш жұртын анталап қоршаған қалың жау-нан қорғауда кеуделерін қалқан еткен батырларымыз бүгінде шығармаларымыз ғана емес, ерліктерін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп ұсынып, аттарын мақтанышпен атайтын дәрежеге жеткенімізге қуаныштымыз. Бұған Қазақстан тәуелсіздік алып, өз алдына жеке мемлекет атанып, кешегі бабаларымыздың аңсаған азаттықтың көк байрағын биікке көтергеннен кейін ғана қолымыз жетті.

Егер өткенімізге көз жүгіртіп, салмақтап саралайтын болсақ, Алашымыз талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткеріпті. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” заманында зарлап запыран күскен халқымызға шалқар да салқар даласында, бүйрат-бүйрат белдерінде, қоғалы көлдерінде, қатпар-қатпар қырларында, арқыраған өзендерінде, төкаппар тауларында емін-еркін сайран құрып, өмір сүру оңайлықпен еншісіне тимейті.

Тек Абылайдай бабамыздың тұсында білектің күші, найзаның ұшымен ғана емес, көрегендік ақылмен, айла-тосылмен Алаштың абыройы асқақтап, еліміз еркін өмір сүре алды. Ойткені, Абылайдың туын жоғары көтеріп, байтақ жері мен елі үшін жан беріп, жан алысқан баһадүрлердің ақыл-парасаты, күш-қайраты “бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған” ұйымшылдық қасиеттері, шарболағтай ажырамас бірліктері жеңіс тұғырына көтерді.

Сондай алмағайып заманда Абылайдың туы астында көптеген аңғарынан жел ескен батырлар шоғырланды. Атап айтқанда, сарым Жалаңтос, көрсон Аралбай, өлтеке Жидебай, қарашор Сеңкібай, керней Жарылғаптар. Әскери тәртіп бойынша бұлар өздеріне жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындап қана қоймай, оны тиянақты атқарып отырды.

Мәселен, Сеңкібай хан өрдасын шайқас кездерінде жау қолінен бұлтарыс жерге жайғастырса, Жидебай жаудың бағыт-бағдарын, жасағанын ханша екенін, қай тұстан келіп тиерін алдын ала біліп, ханға хабардар ететін барлаушылар гобын басқарған. Ал Жарылғап жаудың ат ойнағып шыққан бағырымен жекпе-жек шайқасқа түскен. Яғни, Абылайдың жекпе-жекке шығатын бас батыры болған.

Міне, белгілі жазушы Софы Сматайдың өлеңмен жазылған “Жарылғап батыр” романында қазақ елінің өткен тарихында елінің азаттығы мен бостандығы үшін күрескен батыр бабаларымыздың ерлікке толы онегелі өмірі мен өрелі істері өлеңмен өрілін, қалың оқырманына ұсынылған.

С.Сматай өзінің шығармашылық жолын өлеңмен бастап, “Астана оттары” аталатын жыр жинағымен елге танылғаны белгілі. Одан кейін бірнеше прозалық кітаптары, “Елім-ай” тарихи романымен жұрттың ыстық ықыласына бөленгені жөнсе бар. Ақындар егде тарта келе, өмірден көрген билгенін, көңілге түйгенін өлеңге сыйғыза алмағанда прозаға бет бұратыны таң қаларлық нәрсе емес. Мұндай мысалдарды дүние жүзі әрі қазақ әдебиеті тарихынан көптеп ұшыратуға болады.

Ал қайтадан өлеңге оралып, көңіл күйлерін, ой өрнектерін жеке шумақ, жыр жолдарына түсіргені былай тұрсын, өлеңмен роман жазу қайталанбас құбылыс. Ақын қаламынан жақсы өлең тууы мүмкін. Бірақ айналасы теп-тегіс жұмыр келген, поэтикалық тілмен өрілген, айтар ойы айшықты, кейіпкерлердің нар тұлғасын сомдаған өлеңмен роман жазу өркімнің қолынан келе бермейтіні анық.

Осы тұрғыдан келгенде С.Сматайдың “Жарылғап батыр” туындысы оқырманын жалықтырмайтын, шытырман оқиғаға толы, тілі жатық, сүбелі кітап екені еш дау тугызбайды. Мұнда аңыз-ертегілер қоса жүретін кешеп батырлар жырларындағыдай таңғажайып қимыл-әрекеттер көрсетілмейді. Тарихи тұлғалар өз дәуіріне өрай баяндалып суреттеледі. Олардың жауына деген өшпенділігі, ағайын-туысына деген бауырмалдығы, Отанына деген көусар бұлақтай таза да молдір махаббаттары шынайылығымен әр жүрекке жол табады.

Роман:

*Сағымға орап тастап көк белдерді,  
Қиратып бұзып, жарып өткелдерді.  
Кешелер кешегіні көксейді деп,  
Жамандап келіп пе едік өткендерді.  
Ер болды шер бөлісіп сырласқаным,  
Ән келді түріп тастап мұңлы аспаным.  
Откеннің өзі шертсің көкей күйін,  
Жайың алдарыңа жыр дастаным,* - деп төкпелей

төгілген арынды жырымен ақын өз мақсат-мұратын шығарма кіріспесінде бүкпесіз алдымызға жайып салады.

Қазақ тойшыл халық. Әр нәрсе жақсы ырым болсын деп, аймағына жария етіп, ат шаптырып, ұлан-асыр той жасайды. Қуанышын ағайыны, ауылдастары бөліседі. Кейін оны жыр қылып айтып жүреді.

*... Бүгін де тау-даланы той төрбетті,  
Сүнеттой қызыл-жасыл жайды өрмекті.*

*Қазақтың жол жүлдесі – тай жарысы,*

*Бөлектеп қылқұйрықтан тайды өрлетті,* - деп ақын

Есеннің баласының сүнеттойына тай жарысын өткізуімен басағанды. Есер Есен өзінше төрелік жасап: "Шабады әр боқмұрын өз тайымен, ұлсыздың орны бүгін босағада", - деген шешім шығарады.

Есеннің бұл айтқандарын Түйте батыр ести алмағандықтан тай жарысқа түсіп, тал-ағашқа белгі жалауын іледі. Бәйгеден озып келген Түйте құрдасына қосарланған бәйге малын алдына салуын отшгенде, Есен есер батырдың ұлы жоғын бетіне салық қылып, өз шешімін бұза алмайтынын танытып, қиястық танытады.

Осындайда "түрт сайтан, түрт" деп отқа май құятын Жантықтар да табыла кетеді. Істің байыбына бармайтын көк айыл шалдың бірі: "Сенің балаң жоқ, кубассың", - деп, Түйтенің шымбайына бататын сөзді өршітеді.

Оқиғаның ширығып, шиыршық атқан тұсында ақын кейіпкердің жан сезімін былайша ореді:

*"Мұрагер тайға шабар тумас сенен!.." –*

*Аңырап тулады өзен, алаусты емен.*

*Түршіттіп, дүниені дүрілдетті,*

*Жалғыз сөз жанын тліп "Кубас!" деген.*

Түйте батырдың жан дүниесі алапағ дауылдай алай-түлей. Не істерін білмей, емсіндей теңселеді. Асау теңіздей өрекіген көңілін баса алмай, көкірегі аш бөрідей ұлыған батыр кіші жүздегі Балта ағасына қарай ат басын бұрады.

*Кім кетті? Кім құлады? Кім адасты?*

*Ағайын неге шолақ кінәласты?*

*Осындай бықсық, бақас мерездік пе,*

*Жік-жік қып үшке бөлген бір Алашты?*

Ақын ағайын арасындағы түймедей нәрседен реніш туа келе, Алаштың да үш жүзе бөлінуіне әкеліп соққырған шығар деген ой салады.

Аңғарылған ел сендей соғылысып, істейтін амал таппай тұрғанда бір келіпшек атқа міне салып, батырдың соңынан қуып береді.



Артында қуып келе жағқан қарайғанның не қасы, не досы екенін ажырата алмай, Түйте садағына жармасып, қорамсақтан оқ алып көздейді. Бірақ қарайғанды оққа қимай қияс кеткен оғы Бестемше сүржекейді тліп түседі. Ал ат үстіндегі есі ауып жерге аударылады.

Бір кезде көзін ашса, басын сүйеп, бір қарияның таңдайына ақ тамызып отырғанын көреді. Бұл Орта жүздің ел ағасы, Биаға атанып кеткен Қаздауысты Қазыбек екен. Артынша Түйтеге өзінің қуа келгенін білдіргенде: “Биаға! Айып менде!” – деп басқа сөзге келмей, тізерлеп үзеңгісін құшады батыр.

*Таза адалдық — қасиеттің тұрағы,  
Жалғандыққа жолама.  
Кісілік те кішіліктен тұрады,  
Омір атты додада.  
Таста окпені,  
Ойды түзе! Мін атқа!  
Ұлын елі ерлігінен танысын.  
Ұл сүйесің,  
Жетесің сен мұратқа  
Ұрпағыңмен кетер алыс дабысың,  
Оміріңнің көп болады шуағы —  
Сау қалғаны келіннің,  
Тау тұлғалы асыл ұлан туады,  
Қорғанышы болады Ол елімнің!..*

Қаздауысты Қазыбек бидің ақ батасы қабыл болып, Түйте батыр жары Айшадан арыстай ұл сүйеді.

*Сырдың суы сыбдырлады,  
Арайланды көк аспан.  
Қайта оралды Қыдыр, бағы,  
Ықыласын кең ашқан.  
Жүрек сал-сал жарылмады,  
Емің тауып жүйкенің.  
Тұңғыш ұлы — Жарылғабы,  
Туды осылай Түйтенің, - деп ақынның күдік пен үмітті*

арта жырлауы тегін емес.

Жарылғап өмір есігін ашқанда қазақтың асыл ханы өз Тәуке дүниеден отін, қазақ даласына қанды көзін салып, айнала қоршаған жау аш бөрідей бас салғалы тұрған аласапыран кезең еді.

*Кеуденің тыпырлады қасқалдағы,  
Түйтенің жанарынан жас парлады.*

*Олгені өз Тәукенің рас болса,  
Қазақтың қайтқаны да тасқан бағы.*

Иә, өз Тәуке кеткен соң қазақтың бағы тайды. Уәдешіл хандыр таққа отырып, сүттей ұйып тұрған халықтың бірлігін іркіттей іргіш жіберді.

*Қаратаудың басынан кош құлаган,  
Жерден, елден айрылған қашқын адам.  
Қара орманы ойратта қалып қойып,  
Күйік зары өзегін осқылаган.*

Зар заманның күйігі өзегін ортеп, елді аралауға шыққан Қаздауысты Қазыбек би бірде Түйтенің үйіне келеді. Асау тайды үнреткен баласы Жарылғаптың қайсарлығына таң қалып, сүйсінген Биата ақ батасын береді:

*Ал қолыңды жай, балам,  
Оқпеншіл болма, текті бол.  
Бүкпесіз бол да кекті бол.  
Елірмеге жел үрмей,  
Шын егесте епті бол.  
Тереңнен тартып нәр берген,  
Су-Анаң сені қолдасын!  
Төңізе ыстық қан берген,  
От-Бабаң сені қолдасын!  
Әділдік болсын жолдасың.  
Тазалық қана торласын.  
Шындықтың шыңға туын тік,  
Бақыттың орнат ордасын!  
Әумин!*

Қаздауысты Қазыбектің ақ батасы қабыл болып, Жарылғап әйлік батырлар қатарына қосылады.

Бір шайқаста ойраттардың қабандай Көбін батырына қарсы шыққан Емберген қапылыста қазаға ұшырап, қазақ жағы түгі жығылғандай күй кешіп тұрғанда, астындағы Темешкерін ойнақтатып, қылышын жарқылдатып топ алдына Жарылғап шығады. Батырдың ожеттігіне Абылай риза болады.

*Сойына, тұлғасына сенді, көрді,  
“Берірек жақында! — деп берді белгі.  
Машай ма ең? Қаракесек! Ал кезекті,  
Жаныңа қалқан болсын ел тілегі!”  
Жарылғап екі жеңді бұрап түрді.*

- *Шешім ақ ақ сауытты лақтырды.*

— 48954 —

*Қалдырды көк найзасын жерге шанышып,  
Қылыш ап, тізесіне шоқпар ілді.  
Қассыз көз тік шанышылып ылайланды,  
Сол сәті Абылайға ұнай қалды.  
Қазақтың бар ұранын аспанға атып,  
Күйгезіп майдан шебіт шыр айналды.*

Көбіннің екпінінен жел есіп, тау қопарардай қаһар төксе де, жас батыр оның қылышын бойына дарытпай айласын асырып, ат бауырына ауып түсіп, өзі де қылыш жұмсайды. Ойраттың бетін қан жуып кетеді.

*Сұрткеное Көбін қанын шапшып аққан,  
Бұлт етіп шыға келді қарсы жақтан.  
Сақ етті қара шоқпар жіліншікке,  
Соққысы Жарылғаптың тасты уатқан.  
Бестемше бет-мұрынды қарып түсті,  
Отты көз домаланып ағып түсті.  
Осылай кек қайтарып ер Жарылғап,  
Шоқпармен көк желкеден қағып түсті.*

Осыдан кейін қазақ аруақтанып, ұрандап жауына тап береді. Күл талқан етіп ойраттарды жеңеді. Жеңіске жетуге тікелей ерлік көрсетіп, қалың қолдың дұшпанын тас-талқан етуге рух берген Жарылғапқа Абылай:

*— Машайым, ақиығым, келші бері,  
Күшайын, күшағыма еңші менің.  
Өзіңді өзге батыр қызғанса да,  
Келіп тұр батырым деп еңшілегім.  
Қасы жоқ, төл батырым, ер қабақты,  
Еңшіле “Машайықты!”, “Қарқабатты”.  
Аз десең “Жарылғаптап” жауға шүйлі,  
Ұраның болсын осы өр қанатты, — деп ізгі тлек*

блдірген хан “Бармақдос” болуға серттеседі.

*Қанжарды кірші еткізді бармағына,  
Көз салды жайлап қана жан-жағына.  
Ағызып қосты қанды дос қанына,  
Сыйды әлем тамшы қанның салмағына.  
Өзің сендім өзімдей,  
“Бармақдос” бүгін қос тікті.  
Қара мен төре дегізбей,  
Отенік сыйлап достықты!*

Абылай хан мен Жарылғап баһадүр осы достықтарынан олеңге ғаше айнымады. Аң аулап жүріп қапылыста жау қолына түсіп қалып, гүтқында болса да, “Бармақдос” жандар бір-біріне дем беріп, бөйларындағы сенімдерін жоғалтпайды. Сол зор сенім оларды гүтін еліне аман-есен жеткізеді.

Бірақ қалың қалмақтан әлі тазарып болмаған Отанын азат ету жорығында Абылайхан бастап, Жарылғаптай батырлары қоштап, Арқа мен Алтай оңірлерінен жауларын дүркірете қуады. Сұрапыл бір шайқаста Жарылғаптың баласы Жәнібек те жау соңына түседі.

*Қалыңға кірді тебініп,  
Жәнібек қылыш суырып,  
Қашқан жоқ жауы шегініп,  
Ұмтыла берді сұғынып.  
Жарқ еткен қылыш кетті ұшып,  
Сарт етіп түсті бұғалық!  
Оңешті бір зіл кеп қысып...  
Көз ашты, оже тұр анық.  
Серейіп жауы өліпті,  
Сөніпті көзі шоққа тән.  
Елжіреп оже төніп тұр:  
— Есіңді жишы, ақ ботам!  
Кормеші соғыс сұмдығын,  
Білектен қолды қандаған!  
Есіңді қалсын күн бүгін,  
Өлтірме! Өлме, жан балам!*

Олім мен өмір арбасқан соғыс алапатын өз көзімен сан көрген Жарылғап баласы Жәнібектің сол сұмдықты енді қормей, өмірі тыныштықта өткенін тәңірден жалбарына сұрайды.

Жарылғап та киелі батыр емес пе?! Сол тілегі құдайдың құлағына шалынып, елі тыныштықта өмір сүре бастайды. Өлеңмен жазылған романның соңында ақын:

*Ол күндер қол жетпестей алыс бүгін,  
Ой ғана көтере алар таныс жүгіп.  
Арқаға қопарыла қошті Арғын,  
Көтеріп көк жаныған намыс туын.  
Арқаның иігенде әр тарабы,  
Кеудеден күй төгілді, ән тарады.  
Келгенде Қаракесек, Қазыбек би,  
Бас иді қасиетті Қарқаралы.*

*Сыр ашты Көкшетауы, Бурабайы,  
Сексен кәл шежіре толы түр маңайы.  
Қоныс боп елдің ханы Абылайға,  
Дәстүрін қазағымның туралайды.  
Сарыарқа – мекені ғой ұлы Арғынның!  
Белгісі көне заман, мұнар күннің.  
Басына тауларының үкі қадап,  
Алашты ертеден-ақ құмар қылдың.*

Иә, Арқа мен Алтайына қоныс тепкен Алаш елі Абылайдай айбынды ханы, Жарылғаптай баһадүрлері арқасында қоныстары күтқа толып, береке-бірлікте өмір сүре бастады.

С.Сматай өзінің “Елім-ай” романында жеке хандар мен батырларды асқақтата біржақты дәріптемей, қалың халықтың ортасында, әділ билердің ақыл-шешіміне құлақ астырып, қараны жақтап суреттейтін өзіне тән жазушылық тәсілі “Жарылғап батыр” романында да сабақтастығын тапқан. Бұл шығармасында да оларды елден, елді жерден ажыратып, бөліп алмайды. Қайта бірімен-бірін жіпке тізген маржандай жалғастырып, ынтымақ-бірлікте, Отаншылдық сезімде, Алаш туының астында топтастырады.

Ақын шабытынан туған жыр тасқындары түйдек-түйдегімен бірде қара өлең түрінде, бірде төкпе жыр болып төгіледі. Би мен хан айтатын кесімді сөздер ақыл мен нақылдай көкірегіңізде жатталып қалады.

Қарымды қаламгер, төкпе ақын С.Сматайдың “Жарылғап батыр” аталатын өлеңмен жазылған романынан алатын таным мен тағылым мол. Тәуелсіз мемлекетіміздің сарбаздары мен ұландарын өршіл рухта, Отаншылдыққа тәрбиелейтін оқулықпен парпар туынды. Кітаптың тілі көркем, ойы айқын ақынның көсіліп жазғанының дәлелі ретінде жоғарыдағы үзінділерден-ақ аңғаруға болады.

Ал енді табиғаттың әсем көркін, суретшінің кен полотносындай алдыңызға жайып салғанда еріксіз тамсанасыз. Жарылғап батырдың Темешкерін:

*Басы ұзын, қырым етсіз, кез жарым,  
Қасқыр қарыс, қадалыды көз-жалын.  
Мандай жалтақ, жұдырықтай қабағы,  
Кең желбезек – кеңсіріктің озғаны.  
Омырау ашық, кеуде шалқак, төс төмен,  
Жалтақ жауырын – ұзын аққан қос бөген.*

*Сол қос бөген алға қарай ұмтылып,  
Таласқандай кең созылған көшпенен.  
Алыңғы аяқ тіп-тік жұмыр қазықтай,  
Жіліншікте бауыр сіңір жазықтай.  
Тықыр, қысқа, қылсыз мықты бақайы,  
Сол тұяқпен жерошақ жер қазғандай.  
Атан жлік, бота тірсек, бура сан,  
Ұршық төмен, оқпе — көрік, тыңдасаң.  
Алды қушық, қарағанда артынан,  
Арты қушық, сырт жағында тұрмасаң, - деп суреттейді.*

Ал керек болса! Өткен ғасырда Абай аттың сынын суреттегенде қалай таң қалсаң, осы ғасырда Софья ақынның тың теңеулермен, айшықты қазақи өрнекпен бейнелегеніне сондай риза боласың. Бұл ақындық өскенді, шеберліктің шынына жеткенді көрсетсе керек.

С.Сматайдың “Жарылғап батыр” романынан үзінділерді оқулықтар мен хрестоматияларға батыл енгізсек, өткен тарихымызды, хандарымыз бен батырларымызды терең білуге күштар, шапкерген көңіліміздің сусыны қанар еді.

2002.

## Жыр алыбы

*Мен ширек ғасырға жуық Қазақ радиосында қызмет атқирған уақытта көптеген зиялылардың, әртістердің, опер адамдарының, ақын-жазушылардың дауыстарын таспаға жазып, алтын қорға қалдырдым. Бүгінде солардың біразы радио арқылы қайталанып беріліп жүр. Сондай атын қазынаның бірі — 1972 жылы таспаға жазылып алынған жазушы әрі ақын Сапарғали Беғалиннің жыр алыбы Жөкең жайлы айтқан әңгімесі еді. Сол әңгімені қаз-қалпында осы кітапқа кіргізуді жөн көрдім.*

(Мәтінсіз жазылған таспа)

**Қашқынов:** — Бірде бізге жыр алыбы Жамбыл музейінің директоры, жазушы Мұхаметжан Етекбаев мынандай бір қызықты әңгімені айтып берді.

— Жамбылдың республикалық әдеби ескерткіп музейіне Азия мен Африканың бір топ ақын-жазушысы келді. Олардың ішінде Пакистанның аты әлемге әйгілі ақыны Файз Ахмет Файз, Вьетнам жазушысы Фан Тху Фон, Оңтүстік Африка Республикасының атақты жазушысы Алекс де Гума, Палестинаның белгілі ақыны Махмуд Дервиш бар болатын.

Қадірлі меймандарды Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Әди Шәрінов пен аса көрнекті қазақ жазушысы Ғабит Мүсірепов бастап келген еді. Бұл жазушылар Үнді астанасы Делиде болған Азия-Африка елдері жазушыларының IV конференциясынан шыққан бойы біздің Алматыға келіп, содан Жөкең музейіне соққан болатын.

Қонақтар ұлы ақын музейін аралап көріп, оның өмірі мен творчествосы жайлы көп мағлұмат алды.

Біздер қонақтар қайтар кезде:

— Қадірлі Файз аға, біздің Жөкең, оның алтын ордасы болып отырған музей жайлы пікіріңіз қалай? — деп сұрадық.

Аудармашы Файз Ахмет Файзға ойымызды төптіштеп жеткілен болу керек, ол қағты ризашылық ишарат білдіріп:

— Жамбыл қазақ халқы сияқты өте бақытты адам. Жамбыл қазақ халқының даңқын өлемге жайды. Жамбыл — қазақ халқының мақтанышы. Ұлы Жамбыл сияқты ақыны бар халық шын бақытты халық! — деді.

Пакистанның атақты ақыны мына сөздерді айтқанда біз, Жамбыл мұрагерлері, шын жүректен риза болып, төбеміз көкке екі елі жетпей қалды, - деп мақтаныш сезімін білдірді.

Шынында, жыр алыбы Жамбылды біздің республика, бүкіл ел елі емес, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы, озық ойлы адамдары кезінде жоғары бағалап, оның жырларымен танысқан болатын. Сол кездің өзінде-ақ көптеген шетел ақын-жазушылары Жамбылға жалынды сәлемдерін жолдап жатты. Мәселен, француз жазушысы Ромен Роллан: “Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы, Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға гуысқандық сәлем жолдаймын”, - деп өзінің ыстық лебізін білдірген болатын.

Атағы жер жүзіне кең тараған Жамбыл жайлы тың деректерді қашың қауымға жеткізу ол кісіні көрген, кезінде сұхбаттасқан әр ақын-жазушының борышы екені өзіннен-өзі түсінікті.

Өйткені, революционер ақын Сәкен Сейфуллин: “Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру — біздің орқайсымыздың азаматтық борышымыз”, - деген еді кезінде.

Бүгінде ұлы ақынның жырлары толық жиналып, кітап болып шығып, өз оқырманының жүрегіне жол тапты.

Ал жыр алыбы Жамбыл жайлы қызықты естеліктер де жазылып жүр. Бірақ та соның бәрі әлі де азшылық ететін сияқты. Жөкеңнің әлі де болса көп қыры ашылмай жатқанға үксайды.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: “Қазақтың айтыс ақыны мен дастаншы жырау ақындарының арасындағы айырмасы аз болатын. Өйткені, үлкен жырау айтысқа да жүйрік келеді. Найман піше келіп, бір күнде 17 ақынмен айтысқан Жанақ сол жылдың өзінде “Қозы Көрпеш-Баянды” жаңадан тыңнан жырлап шыққаны көпке мәлім.

Ал айтыстың Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл сияқты ірі ақындары, екінші жағынан, ірі дастаншы ақындар болғаны да мәлім. Сөйтіп, ақпа ақындар өнері шын талантты жыршының тұсында сол доірдегі неше алуан көрікті өрнектер туғыза алатынын көреміз. Жалпы алғанда, ақпа ақындар дүниелік ең ірі эпосты туғызушы болды. Жәккендер өнерінің бір қанаты сол сипатта бол-



ған. Дүние жүзі әдебиетінде көне гректің әндеріндей, немесе Европадағы труверлер, фильдер, мейстерзиндерлердей, елдің эпосын да, айтысын да туғызған. Сондықтан да Одақ елдерінің ішінен шыққан, ең алғаш өз көзі көрген ақпа ақын Сүлеймен Стальскийді таныған жерде Алексей Максимович Горький: “Біздің заманымыздың Гомері осы” – деген. Сондағы Гомер деп атағандардың ішіне Жамбыл толық қосылатындығында дау жоқ”, – деген екен.

Жәкеңе осындай баға берген Мұқаң ұлы жыршының өмірімен, ақындығымен айналысып, тәуір еңбек еткен ақын-жазушылардың есімдерін мақтанышпен атаған:

“Біз өлі Жәкеңнің ақындық өмірін, әсіресе, ерекшелік сырсымбағын жете білгеніміз жоқ. Аз білеміз. Өйткені, революциядан бұрынғы ұзақ өмірдің мол ақындық мұралары бізге жетпей, көбінесе жинала алмай отыр, – деп жазды “Жамбылдың айтыстағы өнері” деген мақаласында Мұқаң. – Осы жөнінде соңғы жылдар ішінде Жамбылдың өлеңдерін көп жазып, бағалы еңбек сіңірген әдеби хатшы Ғали Ормановтан басқа, тағы бір зор еңбек еткен кісі – жазушы, ақын Сапарғали Бегалин. Біз дәл деректің бәрін сол Сапарғали Бегалин жинаған материалдардан алып отырмыз. Бегалин Жамбылдың алды-артындағы ақындардың көпшілігін айтыс ақыны болуымен қатар, ірі дастаншы, төкпе ақындар болғанын айтады”.

Осылайша Мұқаң кезінде ерекше атаған жазушы, ақын Сапарғали Бегалинмен кездесіп, Жәкеңнің ақындығы, өскен ортасы, замандастары жайлы айтып беруін өтінгенімде, ол кісі былайша сыр шертті.

**Бегалин:**

*Домбырасын серік қып,*

*Откізді Жамбыл ғасырды.*

*Өлеңді төгіп өрнектен,*

*Асулардан асырды,* – деп жыр алыбы Жамбылдың өзі жырлағандай ақынның өмірбаянын, ақындықты қалай бағалағанын, өлеңде қандай белестерден асқанын, қандай үлгіп жыр билетіндігін, кіммен кездескендігі жайлы деректерді ауылына барып, замандастары мен төңірегіндегі ақындармен сөйлесіп, жазып жинастыруды 1944 жылы Қазақстан Жазушылар одағы маған арнайы тапсырды.

Ол – Жәкеңнің аты бүкіл Одаққа кеңінен тарап, халық жыршысы, ақсақал ақындардың үлкен оқыл болған кей еді. Мен бұл тапсырманы ықыласпен қарсы алдым. Өйткені, халық ақында-

рынан өмірі, үлкен өнерге түскен жолы ығи қызықтыра беретін.

Жөкеңнің ауылына барысымен ақынның өзін жақсы көретін шәкірттері Үмбетәлі Кәрібаев, Әбдіғали Сариев, Оспан ақын сияқты кісілермен жолықтым. Сол ақындарды қасыма ертін Жамбылдың ауылына келдім.

Амандық-саулықтан кейін әр түрлі әңгімелерге көштік. Бір кеші:

– Жәке, сіз ақындықты қалай бастадыңыз? – деп сұрадым.

– Соны осы күнге дейін білмейсіңдер ме? – деді Жөкең жұлып ашадай өзілдей сойлеп.

– Ақын скеніңізді жақсы білеміз, – дедім мен де күлімсіреп. – Ақындықты қалай бастағаныңыз, сонын ту басталу жолы кейінгі ұрпаққа керек нәрсе, содан соң сұрап отырмын.

Жөкең ойланып отырып қалды да:

– Шырағым, ақындық деген бір күнде тумайды. Адамның бойына біткен өнердің өсетұғын ортасы болады, – деді.

Сөзден кейін әңгімесін сабақтай түсті:

– Мен Сүйінбай деген ақынның шәкіртімін. Үлкен өнер – ақындықты жолына түсерде сол кісінің сынынан өттім, – деді.

Сүйінбай: “Шырағым Жамбыл, олең шығарып айту қолыңнан келеді екен. Бірақ сол асыл қазына – олеңді орынсыз әуендікке жұмсама. Халқыңның қамына жұмса. Халқыңның ойына, көксіңне жол тап. кедейдің мұңын жырла” деп ақыл-кеңес беріпті.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, Жамбыл ұстазы жайлы:

*Менің пірім – Сүйінбай.*

*Сөз сойлемен сыйынбай.*

*Сырлы сұлу сөздері,*

*Маған тартқан сыйындай.*

*Сүйінбай деп сойлесем,*

*Сөз келеді бүрқырап,*

*Қара дауыл қүйындай,* – деп жырға қоспай ма?

Одан өрі Жөкең өзінің ақындығының ұштала түсуіне сол кездегі елдегі дәстүрге айналған той-думандарда екіге бөлініп, қыз-жігіт болып айтысатын жиынның көп әсері болғанын ескертті. Ойінені. Жамбыл да сол айтыстарға қатысты.

Ақынның ең алғашқы көпшіліктің аузына ілініп, көзге түскен жері Сайқал деген қызбен айтысы. Онымен Жамбыл Талас бойында кездеседі. Сайқал бұрындары өзімен қағысқандардың бөріні жеңіп жүреді екен. Жора-жолдастары сонымен кездесіп, айтысуын отінген соң, қыз отырған үйге Жамбыл кіріп келеді.

Қыз жалаң аяғының басына кебіс іле салып отырады. Жамбыл үйге енгенде көсілген аяғын жимай өленін бастап:

*Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,  
Япыр-ау, бір соны елді жаңа кордік.  
Жиылған ақсақал мен бозбалалар,  
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік,* - дейді.

Жамбыл өз кезегінде:

*Арқаның жардай болар сары нары,  
Кетпейді Алатаудың жағдай қары.  
Істікке шанышқан сирақтай құп-қу қылмай,  
Құратпай аяғыңды тартсаңшы әрі,* - деп қыздың

әбестігін айтады.

Қыз дарақы, әдепсіз сөзге көшеді. Бірақ Жамбылдан жеңіледі. Содан Жамбылдың аты қалың елді ілезде шарлайды.

Жөкеннің айтыстарындағы үлкен орын алатыны — Құлмамбетпен айтысы. Соның қалай болғанын, Құлмамбетпен қалай кездескенін сұрағанымда:

— Қарағым, менің Құлмамбетпен қалай кездескенімді қасыңда отырған Үмбетәлі жақсы біледі. Мен ұмытып қалыпшын. Сол айтысты Үмбетәліге айтқызаңшы, - деді.

— Жәкеңді кинамайық. Мен айтып берейін, - деп Үмбетәлі келісім берді.

Бұл 1944 жыл еді. Жөкеннің шаршапқырап, бойы салмақтанған кезі. Көп сөзге бара бермей, жантайып жатып демалғанды жақсы көретін. Осындай жағдайларды ескеріп, Жөкеңді мазаламадық. Ертесіне жайлаудағы бір үйде қонақта отырғанымызда Үмбетәлі Жөкеннің Құлмамбетпен қалай айтысқа түскенін баяндап, жырларын жатқа айтып берді.

Құланаян Құлмамбет атанған азулы ақынмен айтысқа түсуі Жамбылдың ақындық даңқын көтеріп тастайды. Құлмамбет Жетісу еліндеп көптеген ақындарды жеңген. Жамбылға шейін оған ешкім беттей алмаған.

1890 жылдардың шамасында бір үлкен жиын болады. Сол жиында Құлмамбетпен бірнеше ақындарды айтыстырады. Құлмамбет өзімен айтысқа түскендердің бәрін жеңеді.

— Айтысқа түсетін тағы кім бар? — деп адам іздегенде:

— Сүйінбайдың інісі Жамбыл бар, - дейді жиналған жиын.

Ал Жамбыл болса, Құлмамбеттің өзіне дейін бірнеше ақыпқа алдырмай, оларды сөзбен буып тастаған соң сыртта шеттеп жүреді. Жамбылдың ішке кірмей сыртта тұрғанын біліп:

- Қара күннің баласы Ысты бақыр,  
Кім әлсе соған туар заман ақыр.  
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,  
Ақын болса ол неге қайда жатыр.

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,  
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.  
Ақын болса қайда жүр ол немесі,  
Корелік оны неге ардақтайды.

Күдеке, кісі жібер Жамбылыңа,  
Жамбылы болар ме екен алдыруға.  
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,  
Менімен жарар ма екен шалдыруға.

Болғанда мен ақсұңқар, сен бір тауық,  
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық.  
Сүйінбайың күркілдеп үйде жатыр,  
Басқаңды қою керек жылы жауып, - деп лепіреді

Құлмамбет.

Осыны естіген кезде Жамбыл шыдамай, үйге енеді де домбы-  
расын қолға алып, қарсы отыра қалады. Құлмамбет оленін жалғ-  
ап, еліндегі байлардың дәулетін айтып мақтанады.

Үндемей кіріп келді тайпақ қара,  
Өзің қандай, мен қандай байқап қара.  
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,  
Не басыңа күн туды жүзіқара?

Ей, Жамбыл, үндемейсің, дертің бар ма,  
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?  
Шапқанмен сырың мәлім Шапырашты,  
Ұстасар меніменен еркің бар ма?

Мен айтсам, айтам қалай байлығымды,  
Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды.  
Албан, Дулат жиылып бата берді,  
Бұзбайды жандарал да жарлығымды.  
Ашулансаң аспанды тастап жібер,  
Сен де аянбай қимыла барлығыңды, - дейді.

Сонда Жамбыл елінен шыққан батырларды айтып мақтанады.

Жақсылық, жамандықты тексереді,  
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.

*Елімнің ерлігімен мақтанамын,  
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді.  
Жалғыз-ақ, сен болмасаң таз Құлмамбет,  
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.*

*Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,  
Халық үшін шейіт боп жанын берген.  
Елді қорғап өлгеннің арманы не,  
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.  
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,  
Қожалық қып кетіп ед Мақсұт ағаң,  
Ағайынмен ұрысып жаудан өлген.  
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,  
Шытыр жеген өзгздей аунап өлген.  
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,  
Төңіректің төрт бұрышың жалмап өлген.*

*Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап сандалмай, жоюіңе қайт, - деп батыл сөз*

саптайды.

Құлмамбетке кезек келіп, домбырасын қолына ала бергенде ішегі үзіліп кетеді. Ол ішегін таққанша ортада жатқан бәйгені Құдайберген қалтасына салып:

— Сен домбыраның ішегін таққанша күтеміз бе, Жамбыл жеңді! — деп орнынан тұрып кетеді.

Жамбылдың аты осы айтыстан кейін ел арасына кеңінен тарайды. Бұл айтысты халық табан астында жаттан та алады. Бұл арада Жамбыл халықтың атынан жырлап, елдің батырлығын айтқан соң, жұрт көңілінен шықты. Сондықтан да оның жеңуі заңды нәрсе. Осы орайда Алексей Толстойдың: “Жамбылдың қайта тууы — халық ауыз әдебиетінің қайта туғанының бейнесі. Жамбыл жырларының күші герен халықтық творчество болуында” — дегені сөзі ойыма оралады.

Шынында, Жамбыл өз жырларын қатың халықтың атынан жырлады. Кедейдің мұң-мұқтажын, көңіл-күйін жыр кестесіне түсірді. Сондықтан да оның жырларын халық ұйып тыңдап, сүйіп айтып жүретін болды. Жамбыл өзіне дейіп ақылдардың жырларын көп жаттаған, солардан үйренген. Мысалы, түрікпеннің “Көрүтлі” дастанын бір жетіден артық үзбей жырлайды екен.

Сонымен бірге Сүйінбайдың Тезек төремен және қырғыз ақындарымен айтысын да жақсы жырлаған.

Жөкеңнің ақындығын сөз еткенде: “Жыршының бойындағы ақындық көп қасиеті бізге жетпеді. Біз Жамбылды жасы біразға кешенде, жаңа заман орнағанда барып таныдық”, - дегенді айтқаны елі Үмбетәлі.

Жөкеңнің ақындық оресін революцияға дейінгі, одан кейін бұрқыратып жазған жырларынан аңғаруға болады. Менің байқауымша, Жөкең ақындықта тоқпе, өткір тілді, бұрынғы дәстүрмен жырлаған, үлкен жиын-тойда топ бастаған айтыстың ақыны. Ол кісінің қолма-қол, табан астында шығаратын қағытпа өлеңдерге де шеберлігі, бетке тура айтатын мінезі жайлы мынандай мысалдарды келтіргім келеді.

Бірде Жамбыл Құдайберген деген болыстың үйіне келгенде:

— Бір есуас, жарымес Екеймен жарысам деп атым өліп қалды, деп Жамбылдың жанына тиседі.

Құдайберген Есқожа елі. Екейді үнемі кеміте сойлейді екен. Бұл оқиға қысты күні болса керек. Жамбыл осы оқиғаны естісімен табан астында:

*Болысжан, жүрген жерің күнде сауық,  
Пенденің бойында көп қатер-қауіп.  
Екейдін жындысымен жарысам деп,  
Сенің де кетіпті ғой есің ауып, -* депті.

Құдайберген үндемей отырып қалады.

Астында семіз аты бар Құдайберген Ұзынағаштан қайтып келе жатқанда қасынан екейдің Таңат деген бір кісісі шауып өтеді. Аңаның озып бара жатқанына қызғаншақтық білдіреді де, бұл да қосарлана шабады. Ауылға тақай бергенде Құдайбергеннің астындағы семіз аты зорығып өледі. Жамбыл осындай есер мінезін айтып, қатты сынаған.

Сол кезде Абылқасым Андосов пен Қасқарау Сүлейменұлы деген бірі старшын, бірі елубасы – екі ел тонағыш жебір болыпты. Бұлардың алымның үстіне қара шығын түсті деп сан адамды еңіретіп жүргендері жайлы Жамбыл да хабардар болады.

Батыс Қастек болысына қараған елдің Рахмет деген кедейінің қара шығынға алып-өсіміне беретін ақшасы болмай, үш пұт жоңышқасының ұрығын зорлап алып кеткені жайлы хабар бүкіл елге тарайды.

Жамбыл бір жақтан келе жатқанда А.Андосов пен Қ.Сүлейменұлы қарсы жолығады. Бұлар Жамбылмен сәлемдескен соң:

– Жәке, өлең айта жүріңіз, - деп қолқа салады. Бұлардың түрткілегені қамшы болған Жамбыл:

– *Төменгімен келесің екі қуым,  
Елдің жайын білесің буын-буын.  
Қап соруға екеуің аттаныпсың,  
Тағы кімнің тартасың қара суын.  
Елден тиын қоймайсың түтін санап,  
Есебіңнің аяғын шығарарда,  
Рахмет нұшықты алдың талап,* - деп беттеріне басады.

Екеуі бірдей:

– Жәке, енді айта көрменіз, - деп жатып жатынған көрінеді. Жамбыл ел билеген би-болыстарды, старшындары өгкір тілмен түйреп отырған.

Бірде үлкен жұт болып, елдің бар малы қырылып қалады. Жамбыл да жұтқа ұшырайды. Осындай қиыншылықты бастарынан өткізіп отырған ел мұнын айту үшін Түргендегі Саймасай деген байға барады. Саймасай белді болыс, атакты бай әрі азулы адам болса керек.

Жамбыл шеттеп келіп атынан түседі. Шеткі үйдің қасына келе бергенде, шынтақтап жантайып жатқан әйелді көреді. Одан:

– Саймасайдың ауылы осы ма? – деп сұрайды Жамбыл.

– Оның үйі анау тұрған, - деп әлгі әйел басын көтермей Саймасайдың үйін нұсқайды.

Жәкең Саймасайдың үйіне кірін, сәлем берген соң:

– Мен ақын Жамбыл едім. Әдейі сізді іздеп келдім, - дейді.

– Ә, Жамбыл деген ақын бар деуші еді. Сол сен екенсің ғой. Жоғары қарай төрге шық, - деп жылы шырай білдіреді.

Жамбыл отырар-отырмастан:

– *Қызғалдақтай үйі бар Саймасайдың,  
Кесірлі қатыны бар Алмасайдың.  
Қалың қазақ бас қосса жиын-тойда,  
Жиреншедей сөзі бар ер Қосайдың.  
Ел жұтаса екеуі кемімейді,  
Қара қазан қатыны Шығайбайдың,* - деп өлеңдетеді.

– Жамбыл, сен мұны маған не үшін айттың? – деген Саймасайға:

– Жаңа сіздің үйге соғарымда жантайып жатқан әйелден жөн-жосық сұрап едім, жөнді жауап қатпады. Тигіті басын көтеріп, сәлем беруге жарамады, - дейді.

– Япыр-ай, қолайсыздық істеген екен. Шақыршы Алмасай-

дың бәйбішесін, - деп жаңағы сөйлеген әйелді үйге келтіреді.

– Мынау Жамбыл ақын. Сен неге басыңды котеріп, жөнді сәлем бермедің. Соның айыбына бұл кісіге шапан жап, - деп Алмасайдың әйеліне Жамбылға шапан жаптыртыпты.

Жамбыл ұзын сарын, өзекті, сөрелі сөзді құлаштап айтумен қатар, бірауыз, жарым ауыз осы сияқты олендерімен өзінің осы жолын сала жүрген. Ақынның осындай суырып салма тапқырлығы Октябрь революциясы орнағаннан кейін ел ішіндегі кейбір ақы алып жұмыс істейтіндерге де арналды. Оларды уытты тілмен түйреп отырды.

1921 жылы Еркінбай мен Оспан ақын ұсталық жасайды. Ол кез әлі де колхөздаспаған уақыт. Бұлар біреудің атын тағалап, соқасын саптап, орағын соғу үшін ақы алады екен. Күзгі қатқакта ағын тағалатуға Жәкесң осы екі ұстаға келеді. Оспан дүкенінен шығып Жәкесңе сәлемдесіп, қайта кіргенше:

*Ей, Оспан,  
Сенің атаң Тастемір Тақабай ма,  
Большевик кедей күйін жаңалай ма?  
Боз жорға кібіртіктеп жүре алмай тұр,  
Қайтеді, Оспан мұны тағалай ма?*

*Екеуіңе бергенім жалғыз бақыр.  
Ақсақ ұстаң қайда жүр, бермен шақыр.  
Сол бақырды бергелі үш ай болды,  
Бітпес пе екен болғанша заманақыр.*

*Қарсы алдыңда отыр ғой соқыр кедей,  
Орақ алып қолына отыр кедей.  
Бір орақтан алсаң да бір пұт бидай,  
Талтақтайсың Ермекбай ішіп-жемей.*

*Күнге беттен Еркінбай дүкен сапты,  
Антүрған күнгеі бетті қайдан тапты.  
Біреуің ақсақ болғанда, біреуің сау,  
Қайдан қостың екеуің ынтымақты,*

- дегенде екеуі орс түрегеліп, бұрыннан істе тінбей жатқан бақырын да, астындағы атын да сол жерде тағалап беріпті.

Жәкесңнің алдында ғана бұларға келіп, орақ істетіп алмаққа келген соқыр кедейге “Бір пұт бидай өкелмесң, істемейміз” деп бұлданғандарын да қояды. Оның да орағын тегін жасап қолына ұстағанды.



Ұлы жыршының осындай тапқыр айтқан жырларының көпшілігін мен 1944-46 жылдар аралығында ақынның туып-өскен еліне барып. Жамбылмен бірге болған замандастары мен үзегілес ақын-інділерімен сөйлесіп, солардың аузынан жазып алдым.

*(Таспаның соңы)*

**Қашқынов:** — Жыр алыбы Жамбыл жайлы жазушы әрі ақын Сапарғали Бегалин осындай тың деректерді ортаға салып отыр. Жамбыл расында үлкен ақын болған адам екенінде дау жоқ. Осыған орай біз белгілі ақын Ғали Ормановтың Жәкене арнаған мына жырын айта кеткіміз келеді.

*Күркіреп көкте бұлттың көкірегі,  
Өтсе де желіндіріп жерді лебі.  
Жалт етіп нажағиы қалар сөніп,  
Секілді дүниенің жоқ тірегі.*

*Болып ең сен де нәсер Жамбыл ақын,  
Даусыңа жапсақ дала жаңғыратын.  
Күркіреп құйып-құйып жонелсең де,  
Жалтылдап нажағайдай жатыр артың.*

*Ауылда әсем жырлар жатыр өсіп,  
Алысқа тастағандай ашып есік.  
Ұмтылып аясында ұрпақтардың,  
Өзіңе отырғандай үніп қосып.*

*Қараймыз, біз де сенің күмбезіңе,  
Құрметтеп сөйлескендей күн де өзіңе.  
Жамылып сырлы сұлу дүниені,  
Жарқылдып қарап тұрсаң күн көзіне.*

*Келбетің Алатаудан жоғарырақ,  
Немене, алақанда одан жырақ.  
Көп толқын кейінгі өрен өседі деп,  
Алыстан салғандайсың соған құлақ!*

Әйгілі ақын Михаил Исаковский айтқандай: “Сұлулығы мен күші жағынан теңдесі жоқ Жамбыл жырларын бүкіл совет халқы сүйіп аузына алады”.

1972.

## Ғабиден аға — ұлағатты дана

Қазақ әдебиетінде қосарланып, қоса аталатын жазушылар қатарында Сәкен, Лияс, Бейімбеттерді, оған беріде Ғабит, Сәбит, Ғабидендерді жатқызып келеміз. Бұл жазушылардың жазу стилі, өмір шындығын айна-қатесіз суреттеуі, тақырып таңдаулары әр түрлі болса да, халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтаған, елдің асқақ рухын биікке көтерген, орамды ойларын көркем де бейнелі жатық тілмен біздің санамызға сіңіргендеріне ризашылық көңілімізді бүкпесіз білдіреміз.

Дүниежүзі, Еуропа, орыс әдебиеті өкілдерін білмей тұрып, осы жазушылардың шығармаларымен сусындап, шолімізді қандырдық. Әр гүлдің өз жұпар иісі, әр қыранның өз самғау биігі болатыны сияқты, осы майталман қаламгерлердің өзінің шыққан асқары, артына қалдырған сүрлеу соқпақтары, қалың қара ормандары бар. Солардың соқпақтарымен жүріп, қалың орманына кірдік. Шыққан самғау биіктеріне ұмтылдық. Әлі де алыңтар көтерілген биікке сұқтана көз тігеміз.

Ойткені, бойымызға ұлылық рухын егіп, еңсемізді көтерді. Бүкіл бір ұрпақты қайсар халқын, байтақ даласын иексіз сүйеге үйретті. Әлі де кейінгі буын мол ғибрат, зор таным, текті тағылым алатынына шек келтірмеймін.

Сәкен, Лияс, Бейімбеттер ақталып, том-том шығармалары басылып, қолымызға тиген соң зер салып зерделеп оқи бастадық. Ал Ғабит, Сәбит, Ғабидендермен Қазақ радиосының әдебиет редакциясында ширек ғасырға жуық қызмет атқарғанда етене танысуыма тура келді. Қазақтың асқар таудай үш алыбымен жиналыс, конференцияларда бірге болып қана қоймай, олардан сыр-сұхбат алып, жүзбе-жүз кездесін, үндерін таспаға жазғаным бар. “Ақ көңіл”, “Микрофон алдындағы кездесу” аталатын хабарларға шақырып, бүкпесіз сырласқандары өлі күнге көз алдымда, үндері құлағымда жаңғырығып естіліп тұр. Кезінде қайталанбас тұлғалардың сойлеген сөздерін қаз-қалпында радионың алтын қорына жаздырып сақтатқан едім.

Ал нағашыда асқар таудай ағалармен сойлесуге жүрексінесем де, кейін телефон соғып “бөлені күні, бөлен сағатта кел” деген

келісімдерін алған соң, иығыма репартерімді оңгеріп, кездесуге батыл барғанмын. “Біз де адамбыз ет-сүйектен жаралған” деп С.Мұқанов айтқандай, олар да алдына барсаң шітеріне тартып, балалық батылсыздығыңды жанып, кеудеңе сенім отын ұялатып, әңгіме көркін қыздыратын. Сен де өз әкеңмен немесе ағайың-туғаныңмен, көптен көрмеген сырлас досыңмен кездескендей күй кешесің. Олар бәйге атындай қосылған сайын, еріксіз шешіле түссесің.

Бірде Ф.Мұстафиннің бүгінгі сынға байланысты пікірін жазып алуға бардым. Алматының сыртындағы жазушыларға саяжайға берген жерге, қаланың шуынан қашып, үй салып алыпты. Ат шаптырым алма бағын оя баптан, күтетінін ағаштарды суарын жүргенінен аңғардым.

Барғам жұмысымды бітірген соң, Зейнеп жеңгей шай дастарханына шақырды. Үстел басында жұмысым, отбасы жайлы білген соң, қай жерден екенімді сұрады. Мен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданынан екенімді айттым.

Ғабиден ақсақал біраз үн-түңсіз отырып қалды да:

— Иә, Ақтоғай атырабынан. Тоқырауын топырағынан нелер дүлдүлдер шыққан ел екенін білемін. Әсіресе, Ақтоғай ақ бидайы жайлы көп естідім. Сол ақ бидайдан қазір тұқым бар ма? — деп сұрағаны.

Мұндай сұрақты күтпегендіктен бе, әлде ақ бидайдың тұқымының құрып кеткендігінен бе, бір түрлі күй кештім. Бірақ бойымды тез жинап алдым да:

— Ғабе, сол ақ бидай тұқымы жоғалып кеткен тәрізді. Ел аузында аңыз ғана бар, — дедім.

Ғабиден аға басын шайқап, ауыр күрсінді.

Ағаның осы сөз маған көп ой салды. Кейін Ақтоғай ақ бидайын зерттеп, оның сырын ашуыма септігін тигізді. Оз өкінішімді мынандай өлең жолдарына сыйғыздым.

*Сөзге шешен зергердей ұста тілге,  
Сұрайтынды отініп қысқа түрде:  
Қайда кеткен Ақтоғай ақ бидайы? —  
Бас шайқайтын Ғабиден Мұстафин де.*

*Алыс кеткен ақ бидай армандайын,  
Сағыныштай сарғайып қалған дәйім.  
Сақталмаса тұқымы ескеріліп,  
Болашаққа жеткізіп жалғар қай ұл?*

Тағы бірде Ғабиден ағаны “Микрофон алдындағы кездесу” хабарына шақырып, өмір белестері, жазушылық жолға қалай келгені, кімдерден үйренгені жайлы айтып беруін өгіндім. Сонда жазушының өзіне тән мәнгермен аспай-саспай сыр шергетіні ұнады.

Ғабиден ағанын әкесі Мұстафа шаруа баққан, дәулеті шағын адам болыпты. Шала сауаттылығына қарамастан екі рет қажыға барған. Алғашқыда бір үйір жылқысын сатып, шиеттей үш баласын тастап (онда Ғабиден бір-екі жаста екен) барса, екінші рет Жолжан деген байдың қаржысымен барған, бедел қажы атанып қайтыпты.

Жас кезінде ауылдағы молладан діни сабақ оқыған. Кейін 1916 жылы Спасе зауытында еңбеккүн жазатын Мауқымның Жүсібінен бір жыл орысша үйренеді. Екінші жылы сол зауоттағы бес жылдық орыс-қазақ мектебінің төртінші бөліміне келіп түсіп, соны бітірген соң, оқуын жалғастырмай, ауылда жүреді.

1925 жылдың көктемінде, жаңадан үйленген, келіншегімен Қазақстан астанасы Қызылордаға оқу іздеп келсе де, оқуға түсе алмайды. Қазақстан Жөғарғы сотында қағаздар тіркеуші жұмысын атқарады. Қолына түскен газеттерді үзбей оқуының арқасында, жазуға ден қояды. Алғашқыда ұсақ хабарларды “Еңбекші қазақ” газетіне жолдайды. Олар үзбей басып тұрады.

Жазушының “Сәрсен мен Боқыш” аталатын тұңғыш әңгімесі 1927-28 жж. “Жыл құсы” журналында жарық көрсе, 1929 жылы “Ер Шойын” деген жинағы баспадан шығады. Жастығына қарамай Тоғыжанов, Сейфуллиндер сияқты қаламгерлермен пікір таластырып, өз ойын батыл айтатыны кейбіреулерге ұнамайды. С.Сейфуллиннен басқасы қағажу көрсете бастаған соң, 1930 ж. Қарағандығы қара жұмысқа кіреді. Жер қазып, темірдің тотын қыру сияқты жұмыстардың бірнеше сатысынан өткен соң, токарь болып шығады.

Алғашқы журналистік жолы “Қарағанды пролетариаты” газетіндегі жауапты хатшылықтан басталады. Кейін 1933-38 жылдары Новосібірде шығатын “Қызыл ту” газетінде жалғасын тапса да, газет жабылып қалады. Содан 1938 жыл Алматыға қоныс аударып, “Өмір мен өлім” романын жазуға отырады.

Мұнда ежелден көшпелі, малшы елдің Қарағанды сияқты үлкен өндірісті елге айнала бастағанын, социалистік күресте ішкі, сыртқы жауларын қалай жеңіп шыққанын көрсетті. Ал “Шығанақ” романында көшпелі ауылдың отырықшы, колхозды ауылға айна-

лғаны көрініс тапты. Романның бас кейіпкері Шығанақ Берсиев өмірде болған адам. Тары өсіруден төрт рет дүниежүзілік рекорд жасаған. Ақылды, еңбекқұмар, ізденгіш, алғыр қарт арқылы халқының бойындағы асыл қасиеттерін айтуға құлшыныс жасайды.

Жазушы миллионер колхозды, жоғары білімді басқарманы естіп көрген емес. Бірақ болжап бағдарлауы арқасында “Миллионер” романы өмірге келді. Бүгінгі Қарағанды жұмысшыларының өмір, тіршілігін көрсету мақсатында “Қарағанды” романы туды.

Фабиден аға о й өмір сүрген, өз дәуірінің жырышысы болса да, кейін НЭП, ірі байларды тәркілеу оқиғаларына қалам тартып, “Дауылдан кейін”, “Көз көргендер” романдарын көпшілікке ұсынды.

Дүниежүз өдебиетшілері шінен В.Гюгоның оқита, сюжет құруына, адамдарының ерлігіне, ал Л.Толстойдың суреттеуіне қызығушылық танытады. Қазақ жазушыларынан М.Әуезовтің сөзінің салмақтылығы мен ойының тереңдігіне, Ғ.Мүсіреповтің сөзінің дәлдігіне, жинақтылығына, мысқылына тәнті болады. Бірақ екеуінің де сөз қасиеттерін електен екішеп өткізіп, ұлпасын ғана көдеге асырып отырған.

Жазушы еңбекті – қиын, жауапты, ең ардақты еңбек. Ғылымдағы сияқты көркем өдебиетте де даңғыл жол болмайтынын ерте түсінген қаламгер:

– Мен алдыма қарасам, тым артта қалыппын деп қорланамын. Артыма қарасам, менен де кейін қалғандарды көріп жұбанамын. Оңаша бөлмеде ұзақ уақыт ой тізіп, сарғая отырғанымда жер тәңірісі – бір өзім. Тізгендерім көп талқысына түскенде мен бір жаңа түскен келін. Егер жазушының басына қарама-қарсы осы екі қасиет оралмаса, жазушы шығарма үстінде өзін халық ойшылы, қоғам қайраткері деп, шығармасы біткен соң бұлардың тек ат қосшысымын деп сезінбесе, ондай жазушыны нағыз жазушы деу қиын. Нағыз жазушы болғанды ғана айтып қоймай, солай болсын деп те айта алады, - деген тұжырымымен қоңілге түйгендерін радиотыңдаушыға жеткізгенде, шексіз алғыстарын білдірген хаттардың түйдек-түйдек келгенін жазушыға білдіргенімде Фабиден ағаның қуанышында шек болмады.

Фабиден аға тағы бірде үйіне келуімді өтініп, телефон соқты. Үйіне келсем жазушы Жайсаңбек Молдағалиевпен өңгімелесіп отыр екен. Мен келген соң сыртқы баққа шыққан кезде, суретке түстік. Жайсаңбек келген жұмысын бітірген екен, қайтып кетті. Қайтадан үйге кіріп жайғасқан соң:

– Жемісжан, мына магнитофон жұмыс істемей қалды. Осыны жөндетіп әкеліп берші, – деді отініп.

– Ән-күйлер ғындауды ұнатады екенсіз ғой, – дедім көңілденші.

– Иә, ондайым да бар. Бірақ қазір көзім нашар көреді. Ойларымды магнитофон таспасына түсіремін. Оны жеңген қағазға көшіреді. Бұл қаламның орнына қызмет атқаратын құрал. Өтс қажет, – деп сырын бүкпесіз жайып салды.

Кейін магнитофонды радио шеберханасында жөндетіп, жаңа таспалар мен кассеталар қосып апарып бердім.

Кезінде Ғабиден аға “Қазақ әдебиеті” газетінің Жаңа жылдық сұрақтарына жауап бере келе, өмірде нені жақтырмайтыны жайлы былай дегені бар: “Толып жатыр: арам өмір, сылдыр сөз, жиі жиналыс, мақтан, өсек, зұлымдық”.

Расында, жазушы өмір бойы бойын осылардан аулақ ұстаған. Қазақ қаламгерлерінің ішінде Ғабиден Мұстафин мен ақын Тайыр Жароковтер барған жерлерінде көп сөзге үйір болмай, біреуді ғайбаттамай, жөн-жосықсыз мақтамай, арттарына сөз ермей өмірден өткен адамдар.

Әдебиет ой мен тілдің жемісінен туса, жазушы бұларды өз халқынан үйренеді. Сол үйренгендерін ой домнасында балқытып, қайтадан халқына сый-сыбаға етіп ұсынады.

Осы орайда Ғ.Мұстафин шығармаларында кездесетін қанатты сөздердің бірнешеуін мысалға келтіре кеткім келеді:

– “Өнер алды – қызыл тіл”. Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті.

– Бақ кейде тауып, кейде ауып қонады. Ауып қонса есіртеді, тауып қонса есейтеді.

– Асқанға аспан да аласа, тойғанға тоқты еті топырақ.

– Коңіл – арыс, нәпсі – мешкей, жетегінде жүре берсең қатарсың сеспей.

– Ашу қысса ақырасың, қайғы басса аһ ұрасың, қорықсаң бас ұрасың, қуансаң шарқ ұрасың. Енді ненді жасырасың?

– Сөзі сылдыр, ойы бұлдыр, қолды-аяққа тұрмайды құрғыр.

– Мінгені – сөк, айдағаны – өсек, тұла бойы – сөп.

Осындай мақал-мәтелдерге үксайтын орамды ой-пікірлерімен қоса, Ғабиден аға майдандағы жауынгерлерді жауын жеңуге, Отаншылдық рухқа шақыратын Р.Елебасовтың “Жаз қазақ” әніне өлең жазғанын айтпай кетуге болмайды. Әннің әуеніне орай жазылған өлең жолдары күні бүгін бойымызға жігер беріп, жүрегімізде ожеттік отын маздатады.

Ғ.Мұстафин жайлы ойымды бірге сапарға шыққан кездегі бір оқиға жайлы жазылған өлеңіммен аяқтаптым келді.

*Шоқтығын биік етіп қалың елден,  
Табиғат тұғаннан-ақ дарын берген.  
Бір күні сәті келіп жолға шықтым,  
Жазушы аға – Мұстафин Ғабиденмен.*

*Жүрісін бір сәтке де суытпаған,  
Басшымыз шофер жігіт білікті адам.  
Біздерді күлкі-әзілге қарық қылып,  
Атқарар өз міндетін ұмытпаған.*

*Құлағын түріп, иіп асыл басын,  
Ғабекет болғанға риза қасында шын.  
Бал сөзі жүрісімен жайлы шофер,  
Сынаптай сырғытады машинасын.*

*Қонғанда жотасына күн төбенің,  
Сезіндік кешікпей-ақ түн келерін.  
Балқаш пен Ақтоғайдың арасында,  
Адастық жазығында қу төбенін.*

*Табатын жол нәсерлі жауындардан,  
Боғетсіз қыста өтетін қалың қардан.  
Ел іздеп кезді шофер айналаны,  
Қарайған көрінбеді ауыл маңнан.*

*Алмадай піскен батты балбырап күн,  
Демеймін жолсерікке қалжыраттың.  
Көшуге жүкті буып, көлік күткен,  
Басынан ел кез болды Балбұлақтың.*

*Жазса да тағдыр біраз адасуға,  
Жете алмай мақсатыңа қаласың ба.  
Үркердей жанды көріп айдаладан,  
Түскені қоңіліміз сабасына.*

*– Тұйыққа тірелгенде жолықтыңыз,  
Торкінін көрген қыздай оңып тұрмыз.*

*Рұқсат етсеңіздер дем алуға,  
Сусынға егер болса беріп қымыз.*

*Таныған сапарменен жүре көпті,  
Осылай жолбасшымыз тілек етті.  
– Торт болды жанарымыз алақтаумен,  
Тосуден жанымызды жүдеу етті.*

*Қашпайтын адамдармыз жолықса кім.  
Машина күтіп, үміт болып сағым.  
Отырмыз, - деді жігіт, - жинақталып,  
Көшпекші ек қас қараймай қонысқа бір.*

*Сарғайтып, күпті етіп күттірмеді,  
Сүйеніп таяғына шықты ігері.  
Ақсақал белгі беріп қойшы ұлына,  
Қайтадан киіз үйді тіктіргені.*

*Баланың сөзіне ати таңы барды,  
– Әжеліп сойып таста бағыланды.  
Жол түсіп келіп отыр дәрхан дарын,  
Іздесең қалай, қайдан табылады.*

*Қақым бар бүгін жолдан қошті бұзар,  
Тарқасын сөзін тыңдап ескі құмар.  
Немерем сыбырлады өзі танып,  
Жазушы Ғабиденді естуім бар.*

*Баруаған шығармасы барша жанды.  
Жазғанын оқып жастар тамсанады.  
Жизғыз үй біздер түгіл, қалың қауым,  
Құрметпен құшақ жайып қарсы алады.*

*Қария іттипатпен қабылдады,  
Қуаныш оты лаулап жалындады.  
... Халықтың ниетінен айналасың,  
Сыйлайтын дүлдүлдер мен дарындарды.*

2002.



## Жазушы шыққан белестер

Әр жазушы әдебиетке әр түрлі жолмен келеді. Бірі – жас кезінен құмартып, бар ынтасы мен зейінін соған аударады. Жазушы болуды мақсат тұтады. Ал енді бірі қызған өмірге қоян-қолтық араласып, еңбектің ыстығына күйіп, суығына тоңып дегендей, қыр-сырын біліп, көңіліге түйгендерін, көзбен көргендерін елге жеткізуге асығады. Сол билгендерін жүртқа танытқысы келіп, қолына қалам алады. Жүрек сырын қызыға қағазға түсіреді.

Осындай жазушылар қатарына көркем сөздің жергері Әлжаппар Әбішевті де жатқызуға болады.

Әлжекеннің бақытына орай, Ұлы Октябрь революциясының нұр-шұғыласы қазақ даласына да жарық сәулесін молынан шапты. Ол жастағы бала Әлжаппар жаңа бір сәулетті өмірдің баспалдағынан аттап, соның алтын сарайына именбей-ақ еркін кірген еді. Ол жаңа өмірді қолына күрек, қайла алып, жұмысшы болып бастады. Әр ұлты шахтерлердің арасында жүріп, солардың еңбекке деген қайтпас қайратын, мұқалмас қажырын, әсіресе бір-біріне деген шексіз адал достықтарын көріп өсіп. Жұмысшылардың мұндай асыл қасиеттері болашақ жазушының онына қозғау салды, жүрегін тербетті.

Шахтада жұмыс істей жүріп, Әлжаппар Әбішев сол кездегі “Қарағанды пролетариаты” газетіне қысқа-қысқа хабарлар, мақалалар жазды. Талапкер жасты кейін сол газетке қызметке алады. Ал арада екі жыл өткен соң жазуға тоселіп қалған Әлжаппар республикалық “Лениншіл жас” газетіне жұмысқа ауысады.

Өзінің өскен ортасы, араласқан адамдары қарапайым жұмысшылар болғандықтан да ең алғашқы шығармасын соларға арнап, солардың өмірін негізгі арқау етеді.

“Завал” деп аталатын жас жазушының алғашқы жинағын қолжазба түрінде оқып шыққан академик жазушы, Социалистік Еңбек Ері, сол кездерде “Социалистік Қазақстан” редакторы Ғабит Мүсірепов “Әдебиет майданы” журналына жолдаған хатында былай деп жазыпты:

“Мен жас талант Әлжаппар Әбішевтің мынау ұзақ өңгімесін қызыға оқып шықтым. Тырнақалды шығарманың мұндай пішіні

келген түрін өзімнің бірінші қорум. Бір-екі соған өзгерткенім болмаса, қалам тигізгенім жоқ. Көлемі үлкен болғандықтан, газетке баса алмай, сіздерге жіберін отырмын”.

Ал “Әдебиет майданы” журналының редакторы Сәкен Сейфуллин де туындымен танысқан соң ризашылық білдірген. Журналға басып, кейін жеке кітап болып ышғар кезінде алғысөз жазған:

“Жазушы деген — зор қабілетті, көркемсөз қалаушысы, сөз кестешісі, үлгілі ой шебері. Және сөз шебері болғанда жай ғана шебер емес, сол құдыретті көркемсөз арқылы адамның жан жүйесін, сана-сезімін тәрбиелейтін үлгілі тұлға. Бұл сөздерді Қарағанды сияқты үлкен өндірісті көзі көрген адам жақсы түсінуге тиісті. Бұл сөздің терең мәнісін біздің жас талабымыз Әлжаппар да жақсы түсінеді деп білемін.

Сондықтан да ол алдағы өмірде шеберлік сатысына өрлей береді деп сенемін” — деп Сәкен Сейфуллин зор сенім артқан еді.

Үлкен ағаның сол сенімін Ә.Әбішев абыроймен ақтады.

Осы орайда қазақтың көрнекті жазушысы Ғабиден Мұстафин былайша сыр шертеді:

“Әлжаппар жайлы көп айтуға да, аз айтуға да болады.

Біз бір қызық өмір сүріп келеміз. Көре бергің, жүре бергің, жасай бергің келеді. Қазақ қауымы қауырғ өсіп келе жатыр. Барлық жағынан өсіп келе жатыр. Соның ішінде қарттар да өсіп келе жатыр. Кобейіп келе жатыр. Қазіргі біздің қарттардың қарттықты мойындамай жүргендері көп. Көре берсем, жүре берсем, жас қалпымда тұра берсем дейді. Әлжаппар да осы қарттардың бірі.

Биікке шыққандардың жұртшылық қолына, арқасына қарайды. Біреулер дорбалап, біреулер арқалап шығады бұл биікке. Арбалап шықты десек, Әлжаппар қойын-қонышын толтыра арқалап шықты.

Отыз шамалы пьеса жазды. Ондаған кітаптар жазды. Осыған ол қалай жетті? Бұл аз табыс емес, бұл көп табыс. Бұл табыстарының кезінде халық аузына ілініп, жүзде алып, тіпті өз халқымыздың ішінен сыртқары даңқы шығып жатқан еңбектері болды. Әлжаппар еңбектері әлі күнге халқымыздың рухани қорегі болып келе жатыр. Әлжаппар бұған қалай жетті? Ол ілкіден дайындығы мол жігіт емес. Ол құр қол аттанды осы сапарға.

Бүгінгі жастар әдебиетке келгенде ең құрығанда орта дәрежелі білімменен, әйтпесе жоғары дәрежелі біліммен келіп жатыр. Өз халқының өткен әдебиеті, мәдениетін меңгеріп алып, орыс

өдебиеттерінен сусындап келіп, кірісіп жатыр өдебиетке. Ал Әлжаппарды дайындықсыз, құр қол келді дегенде, онда бұның бірі де болған жоқ еді. Әлжаппар не нәрсеге жетті десек, ол не нәрсеге жетсе бәрін жол жөнекей, қош үстінде алды.

Әрине, бәрін талант билейді. Дегенмен таланттың өз дон сияқты. Құр суга салып қойғанмен талант өзінен өзі өнім бере бермейді. Әлжаппар Әбішев бойына біткен талантың өзінің қажымас, қайтпас жігерлі еңбегіменен байытты, оркендетті. Талантқа ең керекті, ең қажетті нәрсе алдыменен еңбек. Қажымас еңбек, талмай іздену еңбегі керек. Бұл қасиеттер Әлжаппардың бойынан табылып қалады”.

Расында да, Әлжекең жазушы болу үшін арнаулы оқу орнын бітірген жоқ. Ол кісі сол кездегі өмір ағымына байланысты мектеп есігін кеш ашты. Жасы жиырмағарға таянғанда бірінші басқыш ауыл мектебін бітіріп, ал 1927 жылы үш айлық мұғалімдер курсына оқыған.

Одан кейінгі жылдарда өзінің талмай ізденісіптігі, ерінбей еңбек стүй, білімін толықтырып, жетілдіруі арқылы жазушылық өрісі кеңіп, қатамы ұштала түсті.

Жоғарыда ағап кеткен тұңғыш “Завал” жинағына кірген тырнақалды өңімелерінде жазушы өткен ауыр өмірді, содан құтқарған Ұлы Октябрь революциясы екенін, кедей халықтың жаңа заманды, жаңа өмірді, жаңа тұрмысты қуана қарсы алғанын, адамдардың жарқын еңбек жолын нанымды жазады.

Әлжекеңнің проза саласындағы ең алғашқы көлемді еңбегі — “Армандастар” деген повесі.

Повестің бас қаһармандары Мүсопір мен Айбөл. Олар 1916 жылғы қазақтан солдат алуға жарлық шығарған патша үкіміне наразылық білдіреді. Патшаның сөзін құптаған ел ішіндегі байболыстарға қарсы шығады. Үстем тап өкілдерімен күресі Ұлы Октябрь революциясының арайлы таңы атын, бұлардың жеңісімен аяқталады. Енді кедей-кепіштің мұң-мұқтажын жоқтайтын соларды жақтаған өкіметке бел шешіп еңбек етеді. Совет дәуіріндегі құрылған колхозға мүше болады. Сөйтіп, повестің “Армандастар” аталғанындай, армандарына жетеді.

Ел басына күн туған соғыс кезінде жазушының майдан өмірінен жазған “Саржан”, “Төлеген Тоқтаров”, “Кек деп ұшқан оқ”, “Әке аманаты”, “Батыр десе батыр” атты өңіме-очерктері дүниеге келді.

Бұл шығармаларында Совет адамдарының жауға деген кеті, сүйікті Отанына шексіз махаббаттары бейнеленеді.

Бізбен бір өңгімесінде:

— “Кемедегінің жаны бір” дегендей, нағыз ұтымды, берік адамдар жер астындағы жұмысшылар екен. Олардың жаны ғана емес, жер астындағы тіршіліктері де мызғымас қуатты күшке айналады екен. Оларды ұйымшылдыққа дағдыландырған өмірдің осы заңы екенін кейін білдім. Мысалы, забойдағы қайлашы болса, ол тіреу тірегіпін, көмір шабатын адамдарсыз алға баса алмайды екен. Жүрек пен мидың жалғасқан тамырларындай бірімен-бірі жалғасып, біріне-бірі қуат беріп жатқан өңшең күдіретті күш! Сондықтан, нағыз адамгершілік, нағыз достық пен қамқорлық, шынайы жолдастық пен интернационалдық осындай-осындай еңбек қазанында қайнайды екен, - деп Әлжесек Қарағанды шахтасында жұмыс істеген кезіндегі жақсы өсерін еске түсіреді.

Жастай тұла бойы мен еті үйренген өзі достасқан Қарағанды шахтерларының соғыс кезіндегі тылдағы өмірі де жазушыны қызықтыра береді. Сол кезеңде “Қарағанды қарттың сыры”, “Жер астындағы майдан”, “Шахталарға саяхат” сияқты, тағы басқа да өңгіме-очерктері туы.

Бұдан кейінгі жылдарда “Жас түлектер” романы, “Үлкен жолда” повесі, “Сахара сәулеті”, “Найзағай”, “Жаралы сұңқар” романдары сияқты қалың оқырман қауымының ыстық ілтипатына бөленген кесек шығармалары дүниеге келді.

Жазушы Сафуан Шаймерденов өзінің мынандай ой-пікірін айтады.

— Әдебиетте әркімнің өз орны бар. Қазақ әдебиетін қанағын жайып, құлашын кеңге салып бара жатқан бір орман десем, соның ішінде басқа біреуіне ұқсамай бөлек тұрған саялы бір бәйтерек, ол — Әлжаппар Әбішев. Канатын кеңге жайған жаңағы орман кілең бір текті ағаштан ғана құралса, онда ол орманның қызығы не? Әуе жолдарының ішінде Москва-Хабаровск жолы ең қиын маршруттардың бірінен саналады. Себебі, осы ұзақ екі аралықта жер бедері бір өңкей болып келеді екен. Көзге ұрып, көңіл аударарлық пәлендей белгі, ноқаттар жоқ екен. Жер бедерінің бір өңкейлігі, аспанда ұшқан ұшқыштың өзін жалықтырып жіберер болса, жерде жүргендер үшін одан да бстер қиындық туғызары айтпаса да белгілі. Лев Толстой — данышпан жазушы. Ал ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінде Тургенев пен Аскаков, Григорович пен Короленкосыз кілең Толстойлар ғана тіршілік етсе, төтті тамақтан шығып кеткенің секілді мезі болып кетер едің. Олай болса Мұхтары мен Сәкені бар, Бейімбеті мен Сәбиті, Ғабиті мен

Ғабиден бар қазақ әдебиетінің әрін ашып, сөзін келтіріп тұрған жазушыларымыздың бірі осы Әлжаппар Әбішев.

Әлжаппар Әбішев қоржынның екі басына тең жүк арғып көтерген жазушы. Қоржынның бір басында прозалық шығармалары жинақталса, ал екінші басында драмалық туындылары тиелген.

Сондықтан да Әлжекеңнің творчествосына зер салғанда домбыраның қос ішегі сияқты осы екі жанрға ерекше назар аударамыз. Ойткені, екі перне екі түрлі ырғак, екі түрлі үн шығарады.

Әлжекеңнің бір әктілі ең тұңғыш пьесасы “Совет қызы”. Бұл 1937 жылы жазылып, Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының сауыққойлар үйірмесінде қойылыпты.

Содан бергі уақыт ішінде жазушының қаламынан шыққан іріп-уақты отыздан аса драмалық шығармалары театр сахналарында үзбей ойналып келген.

Жазушының драмалық шығармаларының бәріннің бірдей сахнаға шығуында қандай сыр бар?

Бұл сұраққа белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бәйтен Омаров былайша жауап береді:

– Театр өнері әр уақытта драматургпен байланысты. Міне, сол байланыстың бірі – Әлжекең драматургиясы. Әлжекең драматургиясы қазір сахналарда көп қойылып жүр. Оның бірінші себебі, осы драматургтің өмір тақырыбына әр түрлі тұрғыдан келу, қоғамда болып жатқан өзгешеліктерді, жаңалықтарды сахна арқылы көрсеткісі келетіндігі, міне Әлжекең драматургиясының ұтатындығы осы.

Екіншіден, Әлжекең драматургиясының сахнаға көп шығатын себебі, драматург өмірді, болып жатқан өзгерістерді жақсы біледі. Сонсоң драматургияның заңын, сахнаны және сахнаның мүмкіншілігін жақсы білетін драматург. Сондықтан болу керек, Әлжекең пьесалары жалғыз республикалық театрларда ғана емес, облыс театрларында, т.б. жиі қойылады десек, жаңылмаймыз.

Бұл пьесалар бір жағынан өмір шындығын, өлеби тұрғыдан дұрыс әкелсе, екіншіден, облыстық театрларға қоюға ықшамды. Қатынасушылар аз болса да драматургиялық шешімі жақсы табылған пьесалар болады. Пьесалары көрермендер алдында табысты өтеді. Сондықтан болу керек, Әлжекеңді осы күнге шейін драматургияда, сахнада, көрермендер алдында үлкен беделді драматургтеріміздің бірі десек, жаңылмаймыз.

Бәйтен Омаровтың бұл сөзі шындыққа келеді. Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында Әлжаппар

Әбішевтің 12 пьесасы сахна төріне шыққан.

Бірақта Әлжекең өзіне төн кішіпейілділігі, лепірме мақтау сөзді жек көретіндігі, өзі жайлы айтқаннан гөрі өзге туралы сыр шерткенді ұнататын мінезі болғандықтан сахнада пьесаның көп қойылуының сыры жайлы сұрауды ынғайсыз санадық.

Әлжаппар Әбішев өз творчествосын театрдан өсте бөліп, ажыратып алып қарамайды.

“Біздер, қазақ жазушылары, көпшілігіміз өмірімізді театрмен бірлесе отырып, халық өнеріне тәте жол іздеуден бастадық” – дейді Мұқан.

– Ұлы Мұқанның бұл сөзіне менің айтарым, біздер сол Мұқанның атындағы академиялық драма театрымен тізерлесе отырып, сол іздеген жолымызды жақсы таптық. Басқарак жолмен айтқанда, біздер, драматургтер осы театр арқылы тапсақ, театрымыз біз – драматургтер арқылы тапты. Бірлесе отырып сол тапқан жолымыз театрымызды талай табыстарға жеткізіп, халқымыздың мақтанышына айналдырды. Бірлесе отырып тапқан сол жолымыз театрымызды халқымыздың қара шаңырағына айналдырды. Сол тапқан жолымыз қара шаңырағымызды әлем күмбезіне көтерді. Мен өзі осы қара шаңырақтың уығын қаласып, терезесін көктесіп келгенімді мақтан етемін, - дейді Әлжекең.

Әлжекеңнің Мұхтар Әуезовті атауы біріншіден, ұлы жазушының талантына бас игенінен болса, екіншіден, сол кісіден тәлім-тәрбие, ақыл-кеңестер алған. Драматургия саласында бірге қызмет жасаған, Ұлы Отан соғысы тақырыбына Мұқанмен бірлесе отырып “Намыс гвардиясы” атты пьеса жазған.

Әңгіме желісі осыған ауысқанда:

– “Намыс гвардиясын” Мұқанмен бірігіп жазғанда, материалға қаныға түсу мақсатымен майдан шебіне өту үшін тиісті әскери мекемеден рұқсат қағазын күтіп, Москвада 18 күн жатқаным бар. Жау тылында үш ай жүрудің нәтижесінде, от пен оқтың астында, қағажу, қажу, құқай көрші барып, аталмыш шығарманы жазуға отырдық. Көбінесе Мұқан диктовка жасайды, мен жазып отырамын. Ара кідік тоқтай қалып, жазғандарымызды қайта қарап, артық кеткен жерлерді бірге ескер едік, - дейді Әлжекең сол кезеңді елтипатпен есіне түсіріп.

Пьесаның негізгі желісіне Москва түбіндегі Панфиловшылардың ерлігі арқау болған. Өмірде болған, бар адамдардың образы арқылы совет жауынгерлерінің Отанға деген шексіз махаббаты, соны қорғау жолындағы ерліктері нанымды суреттелген.

Соғыстан кейінгі дәуірде Әлжаппар Әбішев қаламынан пьесалар бірінен соң бірі туындап жатты. “Достық пен махаббат”, “Бір семьяда”, “Мүзбалақтар”, “Біз асқан асулар”, “Күншілдік”, “Кім менің әкем?”, “Мен өлмеймін”, “Армандастар”, “Әке үкімі”, “Белгісіз батыр”, “Мансап пен ождан” сияқты бірнеше тамаша халық көңілінен шыққан пьеселарын айтар едік.

Өзінің бұрынғы жұмыс істеген Қарағанды шахтерлерінің арасындағы достыққа негіздеп, “Достық пен махаббат” атты пьесасын жұртшылық көздеріне ұсынды. Бұны ел ризашылықпен қабылдап, жоғары бағалады.

Қазақстан жазушыларының III съезінде Мұхтар Әуезов:

– Совет тақырыбына жазылған қазақ пьесаларының ең тәуірі, ең тұрақты көркемдік сипатқа ие болып шыққан! – деп атап өтті. Кезінде бұл пьеса орыс тіліне де аударылды.

“Автор адамдар бойынан біздің халқымыздың тіршілігін ұстап тұрған ең биік саналарды іздейді. Олар — Отан сүйгіштік терең сезім, еңбектегі жанқиярлық қиыншылықты жеңудегі тұрақтылық, адалдық пен сезім молдығы. Осы бір алтын дөңді тауып алған ол содан үлкен образдар туғызады, ондай адамдарды сүйімеу және оған еліктемеу мүмкін емес.

Меніңше, совет драматургиясының міндегі де көркемдерді өмірдегі ең күшті, жақсы, адал, түзу нәрселерді көре білуге үйрету, коммунизм құрып жатқан халықтың бойындағы ең жақсы саналарды табуға баулу болу керек” — деп жазды 1949 жылы “Искусство” баспасында Шиловский аудармасында жарияланған нұсқасына соңғы сөз жазған Леонид Соболев.

Әлжекеннің пьесаларындағы ролдерде ең көп ойнаған актердің бірі — Қазақстанның халық артисі Шолпан Жанларбекова.

— Әр халықтың мақтан тұтатын ұлдары мен қыздары болады. Біздің қазақ халқының әдебиет саласында жүрген бір топ жазушылардың ішінде Әлжекен де алдыңғы қатарда келе жатқан жазушылардың бірі. Ал енді әрбір жазушының өзінің тақырыбы болады ғой. Мен айтар едім. Әлжекенді дәуірдің жазушысы деп.

Соғыс біткеннен кейін Әлжекен біздің театрға өзінің тамаша шығармасы “Күншілдік” деп аталатын пьесасын әкелді. Бұл “Күншілдікте” де мен қатынастым. Өзім пьесаларына қатысып жүрген жазушыларымның ішінде Әлжекеннен көп қатысқан драматургім жоқ сияқты. Ойткені, әр кезде Әлжекен пьеса әкелген сайын әйтеуір, бұл менің бақытым болар, маған роль тиіп жүрді. Бұл “Күншілдік” деген спектакльде желіккен жеңгейдің

біреуі Салқия деген кейіпкерді ойнаған едім. Бұл пьеса да кезінде көрерменнен жақсы бағасын алып, көрнекті спектакльдің біреуі болып, көп уақытқа дейін жүріп келді, - деп есіне алады Ш.Жандарбекова.

Одан кейін Әлжекең “Достық пен махаббат” деген өзінің үлкен бір күрделі табысын театрға тағы да әкелді. Әлжекеңнің бұл пьесасында біздің мақтан тұтатын Шәкен Айманов, Қадиша Бөкеева, Бикен Римова, солармен қатар мен де қатыстым. Қалыкен Әдішинов қатысты ең бір басты рольде.

Бұл спектакль де кезінде таңдаулы спектакльдердің бірі болып көпке дейін театрдың сахнасынан түспей келді.

Ал “Достық пен махаббаттан” кейін Әлжекең “Мансап пен ождан” деген спектаклін тағы да театрға алып келді. Бұл спектакль де күні бүгінге дейін біздің театрымыздың бір көрнекті спектаклі болып жүріп жатыр.

Мен енді Әлжекеңнің адамшылық, жазушылық қасиетіне тоқталсам, мен Әлжекеңнің көп уақыт көршісі болып тұрдым. Біздің Құрманбектің тірі кезінде араласып жүрдік. Тағы бір жағынан мен Әлжекеңге ауылдаспын да. Әлжаппар Әбішев екеуміз Қарқаралы ауданы “Жамбыл” совхозынан болып келеміз. Бірақ бірімізді-біріміз көп танымаймыз, әрине. Ойткені, әрқайсымыздың жұмысымыз әр бөлек. Ал дегенмен, екеумізді әкеліп кездестіретін жер ол кісінің әдебиеті, менің өнерім болуы керек. Сондықтан Әлжекең екеуміз өнер саласында да жиі-жиі кездесіп тұрамыз. Мен Әлжекеңді өнерді сүйетін, өте адал қазақ жазушыларының бірі деп санаймын.

Әлжаппар Әбішевтің “Кім менің әкем?” пьесасындағы өзекті мәселе — адамдардың моральдық, адамгершілік қасиеттері. Олардың өмір жолында кездесетін қиыншылықтар мен кедергілер, алаңқардың арамзалық істері, жаңаның ескіні жеңу салтанаты.

Драмагуртінің шебершіл пьесаның сюжет түйіндерінен, оқиғаны өргізуінен, адам характерлерін ашудан, драмалық түйіндердің пешілу тәсілінен айқын көрінеді.

“Кім менің әкем?” — мейлінше шыншыл пьеса. Кейіпкерлері ішкі жан толқыны, психологиялық әлемі жағынан көрсетіледі. Думан мен Ольга, Думан — Лағыл аралары, Арман тағдыры драмалық тапқырлықпен берілген.

Әлжекеңнің осы “Кім менің әкем?” пьесасы жайлы Қызылжардан жолдаған хатында әдебиет пен өнерге ерекше көңіл бөлетін қазақтың зиялы азаматы Ілияс Омаров былай деп жазыпты:



“Қадірлі Әлжаппар!

Жақында біздің облысымызға Қарағандының облыстық қазақ театры келіп, бірнеше ойын қойып кетті. Сол театрдың репертуарында сіздің “Кім менің әкем?” деген пьесаныз бар екен. Мен бұл пьесаны бұрын оқыған да, көрген де жоқ едім. Меніңше, сіздің бұл пьесаныз кейінгі жылдардағы драматургия майданындағы зор табыс болып есептелуі керек.

Маған, әсіресе ұнағаны – пьесадағы қойылған мықты түйін. Түйіндер және оның шешілу әдістері. Шынында, түйін күшті болмай, пьеса мықты болмайды ғой. Олқы түйіліп, оңай шешілетін пьесалар көп өмір сүрмейді.

Екінші мықты шарт – сол түйіннің шешілу әдісі. Бұл үлкен шеберлікті, тапқырлықты керек қылатын нәрсе. Себебі, теріс шешіліп, өмір шындығынан алыстаса, пьеса тағы да далада қалмай ма?

Міне, осы нысаналардан қарағанда сіздің бұл пьесаныз өте зор бағалы еңбек сияқты. Мен бұл қысқаша хатымда пьесаға талдау жасайын деп жатқаным жоқ, менің қолымда отырған пьесаның өзі де жоқ, бірақ көз көріп, көңілге ұнаған соң қуанышты тілек білдіріп жатқаным ғой.

Әдебиетіміз сәтті еңбектерге әлі де онша бай болмағандықтан ба, әйтеуір, анда-санда бой көрсетіп қалған әдеби еңбектерге жас баладай қуанатын қошеметшілердің біріміз ғой. Сіздің бұл пьесаныз бізді де, сізді де көп үміттендіретін сияқты. Сәлеммен Елияс, 20 июль, 1957 жыл”.

Әлжаппар Әбішев есімі еліміздегі көптеген туысқан республикалар оқырмандары мен театр көрермендеріне де таныс. Соның ішінде жазушының тарихи тақырыпқа, бүгінгі өмір мәселелеріне арналып жазылған драматургиялық туындылары “Достық пен махаббат”, “Күншілдік”, “Сәкен аға”, “Найзағай”, “Тас-талқан”, “Кім менің әкем?”, “Армандастар” атты пьесалары орыс, украин, беларусь, қырғыз, башқұрт және тағы басқа туысқан халықтар театрларының сахналарында қойылды. Сондай-ақ, жаушы шығармалары монғол тілінде де жарық көрді.

СССР Мәдениет министрлігінің репертуарлық коллегиясы осыдан біраз жыл бұрын Әлжаппар Әбішевтің “Мансап пен ождан” пьесасын қабылдап, еліміз театрлары сахнасына шығарды. Драматургтің бұл пьесасында азаматтық парыз адамдар арасындағы қарым-қатынас, адалдық проблемалары тереңдей қозғалған екен.

Әлжекең пьесаларының республика көлемінен шығып, одақ көлеміне тарауы жазушы шығармасының бүгінгі өзекті проблемаларын қозғайтындығынан болса керек.

Театр сыншысы Әшірбек Сығасев осы орайда мынандай тұжырым жасайды:

— Әбішев драматург ретінде алғашқы қатардағы авторларымыздың бірінен саналады. Сонан соң ол кісінің көбіне-көп драматургия жанрының жалынан ұстап келе жатқан айнымас тұрақтылығы, қиын да күрделі, Мұхтар Әуезов айтқандай: “Кері тартпа (консервативный) өнердің тегеурініне ұзақ жылдар бойы төтеп беріп келе жатуы” автор есімін беделді суреткерлердің қатарына көтеріп отыр. Сөйткенмен, Әбішев творчествосын үш бағытта, үш арнада алып қарастыруға болады.

Әлжаппар Әбішев — қашан да, қай кезде болмасын өз ортасының ортақ үніне дер кезінде үн қосып отыратын замандас драматург. Демек, оның драматургиялық үнінен публицистикалық сарын іздестірмеу мүмкін емес. Бұл — Әбішев творчествосына тән басты қасиет. Бірінші арна. Ол — қазақ драматургиясындағы жұмысшы тақырыбының сана-сезімі қалыптасар тұсты доп бейнелеуге жасалған сәтті қадам. Бұр арна “Кеше мен бүгін”, “Тасгалқан”, “Жолдастар”, “Зауал”, “Достық пен махаббат” пьесалары арқылы дамып отырады. Оның ішінде шахта өмірі, металлургия, ауыл шаруашылығын өркендету проблемаларын көтерін жүрген құрыш білекті, қайтпас жүректі жұмысшы бейнесін айтпай танып отырасыз. Екінші арна. Ол — қоғам, мемлекет қайраткерлерімен бірге жалпы интеллигенция өлеміне суреткерлік тұрғыда ден қою. Бұл ойымызға әр жылдар өлетінде жарық көрген “Отан үшін”, “Мансап пен ождан”, “Белгісіз батыр” драмалары айғақ. Үшінші арна. Ол — драматург шығармаларындағы өйелдер образы. Бұл ретте Лағыл, Сәуле, Нина, Зәузат, Дәмелі сынды қыз-келіншектер есімін еске түсірмей өте алмаймыз.

Драматург салған қай арнаның ізіне түсіп қарасаныз да ар алдында есеп беру, адамгершілікке жүгіну, екі жүзділікті өшкере-релеу, опасыздық әрекеттерге қарсы күресу сияқты азаматтық белгілер суреткер позициясының беріктігін айқын аңғартып жағады. Пьесаның архитектурасын қалау, композициялық үйлесім іздеп, оны немен бастап, қандай жолдармен жүргізіп, қалай төмамдауды былай қоя тұрғанда ең алдымен объект таңдап, тақырып табу драматургияның негізгі шарты, жауапкершілігі. Ең басы — Әлжекең әңгімені неден сабақтауды жіті аңғаралы.

*Әлі есімде сонау соғыс жылдары,  
Жетімдерміз онда біздер тылдағы.  
Жетті сонда біздің қоңыр үйге де,  
Әлжекеңнің Сәулесі мен Нұрланы.*

*Мен табыстым көзіме шын жас алып,  
Ұстамдылық кіріктерден босанып.  
Содан бері менің тәжірім өзіңсің,  
Көрген емен жазғаныңнан бас алып.*

*Ақын болсам, сойтты жеткен түлектің,  
Ақық болсам, сөйтті соққан жүректің.  
“Жас түлектер” менің ұям болды да,*

*Мен өзімді сол ұяда түлеттім.* - деп ақын жыр жолдарын арнаса, ал академик Серік Қирабаев Әлжекеңнің творчестволық және жазушылық жолы, өзіне ғана тән мінезі жайлы былайша толғанады:

— Әлжесен әдебиетке арнайы мектептен өтпей, өмірдің өйінен келген адам. Кәсіп қуып та, әдебиетке қыяғып та, бойына өнер сыймай да келген жоқ.

Революция алдындағы және сол революция кезіндегі, одан соңғы ел өмірінің шындығын көріп, дүр сілкініс жанаруларды көріп, оқығаны аз болғанымен тоқығаны көп ойлы адам, сол көргендерін замандастарына айтпай тұра алмайтын жағдайда ғана қаламды қолына алған. Оны біз жазушы шығармаларынан айқын көреміз.

Революция алдындағы қазақ ауылының өмірі, оған жақын жердегі өндірістік қарым-қатынастар да, революциядан соңғы жанару мен өзгерістер де, оның “Завал”, “Армандастар”, “Терең тамырлар”, “Найзағай” сияқты роман-повестерінде, алғашқы пьесаларында негізгі тақырып болып қозғалады.

Ол — өндірістің, жұмысшы табының жыршысы, өзінің көп шығармаларын өзі шыққан таптың Қазақстанда туу, қалыптасу жолдарын көрсетуге арнады, - дей келіп, одан әрі былай дейді:

— Әлжесен заман жайлы, ондағы өзгерістер туралы, адамдар тағдырымен қарым-қатынасы жайлы ойланып жүретін адам. Оны біз жазушының бірқатар шығармаларынан, өсіресе, соңғы повестерінің бірі “Ғаламат” повесінен айқын көреміз.

“Мансан пен ождан” деп аталатын пьесаның негізінде жазылған бұл шығарма адамдық биік мұратқа итермелейді.

Әлжекең прозасының ең соңғы тәуір үлгісі “Найзағай”, “Жарлы сұңқар” деп аталатын романдар. Қазақтың белгілі әнші-композиторы, халық батыры Мәдиге арналған бұл шығармалар ең алдымен осы адамның үлкен тұлғасын көрсетеді. Мұнда ең даланың ерке ұланы, қағу, қағажу көрмей өскен Мәдидің жергілікті әкімдермен, патша чиновниктерімен қақтығысы кеңінен суреттеледі. Соның өзінде де Мәди тентектігін, еркелігін, батырлығын қоймайды. Ойткені, ол халық батыры, халық еркесі, халықтың тентегі. Сондықтан да, Мәди халықпен байланыста көрінеді. Оның өзін іздеуші дұшпан топтың ішінен ойламаған жерден шығып, найзағай түскендей опыр-топыр етіп кететін суреттері де осымен байланысты берілген.

Әлжекең екі жанрда бірдей жазып жүрген адам. Әсіресе, драманың дамуына көн еңбек сіңірген.

Әлжекеңнің тұрақты тақырыбы бар. Ол нені жырласа да, қандай тақырыпқа шығармасын арнаса да, ең алдымен адамгершілікті жырлайды. Адалдықты, адамдықты, кісілікті паш етеді. Геройлары биік моральдық бейнесі бар, ары таза, сезімі бар, ұстамды, тұрақты мінездің адамдары. Өлар мансапқорлыққа, екіжүзділікке, күншілдікке, жершілдікке қарсы откір таласта көрінеді. Осы еңбегі Әлжекеңді халыққа қадірлі, сүйікті жазушы етіп отыр.

Әлжекеңнің ешкімге елілдемей, жазушылық атаққа жүгірмей, көзі мен сақалын сатпай, терең еңбегін сататын мінезі көп адамға үлгі болуға тиіс деп ойлаймын.

Әбішев өзі жайлы, творчествосы жайлы мақтап сөз қозғауды жақтырмайды. Сондықтан болса керек, өзінің өмір жолын қысқаша былайша баян етеді:

“Абай атамыздың сөзімен айтқанда, мен бұл өмірдің есігін — Қарқаралы желкесіндегі “Қарақуыс” дейтін таудың аясында, алдында суы саяз болғанымен, арнасы кең, Көктал дейтін тоғайлы өзені бар, иығында менің көзіме жер шарының күмбезіңдей көрінетін Аспантау дейтін асқар тауы бар, дауылы кей жылдары қазандай қой тастарды да қаңбақтай ұшыратын қатты болғандықтан Дауылтас аталып кеткен тағы бір күмбезі бар, жотасындағы қой тастардың бетінде бағзы заманның тарихын баяндайтын алуан түрлі әдемі суреттері бар “Саржал” дейтін жотаның бір сайында ашыптын.

Мұның бәрін төптіштеп отырған себебім, маған өмірдің бергенінен, табиғаттың бергені мол. Шараяққа құйылған астай шағын бәйімді шатқар көлдей жұмсап, екі жанрға бірдей шашып

келгенім сол табиғаттың сыйы. Сондықтан, егер “адам жанының инженері” екенім рас болса, ол талай ғасырды тамсандырып келген сол туған жерімнің тасының бетіндегі суреттерді салған дана бабаларымыздың бізге мұра егіп қалдырған дарыны деп білемін.

Егер, бойым атаса болғанымен, мінезімнің нажағайлы екені рас болса, оны да сол Дауылтастың дауылынан жаралған желқанатым деп білемін.

Егер, жүрегімде сөнбейтін бір жалын болса, ол да сол Қокталдың жағасында жанған алғашқы махаббатымның бір үшқыны деп білемін.

Егер, жаратылысымда сұлулықтың бір пышаны болса, ол қасиетті Қарқаратының шынары, сұлу шындарының шапағы деп білемін.

Осы айтылғандардың барлығы үшін туған жерімнің топырағына күн сайын тауап еткім келеді.

Сол сияқты мені жиі билейтін тағы бір құдіретті сезім бар. Мен әдебиет майданына кірген кезден бастап Даңқ тауының басына шықтым. Жастайымнан орденді жазушы атанып, елімнің еркесі болдым. Сол кезден бастап күні бүгінге дейін халқымның махаббатына бөленудемін. Мен халық махаббатымен теңдесе алатын қандай бақыт барын білмейтін адаммын. Сондықтан сондай зор бақытқа жеткізгені үшін мөпелеп өсірген еліме күн сайын, сағат сайын алғыс айтқым келеді. Өзімнің мұрагерлеріме қалдырар мұрамның ең үлкені – халқыма айтар алғысым”.

Иә, жазушыға халықтың құрметіне бөленуден артық қандай зор бақыт болмақ!

Әлжекеңнің 50 жасқа толған торқалы тойын Мұқан Иманжанов емханада жатып естіп, 1957 жылдың 8 сентябрінде мынандай құттықтау хат жазыпты:

“Мен бір ғана жайды есіме алғым келіп отыр. Анау бір жылдары есіңде ме? Қазақтың театрлары сахнасынан бүгінгі өмірдің геройлары мүлде дерлік жоғалып, көріне қалса, қып берін, қайта жоқ болып, зарықтырған еді-ау әбден. Сол дағдарыс республика искусствосының басына орнаған ауыр дерттей болғанын кім ұмыта қояды екен. Сол тұйықтан кім шығарды? Алдымен міне, сіз шығардыңыз. Іле бірінен соң бірі сіздің геройлар қазақтың даңғыраған сахнасын жандандыра жөнелген еді. Сол геройлар міне, бүгінде еркін, орнықты өмір сүріп, театрларымызды алға сүйреп отыр”.

Мұқан Иманжановтың сол айтқан ойы бүгінде шындыққа шығып отыр емес пе? Сондықтан ақын жырымен айтсақ:

Күзгі күнгі кең далада туып ең,  
Бірге өстің Қарқаралы нуымен.  
Білек бекіп, құрыш қолды атандың,  
Ұлы еңбектің берген асыл сыйымен.

Жүрегінде сұлулықтың сыры бар,  
Елді сүйген еркіндіктің жыры бар.  
Тебіренсең, теңіз болып шаққисың,  
Бар жаһанның көркі сөзбен құбылар.

Жер астының үнін де сен тындадың,  
Жер үстінде нұр іздеуден тынбадың.  
Жұртты ұйытқан сенің гажап туындық,  
Ақтарады сұлулықтың жырларын, - демекпіз біз де

Әлжескене.

1987.

## Бояу жырлары

Бірде Шевченко атындағы сурет галереясына барып, сонда қойылған Қазақстан суретшілерінің шығармаларымен танысқанымыз бар. Орта буын суретшілердің ішінен біздерге ерекше әсер еткені Әли Жүсіповтің “Менің өлкемнің әйелдері” деген туындысы болды.

Суретте үш әйел бейнеленген. Үшеуі үш ұрпақтың өкілі. Алдарындағы қорпешікте жас нәресте былдырлап, аяқ-қолдарын қимылдатып, бірдене айтып жатқанға ұқсайды. Үш әйелдің жанары сол нәрестеге аударылған. Сол жағында ақ жаулықты әжей, ортада баланың анасы, оң жақ шетте жас қыз отыр. Үшеуінің жүзінен де қуаныш нышаны аңғарылады.

Бір қарағанда суреттен онша көзге ұратындай ештеңе байқалмайтын сияқты. Бәрі күнделікті өмірдегі көріп жүрген жәйттерге ұқсайды. Бірақ зер салып, ой жүгіргенсіз, көп сыр аңғартқандай. Суретші көрерменнің көңілін өз кейіпкерлерінің ішкі тебіреніс, толғанысына аударады. Сол арқылы үш әйелдің характерін ашып, үш түрлі образын жасаған. Суретші әр бояудың композициялық үйлесімін тауып, жандандыра түскен.

Көгілдір аспан астында кең далала сәбиді еркелетіп, әр қимылын жіті қарап, сонымен бірге қуанады. Әйелдердің кескін-келбеті айқын да ашық. Жайдары күн сәулесі кимешек киген қарияның қуаң гартқан қоңырқай жүзін, ортада отырған сәби анасының мақтанышты ор тұлғасын, жас қыздың бал-бұл жанған қуанышты бейнесін аша түседі. Суретші аналардың бақытын, терең адамгершілікті түсті бояу тілімен тамаша жырлаған.

Әлидің бұл шығармасы 1965 жылы қазақстандық бірнеше суретшілердің туындыларымен қатар Москвадағы көрмеге қойылыпты. Сол көрмені көрген белгілі совет суретшісі П. В. Кузнецов Әлидің осы туындысына: “Бұған ештеңе қосып, немесе бірнәрсесін алып тастауға болмайды. Оты тамаша салынған сурет. Әр бояу бір-бірімен ансамбль жасап, үйлесім түр. Композициялық шешімі де жақсы. Бұл – гимн”, - деп баға беріпті.

Расында үлкен шебердің Әли Жүсіповке берген мұндай бағасының орынды екені түсінікті. Суретші бұл еңбегін бір күнде,

бір айда, бір жылда салмаған. Осы туындысына бес-алты жыл еңбек етіп, әуелгі кезде әр түрлі вариантын қарастырған екен.

— Бұл картинаны 1958 жылы қолға алдым. Әуелгі кезде әр түрлі эскиздер жасап, образдарды ойластырдым. Солардың бәрі қоңірме қона қоймады. Халқымның ұлттық ерекшелігін ашатын аналар образы шықпай жүрді. Соған ерекше қоңір бөліп, екі эскизді тандап алдым. Бірінде аналардың қоңірді аспан астында күндіз, ал екіншісінде қызғылт сары кешкі батып бара жатқан күн сәулесіне оранып отырғандары бейнеленді. Осы екі эскиздегі бояулар ашық көрсетілді. Бірте-бірте бұлардың мазмұны, бастапқы шешімі өзгертілді. Суретке қосымша баяндау беріп тұрған киіз үй, бесік тербетіп отырған әйел, қарияның арқасындағы бала сияқты нәрселерді алып тастадым да, күндізгі ашық аспан астында отырғандарын бейнеледім, - дейді Әли осы картинасы жайлы.

Әли Жүсіповтің бұл суреті кезінде жоғары бағаланды. Мәселен, Москваның көркем өнер сыншысы В.М. Зименко Орта Азия мен Қазақстан суретшілерінің Алматыда өткен конференциясында:

— Біздер Әли Жүсіповтің әйелдер бейнеленген үлкен туындысы жанында ұзақ тұрдық. Ойткені, суретші бұл картинасында өмірдегі шындықты нанымды көрсете білген. Бұл әйелдерден біздер өз халқының өмірін терең түсініп, соны көрсете білгенін байқадық. Бұлар күнделікті көріп жүрген әйелдердің образы емес. Үлкен проблеманы көтеріп отырған, өмірдің шындығы, суретші бұларды символдық образға көтеруге талпынғандығы байқалады. Жалпы адамгершілікті көрсету бұл тек астаналық, немесе Украина, Закавказье республикалары суретшілерінің табысы емес. Барлық республика, оның ішінде Қазақстан біздің көркемөнерімізге үлкен үлес қосуда, - деп орынды баға берген болатын.

...Суретші Әли Жүсіпов өмірдің даңғыл жолына бірден түскен жоқ. Талмай еңбек етіп, талмай ізденудің арқасында өзінің мақсат-мұратына жетті. Әли 1928 жылы Жамбыл қаласында туса керек. Бірақ дәл қай жерінде тұрғанын айта алмайды. Ойткені, шешесі ерте қайтыс болады да, әкесі екеуі поезға отырып, бір жаққа жол тартады. Бір станцияға келгенде әкесі сыртқа шығады. Ол қайтып отырғанша поезд жүріп кетеді. Вагон терезесінен Әли әкесінің баяу жүріп бара жатқан поездың соңынан жүгіргенін көреді. Бірақ жүрісін жылдамдатқан поезға жете алмайды. Қозғалыста болған Әлиді Қазалыдағы балалар үйіне әкеледі. Содан былай әкесін де біржолата жоғалтып алады.



Түркістандағы балалар үйінде жақсы тәрбиені болынты. Мұндағы балалардың көпшілігі сабақтан тыс уақыттарында әр түрлі ойындар ойнап, көңілдерін көтерсе, Әли қолына қағаз, қарындаш алып, сурет салумен айналысқан. Ал тәрбиешісі бұл қылығын ұнатып, бірде қалаға алып барады. Оған үлкен сурет альбомы мен әр түрлі қарындаш сатып әперіп:

– Қарағым, талабыңа нұр жаусын, мына түрлі бояулар мен мына альбомға жақсынан сурет сал, - деп басынан сипапты.

Жылы сөз, аялы қамқорлық талабыңа қанат бітірмей ме?! Тәрбиешінің бұған деген шексіз мейірімі оның сурет өнеріне құштарлығын арттыра түседі.

Әли көптеген суреттер салып, тәрбиешіге көрсетіп, ақыл-кеңесін алып отырған.

Бірде Москваның одақтық көркемөнер мектебіне бұлар тәрбиеленіп жүрген балалар үйіне оқушылар іріктеп алуға бір топ адам келеді. Тәрбиеші Әлидің сурет салған альбомын мамандарға көрсеткен. Олар суреттерді ұнатып, Жүсіповті оқуға алып кетпекші болған. Бірақта Әли ол оқуға бара алмайды. Ойткені, Хасан қолы мен Халкин-Гол маңында соғыс басталып кетеді.

Әли мектеп қабырғасының өзінде ерекше ынта қойып, қолы босай қалған кездерде сурет салумен айналысады.

Түркістан теміржол училищесінде екі жыл оқып, Әли слесарьлық мамандық алып шығады. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан ауыр жылдарда ол Ақмола қаласында жұмыс жасайды. Өзінің жастай бойын билеген сурет салу өнерімен айналысуда соғыс аяқталған соң сөті түседі. 20 жасында ғана Әли Фрунзе қаласындағы көркемөнер училищесіне оқуға түседі. Көптен күткен арманы орындалып, үлкен өнерге құлашын кең сермеуге мүмкіндік туады. Училищеде көптеген белгілі ұстаздар сабақ беріп, студенттерге көркемөнерді кәсіптік тұрғыдан қалай бағалап, қалай түсіне білуге жан-жақты үйретеді. Атап айтқанда, КСРО-ның халық суретшісі Г.А.Әйтиев, Қырғыз КСР-на еңбегі сіңген қайраткер И.П.Гельченко, А.Н.Михалев, Қырғыз КСР-нің халық суретшісі А.И.Игнатъев, суретші В.Х.Вейс сияқты тамаша көркемөнер шеберлері өз оқушыларын орыс және дүние жүзі суретшілерінің үлгілерімен таныстырып, соған баулып отырады.

– Соғыс салған ауыртпалық студент біздерге де әсер етті, - дейді Әли әңгіме арасында. – Жатақханамыз салқын, жаңбыр жауса іші дымқылданып кететін. Бұл денсаушылығымызға әсер етпей қойған жоқ. Мен төртінші курста қатты ауырдым. Сол

колым жұмыс істеуге жарамсыз болып қалды. Бірақ жарқын жанды жолдастар мен ұстаздардың көмегі арқасында, әсіресе КСРО халық суретшісі Г.А.Әйтиев мені емдеуге жіберін, кейін оқуды аяқтауыма қамқорлық жасады.

Әли студент кезінің өзінде айналасындағы бояуды бір-бірінен ажыратуға, әр өсімдікті әр мезгілде қағазға түсірумен көп айналысуы оны табиғат сырын терең білуге, содан үйренуге ерекше жер етеді.

Жазғы каникулда өзімен бір курста оқитын Аблабек дейтін қырғыз жігітінің аулына барып жүреді. Аблабектің үйі Фрунзенің маңындағы Қашқасу дейтін жерде еді. Оның табиғаты тамаша, айналасын тау көмкерген, жасыл желекті гүлдерге толы кең жайлау, сурет салуға құмар студенттерді өзіне бірден еліктіріп әкететін.

Екеуі тау бөктеріне шығып алып, айналасындағы көріністі қағазға түсіретін. Етекте самал желмен баяу ғана тербелген әр түрлі гүлдер, кешкі күннің қызыл соулесі мен алтын нұрға боялған ақ басты Алатау, әр тұлғалы маңғаз қарағай, аспанда қоңыр қаздай қалқыған әр түсті бұлттар — бәрі-бәрі жас суретшілердің назарынан тыс қалмайтын.

Осылайша күнде қызыға сурет салып жүрген бұларға бірде Семен Афанасьевич Чуйков жолығады. Ол кісі әр жаз қырғыз еліне келіп, демалысын өткізетін. Әсем табиғатпен оңаша сырласып, түрлі пейзаждар салатын. Бұл кездесу Әлиге ерекше әсер етеді.

Аблабек екеуі салған суреттерін Семен Афанасьевичке көрсетеді. Үлкен өнер шебері олардың еңбектеріне жіті көз жүгіртіп, өз ақыл-кеңесін айтады. Кейбір кемшілік жақтарын қалай түзеу жолдарын нұсқайды.

Кейіндері Әлиге:

— Сенің бойыңда жақсы қасиет бар. Ол — ерінбей еңбек ету. Еңбек мұратқа жеткізеді. Сол асыл қасиетті жоғалтып алма. Сонда ғана жақсы суретші боласың, - деп ақыл береді.

Үлкен өнер шеберінің бұл мақтауы жас суретшіні бұрынғыдан да құлшыңдыра түседі. Әли әр жыл сайын Семен Афанасьевичтің алдына өз еңбегін жайып салып, ақыл-кеңесін ынтыға күтумен болады.

Чуйков Жүсіповке өз ойлағандарын табиғаттан тауып, содан үйренуге көп ықпал жасайды. Жас суретшінің алғашқы туындыларына баға берін, жол сілтеген ұстаз еңбектері өз алдына бір гөбе болса, ал Әлидің жақсы оқыған студенттермен Москва, Ле-

нинград қалаларына баруы оның шеберлігінің шыңдала түсуіне игі әсерін тигізді. Мемлекеттік Третьяков галереясында, Пушкин атындағы көркемөнер музейінде, Эрмитажда болып, дүние жүзі суретшілерінің шығармаларымен жан-жақты танысуы оның ой-орісін кеңейтін. Кеудесінде ұлы суретшілерге деген сүйіспеншілік отын тұтатты. Оның осы қасиетті орындарға жиі-жиі келе бергісі келді.

Суретшінің бұл арманы 1953 жылы Фрунзедегі сурет училищесін бітірген соң барып жүзеге асты. Училишеден сурет пен сызу сабағының оқытушысы деген мамандық алып шығады. Аз уақыт жұмыс жасап, жол қаражат жинап алады да, сол жылы Ленинградтағы Репин атындағы көркемөнер, скульптура және архитектура институтына оқуға түседі.

Нева өзені жағасына орналасқан бұл оқу орны көптеген суретшілер ұрпағына көркемөнердің қасиетті сарайындай сезілетін. Оның табалдырығын аттаған жас суретшілер жүрегі атыша тулап қоя беретін. Оларға зор жауапкершілік жүктейтін.

Институтта өткен алты жыл ішінде Әли көркемөнердің сан қырымен танысып, өзінің білімін толықтырады. Шеберлігін шыңдай түседі. Үшінші курстан бастап студенттер жеке-жеке творчестволық шеберханаларға бөлініп жұмыс жасайды. Әли болса ірі мәдениетті суретші, профессор И.А.Серебрянныйдың шеберханасында өз өнерін шыңдайды.

Жазғы каникул кездерінде Қырғызстанға келіп, өсем тау мен өзен-көлдерді, бау-бақтарды салумен болады. Бұл суреттерін де Чуйковқа көрсетіп, кем-кетігін сұрап отырады. Осындай практикалық еңбек оның табиғат сырын жақсы біліп, үйрене түсуіне көп көмек жасады. Ол салған әр суретінде тек көргендерін ғана бояумен көрсетіп қоймай, сол көрініске өзінің көңіл-күйін білдіріп отырды. Мұны “Таулар”, “Кешкі таулар”, “Тау көріністері” атты суреттерінен байқауға болады.

Әли жастай ата-анасынан айырылып, солардың мейірімін аз көргендіктен бе, ауылға келгенде ақ жаулықты әжейлер мен аналарды, бесіктегі бобектерді, үй жиһаздарын, ауыл балаларын кескіндеумен көп айналысады. Қойып блокноты мен альбомына үй ішіндегі ою-өрнектерді, бедерлі заттарды түсіріп алады. Осындай ізденуден барып “Қырғыз балалары”, “Таулы жайылымда”, “Құрбылар” сияқты алғашқы суреттері туындайды. Сол кездегі көптеген суреттерінде табиғаттың әр түрлі кезеңін бейнелеуге, портреттер мен пейзаждар жасауға суретшінің батыл қадам басқа-

нын көрсетеді. Бұлармен бірге Әли еркін өзі ойдан шығарған тақырыптарға да суреттер салады.

1957 жылдың қысында Ленинградта суретші өзінің тұңғыш жеке картинасын салуды қолға алады. Бұны Фрунзеге келген жазғы каникулында аяқтайды. Бұл картинасын суретші “Ана бақыты” деп атайды.

— Мен анамның қандай болғанын білмеймін. Менің де анам Аблабектің ауылынан көрген көптеген аналарға ұқсайтын шығар деп шегей жорамалдаймын. Өйткені, ананың бәрі бірдей өз баласына аналық мейірімін төгіп гәрбиелейді емес не? Өз анамның ыстық құшағын, жылы лебізін сезіп-білмегендіктен болуы керек, менің көкейіме ана образын жасау мықтап бекіді. Сол ой мазамды ала берген соң, “Ана бақыты” картинасының тууына негіз болды, - дейді Әли осы еңбегінің дүниеге қалай келгені жайлы. Бұл картинасының сюжеті онша оқиғалы емес. Мұнда күнделікті өмірден көрген бала емізіп отырған ана бейнеленген. Бірақ та сол ана мен баланы суретші жаңа түрғыдан, суреттік бояумен көрсете білген.

Киіз үйдің көлеңкесінде, оқулы сырмақ үстінде жас ана баласын алдына алып емізіп отыр. Айнала жазық дала, күн қапырық. Ыстық ауа лебі бұлар отырған көлеңкеден де сезіледі. Күн сәулелері ананың иығына, тізесіне, басына түсіп тұр. Ал алдындағы нәрестеге ыстық күн сәулесін түсірмей анасы оны колегейлеуде. Айналада ешкім жоқ. Тек ана мен бала ғана. Бұл көріністен сабырлы тыныштық аңғарылады. Тек баласы жайлы терең ойға беріліп отырған ана, алақаныммен сәбидің кішкентай аяқтарын сипап қояды. Ана қолының қозғалысы ап-айқын. Анаға деген незік сезімі көрермендердің де жүрегін дір еткізеді. Картинаға үңіліп қараған сайын ана бақытын мол сезінесің. Ананың ойлы кескін-келбеті, орынды қолданылған бояу түрлері картинаның құнын арттырып, үйлестіре түскен.

Совет үкіметінің 40 жылдық тойына байланысты апталық және Бүкілодақтық сурет көрмелеріне Әлидің де қатысуы оның өміріне үлкен із қалдырды. Бұл көрмелерде “Қашқасудағы кеш”, “Бұлтты күн”, “Қырғыз балалары” және “Ана бақыты” картиналары қойылды. “Ана бақыты” картинасының көшірмесі “Искусство” мен “Творчество” журналдарына басылып, жас суретшінің еңбегіне сыншылар да назар аудара бастайды.

Коркемонер зерттеуші Цырлин осы көрме жайлы жазған мақаласында: “Өзінің творчестволық жаңа бетін Әли Жүсіпов та-

бандылықпен жаңаша іздеу үстінде. Оның “Ана бақыты” картинасы тақырыптық сурет салу жолында табысты еңбек жемісін көрсетеді”, - деп жазды.

Әли Жүсіпов әр түрлі жанрда суреттер салумен айналысып қоймай, Ленинградтағы Эрмитаж бен орыс музейіндегі, Москвадағы Пушкин атындағы музей мен Третьяков галереясындағы ұлы суретшілердің шығармаларына зер сала қарап, солардың сырына үңілумен болды. Ұлы суретшілер туындыларының халықтылығы, қарапайымдылығы, көрерменін бірден баурап алатын бояу гармониясы таң қалдыратын.

Институттың соңғы курсында жүргенде Әлиді жаңа аналар мен балалар бейнесі мазалай берді. Ол тағы да осы тақырыпқа қайта оралды. Бірақ мұнда басқа сюжет алды. Алғашқы эскизде ана мен бала суреті бірден өзіне көңіл аударатындай болып шығады. Айналасындағы қосалқы нәрселер оларды даралап көрсетуге бөгет жасаған соң суретші жас ананы бесікке ораулы жағқан баласын тербетіп отырған қалпын да бейнеледі. Оның қасындағы сіндісі де нәрестеге мейірлене қарап отыр. Бұл көріністер сырмақ төселген киіз үйдің ішінде берілген.

Әли осы суретке көңіл тоқтатты. Осындай етіп жасаса, ананың асыл қасиеті, балаға деген шексіз махаббаты бояу тілімен көрерменнің жүрегіне жол табады деген шешімге келді.

Осы картинаның алғашқы вариантымен танысқан Семен Афанасьевич Чуйков өз пікірін хат арқылы былайша білдіреді:

“Картинаның пластикалық шешім толық табылмаған. Сондықтан оны бастауға әлі ерте. Сол шешімді іздеу керек. Музыканы орындау үшін оны өуелі шығарады. Суретті де шығару керек. Бұл творчестволық процестегі ең басты нәрсе. Сондықтан орындауға асықпаған жөн. Қандай бір жақсы орындалған нәрсені жаман, жаңсақ, шикі ой арашалап ала алмайды”.

Чуйковтың осындай ақылынан кейін, болашақ картинаның әр деталін жан-жақты ойлап, жан-жақты пісіріп алған соң жұмысқа кіріскісі келеді Әлидің.

Ол Ленинградтағы КСРО халықтарының этнография музейіндегі Қазақстанға арналған бөлімдегі әр түрлі ұлттық ою-өрнектермен танысады. Қазақ киіз үйінің ішкі жиһаздарымен, керегеге ілінетін түскііз, жерге төселетін сырмақ-клемдерді көріп, соларды картинасына пайдалануды ойлайды.

Институтты бітірердегі дипломдық жұмыс, суретші көп еңбек етіп ізденген “Бақыт” атты картинасында халықтың осындай

тұрмыстағы ұлттық ерекшелігін ашатын детальдар орынды пайдаланылған. Жүсіповтің осы дипломдық картинасын емтиханға қатысып, пікір айтқан В.И.Плотников былайша бағалаған:

“Қазақ халқының қол өнеріне қарап, фольклоры мен дала өңдерін тыңдасаңыз – мұның бәрінде өмірдің өзі дәл бейнеленген. Әр түрлі бай бояу түрлерінде, ырғақтарында эпикалық және өнмен айтатын поэзиядағы метафораларда ішкі үйлесімділік, парасаттылық жатады.

Әли Жүсіпов “Ана бақыты” сияқты ғұмырлық тақырыпқа бой гартқанда образды ұлттық бояу ерекшеліктерімен байытқан. Картинадағы екі әйел бейнесі көрерменнің еріксіз өзіне аударалды. Бұл әйелдерді қараған кезде олардың ішкі жан дүниесінің сырын ұғамыз. Ананың сөбиге қарап қасын кергені, қыз түріндегі қуаныш, олардың образын толықтыра түсетін оюлы сырмақ картинаны өрлендіріп, бояуын аша түскен”.

“Бақыт” картинасын жасап, диплом қорғаумен Әлидің еліміздің көркемөнер орындарында оқуы да аяқталады. Осы аралықта ол екі дипломдық композиция жасап, республикалық, республикааралық, бүкілодақтық сурет көрмелеріне қатысады. Оның бірнеше людтері мен натюрморттары музейлерге қабылданады. Алғашқы еңбегі оған осылайша табыс әкеледі. Ең бастысы – оқуын бітіріп, творчестволық еңбек етуге, өз мүмкіншілігін үлкен өнер жолында сынауға жол ашылды.

1954 жылы Әли Жүсіпов Алматыға оралады. Осындағы көркемсурет училищесінде мұғалім болып қызмет атқарады. Сабақтан тыс уақыттарда сурет салуын жалғастырады. Творчествосына құлшына кірісуге ұстаздық қызметтің кедергі жасайтынын сезеді де училищеден өзі тіленіп босанады. Сөйтіп, ойында жүрген “Алғашқы оқу” деген картинасын бастайды.

Суретші оған кіріспес бұрын “Кесе” деген натюрморт салады. Ақ форфордан істелген кесе, ағаш қасықтың сыры, жаюлы коғлдір дастархан натюрморттың бояу өрлілігін ашады. Осы натюрморт жайлы көркемөнер зерттеуші Цырлин 1958 жылы “Творчество” журналында: “Композиция құрылымы жағынан бұл натюрморт Петров-Боткиндікіне ұқсас болғанымен, суретшінің өмірді ақындық тұрғыдан жылы қабылдайтынын аңғартады”, - деп жазады.

“Алғашқы оқу” картинасына материал жинауға бармас бұрын суретші оның эскизін жасады. Ойша кейіпкердің монументальды шешімін табу керек болды. Суретші өз кейіпкерін өмірден іздей бастады. Ойша ақ жаулықты, көпті көрген көнекөз қария бейнесін

салды. Бірақ та оның түр-пішіні, кескін-келбеті қандай болуын нақтылау қажет еді.

Әли автобуста отырғанда, немесе көше аралап жүргенде ойша үкесатқан кейіпкерін бақылады. Ақырында ондай қарияны Жаланаптан кездестірді. Сол арадан әр түрлі қариялар мен баталардың бейнелерін блокнотына түсіріп қайтты.

Өмірден жинаған осындай мол материал “Алғашқы оқу” картинасын тартымды шығарды. Мұнда киіз үйдің сыртындағы көлеңкеде кимешек киген қария алдына қыз бала немересін алып, бірінші класқа енді ғана барған ұл немересінің алғашқы кітап оқығанын қызыға тыңдап отыр. Қарияның келбетінен ойлылық байқалады. Өзінің жас кезінде немересі сияқты оқи алмағанына өкініш білдіргенмен, бүгінгі ұрпағының бақытты дәуіріне ризашылық көңіл танытады. Немересі өжесіне кілемнің үстіне етпетімен жатып алып, кітапты оқып беруде. Ақ пен көк, қоңыр мен күлгін түсті бояулар бір-бірін толықтырып, суретті айқын көрсетеді. Образдың сан қырлылығы, психологиялық толғанысы, адамдардың ішкі характерлерін ашуы суретшінің творчестволық өскендігін танытады.

Алматының тау жақ шетіндегі Суретшілер одағының үйіне орналасқан Әли өсем Алатауды әр кез көретін болды. Таңертеңгі шыққан күннің нұры қарлы тау бастарына түскен соулелері, ортұлғалы қарағайлары, сақ-сақ күліп, мың бұралып, еркелей аққан тау суы сезімін қытықтайтын. Суретші айналасындағы табиғаттың сан құбылысын бояу тілімен қағазға түсірумен болды. Өл фотограф сияқты жансыз көріністерді емес, сол табиғат жайлы өзінің көңіл-күйін бейнеледі.

– Суретшінің фотографтан ерекшелігі, - дейді Әли, ол әр суретке тіл бітіріп, түсті бояумен жырлап беруде. Сонда ғана оның шығармасы халық сүйіспеншілігіне бөленеді. Мені Алатаудың ортұлғасы еліте береді. Тау да адамға үксайды. Бірде қабағы түскен қатыңқы, енді бірде ақылы мен мейірімі мол ойлы қарт сияқты. Сондықтан да таудың әр түрлі бейнесін қағазға түсіре бергім келеді.

Әли Жүсіповтің “Күз соңы”, “Қысқы кештегі тау”, “Қысқы күн”, “Тау үстіндегі арай”, “Алып таулар” сияқты және тағы басқа да көп пейзаждары оның творчествосында ерекше орын алады. Әр жаңа этюд көрерменнің алдына табиғаттың көркем құбылысына әр қырынан кинолента сияқты қызғылықты көрсетеді.

Табиғат көріністерін көркемөнерде бейнелеу адамды ерекше сезімге бөлейді. Оның табиғатқа деген көзқарасын көрсетеді. Пейзаждық этюдтар жақсы музыка сияқты адам жүрегін шаттыққа бөлейді. Табиғатты тану үшін ғана емес, өз жаныңды да өсемдікке сүйуге тәрбиелейді.

Орыс өнерінің Қазақстанда өткен онкүндігінде суретшінің шеберханасында болған белгілі совет пейзажистері А.М.Грицай мен Я.Д.Ромас Әлидің табиғатты қабылдаудағы өз көзқарасы бар екенін атап айтқан-ды.

Суретшінің пейзажындағы сюжетке назар аударамыз. Өйткені, пейзаж адамның өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып, оның сезімін қытықтайды. Мәселен, Левитанның көптеген пейзаждары өзі өмір сүрген дәуірдегі Ресей өмірінің поэтикалық көріністері. Левитан пейзаждары Пушкин поэзиясындағыдай орыс табиғатының образды бейнелері.

Шығармаларды тек жанр жағынан алып қарамай, оны көркемдік тұрғыдан да бағалаған орынды.

- Мен Қазақстандық Әли Жүсіпов, Алексей Степанов, Сабыр Мәмбесевтердің совет адамдарына арналған пейзаждарына қызығамын, - деп жазады суретші Нисский осы суретшілердің туындыларын көрген кезде.

Шынында өнер әр түрлі мамандықтағы адамдарды сүйіспеншілікке бөлеп, еңбекке жігерлендіріп отыруы керек. Олар жанына ләззат алғаны жөн. Мейлі пейзаж, натюрморт, портрет немесе белгілі бір тақырыпқа жазылған композиция болсын, жұрттың көңілінен шығып, олардың эстетикалық қажетіне айналғаны жақсы.

Қандай бір өнер адамы болмасын, оның ел аралап, сол елдің табиғат көріністерімен, өдеп-гүрпымен, салт-санасымен, адамдарымен танысуы үлкен творчестволық табыс әкелері сөзсіз. Сол елден бұрын көзіңе ұшырамаған заттар, адамдарының әр түрлі характерлері мен психологиясы жаңа бір тың дүниенің пайда болуына жол салады.

Осы орайда Әли Жүсіпов Қырғызстанның Ыстық көліне барып салған пейзаждары мен картиналары, Литвадағы КСРО Суретшілер одағының творчестволық базасы Палангада болғандағы салған балықшылар портреттері мен Балтық теңізінің өсем көріністері оның сурет галереясын толықтыра түсті.

Әли Жүсіповтің творчествосында портрет жанры ерекше орын алады. Суретші шабытпен әр түрлі еңбек, өнер адамдарының



бейнелерін жасады. Ол өз геройларын фотографияға түсірмейді. Олардың кескін-келбеті арқылы ой-өрісін, ішкі тебіренісін жұртшылыққа жеткізуді көксейді. Әсіресе, аға буын өкілдерінің портреттерін жасаумен көп айналысуда. Ойткені, олардың өмірі сан қызыққа толы шежіре екенін суретші жақсы біледі. Осындай жұмыстарға Арыстанова, Сәрсенбин, Орақбаев, Қапай Мұхамеджанов, “Кешегі жауынгер нортреті – Қ. Қайсенов” деген туындыларын жағқызуға болады.

Жүсіповтің творчествосының тағы бір гармағы – еңбекті жырлау. Бүгінгі жарқын өмірдегі жастардың қажырлы ісін полотноға түсіріп бейнелеу. Бұған “Батар күн алдында”, “Жыртылған жермен” деген суреттерін мысал ете аламыз.

Суретші көптеген туындыларында негізгі тақырып етіп абзал аналарды, адамдар достығын, кіршіксіз таза махаббатты алады. Бұлар мәңгілік тақырыптар. Бұлар сан ақындар мен суретшілердің жүрегің тербеткен тақырыптар. Оларды өткен ғасырларда, қазіргі дәуірде де сан ақын мен суретшілер тебірене жырлаған. Әли де жырлай береді.

Бұл тақырыптар Әли шығармаларында терең аламгершілікпен, әр түрлі толғаныс, тебіреніспен, бала мен анаға деген сүйіспеншіліктен бастап, салтанатты қуанышқа ұласады. Енді бірде әйел ананың гимні болып жаңғырады.

Кейінгі жылдары да суретші ана тақырыбына қайта оралып, “Сіркіреген су астында” деген жаңа картинасын салып бітті. Сондай-ақ жастар өміріне арналған “Мойындау” деген суретінде жас жігіт пен қыздың бір-біріне деген ыстық сезімін білдірген.

Орта жастарға келген ат жақты, ойлы көзді, талдырмаш денелі Әли Жүсіпов қазір нағыз творчестволық өрлеу үстінде. Ол “Жаңа күнді қарсы алу” атты еңбек тақырыбына арналған, “Халықтар достығы” деген совет еліндегі басқа халықтардың мызғымас достығын паш ететін картинасын бастады.

Жастай көркемөнерді қастерлеп, соның жолында бар күш-қайратын жұмсап келе жатқан Қазақстанның орта буын суретшісі Әли Жүсіпов әлі де талай сәтті туындыларымен халқын қуанта бермек.

1973.

---

---

## Жүрек жылуы мол қаламгер

Бес саусақтың бірдей еместігі сияқты адамның мінезі де әр түрлі. Біреуге ұнайсың, біреуге ұнамайсың. Бәріне бірдей ұнау міндет емес. Бірақ ыстық ықылас пен ізгілікті ізет білдіріп жатса, одан кім ат-тонын ала қашсын.

Қашанда терек озен баяу ағар дегендей, сабырлы да салмақты, биязы біртоға мінезімен жұртты өзіне тәнті ететін адамдар санаулы-ақ. Көзі тірі кезінде “әй, көпір” атанбай кеткен сондай қаламгердің бірі — қазақтың белгілі жазушысы Сейітжан Омаров.

Сексін әкесінен жеті жасында жетім қалып, өмірдің тауқыметін көп тартады. Күн көріс үшін ауылда әр түрлі жұмыстар атқарады. Білімге ынтыққан бала бастауыш класты бітірген соң, Атбасардағы жеті жылдық орыс-татар мектебіне оқуға түседі. Оны тәмамдап шығады да комсомолда қызмет жасап, ауылда мұғалім болады. Колхозды ұйымдастырып, құруға ат салысады.

Осындай қызығы мен шыжығы мол әр түрлі жұмыстарды атқара жүріп, шығарма жазуға талпынады. Сол кездегі губерниялық “Бостандық туы”, Ақмола округтік “Жаңа Арқа” газеттері беттерінде алғашқы тырнақ алды олеңдерін жарыққа шығарады.

Жазушылардың көпшілігі өздерінің шығармашылық жолдарын ақындықпен бастап, кейін біржола проза жанрына ауысқандарын жақсы білеміз. Сейітжан Омаров та сондай жазушылардың қатарына жатады.

Олең-жырларын былай қойғанда кезінде “Соукен” атты дастан жазып бір белестен көрінсе, проза ауылына тұрақты қоныс тепкен соң бір роман, жеті повесть, слуден астам өңгімелерді өмірге әкелді. Бұл туындылардың бәрі шынайы өмірдің өзінен туған. Жазушы күнделікті бәрімізге таныс, үйреншікті қарапайым құбылыстың өзін тіршілік философиясына айналдырып жібереді.

Жас жеткіншекке жүрек жылуын мол төккен қаламгер балаларға шығарма жазу оңай болып көрінгенімен қиын екенін жақсы сезінген. Ойткені, бала жаны тұманың тұнық суындай моп-молдір. Оны алдай алмайсың. Олардың осы қасиеттерін жақсы түсініп, танымдылығы мол, зор адамгершілікке баулитын шығармаларын мұра етіп, артына қалдырып кетті.

Халыққа акын бір о ісімен, жазушы бір өңімісімен табылуы мүмкін. Ал бар ғұмырын кесек бір туындысына сарп етіп, кейін сол шығармасына жұртшылық ыстық ықпалсын білдірсе, жазушыға одан өткен бақыт жоқ.

Осындай сан қырлы, алуан бояулы, шытырман оқиғалы, адамдардың әр түрлі тұлғасын сомдап, мінездерін бейнелеген, көркем тілмен көмкерілген туындысы – “Қызыл арай” романы. Алмас, Жұмабай, Оспан, Харитон сияқты төрт ұрпақ өкілдерінің өмір откелдері нанымды өрнектеліп, тартымды баяндалады.

Соғыс алдында Жазушылар одағына қызметке орналасқан Сейітжан Омаров майданда жүрген кезінің өзінде де шығармашылығын тастаған жоқ. Бірінші Балтық майданының “Алға, жауға қарсы” газетін шығаруға белсене араласады. Шығыс Пруссия жерін, Тильзит қаласын фашистерден азат етеседі. Шығыста Жапон милитаристерімен де шайқасып қайтады.

Майданнан оралысымен бар ынта-жігерімен шығармашылық жұмысқа құлшына кірісіп кетеді. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер әдебиетін дамытуға күш жұмсайды. Осы салада жазушының таланты барынша ашылып, халыққа кеңінен таныла бастады. Өзі де биіктей түсті.

Жазушылар одағында он жылдай екінші хатшы боп жұмыс атқарған уақытта Ғабит, Сәбит, Ғабиден, Әди. Жұбандармен бірге каламгерлердің моральдық және творчестюлық жағынан осылеріне септігін тигізді.

Күні кеше айырылып қала жаздаған жазушылардың қара шаңырағын Ғабит екеуі бірлесіп жүріп жоғары жақтан зорға алғандарын да жақсы білеміз.

Қазақстан жазушыларының IV съезінде балалар мен жастар әдебиетінің міндеттері мен мұқтаждарын қорғады. “Пионер” журналын қайта шығару, жастар баспасын ашу, балалар драматургиясын дамыту жайында орамды ойларын ортаға салды. Кейін осы айтқандарының бәрі жүзеге асты.

Сейітжан аға көптеген туысқан елдер балалар жазушыларының шығармаларын қазақша сойлетсе, өзінің туындылары да басқа тілде жарыққа шықты. Сөйтіп, Қазақстаннан тыс елдерге де кеңінен танылды.

Бұл сөзімді Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың естелігінен алынған мына үзінді растай түседі.

“1951 жылы Москваға барғанымда “Европа” мейманханасының залында башқұрттың атақты ақыны Сайфи Кұдаш кездесе

қалды. Ол бір кезде қазақ даласында оқытушы болған, біздің тілге судай, қазақ әдебиетінің күнбе-күнгі жаңалығын қадағалап, бағдарлап отыратын жазушы. Шүйіркелесе кеттік. Әңгіме үстінде:

– Сейітжан “Заман күші” жинағынан кейін не жазып жүр? – деп сұрады.

Оның сауалына жауап берместен бұрын:

– Сіз ол жинақты қайдан білесіз? – дедім.

– Біздің әдебиетшілеріміз ол жазушыңызды жақсы біледі, нәрлі де қызық әңгімелері арқылы біледі, - деді ол”.

Бала жанды жазушы кейінгі бізге де әкелік қамқорлықпен қарайтын. Мейірім шуағын мол төгетін. Еркелетіп сойлейтін. Ол кісінің өзіне тән мәтелі “Әй, антүрған” болатын.

Қазақстан жазушыларының VIII съезінде балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жайында баяндама жасап үзіліске шыққан Секең әңгімелесіп тұрған Сұлтан Қалиев, Әбдірахман Асылбеков үшеуіміздің қасымызға келіп:

– Әй, антүрғандар, тізімде бар едіңдер, қара басып аттап өтін кетіпін. Сендерден ұят болды-ау өзі, - деп балаша қысыла сөйлегені өлі есімде.

Секеңнің ешкімді елге, жерге бөлмейтінін мына бір жайдан да аңғаруға болады. Бірде Жазушылар одағында кездесіп қалып едім:

– Сайымжан Еркебаев екеуің радиода бірге қызмет істейсіндер ғой. Ұмытып жүр ме екен. Көптен бері біздің үйде тіркеліп тұр. Үй-жай тапса, шыққаны дұрыс шығар. Соны есіне сала салшы, - деп өзіне тән сабырлықпен өтініш жасағаны бар.

Ақжарқын ағаның осындай кең пейілділігі, кішіпейілділігі, ашық мінезі бәрімізге ұнайтын.

Жан жары Сәуия жеңгей екеуі отасқалы жүз шайыспаған жандар. Балалары Керей, Мерей, Жанай – жоғары білімді азаматтар. Бәрі ғылым кандидаттары. Қызы Светлана мен күйеу баласы, белгілі жазушы Сәтімжан да бір тобе. Немерелері Ғалымжан, Гүлжамал, Анар, Данияр, Санжар өжелерін ортаға ала мөз-мәйрам болады. Немерелерім мазамды алды деп Сәуия оже де реніш білдірмейді.

Енді сөз түйінін өлеңмен түйетін болсам:

*Ойын нықтап айтатын түсінікті,  
Кеуде қақпай атқарған ісі мықты.  
Сейітжан аға адами болмысымен,  
Кетті бізге үйретіп кісілікті.*

Аттамады біреудің ала жібін,  
Түйлігенін көрмедім қабағының.  
Жаны таза кіршіксіз періштедей,  
Аға жайлы моп-мәлдір қалады ұғым.

Не нәрсеге сабырлы, салқын қанды,  
Ұнататын жайдары жарқын жанды  
Жақсы көрген адамын ішке тартып:  
– Қарай ғар, – дейтін күліп, – антүреанды.

Тәуелсіз ел жүрмеді тойларында,  
Қыдырмады кең даңа, орманында.  
Өкінішті, көрмеді туған жері  
Ақмоланың астана болғанын да.

Отыратын жүп жазбай жарқырасып,  
Жары Сәуия, ұл-қызы – аттын асық.  
Сәтімжандай күйеу мен келіндерге,  
Тілі тимесін,  
Қазақтың халқы ғашық.

Көрген кезде ақ отау, босағаны,  
Әркім шын қоңылменен қош алады.  
• Аруағының алдында басын иіп,  
Меірімін ұрпағы тосады әлі.

1997.

## Қос саңлақ

### 1. Жүсіпбек

1968 жыл. Сентябрь айының аяқ кезі болатын. Күз айы басталса да Алматыда қара суықтың нышаны байқалмайды. Қайта жадыраған күннің көзі алтын нұрын қала үстіне мол төгеді. Тек парктерде және көше бойлап теректер мен қайыңдардың кейбір сарғыш тарта бастаған жапырақтары ғана күздің енді-енді өз күшіне еніп келе жатқанын аңғартқандай. Арықтар мен еркелей аққан мөлдір судың сыңғырлаған үні құлаққа кербез қыздың нозик күлкісіндей естіледі.

Күз айының басталуы қала халқы үшін үлкен бір мерекемен бірдей десе де болады. Өйткені жаз бойы ел аралап, гастрольде болған кейбір театр коллективтері мен жекелеген артистер тобы осы мезгілде астанаға қайтып оралады.

Олардың келуімен театрлардың жаңа маусымы ашылады. Сондықтан да асыға күткен өнерді қастерлей білетін қалың қауым өздерінің сүйікті артистерінің концерттерінде болып, олармен лидрласады. Асқақтата салған тамылжыған әсем әндерін, тау басынан арқырай аққан асау өзендей күмбірлеген күйлерін және басқа да адам бойын сергітетін музыка әуендерін естін, көңілдерін көтереді.

Осы күздегі өн сүйгіш астана халқының аңсай күткен артисі – Жүсіпбек Елебеков еді. Жүсекең бастаған әншілер тобы осының алдында ғана Семей облысы Жарма ауданы еңбекшілеріне өз өнерлерін көрсетіп, концерт қойып қайтқан болатын. Енді міне, Жүсекең бүгін астана жұртшылығының алдында тағы да өн шырмамақ.

Өздерінің сүйікті өншісін көптен қормегендіктен бе, әлде тоқсан толғауы бабымен айтылатын әсем өндерді тағы да Жүсекеңнің өз аузынан естігілері келгендіктен бе, өйтеуір “Қазақконцертке” халық көп жиналыпты. Концерт бастаушы:

– Ақан серінің өні “Әудем жер”. Орындайтын Қазақ ССР-ының халық артисі Жүсіпбек Елебеков, - деуі мұң екен, залда отырғандар ду қол шапалақтап жіберді.

Ле-шала сабырмен аяғын нық басып, орта бойлы, толықша келген, шашына көбірек ақ түскені болмаса, аққұба жүзінен әжім іздері онша байқала қоймайтын Жүсекең сахнаға шығып, жиынға гәжім етті. Жүрт бұрынғыдан бетер қол шапалақтай түсті. Бұл қошемет әнші ортада тұрған орындыққа жайғасып отырып, домбырасын бір-екі рет шерткенде барып, су сепкендей басылды.

Ән аяқталысымен, тағы да отырған жиын ду қол шапалақтады. Тіпті бір қария қасындағы жігітке бұрылып:

– Ой, шіркіннің әні бабына келтіріп, шырқасы-ай! Жасы үлғайса да көрі тарланын өз бабында екен ғой! – деп қуанышып ішке сақтай алмай, сыртқа шығарып жатыр.

Жүсекең шырқаған бұдан кейінгі әндерден қайран жұрты қазғын үйқыдан оятпақшы болған Абайдың мұңын естісе, енді бірде Құлагерінен айырылып қайғырған Ақанның зарын тындап, отырғандардың гұла бойын шымырлатты. Ал қарақат көз, қыппа бел, оймақ ауыз, айдай аппақ Ақмарал сұлуға ғашық болған Біржан мен Батуан Шолақтың қоңілді әуенді әндер сазы бір ығрақпен бойларын баурап алса, туған жерінен сая таппаған Мәди мен Жаяу Мұсанын шоңжап Шорманның Мұстафасына ашуланғанда шығарған әндері бәрінің жүректерін сыздатты.

*Шырқап, қалқып, сораалап, тамылжиды,*

*Жүрек тербеп, оятар баста миды.*

*Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,*

*Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.*

*Үйықтап жатқан жүректі ән оятар,*

*Үннің тәтті оранған мәні оятар.*

*Кейде зауық, кейде мұң, дертін қозғап,*

*Жас балаша қоңілді жақсы уатар,* – деп ұлы Абай олеңге қосқандай, сол күнгі Жүсекең салған әсем әндерге шоліркеген халық сусындарын қандырып, бойларына тыңнан күш біткендей ерекше жігермен, әрі шексіз ләззат алып үйлеріне тарасты.

Сыртқа шығып бара жатып:

– Шіркін, әнді Біржан мен Ақан шығарып, айтуын Жүсіпбек айтса ғой! – деді әлі де жаңағы әндер әсерінен он бойы қорғасындай бапқып келе жатқан манағы қария қасындағы жігітке.

Әрине, бұл Жүсекеңе деген ыстық жүрек. адал қоңілден шыққан онерсүйгіш қауымның шексіз махаббаты еді. Әнші қайда барын концерт қоймасын оны ел қадір тұтып, қастерлейді. Ойткені,

Жүсекең өзі айтағын өндердің бәрін де тебірене шырқайтын. Тыңдаушысын ұйытып жібереді. Жүсекеңнің орындауындағы Біржанның көк тосіне қырандай қалықтап, асқақтай шырқалатын өндерін естіген сайын кезінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің: “Жүсіпбек тамылжыта өн салғанда, Біржанның өзін көргендей боласың”, - деп тектен-тек айта салмаған болу керек. Бұл да дарынды өншіге берілген үлкен бағаның бірі екені сөзсіз.

Осы орайда Жүсіпбек Елебековтің өн айтуды қалай бастап, кімдерден үйренгені, үлкен өнер жолына қалай шыққаны жайлы өншінің өткен күндеріне көз жіберіп көрейікші.

“Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ізерсің” – дейді халық. Бұл орынды айтылған сөз. Жүсіпбек те шырылдап дүниеге келісімен көзін өнмен, өлеңмен ашқан. Ойткені, Қарағанды облысы Қарқаралы уезі, бұрынғы Сарытау болысындағы Қойтас дейтін жердегі Жүсіпбек тұтан ауыл адамдары өнқұмар болатын. Әсіресе, өз ағасы Жақыпбектің домбыраға қосылып салған өндерін көпшілік ынғыға, құмарлана тыңдайтын.

Осе келе Жүсіпбек те ағасына қосылып домбыра тартып, өн салуды үйренеді. Бірақ та үлкен өнер жолына қадамын енді-енді басып, қанағын енді-енді ғана талпынып қаға бастаған жас өншінің үлгі алар ағасы екуінің жұбын Жүсіпбек он төрт жасқа толғанда сүм ажал ажыратып жібереді.

Сол кездің өзінде-ақ Жүсіпбек “Жиырма бес”, “Сүржескей” сияқты өндерді төселіп қалған өншілердей ел арасында айтып жүрді. Ал Балұан Шолақтың “Ғалиясын” ағасы төрізді мөнерлеп шырқайтын.

Әрі ұстаз, әрі ақылшы болған ағасы Жақыпбектің үйреткен өндері мен Жүсіпбек шектеліп қалғысы келмеді. Ол ел арасында ауызға ілініп жүрген атақты өншілер өн салуындағы өр қайсысының ерекшеліктері мен өзгешеліктерін қадағалап, қоңіліне тоқып жүрді.

Атап айтқанда, құлақ құрышын қандырып, тыңдаушысын бұлбұлдай сайраған дауысымен ұйытып әкететін майталман өншілер Айтбайдың Ғаббасы, Байжанның Қалиы, Ермектің Исайы, Уәли қызы Майралар Жүсіпбектің өн айтуға деген құштарлығын бұрынғыдан бетер арттыра түсті. Олардың құйқылықтып, келістіре шырқайтын кербез өндерін Жүсіпбек сан рет өз ауыздарынан естін, орындаушылық өдістерінен үлгі-өнеге алатын. Бұл өншілер жас талапкердің болашақ үлкен өнші болуына өз іздерін қалдырды.



Ал Жүсіпбектің Семей қаласына баруы оның әншілік дарынының ұштала түсуіне ерекше ықпал етті. Онда жүріп, әйгіл әнші Әміре Қашаубаевпен танысып, одан казактың “Ағаш аяқ”, “Аккүм”, “Жиырма бес”, “Екі жирен” әндерін үйренсе, ал Абай ауылының әншісі Әлмағанбеттен тыңдаған “Бойы бұлған”, “Көзімнің қарасы”, “Сегіз аяқ” сияқты Абай әндерін бұрынғыдан әрі нәшіне келтіріп, дұрыс орындайтындай болады.

Жүсекең әншілік өнері дүйім жұртшылыққа кеңінен тарап, елдің сүйіспеншілігіне бөленуіне астанамыз Алматыға келуі үлкен рөл атқарды. Ойткені, мұнда республикамыздың түкпір-түкпірінен келең халықтан шыққан өнерпаздар жиналған болатын. Құрманбек, Елубай, Әміре, Қали, Қаныбек сияқты өнер саңлақтары қатарына өзіндік үні бар, өн салуға машықтанып қалған Жүсіпбектің қосылуы сахнаға жаңа бір көрік кіргізгендей болды. Жүсекең астанаға “Қанатталды” өнімен бірге “Сүржекей”, “Сөулем-ай”, “Ғалия” “Қарға” сияқты басқа да тамаша әндерін өзіндік өрнекпен шырқата ала келді.

Композитор Латиф Хамиди:

— Мен Қазақстанға 1933 көктемде келген болатынмын. Ең алғаш танысқан әншілерім Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Күләш Байсейітова, Рәбиға Есімжановалар болды. Ол кездегі концерттерде Әміре мен Жүсіпбектің асқақтаға салған “Қанатталды” өнін бірінші рет естігенімде әсер сткендігі сонша, көзіме сріксіз жас келгенін байқамай да қалыппын. - деп есіне ала келе, - бірнеше жылдан кейін Жүсіпбекпен филармонияда бірге қызмет істеп жүрдік. Ол кезде жазып жүрген әндерім туралы Жүсіпбектің айтқан пікірлерін өте бағалайтынмын. Және оның өн салудағы кейбір ырғақтарын өз творчествома қолданып та отыратынмын.

Міне, Жүсекеңнің өн салудағы кейбір өзіндік ырғақтары композиторларға да ерекше әсер сткен. Бұл әншінің қай өнді болмасын талғап, өрі таңдап орындайтынын көрсетеді. Әншілікті сріккеннің ермегі емес, үлкен өнер деп түсінген Жүсекең өр өнінің шығу тарихына ерекше қоңды болді. Өзіне ұнамаған, жүрек қылып шертпеген, сезімін оятпаған бір де бір жеңіл-желпі әндерді айтып көрген емес. Тіпті айтуға да талап қылмаған. Әнші өзіне ұнаған әндердің ішкі мазмұнына, гармониясына толық түсініп алмай, кез келгенін өз репертуарына енгізуден өз бойын аулақ ұстайтын. Бұл тек талғампаз өншіге ғана төн қасиет болса керек. Жүсекең:

*Әнің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.*

*Ақылдының сөзіндегі ойлы-күйлі,*

*Тыңдағанда қоңілдің әсері бар,* - деп Абай жырлаған-

дай, тыңдаушысын бірден баурап алатын шұрайлы өндерді ғана орындайтын.

Мәселен, Жүсекеңнің шырқаған “Жас қазақ” өнін Ұлы Отан соғысы кезінде майдан жауынгерлеріне концерт қоя барғанда жас композитор Рамазан Елебаевтан алып қайтқан еді. Отаны үшін жанын құрбан еткен Төлеген Тоқтаровтай ержүрек жауынгердің жарқын бейнесін көз алдымызға келтіретін осы ән адамның ет жүрегін елжіретіп, терсең ойға батырады. Еріксіз көңілін боасатады. Бірде созылып, бірде асқақтай шырқалатын осы өнді жан дүниесімен дерлік ыстық сезіммен орындайтын еді Жүсекең. Әнші күйкылжыта шырқағанда ерекше түрленіп, құлпырып шығатын.

Рамазан Елебаевтың “Жас қазақ” өні қай жерде, қандай жағдайда отырып орындаса да, бір естігенде-ақ көксігіне ұялатқан ән сияқты композитордың ақжарқын бейнесі де жүрегінің түбінен лайықты орын алған болатын. Сондықтан да әр кез тебіреніп шырқағанда арманда қыршын кеткен Рамазан Елебаевты тірілтіп сахнаға шығарғандай әсерде қалдырағын.

Халқымыздың асыл қазыналарының бірі — өсем өн мен күмбірлеген күй екені белгілі. Бұлардың көпшілігі сандаған жылдар өтсе де ұмытылмай, бүгінгі ұрпаққа қаз қалпында жетіп отыр. Ал кейбір бір-саран өндер мен күйлердің аз орындалатындығынан қалтарыс қала беретіні де бар. Сондықтан бұрын ел арасында сирек айтылып жүрген, кейбір ұмытылып бара жатқан ескі өндерді қайта жаңғыртырып, халыққа жеткізуді өнші өзінің абзал борышы санайтын.

Бірде сахна тарланы Қалибек Қуанышбаевтың аузынан кезінде батыр әр композитор болған Мәди Бәпиұлының “Қарқаралы” өнін естиді. Бұл ән Жүсекеңге ерекше әсер етеді. Оны Қалекен бір-екі орындап бергенде-ақ үйреніп алады. Сөйтіп, елдің көбі біле бермейтін Мәдидің осы өні барша халыққа кеңінен тарайды. Мұны Жүсекең қашанда ерекше жігермен орындайтын.

*Он жасымда қолыма домбыра алдым,*

*Шарықтата, шырқата әнге салдым.*

*Ұрпағымын мендегі өнер қуған,*

*Ақан менен кешегі Біржан салдың,* - деп кезінде өлеңмен Ақан мен Біржанның асыл мұраларын алға апарушы лайық-

ты ұрпағы скенин мақтанышпен айтқандай, Жүскеңді ұстаз тұта-  
тын өңкұмар көптеген шәкірттері бар. Әншілер Нұтыман Әбішев  
пен Мағауия Қошкінбаевтар кезінде өн айтудың сан қыры мен  
сырын Жүскеңнен үйренген болатын. Кейінгі жылдардағы әнді  
құбылта келістіріп орындайтын Жүскеңнен тікелей тәрбие алып,  
ұстазына ұқсап өн салып жүрген талапты шәкірті – Мәдениет  
Ешкеев.

Әншінің кейбір өн айтудағы дауыс ырғақтары мен дауыс екпіні  
Жүскеңге ұқсас келеді. Бұл әсіресе Мәдениеттің “Сүржекей” өнін  
шырқағанда байқалады. Мәдениет Ешкеевтейі әнді мөнерлеп ай-  
туға талаптанып жүрген әнді бағалай, қадірлей білетін өнерсүйгіш  
жастарды көрген кезде:

– Менің бар өнімді болмаса да, кейбіреуім үйреніп біліп алуға  
ынтығын жүрген шәкірттерім барында менің арманым жоқ, -  
дейтін әнші көзінің тірісінде.

Алматыда қазақ эстрада студиясы ашылғанда Жүскең осы сту-  
диядағы жас талапкерлерге ұстаздық етті. Оларға өн салудың әр  
алуан сырын үйретіп, олардың көкейлеріне күйды. Бұдан біз  
Жүскеңнің тек әнші ғана емес, ұлағатты ұстаз болғанын да  
көреміз.

Қазақтың асқақ өуенді өндерін кезінде бабына келтіріп,  
құлпыртып орындайтын Қазақстанның халық артисі, мемлекеттік  
сыйлықтың лауреаты Жүсіпбек Елебеков біртуар халық  
сүйіспеншілігіне бөленген дарабоз өнші еді. Тастаға жазылып,  
артында қалған өуезді өндерін жұртшылық бүтін де ыстық ықылас-  
пен тамсана тыңдайды.

## *2. Жәнібек*

1972 жылдың жазы. Біз жасыл жайлау төсіндегі малшы ауыл-  
да қонақта едік. Әр түрлі әңгімеден кейін шопан қарт радионы  
косты. “Сүржекей” өні қалықтап жүре берді. Ән баяу ырғақпен  
толқи басталғанда үй иесі радионың дауысын бұрынғыдан да гөрі  
шығарыңқырап қойып, құлағын тіге түсті.

Үйдегі кісілердің бәрі де өн ырғағына елтіп, мүлгіп қалды. Ән  
аяқтала бергенде:

– Шіркін, Жүсіпбек Елебеков-ай! Жасы келш, тарлан тартса  
да дауысы еш өзгермейтінін қайтерсің! Әнші болса осындай бо-  
луы керек. Нәшіне келтіріп, келістіріп шырқай ы-ау! – деп қоңіл  
қуанышың білдірді қарт шопан.

Ән орындалып біткен соң:

– Сіздердің тындағандарыңыз жас әнші Жәнібек Кәрімсұновтің орындауында берілген концерт, - деді радиодан диктор.

– Он, мынау не дейді?! Сонда әлгі шырқаған Жүсекең болмағаны ма? – деп таңданды шопан. – Мүмкін емес, әншінің аты-жөнін шатыстырып алды ғой деймін.

Біздің қасымызда отырған орта жастағы кісі:

– Ақсақал, ондай жас әншінің бар екені рас. Сіз оның ән салуын бірінші рет естіп отырған болуыңыз керек, - деді.

– Ойпыра, ә... Әуесдері айнымайды ғой. Жүсекең ән айтысынан бір аусайшы.

– Ол рас, ойғкені бұл жас әншіні Жүсекеңнің өзі үлкен өнерге баулып, тәрбиелеп шығарған. - деп жатырмыз біз қарияға.

Біржан сал өлерінің алдында:

*Үш жүздің түгел көрдім көрі-жасын,*

*Ұмытпас құрбы-құрдас асыл тасым.*

*Ойласам ауруымның түрі жаман,*

*Біржанның кім ұстар деп домбырасын,* - деп қиналып

жатып арман білдірген екен.

Бірақ Біржанның домбырасы иесіз қалмады. “Әнші өткен Көкшетауда не бір ірі”, - деп Сөкен айтқандай, дауылпаз Ақан сері, Үкпіл Ыбырай, Балуан Шолақ, Жарылғапберді, Естай, Жаяу Мұса, Әсет, Мәди, Майра, Ғазиз, Жақыпбек, Шашубай, Әлмағанбет, Ғаббас сияқты сұңғыла саңлақтар сол шешен домбыраны қолдарынан түсірмесе, олардан бергі Әміре, Қали, Қосымжан, Манарбек, Жүсіпбек, Ғарифолла, Қуан, Темірболат, Нығыман, Жаңыл, Мағауия. Мәдениет сияқты өнер майталмандары соңғы буын жас түлектерге жеткізді.

Сондай марқасқалардың бірі – Жәнібек Кәрімсұнов.

Жәнібек Семей облысының Абай совхозындағы “Аққора” фермасында малшының отбасында туып-өскен. Әкесі Кәрім “Абай” романындағы Ерболдың немересі. Әнге бейім, сөзге жақын, хикая-қиссаны көп білетін адам болған. Содан ба Жәнібек осы келе жиын-тойларда қолына домбыра алып. өлең айта бастайды.

– Он жылдық мектепті бітіргеннен кейін 1965 жылы Республикалық жас әншілер жарысына қатыстым. Сәті түсті ме, ойтпесе, көп әншілерден он айтудағы мәнерім төрешілерге ұнады ма, сол жарыста лауреат атанып, бірінші дәрежелі дипломмен наградталдым, - дейтін еді Жәнібек оның өнер жолына қалай шыққаны жайлы.

Сол кездегі ақсақал жазушылардың бірі – Сапарғали Бегалиннің жетпіс жасқа толуын атап отуға бір топ ақын-жазушылар өнер адамдары Абай ауданына келді. Олардың арасында Қазақ ССР-ының халық артисі Жүсіпбек Елебеков те бар еді. Жәнібектің айтқан өндерін тыңдап, қайтарында Алматыға өзімен бірге ерте келеді.

Жәнібек әуелгі кезде Қазақконцертіте жұмыс істеді. Кенін эстрада студиясын бітіріп шығады да, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне қызметке орналасып, ансамбльде солист болады.

Жас өңші домбыраға қосылып халық өндерін ер арасына таратпен бірге қазіргі композиторлардың өндерін де өз репертуарына кіргізеді. Атап айтқанда. Әбілахат Еспаевтың “Туған ел”, “Әлі есімде”, Шәмші Қалдаяқовтың “Сен сұлу”, Ілия Жақановтың “Туар айым” сияқты өндерін орындады.

Кезінде Ғарифолла мен Жүсіпбек жиырмаға тарта шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Солардың ішінде өз өнерімен көзге түсін, қалың жұртшылықтың іттипагына бөленгені осы Жәнібек еді.

Кезінде Мұхтар Әуезов: “Жүсіпбек тек қана халық өндерінің академигі емес, ол адамшылықтың да академигі. Оның жаны сонша сыршыл суреткер”, - десе, ал ойгілі өңші Әміре Қашаубаевтың өнерін бағалай келіп: “Әміре өн салғанда оның үнінен өңшіліктің ақындық шабыты жалындап тұрады”, - деген екен.

Рас, әр өңшінің өз бояуы, өз өрнегі, айтатын өз сыры болады. Жақсы өнді жүрегі суық өңшілер айтқанда, сол өлі күйінде шығарып саласың. Ал қайсыбір ортанқол дүниені көкірегі ояу, көзі ашық өңші орындағанда жаның бусанып, рахаттанып қаласың.

Жәнібек те ізденіс үстінде жүрген жастың бірі еді. Оның да кейде Жүсскеннің дауыс мөнеріне көп көңіл бөлетіндігі өн салғанда байқалып тұратын.

– Мен әуелгі кезде Жүсскенге қатты сиктедім. Ол кісінің қасында бес жыл жүргенде бар мақсатым осы үлкен өңшінің техникасын айнытпай үйреніп алу еді. Мұнымды көп адам сөкті де. “Елебековтің өн айту үніне сиктейсің. Салған өндерін сол кісінің көшірмесі сияқты” – дейтін олар. Мұндай сөздерді есту әрине, маған ұнамайтын. Бірақ менің өз ойым, өз мақсатым болды. Себебі, өңшінің әуені, бір-ақ қыры. Үнге сеніп бақыра беретін өңші емес. Ал орындау шеберлігі, техникасы – бұл өңшінің ғұмырлығы. Жүсскеннің әрбір ырғағында өңшіліктің өкпе-бауыры бүлкілдеп жатады. Бұл көп өңшіде кездеспейтін қасиет. Егер осы үлкен шебердің ырғақ мөнерін жете менгерсем, жұрт көнінінен

шығатынына сендім, - дейтін еді бізбен сырласқанда.

Расында Жәнібектің бұл ойы дұрыс еді. Ұлы Абай айтқандай:

*Күр айқай бақырған,  
Құлаққа ән бе екен?*

Көк төсіне атып шығып, бір орында қалықтап тұрып қалған шырқау үнде де бір сипат болуы керек. Жас өншілердің көбі қазір де әнді суық, салқын айтады. Кей ретте халық өндерін орындаудан қашып, жеңіл-желпі, гұмыры аз, бір айтылып қалатын эстрадалық өндерге құмар. Қай өнші болмасын, халық өнінің көусар бұлағынан сусындап, соын жұртшылыққа насихаттаушы емес пе?

Сәкеннің “Тау ішінде” өнін Құлышева, Айтбаев, Байбосынов, Сүйіндіковалар айтады. Төртеуі төрт түрлі орындайды. Ал Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданы “Жеңіс” совхозының жұмысшысы Игілік Омаровтың орындауы тінті өзгеше, мүлде бояулы.

Жәнібек Көрменов өзінің көптеген өн айтатын құрбылары сияқты ізденіс үстінде жүрді. Талмай ізденіп, ерінбей еңбек еткенде ғана өнер өріне көтерілетінін ол жақсы білді. Сондықтан кейінгі жылдары Абай өндеріне бірден ден қойып еді. Ұлы Абай ақынның 150 жылдық торқалы тойына ерте әзірлік жасады. Репертуарын молайтты. Терме, халық өндерін өзіндік мөнермен орындап, елдің махаббатына бөленді. Абай өндерін келістіріп, нәшіне келтіріп орындайтын да Жәнібек еді. Әттең... Ұлы тойға тәңірім жеткізбеді. Сырлы қайыңның бір жапырағы тым ерте үзіліп түсті. Окіндірін, өксітіп кетті. Әлі де есенгіреп, есімізді жия алмай отырмыз. Ұлы Абай тойында бір бұлбұлдың сайрауы кемдік ететінін түсінсек те шүкіршілік етеміз. Жәнібек өзінің көгеріпіндей көгімізде қалықтаған өсем өндерімен көкірегімізден лайықты орын алды.

*Жәнібек, домбыраң ба, елесің бе,  
Келесің тойлы кеште кеңесуге.  
Шарықтап, аспандатқан қанат талмай,  
Асқақ ән қалды туған ел есінде.*

*Аққу қаз саңқы қақса сахарадан,  
Үніңді үзбей сақтар Отан-анаң.  
Ұйқыдан Ақан, Абай аунап түсіп,  
Шөжәрім мың алғысын айтар саған.*

*Манарбектей нұрлы етіп,*

*Жүсіпбектей түрлентіп,*

*Кемпірбайдай күнірентіп,*

*Әсет салтын құрып ең.*

*Сенің асыл бейнеңді*

*Кем көрмейміз тіріден,* - деп қазақтың тарлан

ақыны Кәкімбек Салықов ән мен жырға қосқандай үні құлағымызда, жарқын дидары жүрегімізде.

Қос саңлақ бізбен мәңгі бірге.

1995.



*Қазақстан ақын-жазушылары Маңғыстауда. Ақтау, 1982 ж.*





*Әйгілі диктор Мырзабек Қуатбековпен бірге.  
Алматы, 1984 ж.*



*Ақын Кәкімбек Салықовпен бірге. Алматы, 1994 ж.*



*Жаңаарқа ауданының 60 жылдық тойында, 1989 ж.*



*Ақын Гафу Қайырбековпен бірге. Алматы, 1988 ж.*



*Қазақстандық айтыс ақындарымен бірге. Алматы, 1988 ж.*



*Ақтоғай ауданының 60 жылдық торқалы тойы.  
Шатырша тауының етегі, 1990 ж.*



*Шашубай Қошқарбайұлының 125 жылдық торқалы тойында  
Балқаш, 1991 ж.*



*ГДР жастарымен болған кездесу. Берлин, 1972 ж.*



*Молдавияда өткен Бүкілодақтық балалар  
әдебиетінің күндері, 1978 ж.*

## Қамқор болған әкедей

Сырағанды есіме алғанда сонау бала күнім көз алдыма келеді. Әкем Рахметолла ел көріп, жер танып, орысша білсін деп мені төртінші кластан бастап Алматыға оқуға жіберді. Астанада Әсет ағайдың қолында болдым. Ол ағай – корнекті тіл маманы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әсет Болғанбаев.

Алматы қаласындағы №12 мектептің жетінші класында оқып жүргенімде Дүйсен деген баламен ойнап-күліп, сабақты бірге өзірлеп, достасып кеттім.

Бір күні Дүйсен:

– Ертең кітап дүкенінде ақын-жазушылармен кездесу болады. Соған барайық. Менің әкем де өлең оқиды. - деді.

Дүйсеннің әкесінің ақын екенін сонда білдім. Шешен-билердің, ақын-жыраулардың тапқыр сөздері мен өлең-толғауларын әкем Рахметолланың аузынан жастай тыңдап өскен маған тірі ақынды көріп, өз аузынан жырын тыңдау ерекше бақыттау көрінді.

Бұрынғы Гоголь мен М.Горькийдің аралығы. К.Маркс көшесінің бойындағы (қазіргі “Отырар” қонақ үйінің қасы) кітап дүкеніне келдік. Қарақұрым халықтың ортасынан Дүйсен екеуіміз сығылыса ішке енгенімізде сатушылардың орнында қаздай тізіліп тұрған ақын-жазушыларды көріп қайран қалдым. Олар қолдарына кітабын алып, өлеңдерін оқыды. Халық солай қарай толқиды. Ұйып тыңдайды.

Бір кезде ерекше зор үнді, өлең ырғағын бөліп-бөліп нығырлап айтып, түйіп тастайтын ақынды жұртшылық:

– Маяковскийден аумайды. Дауысы да зор-ау, шіркін! – деп тамсанып жатты.

– Бұл – Тайыр Жароков деген ақын. Сол кісінің әр жағында тұрған менің әкем Сырбай, - деп сыбырлады Дүйсен.

Сыраған өлеңін біз барғанша оқып, оқырмандарға қолтаңба беріп жатыр екен. Ығы-жығы халықтың арасынан өтіп қасына бара алмадық.

Сол жолы қазақтың майталман ақын-жазушылары Сәбит Мұқанов, Ғали Орманов, Жұмағали Саин, Тайыр Жароков, Жұбан



Моллағалиев. Сырбай Мәуленов ермен дидарластым. Олең оқығандарын да өз құлағыммен естідім.

Тағы бірде Дүйсен:

– Бүгін сабаққа бірге әзірленейік, - деп мені үйіме шақырды.

Бұған қатты қуандым. Сабақ әзірлеп болғаннан кейін Гүлжамал шешей бізге ас үйден ауқат берді. Шай ішіп отырған кезде төргі бөлмеден Сырағанның гүрлдеген, өлең оқыған дауысы естілді. Маған әсер еткені сондай, үнсіз тыңдап отырып қалдым.

Сыраған үйінен ерекше сезіммен шықтым. Жол бойы: “Шіркін, мен де Сырағандай ақын болсам гой” деген тәтті арман тұла бойымды шырмап алды. Осыдан былай қарай Сырағанның әр жырын қалт жібермей оқитын болдым.

Ол кезде ақынмын деп айтуға ұялатынбыз. Сырағандар күндай-дай көрінетін. Сондықтан ол кісінің алдына батып өлең оқуға батылымыз бармайтын. Әрі жазғанымызды көрсетуге де жүрексінетінбіз.

Студент кезімде өлеңдерім бірнеше рет “Жұлдыз” журналына басылды. Бұған сол кездегі поэзия бөлімінің меңгерушісі Қайнекей Жармағанбетов тікелей ықпал жасады. Бірде Қайнекей ағай Қарқаралы, Ақтоғай, Балқаш, туған жер жайлы жазған бір топ өлеңдерімді дайындап Сырағана ұсыныпты.

– Сол баланың өзін шақыршы, - деген соң Сырағана Қайнекей ағай ертіп кірді. Қасында Сансызбай Сарғасқасев бар екен.

– Сен бала менің Дүйсеніммен бірге оқын едің. Ақын екенсің гой. Таяуда мың Қайнекей екеуіміз қонақта болғанда Мүсілім Ермеков “Менің Жеңіс деген жиенім де ақын” деп сөз арасында айтты. Мүсілім саған нағашы болса, онда Қасым Аманжолов та нағашың. Жиеннің жақсысы нағашысына тартып туады деген. Ақтоғайды Қарқаралыдан бөлмеу керек. Мына топтама жырларыңды “Қарқаралы басында жалғыз арша” деген тақырыппен басамыз. Сен де жақсының тұяғы екенсің, - деп мені жылы шыраймен шығарып салды.

Шыны керек, әуелгіде өлеңдерімді ұнатпай шақырғанға жорыдым. Ал мынадай әкелік қамқорлығына тіпті риза болып қайттым.

\* \* \*

Ақын Жаппар Омірбековтің 50 жылдық торқалы тойында Сыраған асаба болды. Жұртты әзіл-қалжыңға қарық қылды. Та-

бан астында суырып салған тапқыр сөздері таудан аққан бұлақтай тоғіліп жатты.

Бір кезде жұрт үзіліске шыққанда басына тақия киген Сәбеннің қасына келіп:

– Сәбе, көптен бері сізге іні болып келемін. тақияңызды ұнағып тұрмын, - деді еркелей.

– Ой, Сырбай. Ұнатқаның осы болса кие ғой, - деп тақиясын Сырағана ұсынды.

– Аға деген осылайша дарқандық танытса керек қой! – деп сол бойда басына киіп алды.

Аға мен інінің осындай жарасымды ұттипаты мені еріксіз озіне гөнті етті. Кейін:

*Думанда доспен бірге шаттанатын,  
Іштегі барлық сырды ақтаратын.  
Жиналған ақ тілеумен игі жақсы,  
Мүшелді тойы еді Жаппар ақын.*

*Мәз болып өткен өмір, қызық іске,  
Тосты айтып отырса да күліп іште.  
Сырбай былай деді өзілменен.  
Сөбеңдер шыққан кезде үзіліске.*

– Коңілдің жырмен ашып бұлақтарын,  
Іні боп қасыңызда шуақтадым.  
“Ұлы сөз ұят емес” деген бар ғой,  
Тақия бойыңыздан ұнатқаным.

*Көргенде кең пейілін ағалардын,  
Қалайша мінезіне таға алар мін.  
Қарлыққан дауысымен Сөбең жайлап:  
– Ки, - деді, - осы болса қалағаның!*

*Артығы жоқ еркелік, батылдықтың,  
Сыйласа дәстүрі бұл жақындықтың.  
Көзіме елестейді сол тақия,  
Ғажайып белгісіндей ақындықтың.*

Сыраған әкемдей, Гүлжамал інешемдей болды дейтін себебім, мені Дүйсенмен бірдей көрді. Бірде Мәскеуге жазушылар съезіне барып келген соң Гүлжамал шешей:

– Жедісжан, үйге келіп кетші, - деп телефон соқты.

Мені Сырағаң екеуі күшак жая қарсы алды. Сырағаң жиынның қалай өткені жайлы әңгімесін айтып, шай ішіп болған соң:

– Жәнісжан, Дүйсен екеуіңе бір-бір галетук, келіндерге үнді орамалын ескерткішке ала келдім. Азсынбай қабыл ал, - деп Гүлжамал шешей сыйлықты ұсынғанда бір түрлі қысылып қалдым.

– Сен әрі ақынсың ғой. Қаламың жүйрік болсын. Мынау менен сый, -деп Сырағаң арнайы өкелген қаламсапты сыйлап, қолымды қысты.

Мұндай көпшеметті күтпеген менің көңілім өсіп-ақ қалды.

Сонау жылдары Сырағаң қатты ауырып артынан төсектен басын көтергенде, өзіне тән шабытпен бұрқыратып көп жазды. Қазақ радиосында қызмет жасайтын мені үйіне шақырып, мақала, өлеңдерін радио арқылы беруімді өтінетін.

– Сыраға, өзіңіз оқып беріңіз, - деймін қолқа салып.

– Жәнісжан-ау, Әнуарбек Байжанбаев пен Мырзабек Қуатбеков екеуінің біреуіне оқыта салсаңшы, - дейтін қашақтап.

– Жоқ, Сыраға. Халқыңыз сіздің гүрлдеген үніңізді сағынып қалды. Ояңіз оқуыңыз керек, - деп мен де бой бермейтінмін.

Бірде радиоға келгенде:

– Мына Әнуарбек Байжанбаев ұлы адам. Осы кәсімен суретке түсейікші, - деп қолқа салған соң, диктор Мәмбет Сержанов 1981 жылы фотоға түсірді. Менде ол сурет жоқ. Бірақ Сырағаң екеуіміз түскен сурет өлі сақтаулы.

Сондай-ақ маған сыйға тартқан екі томдық өлеңдер жинағы құнды қазынадай кітап сөрелерінің жоғары жағынан орын алған. Ондағы:

*Ардақты Жәніс ұлыма,  
Қанықпын сенің жырыңа.  
Радиодан саңқылап,  
Шыға бер өлең шыңына, -*

25.IV.1980 жыл, - деп жазған дүлдүл ақынның қолтаңбасы Сырағаңнан қалған ескерткіш белгідей көзіме оттай басылады.

Сырағаңның өзінен айырылу орны толмас қаза болса, сүйікті ұлы Дүйсені мен немересі Алматтан айырылу артында қалған Гүлжамал шешей мен немересі, үрім-бұтақтарына, жолдас-жораларына ауыр соққы болып тиді. Бірақ, “Орнында бар оңатар” дегендей, артында қалған ұрпақтары оларды жоқтатпайды. Сырағаң да бізбен мәңгі бірге. Ойткені:

*Бала күннен ұнады,  
Дүлділермен жарысы.  
Құлағымды түр әлі,  
Гүрлдеген дауысы.*

*Олеңі сел тасқындай.  
Шыннан құзға құлаған.  
Бәрімізді жатсынбай,  
Жақсы көрді Сырағаң.*

*Дүйсенімен бірге оқып,  
Білім нәріп алғанмын.  
Қатар жүріп жыр оқып,  
Мен де алаулап жанғанмын.*

*Арындап жыр-пырағы,  
Жүр даламда арқырап.  
Сенбес жаққан шырағы,  
Жұлдыздайын жарқырап, - дегім келеді.*

*1983.*

## “Сахна — менің өмірім”

М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының ең байырғы әртістерінің бірі Камал Қармысовпен әңгімелесіп отырмын. Орта бойлы, талдырмаш келген аққұба оңді, шашы күмістей аппақ, көбіне күле сойлейтін, қимылы әлі ширақ әртістен театрға қалай келгені жайлы сұрадым. Бір сәт терең ойға кетіп, бойын жинақтап алды да, әңгімені әріден бастады.

— Мен 1929 жылы 6 класс бітіріп, осы күнгі №12 мектеп, бұрын үлгілі 9 жылдық мектебі болды. Соның 6 класын бітіргеннен кейін 7-ші класс ашылмағандықтан оқуымды жалғастыра алмадым. Ағайым Байсал мені Ташкентке оқуға жіберді. Төрт айлық дайындық курсына бітіріп, экономика факультетінің бірінші курсына түсіп, - деп өткен өмір жолын күні бүгінгідей көз алдына елестетіп, әңгімесін әр қарай сабақтады.

Сол жерде оқып жатқан кезінде, ол комсомол мүшесі екен. Бүркітбаев деген крайком комсомолдың хатшысы телеграмма жолдапты, “Қармысовты Алматыға тез жіберіңдер”, - деп.

Не үшін, неге шақырғанын білмейді. Камалды он күнге оқуынан босатады. Келген бетте Бүркітбаевқа кіреді.

— Театрға адам жетіспейді. Әйелдердің рөлін еркектер ойнайды. Сондықтан театрға келуіңе тура келеді. Сенің жастайыңнан әртіс болуға икемің бар екен. Соны бізге Жұмат Шанин, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұловтар хабарлады, - дейді бірден.

— Менің оқуым керек қой, - деп Камал күмілжиді.

— Жоқ, сен оқуды қой. Сен әртіс болуың керек. Әртістікке икемің бар. Жұрттың бәрі солай айтып жатыр, - деп хатшы созын нығырлай түседі.

Бұның себебі, 1927 жылы осы күнгі Қазақконцерттің үйінде драма үйірмесі болған көрінеді. Сонда Күләш Байсейітова, Әнуарбек Үмбетбаев, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Сейфолла Телғараевтармен бірге Камал да сол үйірмеге қатысып жүреді. Хатшының жаңағы сөзінің тәркіні осы екен.

— Менің оқуым керек, - деп Камал да бір бетінен қайтпайды.

— Жоқ, оның болмайды, - деп Бүркітбаев та отырып алады.

Осы жағдайды ағайына барып айтқанда:

– Сен окисың. Ешқандай театрға бармайсың, - деп ол да конбейді.

– Онда Бүркітбаевқа айтыңыз, - дейді бала Камал.

Ертесіне Бүркітбаевқа екеуі келеді.

– Менің інім театрға бармайды. Оқуын оқиды. - деген ағасының сөзіне хатшы қабақ түйіп:

– Олай болса, комсомолдық билетті стол үстіне қойсын-дағы, оқи берсін, - деп қатқыл үн қатады.

Комсомолдық билетті столдың үстіне қою, қолдағының бөрінен айрылып, далада қалу екенін жақсы түсінген ағасы:

– Жарайды. онда өзі білсін, - дейді жай ғана.

– Ә, олай болса, Ридерге жібереміз сен баланы. Сонда жұмысшы театрын ұйымдастырады бұл жігіт, - дейді де хатшы өлі буыны бекімеген Камалды екі күннен кейін Оскменнің Ридеріне аттандырады.

Сол жерде он шақты адам театр құру жұмысымен айналысады. Оған жұмысшы жастар, қыз-келіншектер қатысады. Артынша Камалды театрға шақырып алдырады. 1931 жылы 1 октябрьден бастап Көмекең театрға кіреді.

К.Қармысовтың театрдағы тұңғыш ойнаған ролі Қанабек Байсейітов пен Жұмат Шаниннің інісі Атығай Шаниннің “Қанды азап” деген спектакліндегі ұрының рөлі.

Бір ауыз сөз жоқ. Есіктен кіреді-дағы, терезеден шығып кетеді. Осы рөлден кейін Б.Майлиннің “Талтаңбайдың төртібі” пьесасында есепші Сүндет дегенді ойнайды. Содан қанаты қатайып, талабы ұшталып өрі қарай кете береді. М.Әуезовтің “Түнгі сарынында” Нұрханның ролі тиеді. Осы Нұрханның ролінен кейін Камалға үлкен сенім артып, басты-басты негізгі рөлдерді бере бастайды.

1936 жылы Москвада өткен онкүндіктен қайтып келгеннен кейін Камалға “Ревизордағы” Хлестаковтың ролі тиеді. Бұл классикалық шығармадан бірінші ойнаған ролі. Алғашқыда қиын соғады. Ойткені бұл спектакльді бұрындары көзімен көрмеген болағын. Дуанбасының ролін Қалибек Қуанышбасов ойнайды. Екеуі күнімен, түнімен бірге дайындалады. Ленинградтан келген Бобрь деген режиссер “осы рөл саған лайықты” деп 24 жастағы Камалға ұсынған соң, қылшылдап тұрған жас жігіт көне кетеді.

“Ревизорда”: “Мынау 23-24 жастағы сұңқылдаған бір пәле. Осыдан құтылайық, не сұраса соны береік” деген сөз бар. Ойнайтын роліндегі жігіттің өзімен жақсы екенін білген соң Камал

күлшына кіріседі. Огірікті соғатын жерінде әртіс шындай айтып жібереді.

Спектакльді көрген М.Әуезов: “Осы рөлді сенің ойнағаның жөн. Саған лайық рөл екен”, – дейді. Өйткені, бұл рөлді Шәкен Айманов екеуі ойнаулары керек екен. Дуанбасының: “Тырнағымен басып қалсаң, қылжиып қалатын неменің шіңкілдеуін қарашы” деген сөз бар. Соны есіне алып Мұқан: “Әй, Шәкен, сені тырнақпен басуға болмайды екен. Сен ірісің. Бұл рөл Камалға келіп тұр ғой”, - деп осы рөлді Камалға алып береді.

Осыдан кейін К.Қармысов жұрт аузына іліне бастайды. Кейін Шекспирдің “Отеллосындағы” Ягоны ойнауды ұсынады. Шет елдің пьесасын ойнағанда әр әртіс сол елдің дәстүрімен, ұлттық ерекшелігімен байланыстыра ойнауға тырысады. Камал да Ягоны ойнағанда Отеллоға сондай берліген адам деп, өз де солай ұғынып, солай ойнағысы келеді. Отеллоға оның ешқандай жаманшылығы болмаса да, Отеллоны жек көретінін соншалықты сәтті шығарған. Спектакльде К.Бадыровтың Камалды көтеріп алып:

- Оңбаған әйелімнің сүмдығына көзімді жеткіз, өйтпесе, адам болып туғанша, ит болып неге тудым, - деген сөзі бар.

Камалды жоғары көтеріп алған кезінде:

- Олтір иттің баласын. Олтір. Күрт тұқымын, күрт, - деп айқай салады, көріп отырғандар.

Залдағы көріп отырғандардың осы айқайынан кейін әртістің қорермендер жүрегіне жол тапқанын айқын аңғаруға болады.

Соғыс жылдары Төлген Токтаровты, Шекспирдің “Асауға түсеуында” Транисыны ойнайды. Әсіресе Камалға ұнайтыны Мадердің Гарфогені. Гарфоген дегеніңіз нағыз Шықбермес Шығайбай. Гарфоген үй ішінен де, баласынан да ақша жасыратын қорқау адамның образы.

Әңгімеміздің орта тұсында К.Қармысовқа мына бір жайды есіне сала кеттім.

- Кәке, мен студент кезімде сіздің Ш.Аймановпен бірге ойнаған рөліңізді көргенім бар. Сонда сіз сол рөлге соншалықты беріліп ойнадыңыз. Мына творчество адамының арасында кей кездері шабыттың өзі де келе бермейді ғой. Сол Яго рөліне соншалықты берілгеніңізге тан қалдым.

- “Отеллоны” Ш.Айманов, - деді Камал - аға, - Қ.Бадыровтан кейін ойнады. Содан кейін маған тағы да Яго рөлі қайтадан тиді. Шәкеннің ерекше дарыны – адамды бірден өзіне тартып әкететін. Қандай рөлде ойнасын ол магниттей өзіне тартып тұра-

тын. Мысалы, М.Горькийдің “Шыңырау түбіндегі” пьесасындағы Сатиннің рөлін алайық. Сол пьесада мен Баронды ойнадым. Сонда Шәкен өз рөлімен мені еліктіріп алып кететін. Шәкен Отеллоны, мен Ягоны ойнағанда мен соншалықты беріліп ойнадым. Сол ролдегі жетіспей жатқан нәрселерді Шәкеннің түсында жеткізуге тура келді.

- Камал-аға, өзіміздің қазақ ақын-жазушыларының шығармалары ішінен қай ролді ойнадыңыз? – деп сұрадым.

- Мен Ф.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш-Баян сұлуында” ең алдымен Қозыны ойнадым. Қозыны 1949-1952 жыл аралығында, тура 10 жыл ойнаппын. 1953 жылы “Қозы Көрпеш-Баян сұлуды” киноға түсірді. Сонда мен Жантықтың рөлін ойнадым. Осыдан кейін үй-іштерім мені жек көрді. “Қозы сияқты таза ролден Жантық сияқты жағымсыз рөлге барған деген не сұмдық” - деп бәрі теріс қарады. Кейіннен киноны көріп: “Біздікі дұрыс емес екен. Біз әуелгіде түсінбеппіз” - деп қателерін мойындады. Бұл бір.

Екінші, С.Мұқановтың “Шоқан Уәлихановында” Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың рөлін ойнадым. Ең ірі ойнаған ролім Ә.Әбішевтің “Күншілдік” пьесасында Келима. Ол бригаданың бастығы, бірақ сондай қу, сұм адам. Одан кейін Ә.Тәжібаевтың “Майрасында” Дүрбітті ойнадым. Сол Дүрбіт маған ерекше әсер еткен рол болды. Ә.Тәжібаев: “Майра” пьесасындағы Дүрбіттің рөлін ойнаған К.Қармысовқа алғысымды айтамын” – деп естеліктерінде жазған болатын.

- Кәке, мына жағымсыз ролді ойнаған өртісті адамдар жек көріп кетеді деп жаңа өзіңіз айттыңыз. Сол жағымсыз ролді өзіңіз қалап аласыз ба, әлде соларды ойнау табиғатыңызға тән нәрсе ме?

- Қандай режиссер болсын ролді болген кезде: “Бұл қандай өртіс еді. Қай ролді ойнағаны жөн болар екен?” - деп өздері ақылдасады. Содан кейін барып өртістің өзіне лайықты-ау деген ролді береді. Кейде маған жағымсыз рол де тийіп жүрді.

Ал мына Т.Төқтаров менің ойнауыма лайық ролдей болды. Осындай жағымды ролден кейін Жантықты ойнау өртіне қиындау. Мен комедиялық ролдерге де көбірек бардым. Оған баруыма себеп болған режиссер.

Жағымсыз ролді ойнаған кезде көпшіліктің ішінде неше түрлі адамдар кездеседі. Олардың арасында жағымдысы болады, жағымсызы болады. Ал енді осы жағымсыз ролді ойнаудың өзі актеріне сондай ганибет.



- Көке, сіз қазақ драма театры құрылғаннан бері істеп келесіз. Бұрын үлкен адамдармен бірге жұмыс жасадыңыз. Сонда сіз кімдерден тәрбие, үлгі-өнеге алдыңыз? — деп әңгіме желісін басқа жаққа бұрлым.

— Мен алдымен Қалибек Қуанышбаевты айтар едім. Ол кісі бізге бір жағы ата, бір жағынан аға болды ол кезде. Одан кейін С.Қожамқұлов, Е.Омрзақов, Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, М.Ержанов, Ә.Қашаубаев, И.Байзақовтардың бәрінен үйрендім.

Ал, енді менің әріптестерім, өзімнің жолдастарым Ш.Айманов, Ж.Оғызбаев, С.Майқанова, С.Телғараев, осылардың бәрі жаңағы жоғарыдағы мен айтқан адамдардан үйренген еді. Онда бізді екінші буындар дейтін. Қазір енді бірінші буынға айналып кетіпміз, деді өзінің де ұстаздық дәрежеге жеткенің мақтанышымен есіне алып.

— Көке, сіз бұрынғы алғашқы буын әртістермен бір болдыңыз. Қазір театрдың ақсақалысыз. Кейінгі жастарға қандай үлгі көрсетіп, тәрбие беріп жүресіз?

— Менің ең алдымен айтарым, жастар қаулап өсіп келе жатыр. Мына А.Әшімовті, Ә.Молдабековты, С.Оразбаевты, Т.Тасыбекovanаны, Н.Мышбаеваны, Т.Жаманқұловты, Қ.Сұлтанбаевтарды алыңыз, бұлардың бәрі болашағынан зор үміт күттіретін дарындар. Олардан кейін келе жатқан көптеген жастар бар. Сол жастардың бәріне театрда жақсылап қызмет істеп, өзіңді көрсет, еріншек болма, еңбектен дейміз. Сахнада кімді ойнап жүрсін, сол болып ойнауың керек. Сонда ғана жұрт саған сенеді. Жақсылап өз үніңді көрерменге жеткізуің керек. Сонда ғана көрермен ынтыға тындайтын болады, — деді актер өз кезегінде.

— Көке, қазір театр саласында бүгінгі замандас, өткен өмірді көрсетуге байланысты әр түрлі ойлар айтылып жүр. Осыны әртіс ретінде қалай түсінесіз? Осылардың айырмашылығы бар ма?

— Бүгін бұрынғы жазылған шығармаларға басқаша қозғаралпен қарап, сахнаға шығарамыз. Ойткені, бүгінгі жұрт үлкен білімді, парасатты жандар. Олар бұрынғыдай емес. Сондықтан, әрине үлкен айырмашылығы бар. Қазір сахнаға қалай болса, солай шыға алмасың. Бұрынғы “Ендік-Кебекті”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлуды”, “Амангелдіні” бұрынғыдай көрсетсеңіз, жұрт онша қабылдай қоймайды. Қазір басқаша құрып, басқаша ойнау керек. Ә.Мәмбетов қазір солардың бәрін өңдеп, басқаша құрып жұмыс істеп жатыр. Әзірбайжанның бұл жердегі еңбегі зор.

— Көке ұстазсыз шәкірт тәрбиеленбейді ғой. Өзіңіз кімдерге жетекшілік етесіз?

– Чапай Зұлқашев деген шәкіртім бар. Ол жақсы актер болды. Осы күні Гурьев театрының бас режиссеры. Одан кейін Таңат Жайлыбеков. Ол менің жолдасым Сейфолла Телғарасевтың нағыз көшірмесі. Жайсаңбаев Есболған, Тілектес Мейрамов деген жігіттеріміз бар.

– Көке, өнер жолын қуған соң баласы, інісі, туған-туысқандары да сол адамның жолын қуаты екен. Мысалы, шет ел мен орыс әдебиетін алып қарасаңыз, сондай дәстүр бар. Сіздің бала-шағаларыңыз бар. Туған-туыстарыңыз бар. Солардың ішінде сіздің жолыңызды қуғандар бар ма?

– Менің бес балам бар. Ең үлкені Венера, екіншісі - Мэри, үшіншісі - Арман, төртіншісі - Арыстан, бесіншісі - Ақбөпе. Солардың ішінде үшеуі менің жолымды қуыпты, Венера Қазақстанның еңбек сіңірген артисткасы, өнші. Екінші - Мэри шет елдер институтында сабақ береді. Үшіншісі - Арман дене шынықтыру институтын бітіріп, сол институтта сабақ береді. Төртінші - Арыстан Тимур Мыңбаевтың оркестрінде, бесіншісі-Ақбөпе симфония оркестрінде скрипкада ойнайды. Москвадағы Чайковский атындағы консерваторияны, кейін аспирантураны бітірді. Қазір әрі скрипкада ойнайды, әрі оқытушылық қызмет атқарады.

Мінеки, көріп отырсың, үш балам менің жолымды қуған. Бәрі де менің жолымды қуғысы келді. Бірақ, басқаларың басқа мамандықты таңдағандар дедім. Олар бұл ақылыма көнді.

– Көке, өнерді қуған қазіргі жастар өздерінің бойларына біткен дарынымен келе ме? Әлде өртістікті оңай көріп келе ме? – деген сұрағыма жулып алғандай:

– Өнерді сүйіп келу керек. Ойтпесе болмайды. Дарындыны, талабы барды біз бірден танимыз ғой. Ондай таланттарды оқуға аламыз.

Мысалы бізде екі жылдық актерлер өзірлейтін театрымыздың жанында курс бар. Жазда сол курс ашылғанда көп адам келді. Бірақ солардың ішінен де таңдап аламыз. Кейбіреуі актер болуға үйлесімсіз. Басқа институтқа түсе алмағандықтан бізге келетін болулары керек. Негінен актер болуға икемі бар жастар келеді. Қазір бірнешеуі оқып жатыр. Біразы биыл бітіреді.

– Көкс, алғаш театр ашылғанда өзіңіз сияқты, Қаллекей, Иса сияқты дарынды адамдар келді ғой. Олардың бәрі сан қырлы таланттар еді ғой. Әрі өнші, әрі күйші, әрі термеші, әрі биші. Сіздің театрға келгенде солар сияқты басқа да талантыңыз болған шығар, – деп тағы да бір сырды білгім келді.

– Менің 1936 жылға дейін ән айтқаным бар. Оғанға дейін дауысым болды. Одан кейін дауысты жоғалтып алдым. Содан театрға біржола ауыстым. Ойткені, радиоға 1932-33 жылдары Қанабек, Құрманбек, Манарбек, төртінші мені, Камалбекті қосып алатын. Менің атым Камал ғана, ана үшеуі ұйқастырып “бекті” қосып, Камалбек дейтін. Бәріміз қосылып радиодан ән айтатынбыз.

Одан кейін театрда бір әктілі пьесаны ойнап, артынан концерт беретінбіз. Сол концертте Күләш, Қанабек, Құрманбек, бәріміз кәдімгідей ән айтатынбыз. Иса мен Әміре болса болмаса. Егер сыртқа шықсақ та, бір әктілі пьесадан кейін, артынан концерт қоятынбыз. 1934 жылы біздерді екіге болді. Онера құрды. Оған Күләш, Құрманбек, Қанабек, Манарбектер кетті де, драмтеатрда біздер қала бердік.

“Асауға түсауда” Грациноны ойнаған кезімде, алпыс жасымда сальто жасадым. Бұдан он жыл бұрын. Біреулер:

– Алпыс жасында бұл қалай сальто жасайды, мүмкін емес, - деп сенімсіздік танытты.

– Дұрыстап біраз күн жаттықтым. Кейіннен спектакльде көрсеттім, - дедім оларға.

– Одан кейін Сәфидің “Башмағымында” Фафе деген шалдың ролін ойнадым. Онда да билеп, жаңағындай секіретін жер бар. Соны істедім, - дейді әлі де тұғырынан таймаған қырандай қомданып.

Қазақстанның халық әртісі, елдің зор қошемет-құрметіне ие болған Камал Қармысовқа 70 жасқа толуына орай “Халықтар достығы” орденін берді. Бұл тарлан актердің қажырлы еңбегінің жемісі. Мұндай зор құрметке Көмекең толық лайықты тұлға. Сол салтанатты кеште актер тебірене сөйледі:

– Мен бүгін өз өмірімнің ең бір бақытты, ең бір қуанышты сәтін бастан кешіріп тұрмын. Жер бетіне келгеннен бергі 70 жылдың 50 жылын осы шаңырақтың астында өткізген екем. Соның босқа өтпегеніне қуанып тұрмын.

Бүгін осы арада менің атыма айтылған жылы сөз, берілген баға, ыстық көңілдің бәрін ең алдымен өзімнің құтты ұям – Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының ұжымына көрсетілген құрмет деп ұғамын. Ойткені, мен бұл босағаға ешкімге таныс емес бала жігіт болып келіп едім. Енді міне, өдеріңіздей қадірлі қауымның көңілінен шығып, қошемет көрсейді ардақты азамат атаныпшын. Соның бәрине осы шаңырақтың

сахнасына аттаған әрбір өнерпаздың, есігінен аттаған әрбір көрерменнің қосқан олшеусіз зор үлесі бар деп білемін.

Бүгінгідей күні аяулы ұстаздарым – Жұмат Шанинді, Мұхтар Әуезовті, Калибек Қуанышбаевты, Серке Қожамқұловты, Елубай Өмірзақовты, Құрманбек Жандарбековті, Қанабек Байсейітовті, әріптес достарым – Күләш Байсейітованы, Шәкен Аймановты, Манарбек Ержановты, Рахия Қойшыбаеваны, Сейфолла Телғараевты тебірене еске аламын. Мен олардың бәріне қызығып, онегесін үйреніп өскен адаммын. Бұл арада қазақ сахнасының қазіргі майталмандары – Қапан, Сәбира, Хадишалар бастаған, Шақан, Бикен, Мүлік, Шоқпан, Ыдырыстар қостаған аға буынына, бүгінде күллі сахнаның іргелі таланттарының санатына қосылып отырған Әзірбайжан, Фарид, Асанәлі, Әнуарларға ілесіп, жайқалып өсіп келе жатқан жас буындарға шексіз сүйіспеншілігім мен шипалы алғысымды айтпай өте алмаймын. Солармен бірге сахнаға шығып, солармен бірге өнер көрсеткен күндерім мен сағаттарым – өмірімнің ең бір мағыналы, ең бір мазмұнды сәттері деп түсінемін. Өйткені, аттары өлгіңде айтылған, аталмаған жүздеген сахна қайраткерлерінің талмас еңбегі, қажымас жігеріңіз ұлттық өнеріміз қазіргі шырқау биігіне жетпес еді.

Менен біреу ең зор мақсатыңыз не деп сұраса: “Бүгінгі таңда қазақ театр өнерінің шарықтап, самғап өскенін көргенім!” – дер едім. Менен біреу ең басты тілегіңіз не деп сұраса: “Жайқалып жақсы жетілген туған өнеріміз осы бағытынан аумай, осы қарқынынан танбай жаңа биіктерге жете берсін!” – дер едім.

Әңгімеміздің соңында:

– Көке, өнер деген жасқа қарамайды ғой. Сіз жетпіске келсеңіз-дағы әлі қылшылдаған жас жігіт сияқтысыз. Сіз әлі де актерлерді тәрбиелейсіз. Алдағы творчестволық жоспарыңыз жайлы айта кетсеңіз, - дедім.

– Мен жетпіске келдім, дегенмен бұдан кейін сахнаға шыға қоймаспын деген ойдан аулақпын. Қажыр-қайратым жеткенше ұстаздық етіп, театрда әлі де болса ойнаймын, - деді көзінен от ұшқыны байқалып.

– Көке, әңгіменізге көп рахмет. Зор творчестволық табыс тілеймін! – деп актердің өмірі мен өртістік жолының басты-басты сәталарын біліп танысқаным мен де қуанып қалдым.

1982.

## Соқпақты да сонарлы жол

Сұңғақтау, талдырмаш келген, алғашқыда сұстылау көрінетін Серік Қирабаевпен жақын танысып, әңгімелескенінде ол кісінің мүлде басқа адам екеніне көзің толық жетеді. Небір мәселелер төңірегінде сөз қозғала қалса, Секең өз ойын ойланып барып, салмақты да сабырлы сабақтайды. Тыңдаушысын білімдарлығымен баурап алады.

Қазақ радиосында қызметте жүргенімде бірде Секеңнің үйіне интервью алуға барғаным бар. Есікті өзі ашты да кабинетіне кіргізді.

— Қазір мына күйді тыңдап болған соң келген шаруаңды тыңдырамын, - деді де магнитофонын қосты.

Қобызда ойналған “Жез киік” күйі аяқталған соң:

— Кейде халық өндері мен күйлерін тыңдап отыратын өдетім бар. Жұмыстан шаршаңқырап келгенінде жаныңды жадыратып, қоңылдәі көтеріп жібереді. Бір сергіп қаласың, - деп өзінің жақсы он-күйді магнитофонға жазып алып, аңсары ауганда тыңдап отыратынын ескертті.

Секеңді жас кезінен жақсы білетін қазақтың ақсақал жазушысы Ғабиден Мұстафиннің:

— Менің көзіме екі Серік елестейді. Бірі — сонау өткен уақытта санына садақ ілгендей арық, ұзынша, сұрша жасөспірім жігіт те, екіншісі - қаны да, еті де толған, көркі де келісті. бөрінен бұрын ішкі сарайы толыққан Серік елестейді. - деген сөзі әлі есімде.

Ғ.Мұстафиннің бұл пікірінің жаны бар. Шынында С.Қирабаев алдымен ғалым. Бұл үлкен ұғым. Оған екінші бірі жете бермейді. Шын ғалымдық жатпай-тұрмай, талмай ізденуді, бойындағы білімін молайтуды тілейді. Ғалым да жер қойнынан кен іздеген барлаушы сияқты. Іздегені табылса қуанып, марқайып қалады. Нағыз ғалым жеттім, білдім деп тоқырамайды. Қайта көкке өрлеген қырандай биіктен көрінеді. Соның бір дәлелі — С.Қирабаевқа өткен жылы Абай шығармашылық мұрасын басып шығару және зерттеу жұмыстары үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Секең тек ғалым ғана емес, жас буынға торбие мен білім беріп көкірегін оятушы ұлағатты ұстаз. Бұл еш уақытта ошпейтін мәуелі ағаштың жемісі сияқты ылғи өсіп оне беретін құнарлы еңбек. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында қызмет атқарған жылдарды сіңірген еңбегі де ұшан теңіз.

— Серіктің маған ұнайтын өзгеше мінезі — өзін ұстай білуі. Бұл жағынан коллектив ішінде, өз ортасында Серік қадірлі кісі. Біздің бірсыпыра жігіттеріміз, тіпті атағы бар лауазымды адамдарымыз осы жағына келгенде көзге түсіп қалып, аяқтарын шалыс басып жүреді. Адамға білімді де, талантты да болуға болар. Бірақ ана сүтімен біткен адамдық қасиеттен ырылмау керек. Осы тұрғыда Серік өте таза келе жатқан жан. Оның үлгі бөләрлік ісімен, байсалды мінезімен жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленгені ұнайды, — деп осыдан ширек ғасыр бұрын ғалымға лайықты өз бағасын берген болатын Ғабиден Мұстафин.

Жоғарыда айтқанымыздай Серік Қирабаев алдымен ғалым. Оның ең алғашқы ғылыми еңбегі Спандияр Көбеевтің өмірі мен творчествосы туралы жазған монографиясы. Осы еңбегінің негізінде 1957 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Спандияр Көбеевтің Қазақстанда жоқ кейбір туындыларын ғалым Қазан кітапханасынан көшіріп әкеліп, бір томдық кітабын жарыққа шығарды.

Кітап негізінен үш тараудан тұрады. Бірінші тарау — С.Көбеевтің өмір жолы мен оның әлеуметтік көз қарасын баяндауға арналады. Бұл тарауда жазушының мемуарлық кітабы “Орындалған арман” сөз болады. Қаламгер творчествосының тағы бір хронологиялық тәртібін бұза отырып, оның соңғы шығармасын алдынғы тарауда сөз етуі — кітапта С.Көбеевтің өз өмірі жөнінде көп материалдың болуына байланысты. Ойткені “Орындалған арман” жазушының өмір жолы мен творчествосының, оның әлеуметтік көзқарасының көп мәселелерін қамтиды.

Екінші тарауда С.Көбеевтің жазушылық творчествосының басталуы, Крыловтан аудармалары, “Үлгілі бала” хрестоматиясындағы әдебиеттік материалдар талданады. Бұл шығармаларында педагог-жазушы негізінен орыс әдебиетінің насихатшысы есебінде қаралады.

Кітаптың үшінші тарауы “Қалың мал” — қазақтың гүңғыш романы деп аталады. Мұнда С.Көбеевтің ең басты еңбегі — “Қалың мал” романына талдау жасалады. Романның жазылуы, сол кездегі әлеуметтік жай, оның романдағы көріністері, адам образдары, орыс әдебиетімен үйрену, шеберлік мәселелері тілге тиек етіледі.

Осы еңбегінен кейін С.Қирабаев әдеби зерттеу, сын мақалаларды көп жазып, талантының сан қырын аша түсті. Бүгінде зерделі зергер сыншы әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынның орта буынына жататын көрнекті оқилдерінің бірі. Ол Абай атындағы Қазақ педагогика институтында, әдебиет факультетінде оқып жүрген кезінде-ақ әдебиетті сүйін қана қоймай, өзінің творчестволық қабілетін жақсы сезінді. Сондықтан да болар, тыңғылықты оқып, мол білім алып, әдеби сын жұмыстарына ерте араласты.

“Тау баласы тауға қарап оседі” дегендей, бойындағы дарынына арқа тіреген талпынысы биікке көтерді. Бүгінде өз буынының алдыңғы қатарында, әдебиеттің дамуына, әдеби кадрларды дайындап тәрбиелеуге елеулі үлес қосқан ұлағатты ұстаз, қарымды қаламгер, білікті ғалым дәрежесіне жетті.

Алдындағы аға буын оқилдерінің заман талабына сай қалыптасқан игі қасиеттері! С.Қирабаевқа да жүкқан. Ол көп жылдан бері әдеби сыншылдық, журналистік, публицистік, педагогтік қырларымен қалып жұртшылыққа жақсы танылды. Сан алуан мақалалардың, оннан аса монография мен оқулықтардың авторы. Көптеген педагогтар мен ғылым кадрларын дайындаған ұстаз С.Қирабаев бүгінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, кешегі КСРО Педагогика ғылымдары академиясының мүше-корреспонденті дәрежесіне жетуі оның таудай ғалабы мен табанды еңбеккерлігінің, тегеурінді галантының айғағы.

С.Қирабаевтың еңбектерінде әдебиеттің тарихын, бүгінгі күйін жақсы білу өз алдына, оның даму процесін көз алдына ұстай отырып, заңдылығын ашуға құлаш ұрады. Серік Қирабаевтың орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазуға, қазақ әдебиеті тарихын жасауға қатысуы оның білім дәрежесінің биіктігін, педагогтік әдістемелік шеберлігінің жетіктігін аңғартады.

Секеңнің “Сәкен Сейфуллин” атты монографиясы 1962 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Соның негізінде екі жылдан кейін докторлық диссертация қорғалды. Мұнда жалынды ақын Сәкеннің жазушылық жолын жан-жақты терең зерттейді. Бұл кітабы Москвада орыс тілінде де жарық көрді.

Бүгінде қалың оқырман қауымға әдебиетші, сыншы, ғалым, педагог ретінде кеңінен танылған Серік Қирабаевқа тарлан ақынымыз Әбділда Тәжібаев:

– Серік Қирабаев жастықтан егделікке жетіпті. Қазір оған аталық та жарасады. Бірақ біздермен салыстырғанда ол өлдеқайда жас. Өлдеқайда болашағына сенімді. Қазақ әдебиетінің тарихшысы, зерттеушісі, академик, педагог, профессор, көрнекті ғалым Қирабаев бұл еңбектерімен қатар поэзияны танып, сол туралы пікір айтып келе жатқан әділ қазы-сыншы, – деп Секеннің тағы бір қырын алдымызға жайып салады.

Расында Секен поэзия туралы да бір қыдыру еңбек жазған скен. “Қазақ поэзиясының елу жылдығы”, “Қазақ балалар поэзиясы” деген көлемді мақалаларымен қоса Жамбыл, Сөкен, Лияс, Бейімбет, Сөбит, Иса, Қасым, Жұмағали, Сапарғали, Асқар, Әбділда, Ғали, Қалижан, Хамит, Сырбай, Ғафу, Жұбан, Сағи, Қадыр, Тұманбай, Жеңістер сияқты ақындардың өлең-жырларына талдау жасап, кезінде өз ой-пікірін білдірген.

Сынның да шын әділ болғанын әркім қалайды. Қай ақын, қай жазушының жаңа шығармасына жан-жақты талдау жасап, жепсіпк, кемшілігін орынды айтып берсе, сыншыға деген жұртшылық ілтипағы арта түседі. Ойткені, бүгінгі білімді, зерделі оқырман қауымды өтірік көлгірсіген немесе жазушының жетістігін бұрмалаған жалған сынмен еш алдай алмайсың.

Серік Қирабаевтың 1960 жылы “Өрлеу жолында” атты тұңғыш әдеби сын жинағы жарық көрді. Содан бері “Өнер өрісі”, “Әдебиет және дәуір талабы” деген, тағы басқа да көлемді зерттеу сын кітаптары оқырман көдесіне ұсынылды.

Мұнда автор әдебиет, тарих мәселелерін сөз етеді. Сондай-ақ М.Шолохов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Б.Бұлқышев, М.Дәулетбаев, М.Иманжанов, С.Шәріпов, Ә.Нұршайықов және тағы басқа да белгілі ақын-жазушылардың творчествосы жайлы сындарлы сын, орамды ойын ортаға салады.

С.Қирабаев ғалым, әдебиет тарихын зерттеуші ғана емес, сонымен бірге ұлағатты ұстаз дедік. Кешегі белгілі жазушылар Сөкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, ғалым-сыншылар Қажым Жұмалиев, Бейсембай Кенжебаев, Мөлік Ғабдуллин, Темірғали Нұрталин, Белгібай Шалабаевтар секілді көп жылдар педагогтік жұмыста болды.

Ғалымның ұстаздық, педагогтік еңбегіндегі орта мектепке, жоғары оқу орнына оқулық жазу жұмыстарын бір мағыналы сала десек, институтта лекция оқу, ғылыми жұмыстарға басшылық ету екінші сала. Ал Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының әдебиет институтына басшылық жасауы үшінші сала.



Секеңнің ең алғашқы мақаласы 1948 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінде ақын Жақан Сыздықовтың “Қос қыран” атты өлеңдер кітабы жайында жарық көрді. Рецензия авторы Қаз-ПИ-дің филология факультетінің екінші курс студенті болатын. Сын өнеріне икемін өзіне де, өзгеге де байқатқан осы бастапқы еңбегінен кейін ол сыншылық жолға біржола түсті. Қаламы да бірте-бірте ұшталып, откірленді.

Бір кездері көрнекті ғалым Қажым Жұмалиев жетекшілік егіп, ғылым жолына түсіріп, бағыт-бағдар көрсеткенін Секең бүгінде мақтанышпен есіне алады.

– Қажекеңнің тәлім-тәрбиесі біздерге үлгі-өнеге. Сондықтан ұстаз-педагог болған соң шәкірттердің де болатынын білесіздер. Мен филология ғылымдарының докторлары Файзолла Оразев, Омірзақ Айтбаев сияқты көптеген шәкірттеріміздің жетістіктеріне қуанамын. Ұстазға одан үлкен бақыт бола ма, - дейді әңгіме арасында.

Әдебиеттегі алғашқы қаламын сүрінбей бастауына қолғабысын тигізген ағаға жас ақын-жазушы өмір бойы борышты. Ойткені, тырнақалды дүниесінің жарыққа шығып, қалың оқырманға тарауы шабыттандыра түседі. Сондықтан да ондай қамқор ағасын жас әдебиетші мәңгі есінде сақтайды.

Серік Қирабаев “Социалистік Қазақстан” газетінің әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі болған тұста, жаңа өлең жазып жүрген Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Еркеш Ибраһим, Шәміл Мұхамеджановтарға ылыми көмек көрсетіп отырған. Олардың өлеңдері газет бетінде үзбей жариялануына, қалың оқырманға жол табуына ықпал жасаған.

*Сапармен қайда барсаң да,*

*Алдыңнан шығар түлегің.*

*Аяулы ұстаз, қашанда,*

*Адал-ау сенің тілегің.*

*Мақсатың жанға ұнаған,*

*Арманың биік ор шынар.*

*Армансыз болса бір адам,*

*Сол адам, ұстаз, сен шығар, -* деп кезінде қазақ-

тың белгілі ақыны Шәміл Мұхамеджановтың Секене жүрегің жарып шыққан жырын арнауы соның айғағы.

Көрнекті ғалым, әділ сыншы, әдебиет зерттеушісі, ғалым, педагог Серік Қирабаев өзінің бір мақаласында былай деп жазған болатын:

“Жазушыға білім табиғи талантты кеңірек дамыта пайдалану үшін керек болса, сыншыға бірінші кезекте қажет. Көркем әдебиет табиғатын таныр се зімталдық сыншы үшін жеткіліксіз. Оның үстіне ол жазушы қаламынан туған образдарды өмір құбылыстарымен салыстыра алатын көркемдік бейнелесулердің сырларын түсінетін әдеби білімдар адам болуға тиіс. Сыншы жазушыдан сәл де болса ілгері отыруы қажет. Өйткені, сыншы белгілі дәрежеде қалың оқырманның эстетикалық ұғымдарын қалыптастырушы, оның тәрбиешісі. Жазушыға ақыл-кеңес беріп, шығармалары жайлы пікір айтып отыратын қаламдас дос”.

Қандай бір туындыға өділ қазылық айтып, жазушыға жаны ашыр дос бола білетін сыншының соғұрлым беделі арта түседі. Жұртшылықтың ғалым, сыныны Серік Қирабасовты осы жағынан бағалайтыны орынды. Өйткені, ол талантын, білімін, бойындағы күш-жігерін өділ сын үшін жұмсап келеді.

1997.

## Актер алған асулар

– Сүнінші!.. Қызың үл тауыпты!

Сүйеу қарт оқыс жалт қарайды. “Қан мен тер” драмасын көріп отырған сіз де селк ете түссіз. Сойткенше кемпірі дүниеге жаңа келген жисн баланың аты Құдайберген скенін де айтып тастайды. Зал толы жұрт жым-жырт.

Сүйеу қарт рөліндегі Қазақстанның халық артисі Сәбит Оразбаев та үнеіз. Отырды-отырды да бір уақытта баорып мырсе ете қалды:

– Құдайберген дейді?.. Бұл күшігі Құдайберген. Әкесі Тәңірберген... Ал әнебіреулері Аллаберген, Жасағанберген... – Ызала сөздер алқымына тығылғандай, үзіп-үзіп сойлейді. – О несі екен? Абралы аулының балаларын құдай береді... Алла береді... Тәңір береді... Жасаған береді... Әи, сонда біздің балаларымызды кім берген? О несі? О несі, әй?!

Жазушы Ә.Нүрпейісовтің сөздерінің қуаты С.Оразбаевтың сахналық орындауында ерекше әсерлі берілген. Осы шағын ғана монологқа көпті көрген қарияның сол зар заманға ашу-ыза, нағаналасы, затына аты сай өзбыр тұқымға уятты мысқылы, Еламандай арыстанды Тәңірбергендей түлкіге айырбастап, адасқан қызы Ақбалаға әкелік өкінесі, атасын әулетімен тепкіге түсірген Абралы ауылында дүниеге келген бейкүнә бөбекке – бәрі-бәрі сыйып жатыр.

Ал сол Сүйеудің ашуымен сахнадағыларға қоса залдағы жұртты да ескендірген Сүйеудің бесікте жатқан Еламанның ұлын көрген сәтте күрт босап:

– Сорлы балам... жетімсігім... - деп бауырына тас қысқан күйі кемседеп қоз жасына амалсыз ерік бергенін көрген тұста сезімі бар жанның бұл көрініске селқос қала алмасы анық.

Шымалдық жабылып, актерлер сахна алдына шыққан сәтте ризалықпен қол соққан көпшілік көкейінде: актердің сонау алыс дәуірдегі бөгде орта адамының жан күйін мұншама дәл бергеніне заңды таңданыс тұрады.

Гастрольде жүргенде немесе көрермендермен кездесу кезінде театр сүйер қауым Сәбиттен өнерге келу жолын жиі сұрайды.

– Мен бала күнімде домбыра тартып, өлең айтатынмын. Мектепке келгенде хорға қатысып, драма үйірмесінде рольдер ойнадым, - деп бастайтын ол.

Ол оқыған мектеп Шымкент облысы Арыс ауданының “Ленин жолы” колхозында еді.

– Мектептегі мұғалімдерге, - деп сөзін сабақтайды Сәбит, - әсіресе Сман Дүйсебаев ағайға қарыздармын. Ол кісі шәкірт бойындағы жылт еткен үшқынды аңғарып, онын өнерге құштарлығын арттыра білетін. Алғашқы кезде домбырамен өп салдым, тіпті би де биледім. Ақындықтан да дәмелімін - өлең жазатынмын. Ал ұстазым: “Артист болуға бейімсің”, - дейтін.

Бойдағы табиғи қабілет сыртқа шықпай, иесін мазаламай тұра алмайды. Он жылдықты ойдағындай бітірін шыққан сөң астанаға бет бүрген Сәбит Құрманғазы атындағы консерваторияның театр факультетіне түсіп, оны 1959 жылы Қазақстанның халық артисі А.Тоқпановтың класында бітіреді. Бұл кісінің шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде, облыс театрында қызмет етіп, өнердің ауыр жүгін көтеріп жүр. Әсіресе, сол жолғы курста талантты шәкірттер мол еді. Сәбитпен консерваторияда бірге оқыған Фарид Шәріпова, Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтімбетов, Нүкетай Мыштаевалар бүгінде қазақ сахна өнерінің тегеурінді голқыны екені белгілі. Сәбит те аталған өнер иелерімен бірге қазақ өнерінің қара шаңырағы деп қастерлей аталатын М.Әуезов атындағы академиялық театрға қызметке қалдырылады.

Өнер жолы қиын жол. Қиындығы – өмірдің өзге салаларында адам барлық кезде дерлік өзара ұқсас шаруалармен шұғылданса, өр спектакль актерді бүтіндей басқа жанмен жолықтырады. Бұрынғы бейнелердің бәрін ұмыттырып, бүкіл жан-тәнімен сол жаңа образға “жан бітіріп”, көрерменді сендіре білсең ғана актердің маңдай терінің ақталғаны. Спектакль аяқталып, шымылдық жабылған сәтте сатырлай соғылған қол – өр өнер адамының арманы десек, сол ілтипат, сол құрмет ұзақ ізденіспен ғана келерін Сәбит Оразаев ерте түсінген.

Сәбиттің табиғи дарыны ол ойнаған алғашқы рольдерден-ақ анық аңғарылған болатын. Кимылы ширақ, бет құбылысы әсерлі, юморға кейде тың түсер тапқырлыққа бейім жас актердің белгілі драматург Қалтай Мұхамеджановтың “Болтірік бөрік астында”, “Күдағи келіпті” комедияларындағы көрерменді күлкіге кенелтегін бейнесі күні бүгінге дейін көз алдымызда. “Беу, қыздар-айдағы” сылқым суретші Сұлтанды да ұмыту қиын-ақ.

Осы рольдерден кейін “С.Оразбаев – комедиялық актер” деген тұжырым тиянақтала бергенде, ол жаңа қырынан танылып шыға келді. Актерді енді драмалық тартысы мол, сезім-толғанысы терең рольдерде жиі көре бастадық. Ал мұның өз актердің ықыласымен, режиссердің рольдерді тапсыруымен шешіле қоймайтыны түсінікті. Бұл үшін өнерпаздың іштей жаңғыруы, творчестволық қайта түлеуі міндет. “Абай” трагедиясындағы Мағауия, “Ана-Жер Анадағы” Майсалбек образдары Сәбиттің мүмкіндігі мол, сан қырлы суреткер екенін танытты.

Осы роль С.Оразбаевтың творчестволық жолында елеулі бетбұрыс болды. Ол актер талантының жаңа қырларын ашумен қатар, оның өз күшіне сенімін де арттырды. Көп ұзамай ол Жаяу Мұса образын тамаша жасап, жұртшылық пікірін бекіте түсті. Бұл рольдің қосымша қиындығы – кейіпкердің ғажап әншілігі ғой. Образ табиғатын қаншама терең түсініп, жан жүрегіңмен сезіне, беріле ойнағанмен актердің домбыра тартуы, дауысы атақты Жаяу Мұсаға манайлай алмай жатса көрермен көңілі қоншімек емес, сахнадағы бейнеге сенбек емес. Осы рәде Сәбит Оразбаевтың бесаспаптығы туралы сүйсіне айтпау қиын. Ол домбырасын күмбірлетіп, жағымды дауысымен қоңырлата жонсалғанда кейіпкер бейнесі ерекше жанданып, көрермендер еріксіз қозғалақтап кетеді. Бұл талай өнерпазға тиер қасиет. Ойткені, жас актерлер арасында халық музыкасынан хабары аз, домбырада ән орындай алмайтындыры баршылық екенін жасырмау керек.

– Жас кезімізде ауылда жыршы ақсақалдар көп еді, - дейді Сәбит, - мал өрістен қайтарда қыр басына ертерек шығып алып, неше түрлі дастандарды нәшіне келтіре айтып отыратын. Сондағы мәнер-нақыштар, дауыс құбылыстары құлағымда қалып қойды...

Таяуда көгілдір экраннан көрсетілген “Қыз Жібектің” теледидарлық нұсқасында Сәбит жыршы ролін ойнап, қойылымның табысына елеулі үлес қосты. Актердің тағы бір атап айтар артықшылығы – ана тілімізді өте жетік меңгеруі, оның барша сұлу сазымен, жанға жайлы ырғағымен жеткізе білуі. Мұны туған өдсбиетіміздің қазынасына енген көптеген көркем шығармалардың, драмалық монологтардың Сәбиттің оқуында күйтабаққа, Қазақ радиосының қорына жазылуы-ақ дәлелдей алады.

Біздіңше, актер творчествосының қазірге дейінгі ең биігі – әңгімесіздің басында айтылған Сүйеу карт образы. Сонғы жылдардағы актерлік табыстарымыздың ең қомақтыларының бірі деп

орынды бағалап жүрген бұл роль Сәбит Оразбаев талантының толысқандығын, қандай қиын рольді де қанжығаға бөктеріп әкелерлік қуатқа ие болғанын да айқын танытты. Екі жарым сағаттық спектакльде небары үш-төрт тұста көрінсе де, сіз Сүйеудің-Сәбиттің зәбір-жапаны, зулымдық-зомбылықты көргенде қара тастай қатайып, жан жақсылығына жолыққанда қайта қадырайтын жүзін, ел қалаулысы – Еламандай арыс азаматтың намысына күйіп, Ақбаладай өз перзентінің бетін көрмей кеткен мәрг мінезін, тиген жерін тиліп түсер, мірдің оғындай сөздерін көпке дейін ұмыта алмайсыз. Образ табиғаты терең түсінілген, сахналық кимылы, дауыс мәнері, мимикасы мінсіз бұл бейне – ұлттық театр өнеріндегі Абыз, Қоңқай, Қарабайлармен иықтас гүр деп сеніммен айтуға болады. Спектакльдің КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленуінде С.Оразбаевтың да үлесі ерекше еді.

Шыңғыс Айтматов пен Қалтай Мұхамеджанов бірлесіп жазған “Коктобедегі кездесу” драмасындағы Исабек – өз замандасымыз, есімі халыққа танылып үлгерген журналист, көзі қарақты интеллигент. Рухани кедейшілікті түп-тамырын қопара көрсеткен актер Исабектің бейнесін де жан-жақты ашып берді.

С.Оразбаев творчествосымен республикамыздың телекорреспонденттері мен радио тыңдаушылары да жақсы таныс. Әсіресе, “Қымызхана” телетеатрындағы қымызхана меңгерушісі Шәңгерей жұртшылық көңілінен мықтап орын алып үлгергенін айту жөн. Сәбиттің тамаша дауысы, әр сөздің дәмін, нәрін білуі оған радиопьесаларда да ойдағыдай ойнауға мүмкіндік беруде.

С.Оразбаев – іденімпаз шебер. Әр ролды дайындағанда қажетті әдебиеттер оқып, соған орайлас өзге жұмыстармен мұқият танысып жүретінін өріп-тес достары сүйсіне айтады. Творчестволық тамаша табыстары үшін 1976 жылы Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталып, актерге академиялық театрымыздың жарты ғасырлық торқалы төйі түсында Қазақстанның халық артисі құрметті атағы берілді. Бұл баға талантты шеберді қанаттандыра түсеріне, өнердің ауыр да абыройлы жолында талай асудан асарына біз көміл сенеміз.

1978.

## Ақынның соңғы жырлары

Откен жазда Қазақстан Жазушылар одагының командировкасымен Орал облысының Орда ауданына барып қайтқан едім.

Тарихтан белгілі, Орда – бұрынғы хан ордасы болғанымен, Ұлы Октябрь Социалистік революциясы басталғанда Қазақстанда ең алғаш Совет үкіметі орнаған, кедей халықтың оқып білім алуына кең жол ашқан мәдениет орталығы. Оралдан көптеген оқымысты, ғалымдар, революционерлер шыққан. Қазақтың көрнекті ақыны Тайыр Жароков Ордадағы Шепи құмында туып-өскенін бұрынғы партия, совет қызметкерлері, бүгінде пенсиядағы Сақып пен Құмаш Байбековтерден естідім.

Күмекен Төкеннің тірі кезінде ол кісімен жолдас болып, жақсы қатынаста тұрыпты. Ордаға демалысқа келгенде ақын Күмекеннің үнемі бірге ертіп жүретін көрінеді. Осындай жақсы достық қарым-қанытастан болса керек, Күмекен ақынның көптеген өлеңдерінің қалай тугандығы жайлы қызықты-қызықты естеліктерді айтып берді.

Ауданның орталығы Сайхин да, ал Орда – совхоздың орталығы екен. Ордада тарихи музейдің ашылғанына көп жыл болыпты. Оның директоры Шарап Сиранов – билір де, халық қазынасына жаны аши, жүрегі ауыра қарайтын адам екен. Ұлы Отан соғысының ардагері, кезінде оқытушы болған. 1967 жылдан пенсияға шыққан. Қоғамдық негізде құрылған осы музейдің директоры. Біздер музейді аралап көрген соң, Шөкен қағазға қолмен жазылған өлең жолдарын көрсетті.

1956 жылдың он екінші августі күні халық ақыны Қуан Тас-танбекөв Ордала болып:

*Туған жер, өскен орта, жасыл орман,  
Жасымда асыр салған сүйікті Ордам,  
Сақалды сары балаңның біреуімін,  
Сағынып сәлем бере келіп тұрған,  
Көзіме көрінеді әлі де ыстық,  
Тар ашық қарағайлы нұрлы құмаң,  
Жамылған жасыл желек ақ терезің,  
Ағамдай секілденед бірге туған.*

*Кездесіп сағынышты достарыммен,  
Қойныңда аз ғана күн құрдым думан.  
Туған ел, жастық шақты өткізген жер,  
Табылмас қымбат нәрсе сірә, бұдан.  
Аяңда аз ғана күн қонақ болып,  
Толғана жазып кеткен ақбас Қуан, -*

деген жыр жолдарын жазып қалдырып кетеді.

Артынша алтыншы сентябрь күні, он үш-он төрт күн өткен соң Тайыр Жароков баласын ертіп Ордаға келеді. Халық ақынымен кездесуді көптен армандап жүрген Төкең онымен жолыға алмағанына қагты өкінеді.

*Аға еді аясы ашық, ақбас Қуан,  
Енді өлең бұдан артық таппас Қуан!  
Құс қанат құмның жүірік тарланы ғой,  
Сөйгүлік сенен асып шаппас Қуан!  
Өренім! Өзім ағам – өзімдей боп,  
Мойныңа жырдан алқа тақпас Қуан, -*

деп Тайыр, ақынға арнап өлең шығарған екен.

Ауырын жүрген кезінде де Төкең елдегі жолдас-жораларына жат жазып, хабарласып тұрған. Бұған мысал, 1965 жылдың екінші марты күні Фумар Зариповқа мынадай өлең жазып жіберіпті.

*Қайран Ордам, әлде қайдан көрінген.  
Сайғақ өріп, сағым ойнап өріңнен.  
Қалайша өзің ыстық едің, туған жер,  
Ауырғалы шықпай қойдың көңіліден.  
Отырсам да көк пышаққа түскелі,  
Төкең, сірә, қорқа қоймас өлімнен.  
Ауыр дертті сылып тастап. Ғүмеке,  
Дәм татармын әлі талай төріңнен, -*

деп ауруға мойымай, жазылсам деген зор сенімде болған қайран ақынға туған жеріне барып дәм тату жазбаған екен. Осы жырын хат арқыры жолдап жібергеннен кейін, үш күн өткен соң ақын дүние салыпты.

1975.



## Күй керемегі

Әрқашан өзінің халыққа істеген қалытқысыз қызметін бұлдамай, үнемі ізденіс үстінде отетін адамдар болады. Уәли Бекеновтің өмір жолы көз алдымызға келгенде сондай жан еске түседі. Оның есімі кең байтақ елімізде білмейтіндер жоққа тән. Күмбірлетіп күй тоғетін дарабоз домбырашы, қазақ күй мұрасын жинастырып, зерттеп жүрген зерек зерттеуші, бірегей күйші. Қай халықта болсын өзінің атадан балаған жалғастырып отырған ең асыл қазыналарының бірі — ұлттық музыка өнері. Қазақ халқында бұған күйлер жатады.

Аты бүкіл түркі тілдес халыққа аңыз болған Қорқыттан бастау алған күй сазы ғасырлар үні, өмір тынысы, халық арманы, мұң-шері мен сүйінші-күйіншіні толғайды. Ұлттық музыка мұрасын жинастыру және зерттеу жұмыстарының басы-қасында А.В.Затасвич, А.К.Жұбанов, Б.К.Ерзакович, П.В.Аравин, М.М.Ахметова сияқты белгілі маман ғалымдар тұрды. Олар халық мұрасының қайнар көздерін ашып қана қоймай, бұрын беймәлім болып келген өндер мен күйлердің бар болмыс-табиғатын, нақыш-ырғағын толық сақтай отырып, өз халқына қайта сыйға тартты.

Сол дарабоз зерттеушілеріміздің онеге-үлісін жалған, бойдағы қажыры мен қайратын қазақ күйінің мәртебесіне арнап, толғамды ой айтып, батыл қалам тербеп жүрген Уәли Бекенов десек, артық айтқандық болмас еді.

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесіндегі Үрімші қаласында өмірге келген Уәли домбыра тартуды бала кезінде өзінің немере ағасы, халық сазгері, 1949 жылы 44 жасында қайғылы қазаға ұшыраған Раздық күйшіден үйренеді. Ал одан үйренген “Аңшының зары”, “Салкүрең”, “Шыңырау” күйлері жадында мәңгілік сақталып қалады.

Өзі білетін күйлерді шертін, домбырада ойнау басты мұрат емес екенін ұққан жасталаң Алматының Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясына оқуға түсіп, оны ойдағындай бітіріп шығады. Осы оқу ордасында барша қазаққа аты мәлім даңғайыр дарын Ахмет Жұбанов, саңлақ сазгер Латиф Хамиди, домбырашылар Үрістембек Омаров, Хабиболла Тастанов, тағы

басқа ұстаздардан жан-жақты тәлім-тәрбие алып, бойындағы өнер гүлі шешек атады.

У.Бекенов қазақ халқының көне мұра күй қазынасын насихаттау жолында бел шешіп кірісіп, сүбелі еңбек қосты. Шыңжандағы қазақ күйлерін алғаш орындап, қалың жұртшылықтың жүрегіне жеткізді. Ол өз орындауында елуден астам күй мұрасын Қазақ радиосының алтын қорына жаздырып қалдырды. Сондай-ақ оның орындауында төрт күйтабақ таспалары шықты.

Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваторияны бітіргеннен кейін У.Бекенов қазақтың этнографиялық-тарихи күй өнерін ел ішінде жинастыру, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіне үнемі ұйытқы болды. Әсіресе, күй өнерінің орындалу мәнеріне байланысты дәстүр ерекшеліктеріне орай, шертпе күйлердің құрамын топтастырып, республика жұртшылығын хабардар етіп. 1970-76 жылдары консерваторияның халық музыка аспаптары жанынан шертпе күй класын ұйымдастырып, сабақ берді.

Шертпе күйдің қорын молайту мақсатында Уәли Бекеновтің іздестіріп жинастыру талабының нәтижесінде халық композиторлары Төгітмбет, Тоқа, Әбди, Дайрабай, Сүгір, Бапыш, Раздықтың бұрын мәлім болмаған бірнеше күйлері нотаға түсіріліп, шәкірттерге үйретілді. Сондай-ақ бұрын аттары елге танылмаған қарт күйшілер Бағаналы Саятөлеков (Семей облысы), Аққыз Ахметова (Жезқазған облысы) орындап берген күйлер де бір жүйеге келтірілді. Бұлармен қатар Қаратау өңірінің Төлеген Момбеков, Тұраш Әбеуов, Боранкүл Көшмағанбетов сынды күйшілерінің, кең байтақ қазақ елінің басқа да таланттарының осы саладағы гуындылары жинақталып, қағазға түсірілді.

У.Бекенов бұлар жайында мақалалар жазып, радио-теледидар арқылы хабарлар ұйымдастырды. У.Бекеновтің тарихи талдауы, жинақтап зерттеу нәтижесінде “Күй көгерер көңілдің көкжиегін”, “Шертпе күй шеберлері”, “Оркен жайған қобыз өнері”, “Күй табиғаты” атты еңбектері басылып шығып, халыққа кеңінен таралды.

Осы кітаптардың ішінен “Күй табиғаты” шығармасын ерекше атауға болады. Автор бұл жинағында бірқатар халық композиторларының өмірі туралы және олардың күй мұралары жайлы қызықты деректер келтіре отырып, орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты тұжырымды пікір айтады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Байжігіт, Төгітмбет, Ықылас, Тоқа, Сүгір сынды халық композиторларының өмір жолынан, олардың шығарған күйлерінің та-

риxyнан бізге беймәлім түстарды тап басып, талдап береді. Мұрат Өскенбаев, Қали Жангiлеуов, Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин, Толеген Момбеков творчестволарына талдау жасайды. Сонымен бірге сол күй мұрасын, оның ғажайып дәстүрлерін жалғастырып жүрген кейінгі толқын күйшілерден хабардар ете отырып, көптеген күйлердің ноталық үлгісімен таныстыра алады. У.Бекеновтің бұл еңбектері қазір Қазақстандағы музыкалық оқу орындарында көмекші құрал ретінде пайдаланылып жүр.

Белгілі күйші һәм музыка зерттеуші Уәли Қалиакпарұлының 20 жылдай уақыттан бері қарай қазақ халқының құдыретті күйшілерінің бірі, ұлы халық композиторы Тәтгімбет Қазанғапұлының өмірі мен творчестволық жолын зерттеп, күйлерін жинастыру жолында үзбей еңбек етін келеді. Ол Тәтгімбет туып-өскен Қарқаралы, Қазыбек би өңіріне әлденеше барып, күйшінің мұрагер ұрпақтарымен, туыстарымен және көнекөз қарт домбырашылармен жолығып, құдыретті күйші өмірінің кокжиегін кеңейте түсті. Жиырмадан астам күйлерін нотаға түсірді. Зерттеушінің бұл еңбегі 1988 жылы “Өнер” баспасынан “Тәтгімбет. Сарыжайлау” атты жинақ болып жарық көрді. Қазір Уәли күй өнері жолындағы еңбегін жинастырып, іздену үстінде. Ұстаз-педагог республикамыздың музыка мектептерінің домбыра оқыту класында соны бағдарламаның авторы.

У.Бекенов М.Әуезов мұражайында көп жылдар бойы әдебиет пен өнер халық университетінде қазақ күй жанры тақырыбында кештер өткізіп келеді. Сондай-ақ, қазақтың музыка өнерін бұдан әрі де дамытуға еңбектене отырып, Күләш Байсейітова атындағы республикалық арнайы музыка мектебінің домбыра класында сабақ берін жүр.

Қазақ музыка өнеріне қомақты үлес қосып жүрген домбырашы, ұстаз, зерттеуші еңбегі де кезінде ескерілмей келсе де, көп жылғы ұстаздық жұмысы еленіп “Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері” белгісімен, Бүкілодақтық “Білім” қоғамының лауреаттық медалімен нағрадталса, өткен жылы “Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер” құрметті атағы берілді.

Сөз соңында:

*Елге келдің шөлікпен, қаталап та,  
Ұмтылмадың мінуге атақ-атқа.  
Кей кездері қалсаң да ескерусіз,  
Боледі елің зор құрмет, махаббатқа.*

*Бойды жылытып мейірім, шуағы елдің,  
Жарқырап бір жұлдызы туады ердің.  
Өзің шерткен күйменен қанаттанып,  
Асқарына алыстың шыға келдің!*

*Шыға берші шарықтап шың басына,  
Айналып елдің сырлас, мұңдасына.  
Туған халқың сенеді көкіректе  
Күй тасқыны ешқашан тынбасына, -*

деген сенім мен құрметке толы ықыласын сол елдің өзіне  
жеткізгіміз келеді.

1994.

## Қырық жылдың жемісі

*Торғай, торғай, тоқылдақ,  
Жерден тары шоқып ап,  
Аяқтарың жытылдап,  
Қанаттарың сыпылдап.  
Көрінгеннен қорғалап,  
Жүгіресің жорғалап.  
Торғай, торғай, торықпа,  
Ғишкімнен де қорықпа.  
Тары себем жолыңа,  
Қона ғой келіп қолыма.*

Бұл өлеңді біздер бала кезімізде жаттап алып, тақпақтап айтып жүретінбіз. Кейінге шейін де кім жазғанына онша көп көңіл аударғамыз жоқ. Қолға тұрмайтын сынап сияқты тоғілген жыр жолдары бір-екі қайталаған сон-ақ, еріксіз көкірегіңе жатталып қалады. Шыны керек, бұл өлеңді халықтікі деп келдім. Сөйтсем, балалар өдебиетінің ақсақалы Сапарғали Бегалин сияқты, сол кісімен өкшелес, қырық жылдан астам уақыт бойы үзбей қалам тартып, жас жеткіншектерді өзінің сөтті туындыларымен қуанытып келе жатқан тарлап ақын Өтебай Тұрманжановтікі екен.

Әрине, өлең ойнақы әрі жақсы, тілге жеңіл, ойға қонымды болған соң еріксіз жатталады. Осы орайда орыс ақыны Николай Асеевтің “Кімге және не үшін поэзия керек?” дейтін кітабында мына айтқан пікірі ойымызға келеді:

“Проза арқылы да өңгімелеп беруге, жақсы публицистикалық тілмен де хабарды жеткізуге болады. Бірақ еріксіз жаттап, тұлға бойынды шымырлатып, қуаныш сезімін тудырып, бүкіл өміріңе нәр беретін асыл қасиет тек өлеңге ғана тон”.

Өлеңнің мұндай құдыретін қай ақын болсын жақсы түсінсе керек. Ал балаларға жыр жазатын қаламгер өз оқырманының жас ерекшелігін ескере отырып, соларға лайықты сөз тауып, шүйіркелесіп сөйлесін кеткені абзал. Әйтпесе, оның шығармасы күмға құйған су сияқты өз адресін таппай қалады.

Бұны қолына алғаш қалам ұстағаннан бастап ұғынған балалар ақыны Ө.Тұрманжанов күні бүгінге дейін бір сөт есінен шығар-

майды. Жауапкершілік жүгін жеңілдетуді ойына да алмай ауыртата береді. Бұрынғы жазып тастаған өлеңдеріне қайта үңіліп, кейбір сөзді балалар ұғымына лайық басқа бір сөзбен ауыстырып, солғын шыққан образды сомдап, шығарма тілін үштарта түседі. Әрине, ұлы жазушы А.М.Горький айтқандай: “қарапайымдылық пен стилдің жатықтығын жазушы әдебиеттің сапасын төмендетіп емес, нағыз шеберлік арқылы іске асырады”.

Ақын Ө.Тұрманжановтың екі томдық таңдамалы өлеңдер жинағын оқып шыққанымызда бұған көзіміз толық жетті. Бұрындары балалар мен жас өспірімдерге арнап шығарған отыздан артық өлең кітаптарының ішінен ең сұбелілері іріктелінін, сұрыпталып алынып, жүйе-жүйесімен берілді.

Бала өзін айнала қоршаған табиғаттың сырын, аңдар мен құстардың қылықтарын, әр түрлі қасиеттерін білуге ұмтылады. Олардың табиғи, өздеріне ғана тән мінездерін балдырғандар тілімен қырлап бергенде, көкейлеріне қона кетеді.

*Кекілік-ау, кекілік!  
Ойнақшисың секірт.  
Бір орында тұрақтап,  
Отырмайсың бекініп...  
Оқушы болсаң кекілік,  
Алар ең ылғи екілік.*

Откеннің алғы-ақ жолдан тұратын осы “Кекілік-ау, кекілік” дейтін өлеңінен балалар кекілік сияқты құстың тастан-тасқа секіріп, бір орында байыз тауып тұрақтамайтынын әр олардың таулы жерді мекен ететінін түсінеді. Балалар ішінде де кекілік сияқты есек-бай оқушы кездесетінін, бұның төртіптілікке жатпайтынын, оқытушылар баға қойса ескіліктен аспайтынын, ондай жағымсыз қылықтан бойларын аулақ ұстағандары жөн екенін ескертеді.

Жас жеткіншектерге арналып отырған осындай өлеңнің тәрбиелік мәні бар болғанда оны құнды егіп жібереді.

*Кесіртке құмын сүйеді,  
Тасбақа тыңын сүйеді.  
Сұңқар шыңын сүйеді,  
Тұлпар қырын сүйеді.  
Байыз түнін сүйеді,  
Бал ара гүлін сүйеді,  
Төрт түлік төлін сүйеді,  
Бақа көлін сүйеді,  
Бұлдырық белін сүйеді.*

*Бозторғай шөлін сүйеді,  
Егінші жерін сүйеді,  
Ер жігіт елін сүйеді, - дейді “Кім нені сүйеді?”*

атты оленінде.

Ақын өр жөндік, күс пен аңның өз тұрағын сүйіп, қастерлейтінін айта келіп, “балақай, ертең ер жеткенде өзінді өсіріп, олпештеген елінді сүйі, құрмет түт, сонда үлкен абыройға иесің” деген тұжырым жасайды. Балаға кішкентай күннен бастап елін сүйген ардақты азамат болып өсетініне сендіре сенім артады.

Баланың бойындағы кейбір жарамсыз қылықтарды, оспадар мінездерді сынауда мысқыл күлкілі келетін мазақтама өлеңдердің ролі өте зор. Өйткені, беті-қолын жумай, олпы-солпы киініп кір жүретін өз құрбылары мазақтап, тақпақтай жөнелгенде ондай жағымсыз қылықтарын тез жоюға әркет етеді. “Таяқ еттен өгеді, сөз сүйектен өтеді” дегендей, достарына күлкілі болмауға қай бала да тырысады.

*Қарабай-ау, Қарабай!  
Шаш қойыпсың тарамай.  
Өсіртсің қарамай,  
Басың бопты шарабай!  
Басты баптап күтпесең  
Жүрмесін іске жарамай!  
Тазалық керек басқа да.  
Тазалық керек шашқа да,  
Шашы ұзын, таза, келісті,  
Болсайшы анау Сарадай!* — деп Қарабай сияқты

шашы ұйысып, шаң басқан үл баланы мазақ етсе, ал Сара деген қыз баланың ұзын шашын тарап, таза ұстап, ылғи күгіп жүретінін мақтанышпен жырға қосады. “Мынау кір-кір қай бала?”, “Шекесі қанап жүреді”, “Күйін”, “Шыбық тимес шыңк етер”, “Болат деген бала бар”, “Текешік”, “Таңба” сияқты басқа да мазақтама өлеңдері жөнелері бар.

Мазақтама түріндегі жеңіл юморлық күлкінің салмақтануына ойлы да откір сатираға ауысуы мысал ретінде келеді. Бұл жаңлы ғалым Шеген Ахметов өзінің “Қазақ балалар әдебиеті” деген кітабында: “Мысал өлеңдерде жануарлар немесе басқа да жансыз нәрселер сөз етілгенмен, олардың бәрі де адамша сөйлесіп, адамша көңіл күйін білдіріп, сезінші отырады. яғни мысалдарда адамдар жөнелері олардың өзара қарым-қатынастары бейнеленеді”, - деген пікір айтады.

Күні кеше Ыбырай мен Абай Крыловтың мысал олеңдерін қазақ тіліне аударып, үлгі етіп ұсынуы, бертін келе игі дәстүрге айналғанын әдебиет тарихынан білеміз.

Осы жақсы бастаманы О.Тұрманжанов та одан әрі жалғастырды. Бұған ақынның жинағындағы “Құмырсқа мен піл”, “Екі кодық”, “Биялай мен қолғап”, “Өзен мен қол”, “Шыбын мен бал ара”, “Кобелек пен құмырсқа”, “Жұлдыз қоңыз”, “Гүл мен тамырлар” тәрізді бірнеше мысалдары дәлел.

Мәселен,

*Шеге мен балға сөзге келіп,  
Қалыпты бір күні қатты жерісіп.  
Бұрын бұлар тату, дос екен,  
Сөзге келіскені осы екен.*

*Шеге шекірейіп: “Шегемін” - депті,  
Зор беделге иемін депті.  
Балғаны басынан түртіп,*

*Қызметіме жегемін депті,* - деп басталатын “Балға мен шеге” атты мысалында ақын бұрын дос болып Шегенің ас-тамшылықпен тіл қатуын Балғаның көтере алмай: “Сен, Шеге, мақтанба, менсіз еш қодеге жарамайтыныңды білссін бе?” – деп тіл қатады.

Сонда Шеге: “Ұста мені соққанда, “Саған жең ұшын берсін”, - деп соққан. Мен болмасам сен ештеңеге жарамайсың”, - деп піңкілдеп шыға келеді. Екеуі ортақ сөз табыса алмай қалады.

Мысалдың соңында:

*Осылай арасы алшақтапты,  
Шеге шекірейіп, балға талтақтапты.  
Балға жөнге баспай,  
Шеге өзі қодеге аспай,  
Екеуі екі бұрышта жата беріпті,  
Шірік тотқа бата беріпті.*

\* \* \*

*Достар арасын ала сөз алса,  
Ынтымақтық қиюы қашса,  
Жақсы жолдан адасар,  
Жамандыққа жол ашар,* - деп қорытындылайды.

Жас оқырманын татулыққа, бірлікке, достыққа, тіл алғашыққа баулитын “Ақ бұзау мен көк лақ”, “Малсақ бала”, “Қозы,



қозы, қозылар”, “Шұбар лақ” сияқты тағы басқа да көптеген өлеңдері өз алдына бір төбе.

Жастай көп оқып, көп білім алуға, өнердің бәрін де үйренсе білуге, еңбекті қадірлеуге, өзі қалаған мамандықты таңдап, соны меңгеруге ұмтылған бала жан-жақты әрі өз ісіне тиянақты адам болып өсетінін оқып, ығли жадында ұстайды.

Сондықтан балалардың бірі дәрігер, бірі диқан, бірі шофёр, бірі жылқышы боламын десе:

*Бәрінен де бәрінен,  
Өзім туған жерімде,  
Күн қаптаған кебірде,  
Шөлркеген егінге,  
Су беретін қолынан,*

*Мұрап болғым келеді,* - деп бірі мұраптық мамандықты қолдайтындығын ашық айтады.

Отекен көп жылдар бойы халықтың бай қазынасы — ауыз әдебиетінің бір тармағы — мақал мен мәтелдер жинауға да үзбей ат салысты. Ел арасында жүріп соларды жинап, қорытып бірнеше жекелеген кітаптар шығарды. Фольклорды жинап, халыққа тартуға ақынның жемісті еңбегі оның өз творчествосына да игілікті ықпал етті. Балаларға арналған өлеңдері мен тақпақтары қысқа, әрі тұжырымды, нақыл түрінде келеді.

*Тілазар бала талға барсын,  
Тілі тәтті бала шалға барсын.  
Нан — тамақ болады,  
Тал — таяқ болады,  
Шал — қонақ болады.*

О.Тұрманжанов шығармаларының тағы бір ерекшелігі — ойынның нақтылығы. Кішкентай оқырмандарына өмірдің күрделі нәрселерінің өзін қарапайым әрі түсінікті айтып беру баланың дүние танымын кеңейтеді. Бұның бәрі дидактикалық жалаң үгіт түрінде емес, откір тіл, айшықты ой, келтірілген мысалдардың дәлдігімен, әсерлі де көркем сөзбен өріледі.

Сөз демекші, ақын әр сөзге ерекше мән беріп, өз мағынасында қолданып, өлең жолдарын да тиісті орнына шебер ұсташа шегелеп тастайды. Бала қоңырауша сыңғырлап, мірдің оғындай нысанаға тиетін қанатты сөздерді сүйеді. Олардың өздері де былдырлаған тілдерімен соби сөздерін тудырушылар. Отекен де оларға сондай дарынымен жауап қайтарады. Ешқашан да айтатын ойын бүркемелемей, “мына сөзді түсінбей қалуларың мүмкін-

ау” деп ескерту жасамайды. Молдір бұлақтың суындай төгілген кірсіз таза, шолдегенде сусын қандыратын жолдары жас оқырманның көңілінен шығып отырса, балаларға арнап қалам тартып жүрген ақынға бұдан артық бақыт пен қуаныш болмаса керек.

Балалардың мектептегі, балабақшадағы, үйдегі тұрмысы мен өмірі, әр түрлі ойындары, қызықты қылықтары, іс-әрекеттері — екі томдық таңдамалы шығармалар жинағының негізгі мазмұнын құрайды. Өтекеннің өлеңдерін тыңдап отырып, бала алғашқы жолдардың өзінде-ақ шытырман оқиғаға кіреді.

*Өзім қарға болсам да,  
Түйе мініп келем, - деп.*

Осындай жыр жолдарынан кейін балдырған одан өрі не болғанын міндетті түрде білгісі келіп, ынтасы артып тұрады.

Өтекең өлеңдерінде балдырған өз Отанының болашақ иесі, еңбек адамы бейнесінде суреттеледі.

О.Тұрманжанов творчествосындағы ең басты тақырыптың бірі — интернационалдық достық. “Самарқан, сұлу Самарқан”, “Зерапшан”, “Ұлықбек”, “Төріме шық, түрікпен”, “Қара орман, қалың қара орман”, “Орыс тілі”, “Люцина апай” сияқты жырларында орыс, поляк, өзбек, түрікпен, сібір елдерінің өткен тарихын, ерлігін, бүгінгі өмірі мен достығын сөз етеді.

Балаларға қалам тартып жүрген қай ақын, жазушы болмасын, ертегі мен аңыздарға көңіл болмегендері кем де кем. Бұрынғы халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгісін О.Тұрманжанов та жақсы меңгерген.

Балалар ақыны О.Тұрманжановтың екі томдық таңдамалы шығармаларын оқып шыққанда жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беретін өлеңдер мен тақпақтардың, ертегілер мен аңыздардың мол шұрайлы, дәмді екендігіне көзіміз жетті.

Кітапқа алғы сөз жазған академик-ғалым Мұхамеджан Қаратаевтың: “Балаларға арнап шығарма жазу әркімнің қолынан келе бермейтін өте қиын іс. Оған ерекше талант иесі және оның үстіне жас өспірімнің балдай тәтті мінез-қылықтарын, бал-бұл тілін, ой-санасын, болашаққа шарықтаған қиял-армандарын жепік білетін автор ғана бара алады. Өтебай Тұрманжанов нақ сондай бесаспап жазушы” — деген бағасына біздер де қосыламыз.

1976.

## Ұландарға шырын жыр

Бүгінгі тарлан ақындарымыздың бірі, Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалижан Бекхожиннің үстіміздегі жылы “Жатын” баспасынан жарық көрген “Ұландарым” атты таңдамалы өлеңдер мен дастандар жинағы жас жеткіншектерге арналған. Жинақ “Өсс бер жас гүлдер”, “Шын түлегі”, “Дастандар” сияқты үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімдегі өлеңдер балабақшадағы бобектер мен төменгі класс оқушыларына арналған.

*Барып тауға Мирасым,*

*Жаңа жылды тойлайық.*

*Шырын денең ширасын,*

*Қар лақтырып ойнайық,* - деп ақын бобектерді ыстық пен суыққа бірдей шыдайтын шымыр да ширақ болуға шақырады.

Қалекеннің үлкендерге арнап жазған шығармаларында еліміздің өткен тарихы, бүгінгі дәуірі, келешегі шабытпен жырланатынын біздер жақсы білеміз. Осы дәстүр балаларға арналған мына кітабынан да байқалады.

“Бақыт іздеген бала” – революционер-большевик Әліби Жанкелдин туралы аңыз. Мұнда жетім бала Әліби бақыт іздеп көптеген қалалар мен елді мекендерді аралап, ақырында көсеміміз В.И. Ленинге жолығады. “Бақыт іздеп жүр едім!” – дейді Әліби. “Бақыт кілті елінде! Ол халықта!” – деп жауап береді Ленин. Сөйтіп Әліби Жанкелдин Ленин көрсеткен жолмен жүріп, бақытқа жетеді.

Екінші бір тартымды аңыз – “Ер Чапай туралы”. Ойын ойнаса өздерін Чапаяв, Аманкелді батырларға ұқсататын балалардың бұл аңызды да қызыға оқитындарына күмән жоқ.

Ақын жүрегін алыста жатқан елдердегі балалар өмірі тағдырлары да толғандырады. Капиталистік елдердегі нәсілдік теңсіздік, нәсілшілдердің негрлерді қорлауы, олардың балаларын өз балаларымен бірге ойнатпауы, мектепте оқытпауы “Джон – негр баласы”, “Алабама ұланы”, “Негр Джемс” атты өлеңдер мен балалаларда бейнеленген. Балаларды интернационалдық достық рухына тәрбиелейтін, олардың бойына ізгі шуағын сіңірге бұл шығармалардың маңызы үлкен.

Қ Бекхожиннің “Жігіт”, “Жас коммунар”, “Оз бәйгеден” өлеңдері жастарды батырлыққа, ерлікке, Отанды сүйеге шақырады. Ал “Комсомол билеті туралы” балладасында Мария деген қыз баланың фашистер үйін ортегенде оттан қорықпай, комсомолдық билетін іздеп іште қалғаны айтылады. Шешесінің “Шық тысқа, үй құлайды” дегеніне де құлақ аспай, ақыры сол комсомолдық билетін тауып, төсіне басып, қуана далаға шығады.

*Құшағында анасының күлімдеп,*

*Сүйді тағы сақтап қалған билетін.*

*Қыз жүрегі қатты соқты лүпілдеп,*

*Сырын айтты анасына сенетін.*

*Өрт жіберген дұшпанына елімнің,*

*Қарсы шығар отты жүрек кегімін.*

*Мен мақтаймын ұлы даңқын Лениннің,*

*Комсомолға құрметтеңіз берілген, - деп Мария Ұлы*

Отанды қорғауға жанын да аямайтынына сендіреді.

Балаларды ерлікке, батырлыққа, елін жан-тәнімен сүйеге тәрбиелеу – бүгінгі ақын-жазушылардың басты тақырыбы. Осыны Қалекен де жадында жақсы сақтаған. Ақынның “Жусан” атты аңызында екі ағайынды жігіттің тағдыры айтылады. Бірі бөтен елге барып, хан болады. Салтанат, той-думанды басынан өткереді. Байлық пен дәулетке мастанады. Сөйтін, туып-өскен елін ұмытады. Ағасы Сұрша Атырақты туған еліне қайтара алмайды. Әбден амалы таусылған кезде, інісінің туған жерінің иісі аңқыған көк жусанын жас кезінде жақсы көретіндігі ойына оралады. Жусан иісі танауын қытықтап, көкірегін кере дем алғанда, Атырак туған жерін қоз алдына елестетіп, қоңы бұзылады.

*Жат әлкеде сәп құрып,*

*Салтанатпен тұрсам да,*

*Өз жерінде мөңгілік,*

*Жетпейді екен жусанға! – деп хан тағын тастап,*

жусанды даласына оралады. “басқа елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол” – деген халық даналығын ақын осы аңыз арқылы жас ұрпақтың зердесіне құяды.

Жинақтағы көлемді шығарма “Қамбар ағай” поэмасы Жездідегі шахтада жұмыс істейтін, кешегі Аманкелді батырдың сарбазы жайлы. Ақын оның өткен өмірін емес, бүгінгі советтік дәуірдегі ерлік еңбегі мен тамаша тұрмысын жырлайды. Ұлы Оған соғысы басталғанда өзі тіленін майданға барғысы келеді. Бірақ шахта парторгі: “Сіз мұнда еңбек майданына керексіз” деп, өтінішін

қабылдамайды. Ер жетіп, өсіп келе жатқан баласы Серік жаудан елін, қасиетті жерін қорғау үшін майданға аттанады. Кескілескен бір шайқаста Серігі ерлікпен қаза табады. Баласының қазасы қарт шахтердің жүрегіне дақ салып, көңілін құлазытып кетеді. Оның бөлмесіне “ешкімді кіргізбе” деп Қатша шешейге қатты ескертеді.

Бір күні Қамбар аға жұмыстан келсе, Серігінің бөлмесі ашық тұр. Ішінде бейтаныс бір бала алшандай басып, еркін ойнап жүр. Ашулы шахтер Қатша шешейге: “Баламның бөлмесіне жібергенің қалай?” – дейді. Шешесі: “Ашуланба. Бұл сонау жау жайлаған Украинадан келген балалардың ішінен таңдап алған құлыным. Серігімнің орнын басады” – дейді. Ақырында қарт шахтер қонеді.

*Үлдің аты Жора екен,  
Жақсылыққа жоры деп.  
Серігіне көріп тең,  
Қойды атын Жорабек.*

Жорабек ер жете келе темірші болады. Қамбарға баласындай бауыр басып кетеді. Қатша шешей скеуінің қуанышына айналды.

Ақын бұл поэмасында халықтар достығын, олардың бір-бірімен ынтымағын дәріптейді.

*Сүйт беттен Жорасын,  
Кеудесіне басты бір.  
Жазып соғыс жарасын,  
Жайнағандай жас өмір, -*

деп аяқтайды ақын поэмасын.

Қорыта айтарымыз, “Жалын” баспасының аға буын ақындардың балаларға арналған туындыларын іріктеп, жеке таңдамалы кітап етіп шығарулары құптарлық іс.

1979.

## Бала жанын баураған

Қазіргі әдебиетімізде көрнекті өз тұғыры берік, әмбебап талант, тәлімгер қаламгер, зерделі зерттеуші жазушылардың бірегейі – Мұзафар Әлімбаев.

Мұз-ағаң үлкендер поэзиясында да, балалар әдебиетінде де, фольклор зерттеуде, ана тілінің тұнықтығын сақтап, қазына қорын байытуда да өркез ерен еңбеккерлік, қызу құлшыныс танытып, оқырманды сүйсіндіруде.

Соңғы жылдарда халықтық педагогиканың қасиеттерін зерттеуде құнды еңбектер жазып жүр. “Халық – ғажап тәлімгер” атты кітапты баспаға тапсырды. Сонымен қабат түркі тілдері мен қазақ тілінің қандастығы-туыстығы және өзара қазына алмасу жөнінде және бір кітап боларлық зерттеулер жариялады.

Мұзафар Әлімбаевтың 300-дей туындысына өн-өлеңдер жазылған. 45 шақты төл кітап иесісінің өлеңдері 38 тілге аударылған. М.Әлімбаев Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы сыйлығының лауреаты. Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Халық ағарту ісінің озаты, Өнұранымыздың өлеңін сомдаған дарын.

Қазақ балалар әдебиетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып, белсенді ат салысып жүрген М.Әлімбаевты “балалар әдебиетінің атасы” деп орынды айтқан. Ойткені, Мұз-ағаң балалар әдебиетінің қалыптасып дамуына өзінің балғын балаларға арналған шығармаларымен елеулі үлес қосып қойған жоқ, қоғамдық белсенділік көрсетуімен елеулі ықпал жасаған зиялылардың бірі.

М.Әлімбаев бақыпты ақын. Ойткені, қазақтың маңдайына біткен жалғыз балбөбек журналы “Балшырғанды” ұйымдастырып, құруға ат салысып, соның бас редакторы болды. Журналдың балабақша мен мектеп балаларына лайықты шығуына өз ақыл-ой, қайрат-жігерін жұмсаған қайраткер. Журналда 25 жылдан астам уақыт бас редактор міндетін атқарған Мұз-ағаң көптеген балалар ақын-жазушыларын тәрбиелеп шығарды.

Атап айтқанда, Бердібек Соқпақбаев, Әнуарбек Дүйсенбиев, Гүманбай Молдағалиев, Жақан Смақов, Қадыр Мырзалиев, Жәнібек Кербөзов, Машқар Гумеров, Қастек Баянбаев, Ермек Отегілеуов, Сұлтан Қалиев, Мұхамеджан Етеқбаев, Ескен Елуба-

свiтар мен осы мақаланың авторына жәнс басқа да қаламгерлерге жасаған ағалық қамқорлығы өт алдына бір төбе.

Мұсафар Әлімбаев балаларға отызға тарта кітап сыйлады. Сол жинақтарындағы тақпақ, жұмбақ, жаңытпаш, мазақтама, ертеп-аныздары мал баллада-поэмаларында құрғақ үгіт-насихат айтудан аулақ. Ақын балаларға арнап жазған жырларында әр баланың жас ерекшелігін ескере отырып, өз оқырманының адресін тауып ұсынады. Қаламгердің өлеңдері сонысымен де құнды.

Өз шығармасына жауапкершілікпен қарайтын М.Әлімбаев балаларға танымдығы бар жыр жазғанда ақынға төн шеберлікті өсте естен шығармайды.

Мысалы, “Он саусақ” деген өлеңінде былай жырлайды:

*Жалғыз саусақ тіпті де,  
Үстай ілмас жіпті де.  
Екі саусақ бірікті,  
Ине қолға ілікті.  
Үш саусағы орамды,  
Жүгірмеді қаламды...  
Өнерлі екен он саусақ,  
Қала салсақ, жол салсақ.*

Немесе, “Жылқышы” деген өлеңінде:

*Екі бала таласты,  
Едірейе қарасты.  
Жылқышы — ол кісі, —  
деді Арнұр.  
Жылқышы — шол құсы, —  
деді Жарнұр.  
Кім жаңылып бұрыс айтты.*

*Екеуі де дұрыс айтты.* - деп “жылқышы” деген сөздің екі мағынасы бар екенін нақтылы айтып береді.

Бұл өлеңді оқығанда балалар біріншіден — “жылқышы” дегеннің жылқы бағатын кісі екенін, екіншіден — “жылқышы” дегеннің шолде жүретін құстын аты екенін біледі.

Балаларға танымдылығы бар шығарма жазғанда жалаң, өзін ойдан шығарып айта салу сол нәрсені жалған түсіндіруге өкеліп соғады. Мұндайдан сақ болу үшін Лев Толстой айтқандай, “ғылым-мен дәлелденіп” шындыққа негізделгені жөн.

Мәселен, ошағанның жаңбыр жауғанда тікенінің жұмсарып, ал күн ашық кезде қатайтынын ел аузынан естігеніміз бар. Мұны ғылым да растап, дәлелдеп берді.

Осы жайлы ақын “Қошақан мен ошағанның сырласуы” деген өлеңінде:

Қошақан:

— *Ой, ошаған, ошаған!  
Қоймаушы едің түйремей,  
Неден жұмсап босаған,  
Тікендерін инедей!*

Ошаған:

— *Келе жатқан жаңбыр бар,  
Өн бойымды алды ылғал...*

Қошақан:

— *Ой, ошаған, ошаған,  
Бүгін қалай қадалдың?  
Қастығың ба жасаған,  
Қадалғаннан қан алдың?*

Ошаған:

— *Ашық болса күн жаумай,  
... Қатаямын, жұмсармай.*

... *Жаумай ма, әлде жауа ма,  
Қандай болмақ күн бүгін.  
Тікеніме қара да,  
Ауа райын біл бұрын!*— деп шебер жырлап береді.

Міне, осындай өлеңдер бала ұғымын толықтырып, табиғаттың кейбір бірден біле бермейтін құпия сырымен таныстырады.

Бала деген арманшыл өрі қиялшыл келеді. Олар ертегі, аңыздарды қызыға тыңдайды. “Қаңбақ шал” сияқты тапқыр, “Ер төстік” сияқты батыл болғысы келеді. Заманымыз өзгеріп, өміріміз көріктеніп гүлденді. Бұрындары білмейтін ғажап ғылыми жаңалықтар ашылып, гарыш пен айға ұшып жатқан кешеп “үшқыш кілемдердің” шындыққа айналғанын кезінде ертегілердің не керекі бар деушілер табылуы мүмкін. Себебі, жаңағыдай ертегілердің құпиясы ашылып, күнделікті үйреншікті жағдайға айналып жатқанда оларды айтудың қажеті жоқ сияқты.

Бірақ та ертегінің аты ертегі. Әлі де бұрынғы бала кезде тыңдаған ертегілерге қызығамыз. Балалар да сондай. Олар алып адамдардың ортасында болып, су астындағы қалаларға саяхат жасағысы келеді. Күнделікті көріп жүрген үйреншікті нәрселерден гөрі оларды ертегі мен аңыздардағы сан қилы оқиғалар қызықтырады. Сондықтан ақын-жазушылар жазған ертегілер шындық өмірге



жақын болса, соғұрлым жас оқырмандардың жүрегіне жол табады.

М.Әлімбаевтың “Қарағай неге ұзын, жыңғыл неге жатаған, тобылты неге қызыл болған?”, “Көкек неге көкек дейді?”, “Тауық неге қызыл-жасыл, қарға неге қара?”, “Алатаудың баурайында”, “Көк кілем”, “Еріншектер елінің Ертеңбайы туралы” ертеп, аңыздары оқығанда балаларды жалықтырмайды. Ойткені, бұл шығармалары өмірдегі шындыққа үйлеседі. Ал шындыққа жақын нәрсе балдырғандардың ынтасын арттырып, танымын молайтады.

Бала ой-санасын өсіріп, қалыптастыруға арналған танымдылығы жүр бірнеше өлеңдерінің алдына автор кіріспе айтып, соған лайықты жыр жолдарын тудырыпты. Енді соған тоқталайық.

Омоним сөздер – бұл таңбасы бірыңғай, бірақ мағынасы әр түрлі сөздер. Мысалы, бас – адам мүшесі, дауыстың бір түрі. етістіктің бұйрық райы.

*Өкінгенде оқыс айтып қаласың,*

*Оған кейде астығыңды саласың.*

Бұл омоним сөздердің шешімі “қап” дейді автор.

Ал логогриф - шараданың бір түрі. Көбінесе өлеңмен жазылады. Әуелі жұмбақтаған сөзді табу қажет, содан соң әлгі табылған сөзді бір не екі әріп қосып немесе алып тастау арқылы жана сөздер құрауға болады. Логогриф ерте заманнан белгілі. Оны құрастырушылар қатарында Цицерон мен Апулей де болған.

*Бойыңдағы нәрімің,*

*Анық айтсаң - жаныңмын.*

Бұның шешімі - қан. Одан әрі:

*Қоссаң дауыссыз дыбыс,*

*Дастарханнан табылдым, - деп жұмбақтайды.*

Сонда жанағы “қан” сөзіне дауыссыз “т” әріпін қосса, “қант” болып шығады.

Сондай-ақ балалар поэзиясына өкелген бір топ шарада. метаграммаларын да атап өткен орынды. Осындай сөз жұмбақтардың, жаңылтпаштардың, жекелеген жұмбақтардың барлығы баланың ойын қалыптастырып, оның санасын оятады. Оларды еріксіз қызықтырады. Оздері де өлеңмен не қара сөзбен ақынның келтірген жырлары арқылы соларды шығарып айтуға дағдыланатындары сөзсіз.

Корнекті ғалым, әдебиет зерттеушісі Серік Қирабаев өзінің “Онер өрісі” кітабындағы “Балаларға арналған үлкен әдебиет жасайық” деген мақаласында: “Жас ұрпақ өз бақыты үшін күрес-

кер болып тәрбиеленуге тиіс. Осы күрес үстінде олар жаңарады, ескі ұғымдардан – мақтаншақтық пен қызғаншақтықтан, өзімшіл менмендік пен ескіліктен, даңғойлықтан арылады. Сөйтіп, көпшіл, бауырмал, іскер жаңа адам болып өседі”, - дейді.

Балдырғандардың бойына осы көпшілдік мен бауырмалшылықты құрғақ үгіп арқылы етуге болмайтынын М.Әлімбаев та жақсы түсінген. Ол әйгілі орыс балалар жазушылары С.Маршак, К.Чуковский, С.Михалков, А.Барто сияқты құстар мен аңдарды сөйлетіп, соларды достастыруы арқылы жас жеткіншектердің сапасына жеткізеді.

Бұлар “Қорбаң аю”, “Құмырскалар”, “Жорға торғай” сияқты олеңдерінен көрінеді.

Мысалы, “Құстар тойына” атты олеңінде:

*Той басталды жаз келіп,  
Казан асты қаз келіп.  
Турады ет тоқылдақ,  
Торғай кірді отын ап.  
Ұзақ отты ма ізатты,  
Тарғақ күріш тазартты.  
Мейіз әжеп мекиен,  
Шымшық татты шетінен.  
Құманмен су құр құйды,  
Жапалақтар үй жуды.  
Сөбіз тіліп сауысқан,  
Тырна тұзын салысқан.  
Қыргы пияз қуырды,  
( Қызғыш топтан қуылды).  
Бұлбұл салды бұрышын,  
Бәрі осылай тырысып,  
Торғай палау пісірді,  
Баптап асты түсірді.  
Бөліп берді бөдене,  
Бұл той емей немене, - деп ақын ойнақы тілмен*

құстардың ұйымдастып, тамақ пісірін жегенін қызғылықты етіп суреттейді. Мұндай олең баланы ұйымшылдыққа, көпшілдікке тәрбиелейді.

М.Әлімбаевтың балаларға арнап жазған кітаптарынан тәрбиелік мәні бар олеңдерді көптеп кездестіресіз. “Суайт сауысқан”, “Қырықаяқ”, “Әппақ пен сатпақ”, “Тарғыл мысық дағдысы” сияқты толып жатқан жырлары бұған дәлел.

Мысалы, “Жел деген не?” деген өлеңінде:

*Жел деген не?*

*(Айт деп інім жалынды).*

*Жел де ауа кәдімгі*

*(Айтқанымна нана ғой).*

*Жел дегенің тек бірақ,*

*Ойға-қырға шапқылап,*

*Пайыз таппас ауа ғой,* - деп жел сияқты тұрақсыз әрі берекесіз болмау жағын тапқырлықпен айтады.

Әр ақын-жазушының үлкен әдебиетке келерде өзіндік жолы бар. Мүз-ағанның де өлең, жырға, әсем әнге әуестігі ана сүтімен бойына дарыған. Тумысынан ақынжанды, онерпаз Зейнеп шешесі халық ауыз әдебиетінің іргі қисса, дастандарды нәшіне келтіріп жатқа айтағын болған. Абайдай ұлы ақынның болғанын, ғұлама ақынның әнге жазылған өлеңдерін де тұңғыш анасының айтуымен барып білген.

Жас жеткіншектердің жан-дүниесіне рухани нәр беретін нәрсе — ананың ақ сүті, ананың өлдіі, ананың бесік жыры мен ананың әсем де әсерлі әңгімелері, - деп Мүз-ағанның бірде тебірене айтқаны бар.

М.Әлімбаевтың алғашқы тырнақалды өлеңі мектеп қабырғасында жүргенде, он бес жасында Павлодар облыстық “Қызыл ту” газетінде басылды. 1939 жылы Павлодар қаласында ақындардың слеті өтеді. Слетті өткізуге Алматыдан атакты ақын Жұмағали Сайын келеді. Қатысушылардың ақсақалы өйгілі әнші, ақын, композитор Естай Беркімбаев та, ең жасы он бестегі бала М.Әлімбаев бөлады.

Сол жылдан бастап ақындардың керуен-кошіне ілескен М.Әлімбаев жарты ғасырдан астам коштен қалмай, тіпті бүгінде соның алдыңғы сапында келе жатқан дарынды ақын.

1960 жылдары Қазақ радиосында “Семья және мектеп” редакциясын басқардым. Редакция “Ересектерге балалар жайында”, “Ата-аналарға арналған хабарлары” мен “Семья және мектеп” радиожурналында бала тәрбиесіне байланысты мамандардың кеңесін, ұстаз-педагогтардың, ата-аналардың, балабақша тәрбиешілерінің іс-тәжірибелерін ортаға салып, ақын-жазушылардың семьядағы тәрбие мәселесіне арналған шығармаларымен таныстырып отырды.

“Семья және мектеп” радиожурналының алғашқы санын әуе толқынына шығарарда, сол кездегі Балалар мен жастар редакция-

сының бас редакторы Нәзилә Баймұратовамен ақылдаса келе, М.Әлімбаевты арнайы шақыруды ұйғардық.

Мен Мүз-ағаға телефон шалғанымда:

– Бұл бастамаларың жақсы екен. Міндетті түрде қатысамын, - деп күптай кетті.

Содан Мүз-аға үзбей байланыс жасап тұрды. Радиотыңдаушыларға халық педагогикасы, балаларды ұлттық салт-дәстүрге тәрбиелеуге байланысты, тамаша адамдардың үлгі-өнеге аларлық тәрбиелік мәні бар кісілік қасиеттерін мысалға келтіре отырып, қызықты-қызықты оңіме шерткені өлі есімде. Кейін радиотыңдаушылардың сол хабарларды қайталап беруімізді сұраған хаттары жиі келін тұрды.

Бірде Мүз-ағаға:

– Осы әңгімелердің басын құрап бір жинақ шығармайсыз ба? – дегенімде:

– Өзім де соны ойластырып жүрмін, - деп балажан ақын қуаныш сезімін жасыра алмады.

Артынша, 1972 жылы “Қазақстан” баспасынан “Тәрбие туралы әңгімелер” деген кітабы шықты. Бұдан біз М.Әлімбаев талантының сан қырлылығын аңғарамыз.

Ақынның естеліктері мен эсселері, мақал-мәтелдері мен көңіл күнделіктері де оқырмандар көңілінен шыққан тартымды дүниелер. Сондай-ақ ол айтулы публицист, майталман аудармашы, өдебиет зерттеушісі де.

Бірақ та ақынның балалар өдебиетіндегі орны өз алдына бір сырлы өлем екенін баса айтқымыз келеді. Өйткені, балалар өдебиетінің негізін қалаушылардың бірі М.Әлімбаевтың әр жас-ғағы баланың ой-өрісіне сай азаматтығы асқақ, мұраты асыл, тілі шұрайлы, қызық оқиғалы, күлдіргі өрі тапқырлығы жағынан өр алуан ойлы туындылары бала психологиясының нәзік сырына жетік білгірлігін танытады. Оның шығармалары мектеп оқулықтарынан тұрақты орын алған. Көптеген ән текстері жас буынның сүйсіне шырқайтын өлеңдеріне айналған.

Мүз-ағаңның өлі де балдырғандар мен немере-шөберелеріне шабытпен жазылған тамаша жыр жолдарын сыялайтынына еш шүбә келтірмейміз.

1993.

## Ақ құлынға мінген ақын

Бұрындары бүлдіршіндерге арнап бірді-екілі олең-өңгіме жазған қаламгерді балалар жазушылары қатарына қосып келдік. Бұл өлі сүрлеу соқпағын таба қоймаған, балалар әдебиетінің қалыптау сатысындағы баспадақ кезең еді.

Бастапқы қадамын жас сәбише тәй-тәй басқан қазақ балалар әдебиеті бүгінде көркейіп, бүршік жарған мәуелі бәйтерекке ұқсайды. Сол бәйтерек жасыл желегіне уя салып, балапандарын түлетіп ұшырып жатқан сап алуан құстарша өзіне төн әуенмен жырлайтын балалар жазушылары да дараланып суырылып шыға келді. Олар балалар әлемі аспанында оқшауланып, үркердей биіктен жымың қағады. Жас оқырмандарын магниттей тартып, шырынды шығармаларымен сусындарын қандыруда.

Бала мінсеі қызық қой. Кейде төгті қиялға беріліп, түңгиық теңіз түбіне ақ сазандай сүңгіп, су патшалығын аралайды. Енді бірде әппақ қардай қанатты ақ құлынына мініп, ақша бүлтпен жарысып, кең әлемді шарлап кетеді. Сергек сезімді баланың ойы орамды, қиялы қанатты, кеудесі шалқар шаттыққа толы. Осындай қызығы мен шыжығы көп балалар әлеміне барлау жасап, олардың кіршіксіз мөлдір бұлақтай жан дүниесіне үңіліп, тіл таба билудің өзі санаулы қаламгердің ғана қолынан келеді.

Балалар әлемін үлкен бір әнекейлі шеберханаға ұқсатсақ, соның ұқсатымды бірегей ұсталарының бірі Қалыр Мырзалиев дер едік. Ақынның қарымды қаламынан шыққан ойнақы да тапқыр олеңдер кеуде — көркіне қыздырылып, жүрек — төсіне соғылып, ой — балғасымен шыңдалып, сезімді селт еткізетін зерделі зергердің қолынан шыққан сиқырлы қабдишадай өсерде қалдырады.

Олеңнің өр жолына зер салып, терең үңіліп, сын көзбен қарайтын, ой слептен откізіп барып нақтылы тұжырымға келетін, қалыптап шыққандай дәл пішіп, дәл құятын талғампаз Қалыр жалаң ақыл айтудан аулақ. Ол табиғаттың көрікті көріністерін, жан-жануарлардың жағымды өрі ұнамсыз қылықтарын бала ұғымына сай салыстыра отырып суреттейді. Балаларды жаман әдегтен жиренуге, жақсы машықтан үйренуге тәрбиелеп, ақылды, ойлы, тапқыр, сезімтал болуға баулиды.

*Неге?  
Айтсақ дұрысын,  
Демей ұсақ-ірісің,  
Бірі істейді бәрі үшін,  
Бәрі істейді бірі үшін.*

(“Кұмырсқа”).

Кұмырсқалардың ұйымшыл еңбекқорлығын балалар түсініпне лайықтап, жатық тілмен, көркем образ арқылы өре билген. Осындай салыстырмалы өдіс бала қиялын ұшқындандырып, танымдылығын арттыруға мол әсерін тигізеді.

Қ. Мырзалиев қай тақырыпқа қалам тербемесін “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиегіндей” жатық жырлай біледі. Тапқақтар мен мазақтамалар, өлеңдер мен мысалдар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ертегілер мен аңыздар, диалогтар — оның тынымсыз ізденіп, еркін игерген тақырыбы.

Балаларға жазу қиын. Бұл — шындық. Кез келген қаламгер баланың көңілінен шыға бермейді. Поэзияны балаларға, ересектерге арналған деп ере жігін ажыратып жіктеп бөлгенмен, қай шығарманың да жеті жасар жеткіншек пен жетпістегі қарияға түсінікті етіп жазылғанына не жетсін!

Халық ауыз әдебиеті — батырлар жырын, ертегі-аңыздарды, шешендік сөздерді алайық, бәрі де көнермей, жыл өткен сайын қайраққа жанып алған қанжардай откірленіп, жасарып-жасауланып әр оқырманның көкірек сарайы төрінен берік орын алған. Бұл халық даналығының, шығарма саралығының құдыреттілігін көрсетеді.

Туындыны балаларға арнап жазу үшін, олардың жас ерекшеліктерін ажыратып алу керек. Тәй-тәй басқан сәби мен төменгі класс оқушыларына — олардың ойлау қабілетіне, тіл ерекшеліктеріне орай жазылған шығарма өзінің көздеген мақсатына жетеді.

*Күнде тәртіп бұзыпты,  
Кішілерді сүзіпті.  
Миуаны үзіпті,  
Мүйізінә тізіпті.*

*Міне осындай “алыпты”,  
Атам көріп қалыпты.  
Қажыттық деп халықты,  
Мүйізін қағып алыпты!* (“Тоқал ешкі”).

Әрі тапқыр, әрі ұтымды жазылған осы олең балабақша бүлдіршіндерінің әсем әніне айналды. Бұдан басқа да ән әуенімен мөлдір бұлақтай тоғылған Қадыр олендері сәбилердің балғын жүрегіне жол тауып, олардың көңілдерін көтеруге, сезімтал, сергек болуларына игі қызмет атқарып келеді.

Ақын да аңғал бала сияқты дейміз. Ал бүлдіршіндерге арнап жыр жазатын дарын бала мінезді болуы керек. Сонда ғана күміс қоңырау сыңғырындай сиқырлы әуезді жырлар туады. Құрғақ ақыл айтып, үйқастыра салған олең сәби жүрегіне ұяламайды. Оның әр түрлі формасын тауып, түрлендіріп, жетілдіріп отырғанда ғана сәби санасына өз сәулесін түсіреді. Әр шумақтағы көрініс тез өзгеріп, мультфильмдегідей шытырман оқиғаға құрылса, жас оқырманын желпіндіріп, қызықтырып сол туындыға күштарлығын арттырады.

Қ. Мырзалиев ұзақ жылғы өз творчествосында осыларды бір сәт жадынан шығармады. Күнделікті өмірімізде болып жатқан өзгеріс, жаңалықтар ақын қаламынан қалыс қалып көрген жоқ. Соған дер кезінде үн қосып, тың ырғақ, айшықты бояумен, шұрайлы тілмен өрнектеп, сезім пернесін дәл басуға тырысады.

Тұрмысымызға берік енген, өмірімізбен біте қайнасып кеткен, жана заман тудырған жаңалықтарды да балаларға тартымды әрі түсінікті етіп жырлап беруде Қадыр Мырзалиев еңбегі өз алдына бір төбе.

Мысалы, “Әткеншек” деген олеңінде:

*Жұлдыздарға үңілген,  
Білім құмар баланың,  
Сен шығарсың, кім білген,  
Бірінші старт алаңы!*— деп тұңғыш гарышкер-

дей білім аспанында өлі-ақ талмай самғайтынын ойын баласының есіне салады.

Қадыр диалог арқылы бала ойын ерекше көркемдікпен, дәлдікпен, тапқырлықпен жырлай біледі.

*Ақ тауыққа не жарасады?*

*Шоқыған.*

*Ақылдыға не жарасады?*

*Оқыған.*

(“Кімге не жарасады”).

Бұғыныспақ ойнайтын балалар кім бұғынып, кім көз жұму керекін анықтау үшін санамақ айтады. Оның жанаша түрін тапқан да Қадыр.

*Бота, түйе,  
Құлын, бие.*

*Торай, шошқа,  
Қозы, қошқар.*

*Қодық, құлан,  
Бұзау, бұлан.*

*Кожек, қоян,  
Бақа, шаян.*

*Торғай, шымшық,  
Сен, қал!  
Сен, шық!*

(“Санамақ”).

Ақынның “Хайуанаттар хикаясы” әр аңдар баласының өзі жайлы қалап ойлатынын, не дейтінін балаларға танымды әрі тағылымды етіп жырлайды. “Жабдыктар жатағында” үй жабдықтарының, “Бояулар байлығында” әр бояудың, “Бақша бөлімінде” бау-бақшадағы өсімдіктердің адамға тиіс пайдасы мен олардың атқаратын қызметтеріне талдау жасайды. Ал “Аквариум” топтама өлеңдерінде балықтар өмірін, олардың тіршілігін, өзіндік ерекшеліктерін жаңаша ұғым, түсінікпен балаларға тарту етеді.

Бүгінде тәуелсіз мемлекет атанып, еркіндікке қолы жеткен Қазақстан ұландарын патриоттық рухта, өз Отанын, туған жерін, ардақты елін зор махаббатпен сүйе білуге тәрбиелеуіміз керек болса, сол қасиет ананың сүті, ана тілімен бала бойына сіңеді. Оз ана тілін қадір тұтпаған бала патриот бола алмайды.

*Ана тілің, биіп қой,  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің, биіп қой,  
Мақтанышың, елдігің.*

*Ана тілің — арың бұл,  
Ұятың боп түр бетте.  
Өзге тіліңді бәрін бұл,  
Өз тіліңді құрметте!* — деп ақын бала ұғымы-

на сай өз пәлсафасын айтады.

1970 жылы шыққан “Күміс қоңырау” таңдамалысына кезінде ескертпе тілектер орынды айтылған болатын. Оз творчествосына өте жауапкершілікпен қарайтын К.Мырзаліев 1985 жылы осы



кітабын толықтырып, қалың оқырманына қайта ұсынды. “Бас пен құлақ”, “Мақтаншак”, “Одағай”, “Хат тасушы” сияқты басқа да ортанқол олеңдер жинаққа кірмеді. Бала ұғымына лайық емес кейбір сөз тіркестері мен жекелеген шумақтар біржола алынып тасталды. Қайсыбір олеңдер ұйқасып тұрғанмен, айтылатын ой нақты шықпай, жас оқырманға екіұшты ұғым тудыратын. “Тепт-тегіс жұмыр келсін айналасы” деп ұлы Абай айтқандай, Қ.Мырзалиев осындай кедір-бұдыр шумақтарды қайтадан қыр-нап, киюластырып жіберген.

Қадырдың балалар ақыны болып қалыптасуына “Балдырған” журналында қызмет атқарған кез өз ізін қалдырды. Осы журналда М.Әлімбаев, Ж.Смаков, Ә.Дүйсенбиев, Ж.Қорбозов сияқты балалар жазушыларымен бірге жарыса жыр жазуы қаламының ұшталып, қанатының қатаюына игілікті өсерін тигізді.

Ақын творчествосын қоржынның екі басына теңесек, соның бір жағына – балаларға, екінші жағына – ересектерге арналған жыр жиһаздары теңделгенін көреміз. Балаларға беретін базарлығы, үлкендерге жасайтын сый-сияпаты ыждаһаттылықпен, орқайсысына лайықталып өзірленген. Ешқайсысы өкіле, наз айта алмайды. Қолдарына тиген базарлықтарын ешкімге қайтармайды. Асыл құнды қимас заттай өздері ғана иемденеді. Өздері қызықтап, өздері тамашалайды. “Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туу керек”, - деп В.Белинский айтқандай, Қадыр Мырзалиев балалар ақыны болып туған дарын.

“Бала кезімде жиі-жиі көріп тұратын екі түрлі дәстүрлі түсім болатын. Бірінде мені езуінен ақ көбік бұрқыраған қара бура қуып жүретін де, үнемі шошып оянатынмын. Бір ғажабы – бұл түсті мен көбіне көп қатты ауырар алдында көретінмін... Екіншісі – сәби қиялына лайық романтикалық әдемі түс. Онда мен аппақ қардай қанатты ақ құлынға мініп, ақша бұлттардың арасында қалықтап жүретінмін. Осы қанатты ақ құлын көркем сөздік көпке белгілі пырағы – Пегас болуы керек, сірә”, - деп балалық кезінде көретін түсі жайлы кейіндері есіне алады Қадыр.

Қ.Мырзалиевтің шығармашылығын талдай келе, ақынның бала күнінде түсіне жиі кіретін ақ қанатты – жыр пырағы шабысынан танбасын, аппақ ақша бұлттарды кезіп биікте самғасын, асыл арман, жарқын өмірді жалғасын, жыр дариясының толтыра берсін арнасын дегім келеді.

1995.

## Балалар әлемінің жыршысы

Балаларға арнап жазатын өр ақып, жазушының өз шығармашылық жолы бар. Біреуге балалық кезінде тыңдаған өже ертегілері әсер етсе, енді біреуге өскен ортасы, қоршаған айналасы өз ізін қалдырады. Ал баталарға арнап жазатын қаламгерге жас кезіндегі қиял мен арманы ер жете келе қанаттанып, жанданып жаңа бір әлем әлемге алып барады. Ол адам жанын сергітіп, жүрегің тербейді. Озінің бар болмыс-тіршілігімен қызықтырады. Бірге томпаңдап ойнауға, бірге былдырлап сөйлеуге шақырады. Адамның ойына келмейтін сан алуан қызық шытырман оқиғалар ортасына апарды. Бұл әсем өлем – балалар әлемі. Соның жез таңдай жыршыларының бірі – Ермек Өтетілеуов.

Бір қарағанда балалар жазушысы болу оңай көрінгенмен, оған қалам тартып, кішкентай оқырманына шығарма жазу – қиынның қиыны. Балдырғанның жас ерекшелігін, сөйлеу тілін, іс-әрекетін, ең бастысы психологиясын жақсы танып білу керек. Онсыз сіздің бар еңбегіңіз зая кетеді. Міне, бүлдіршіндердің осындай ерекшеліктерін Ермек ерте аңғарған ақын.

*Балдай бала тілінен,  
Әр кез лоззат аламын.  
Содан болар,  
Кім білген  
Қолдарда қаламым,  
Балаларға жазамын, -*  
деп ағынан жарылуы да сондықтан.

Ермек кейбір құрбыластары сияқты сотқарлыққа, шолжаңдыққа, ұрыншақтыққа бармай, көбіне біртоға, өзімен өзі жексе отырғанды жақсы көретін бала болып өседі. Ол дәптер аздық еткендей-ақ, ауылдағы оқпен ақталған үй қабырғасын суретші полотносындай неше түрлі суреттер салып толтырып тастайды. Сол бейнелерге қызыға қарайтын.

Жас кезінен үлкен өнерге деген осындай құштарлық оның бойынан ер жете келе басқа бір қырынан көрінді. Ол оң болып бүр жарып, шешек атты. Бірақта оның құлпырып гүлденуіне, жұрт көңіне шалынып, көңіл болуіне біраз уақыт өтті. Кейде

жазушының бір ғана шығармасы оның атын бүкіл елге жаяды ғой. Ермектің де атын ең алғаш дүниеге келген “Алыптың алыбы” деген өлеңі шығарды. Бұл — өз күшіне күпсініп, үй жануарларының бәрін көтерін әкете алатынына мақтанған алып ил туралы жазылған жыр жолдары болатын.

Ермектің бұл пілі саяхаттап талай жерді аралады. Бірнеше елдер тіліне аударылды. Алғаш аудандық, одан облыстық газеттерде жарық көрді. Кейін республикалық “Балдырған” журналында басылды. Ал 1965 жылы “Жазушы” баспасынан жеке кітапша болып шығып, кішкентай қалың оқырманын қуантты. Кейін орыс тілінде “Костер”, украин тілінде “Барванок”, болгар тілінде “Дружина” журналдарының беттерінен орын алды.

Бұл оқиғалы өлеңінің айтатын ойы да, жазылу формасы да бұрынғы піл туралы өлеңдерден ерекше еді.

*Артып ап  
Үстіне:  
Ат, сиыр,  
Күшкіт,  
Қой, түйе,  
Мысықты.  
Шошқа, ешкі,  
Қоразды.  
Он үйрек,  
Он қазды, -*

артып алып мақтанатын алып пілге бар бала елең ете қалады. Өлеңді қызыға оқыды. Пілден де алып көтергіш қранды басқаратын адамның мықты екенін бала ұғымына лайықтап, тартымды бере білген авторға сен де риза боласын.

Менің өлі есімде, алпысыншы жылдардың басында көтергіш қран туралы жазбаған ақын жоқ еді. Сол кездерде “Қраншы қыз” деген өлеңдер тіпті қаптап кеткен болатын.

Ал Ермек “Піл мен Қран” деп бадырайтып тақырып қойып жалаң суреттемеді. Қыз тіккен кестедей айшықты бояумен, жатық тілмен, динамикалық қозғалыс көріністер арқылы піл мен көтергіш қранның өздеріне тән қасиеттерін талқырлықпен дәл жырлап берді.

*Және де  
Пілді де  
Тұмсықтан  
Пілді де,*

*Мақтанған —*

*Мастанған —*

*Бәрін де*

*Бір демде*

*Көтерді*

*Аспанға!*

*Адамнан*

*Сірә, күш*

*Аққан ба!* — деп тұжырым жасайды ақын.

Ермек Отетлеуов 1986 жылы “Жалын” баспасынан шыққан “Балақай” аталатын бір томдығында “Кім күшті?” деген тақырыппен енген Піл мен Көтергіш кран туралы бұл өлеңіне баса көңіл бөліп, арнайы тоқталып жатқанымыздың өзіндік сыры бар.

Осындағы тапқырлық, түр жаңашылдығы баланың оқуына жеңіл үш-төрт буынмен жазылған жыр жолдары ақынның бүкіл творчестосына тән нәрсе. Оның басқа қаламдастарынан бөліп көрсететін өзіндік ерекшелігі дегіміз келеді.

Ермек мектепте оқип жүрген кезінде кластағы қабырға газетін шығаруға қатысып, жеке бөлімшелерді түрлі ертегі кейіпкерлерімен безендіріп сурет салып, ой-қиялын ұштай түссе, Алматыдағы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтындағы студенттік шағы да өз алдына бір бедеу еді.

Бір қызығы, Ермек мектепті орысша бітірін, ҚалПИ-дің қазақ мектептерінде орыс тіл-әдебиеті мен қазақ тіл-әдебиетінен сабақ беретін мамандар даярлайтын бөлімде оқиды.

Институтты орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шығады. Кейін мектепте мұғалім болып қызмет атқарады.

— Мен орыс мектебін бітіргенмін, сондықтан қазақша білмеймін дегендерге қарсымын. Бәрі адамның өзіне байланысты. Жасыңнан құлаққа сіңісті ана тілінді былай қойғанда, үйреніп, білем дегендер тарымы басқа шет тілдерді де игеріп кетіп жатқан жоқ па?! Мамандығым орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі болғанымен, мен ана тілімді аса қастерлеуімнің арқасында ұмытпай, ұмытпақ гүтілі, сол тілде алғаш рет әдебиетке келдім, - деп мақтаныш ететін Ермектің жөні бар.

Мектепте балалармен қоян-қолтық араласу, оларға жан-жақты тәлім-тәрбие мен сабақ беру, әдебиетке құмар оқушыларды үйірмеге тарту, Ермектің өзіне де педагогикалық мол тәжірибе жинақтауына септігін тигізді. Екі тілді бірдей білген соң өзін қызықтырған орыс жазушылары мен ақындарының әңгіме-

олендерін қазақша аудара бастайды. Сөйтіп, көркем әдебиет жа- зуга біржола бет бұрады.

Кейін республикалық “Балдырған” журналында қызмет атқа- руы бұлтарыссыз балалар жазушысы болып қалыптасуына негіз салды. Оның творчествосына белгілі балалар ақындары Мұзафар Әлімбаев, Жақан Смақов, Жәнібек Кәрбозов, Әнуарбек Дүйсен- биевтер елеулі ықпал етті. Оларды өзіне әрі аға, әрі ақылшы, әрі ұстаз тұтты.

“Қазір қазақ поэзиясында бірінғай балаларға жазатын ақын- дар қағары өсіп келеді, өнері үстеп келеді. Бірақ солардың ішінде кішкентайларға – балабақша бөбегі мен жас ұландарға өз өнерін тұтастай бағыштайтындары әлі аз. Сол аз ғаналарының ішіндегі маңдай алдысы, елгезегі, еңбекқоры, ізденгіші Ермек Өтетілеуов екенін ата-аналар да, тәрбиешілер де, бүлдіршіндердің өздері де жақсы біледі”, - деп Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұзафар Әлімбаев орынды бағалаған.

Расында Ермек творчествосының бәрі мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер мен төменгі класс оқушыларына арналған. Ақын қазақтың бай ауыз әдебиетінен сусындап нәр алған. Сондықтан да ауыз әдебиетіндегі үлгілерді түрлендіріп, жаңартып отырады.

*Бопем бүгін қаз басты,  
Тәй-тәй!  
Көп емес, аз басты,  
Тәй-тәй!  
Өзі маз боп күледі,  
Тәй-тәй!  
Әлі-ақ тез-тез жүреді,  
Тәй-тәй!*

Немесе,

*Қызыл, жасыл, көк,  
Түрлі түстер көп.  
Аппақ түсім – сүт,  
Бозғылт түсім – бұлт,  
Жасыл бояу – шөп,  
Сары бояу – сөк,  
Қара түсім – қас,  
Сұрғылт түсім – тас,  
Көкшіл бояу – су,  
Қызыл бояу – ту.*

Ермек жаңа санамақ түрлерін де тудырған ақын. Бұған “Қан-

на ойыншық?”, “Бес саусақ”, “Аман неге жаман, Мақсым неге жақсы”, “Қызықты ойын”, “Кітапхана”, “Жаңа достар”, “Спорт” сияқты санамақтарын жатқызуға болады.

*Бір үйде біз нешеуміз?*

*Кел, санайық екеуміз:*

*Бас бармағым – папам,*

*Балаң үйрек – апам.*

*Ортан терек – ағам.*

*Шылдыр шүмек – мен,*

*Титтей бөбек – сен.*

*Бір үйде біз нешеуміз?*

*Бір үйде біз бесеуміз!*

Осындай санамағын халықтікінен айыра алмайсыз.

Еріншек, жалқауды, өтірікші суайтты, мақтаншақтарды мазақ еткен мазақтамаларын да балалар ілезде жаттап алып, өз араларында айтып жүретін тақпақтар.

Балалардың танымдылығын арттыруды мақсат тұтқан ақын қала балалары көбіне біле бермейтін жылқы малының ерекшеліктерін жырға қосады. Мәселен, Құлынның күзде – Жаббағы, бір жастан асқан соң – Тай, екі-үш жасында – Құнан, төрт жасында – Дөнен, ал бес жасында – Бесті бөлатынын тартымды етіп түсіндіреді. Сондай-ақ Жүрістің, Желістің, Шабыстың, Жорғаның; Балапан мен Бүркіттің түрлерін де өлең өрміне түсіріп, бала зердесіне жеткізе жырлаған.

Е.Өтетілеуов ұстаз болып, мектепте оқушыларға сабақ бергендіктен де оқушылар оқулығында ненің бар, ненің жоқ екенін жақсы білетін. Мектептегі оқулықты толықтыру үшін өзінше әріптермен өлеңмен әліппе жасаған. “Әріптер парады”, “Қайсысы неге үксайды?”, “Адасқан атаулар”, “Тентек әріптер”, “Л мен Р”, “Әйбат Әліппе”, “Алфавит әңгімесі” сияқты өлеңдері оқушылардың кластан тыс оқып, мектепте алған білімдерін толықтырары сөзсіз.

Ақынның жұмбақ, жаңылтпаштары, шарада, анаграммалары бала тілін ұстартуға, ой өрісін кеңейтуге, тапқырлыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ, “Жаңа жыл ертегісі”, “Жаңа жыл алдында болған таңғажайып оқиға туралы” ертегілері балаларды тағажайып сырлы әлемге алып барады.

Ермек кейде әріптер әліппесін жасауда өзін-өзі қайталап кетеді. Соның бәрін “Балақай” аталатын бір томдығына іріктеп, “осы балаларға қажет-ау” дегендерін кіргізгені жөн еді.

*Кел, балалар, келіңдер!  
Тамашаны көріңдер!  
Бізде қызық ойын бар,  
Барлығын ден қойындар.  
Бізде қызық жұмбақ бар,  
Бөрің, көне, тыңдап қал! — деген өлең жолдары:  
Кел, балалар, тұрмаңдар,  
Бізде қызық думан бар.  
Атамыздық алуан,*

*Ертегісін тыңдаңдар,* - деген Әбдірахман Асылбековтің радиодан айтылып жүрген “Ерден атайдың ертегісі”, ал “Тәтті ұйықтандар, балалар!” өлеңі телесидардан берілетін осы аттас өн текстерін қайталаған. “Әліппе өнегесі” өлеңінде бала ұғымына қиын бақастық, бетбак, милау, делқұлы сияқты жағымсыз сөздерді де қолданбағаны жөн еді.

Ермек Отетілеуов балалар өлемінің жыршысы болғанына жиырма жылдан аса уақыт өтіпті. Осы аралықта он шақты өлеңдер мен өңгімелер жинақтарын және 1986 жылы “Балақай” деп аталатын бір томдығын балаларға сыйға тартты. Өзінің қаламы ұшталып, творчествосы толыса түсті. Оның өлең, өңгіме, тақпақ, санамақ, ертегі, аңыз, жұмбақ, жаңылтпаш, түрлі инсценировкалары балабақша мен мектеп сахналарында, мерекелі кештерде балалардың сүйсіне орындайтын шығармалары.

Ақын көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп, К.Ушинский мен Л.Толстойдың өңгіме, мысалдарын; О.Дриздін, Я.Акимнің, Б.Заходердің, С.Михалковтың және басқа да көптеген белгілі балалар ақындарының өлеңдерін аударуға ат салысты.

Ермек Отетілеуовтің алдағы творчестволық жоспары мол. Әлі де кішкентай оқырмандарын әр түрлі тақырыпта жазылған шырын жырларымен сусындата беретініне сш күмән келтірмейміз.

1987.

## Қаламы қарымды жазушы

Балаларға шығарма жазатын ақын-жазушылардың көпшілігі ауылды жерде туып-өскендіктен де ел өмірін, даладағы әр алуан табиғат көріністерін жас оқырмандарының ой қабілеттеріне лайықты етіп көркем тұлмен суреттеп береді.

Бұл заңды да. Ойткені, жастай өз көзімен көріп, табиғат пен жан-жануарлардың ортасында болғандықтан да қыр қызықтарын жақсы біледі. Ал өнеркәсіп тақырыбы сырт қалып, жұмысшы бейнесі сомдалып көрсетілмейді.

Ескен Елубасв та ауылды жерде ер жеткен азамат. Бірақ оның бәрімізден бір артықшылығы — жолаушылар таситын әрі жүк тиегін вагондарды сүйреткен паровоз бен тепловоздарды, теміржол бойының жұмысшыларының ауыр да қызықты жұмысын жастай өз көзімен көрген жазушы. Бала кезінде тамашалаған осы құбылыстың бәрі ақынның қаламынан тыс қалмайды.

*Поезд жүріп барады,  
Дүрс-дүрс соғып табаны,  
Еңбек күйін шертеді,*

*Домбыра етіп даланы,* - деп поездің (“Поезд жүріп барады”) өз бетінше жүрмейтінін, оны адам басқаратынын, домбыраның қос шегіндегі созылған қос рельстың бойы қызған еңбектен жас бүлдіршін ұғымына лайықты етіп жырлайды.

*Әр вагоның — бір дәу үй,  
Әрбір үйде — жүз адам,  
Әр поезың — бір ауыл,  
Жүрген сайын ұзаған.*

*Зулайды жер төсінде,  
Мейлің,  
Жазың, қысың бар,  
Бір тепловоз өзінде.*

*Жүз мың аттын күші бар,* - деп бала танымдылығын арттыра түседі (“Тепловоз”).

Белинский кезінде балаларға арналған кітаптардағы тақырып ерекшелігі дегенге қарсы болды. Жазушылардың өмірдегі ең ма-



ңызды әр негізгі деген жайттар жайлы балалар ұғымы мен түсінігінге лайықты формада жазылуын қалады.

Ұлы сыншының осы ойын өз шығармасының алтын қазығы деп түсінген Ескен қай тақырыпқа қалам тартпасын оқырманның жас ерекшелігін ескеріп отырады.

*Мүйізі  
Дәрі оның  
Тым тәтті.  
Сұлу да  
Денесі  
Сымбатты.  
Сұрайды  
Ал інім  
Әскербек:  
Ағаш па  
Басына  
Оскен? – деп.*

“Бұғы” олеңін үш буынды жыр жолдарымен өрген. Олеңнің формасын өзгерту ақынға тақырынты меңгеруге иіп ықпал етсе, ал бүлдіршіндердің қабылдауы мен оқуына жеңіл тиеді. Осы өрайды “Аңқау”, “Егіздер жыры”, “Айлакер Тұрар”, “Бастаңғы”, т.б. өлеңдерін де айта кеткен жөн.

Жазылған шығарманы балалар қалай қабылдайды? Ол несімен құнды? Жас оқырманының жүрегіне жол табу үшін ақын қандай жанр мен тақырыпты игерген?

Осы сұрақтарға Ескен Елубаевтың шығармаларынан толық жауап аламыз. Ақынның кейбір газет-журналдар үшін тапсырыспен жазылған туындылары болмаса, бар таланты мен творчествосы образды әрі шыншылдықпен балалар өлемін алдымызға жайып салады. Туындысы қай жанрда жазылмасын өзінің табиғилығымен, баланың жан дүниесін баурап алады.

Жазушы адам табиғаттағы кездесетін әр түрлі құбылыстарды сырттай қарап қызықтаушы емес. Соның бәрін ой елегінен өткізіп, балалардың табиғат туралы түсінігін молайтуға ықпал ететін шығармалар жазып табиғат құпияларын біліп, сүйеге, аңдарды қорғауға үйрету керек.

*Алатаудай айбынды,  
Тау қорғем жоқ мен әлі.  
Медеудің мұз айдыны –  
Чемпиондар медалі. -*

деп “Алатау” өлеңінде Ескен Қадыршылап кеткені болмаса, табиғат сырларына терең үніліп, оны жат қолдан қорғау мемлекеттік іс екенін өлең тілімен жеткізе біледі.

*Ормандағы аңдарды,*

*Орманшылар қорғап жүр.*

*Аң торитын жандарды,*

*Жолатпайтын қорған бұл,* - деп орманшының аңдармен достығын балаларға үлгі етеді.

Ескеннің де өзінің туған өлкесіне деген сүйіспеншілігі бала-лық кезде алған әсерінен туындап жағады. “Көкпар”, “Үшқыш”, “Нөсер”, “Ожн”, “Жау жаңбыр”, “Күзде”, “Қапшағайда”, т.б. өлеңдері біздің сөзімізді дәлелдей түседі.

Ескен Елубаев мектеп өмірін, балалардың әр түрлі мінездері мен қылықтарын суреттегенде кібіртіктеп қалмай, жүйрік аттай көсіліп кетеді. Олардың образын шебер де айшықты бояумен есте қалатындай егін бейнелейді. Сабаққа құлқы жоқ екі алатын жалқауларды:

*“Екісін” жою қажет,* - деп,

*Суретін сап бір қызық,*

*Қойыпты оны газетке,*

*Тасбақаға мінгізіп,* - деп келемеж етсе (“Мен неге міндім”),

*Енді бірде:*

*Қай баланың*

*“Бесі” көп,*

*Сол баланың есі көп.*

*Кімдер алса*

*“Тортті” көп,*

*Сана класс көркі деп.*

*Ал баланы*

*“Үші” көп,*

*Ойла шала ісі деп.*

*Кім оқыса*

*“Екіге” —*

*Қарама оның бетіне,* - деп салыстыру арқылы баланың өз бойын жаман өдет-дағдыдан аулақ ұстауға іпақырады (“Мінездеме”).

Баланы жастай еңбекке баулу олардың қоғам алдындағы өз бөрышын түсіне білуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл орайда жалаң ақыл айтумен шектелмеу керек. Қайта ересек адамдардың

шаруашылықтың әр саласында атқарып жатқан еңбегін үлгі-өнеге тұтқанда барып, баланың белгілі бір мамандықты меңгеруге деген ынтасы артады.

*Әжеме еріп, жиналып,  
Қолға қамшы аламын.  
Табынды озмі суарып,  
Шалғынға айдап барамын.  
Көк майса ғой келіскен,  
Сиырлардың қорегі.  
Табын сиыр өрістен,  
Бізге сүт ап келеді, -* дейді “Мен бақташы”

өлеңінде ақын.

Баланың бәрі көзімен көргенін істемейді. Үлкендер ісінен гыбраг алмай алмай, өз беттерінше әрекет ететіндері де бар. Олар қолайсыз, күлкілі жағдайларға тап болады.

*Мынау біздің Доңқабак,  
Шеберлігі ұстады.  
Дәу пышақпен жаңқалап,  
Қарындашын ұштады.  
Әй, шебер боп жарытпас,  
Қолын кесіп алыпты,  
Сыпа-сыпа қарындаш,  
Бір тұтам боп калыпты, -* деп орашөлақ бала-

ны күлкі етеді (“Орашөлақ”).

Жылдың төрт мезгілін жазбаған ақын кем де кем. Осы тақырыпқа жиі қалам тартатындықтан да ақындар бір-бірін сіздің сыңарындай айна қатесіз қайталап жатады. Бұл әбден жауыр болған тақырып сияқты болғанмен, Ескен “Туады, шығады, түседі, келеді” деген өлеңінде жылдың төрт мезгілін өдемі жырлап берген. Бала көктемнің туатынын, жаздың шығатынын, күздің түсетінін, қыстың келетінін халқымызды ертеден қалыптасқан ұғым арқылы қабылдайды. Жылдың төрт мезгілін төрт өлең етіп, жеке-жеке суреттемей бір өлең ішіне сыйғыза билген ақынның шеберлігі де осы тұста көрінеді.

Халқымыздағы аңыз-ертегілерді ақын өз ойының домна пешінде қорытып, шыңдалған болаттай шымыр етіп, жас оқырманьына ұсынады. “Асар”, “Ат бапкерінің аңызы”, “Қырғыннан құтқарған қарлығаштар”, “Айғырқұлаған”, “Қордай батыр”, “Шабан атқа бөйге” сияқты аңыз-ертегілері адамды жалықтырмайды. Қайта халық өмірін, ел басынан өткен не бір қилы-қилы оқиғаларды

біледі. Дана қариядай мейірімді, қол бастаған батырдай ер өрі гапқыр болуды үйренеді.

Ескен Елубаевтың гворчествосындағы баса айтатын ерекшелік – ауыл мен мектеп театрларының сахнасына арналған пьесалар, такпақтар, әзілдер, фельетондар жазуы. Мектеп сахнасы мен көркем өнерпаздар үйірмелері репертуарына найдалануға лайық бұл шығармалар оқуға жеңіл, сахнада ойнауға, қоюға оңай, оқиға желісі қызық та тартымды, өрі берер тәлімі мол. Пьесалардағы жәнс жекелеген поэтикалық туындыларындағы өлеңдік өрімдерден ақынның балалар көңліне қонымды, жүрегіне жақын орнықты ой-пікірі, уытты да өрнекті нақышы айқын байқалады.

Балаларға арналған пьесалар мен скетчтер ұмытылып бара жатыр еді. Соны Ескен қайтадан жандандырып, оінің гворчествосымен толықтыра түскен. Бұл жолда ақын жеміссіз емес. Ке інде “Ожет” кітабын оқырман жыы қабылдады. Кейбір пьесасы қуыршақ театрында қойылса, қайсыбірі ауыл мен мектеп сахнасынан орын алды.

“Бір уыс бидай” аталатын 2 актіі, 6 көріністі пьесада автор діқан еңбегін қадірлеуді, бір уыс бидайды өсіріп шығарудың өзі оңайға түспейтінін нанымды көрсете біледі. Класқа бидай мен күрішті қалталарына толтырып алып келіп, бір-біріне атқылап, еденді дәнге толтырып тастайтын жетесіз оқушыларды сынайды. Батыр деген баланы өжесі еркелетіп шолжаң етіп өсірген. Бетімен жіберген. Оның өр іс-өрекетіне еркіндік бар. Қыңыр бала сабағын да жөнді оқымайды. Мұғалім тілін алмайды. Тек әкесінен ғана қорқады.

Әжесі бір уыс бидайды еденге шашып жіберіп, баласына зорлап жегізеді. Түйір дөнді бір-бірлеп жинаған оңайға түспейді. Бала жалығады. Әжесі комектеседі. Ол кісі де шаршайды. Пьесаның соңында:

*Ә, солай ма екен,  
Міне, балам. Дән осылай жиналады.*

*Сен бір сағат қиналдың.*

*Ал әр діқан күн сайын, сағат сайын.*

*Дән өзіңше осылай қиналады.*

*Далада жүрген діқанның*

*Әрбір маңдай тері дәнге айналады,* - деп дөнді өсірін шығару діқанға оңайға түспейтініне баласының көян жеткізеді.

Екі бөлімді, үш көріністі “Ожет” пьесасында Балабек деген баланың революция кезінде ақтардан халықты арашалап қалған

тапқырлығы нанымды берілген. Мұнда ойнақы әзіл-күлкі бар. Көрушісін еш жалықтырмайды.

Орыс және дүние жүзі әдебиетінде құстар мен аңдарға тіл бітіріп, олардың бірін жағымды, бірін жағымсыз кейіпкер ету ерте кезден қалыптасқан. Әрі қуыршақ арқылы сахнаға шығару, жас корерменді сөзсіз қызықтырады. Ал қуыршақ театрына арнап пьеса жазуға біздің қаламдастарымыз сирек ат салысады. Осынау кемшілігімізді Ескен Елубасев ескеріп, қуыршақ театрына арнап “Асар” деген пьеса жазыпты. Бұған дейін осы аттас шағын жұмбақ-ертегі жазған автордың осы тақырыпты кеңейтіп, толықтырғанына қуанбасқа болмайды.

Мұнда шөжелері көбейген Әтеш пен Мекисен кең де жайлы күрке салуды ойлайды. Осыны іске асыру үшін асарға көршілері Аю, Қоян, Тиынды көмекке шақырады. Бұлар өз әлдерінен көмек көрсетіп, күрке тұрғызып береді. Автор осы шығармасы арқылы аңдар мен құстарды татулыққа, ұжымдыққа шақырады. Бірлесіп жасаған жұмыстың жемісті болатынын, әрі бірлік бар жерде тірлік орнайтынына сендіреді.

Олеңмен жазылған шығарманың тілі де жатық. Баланың тез қабыл алуына ыңғайлы.

Авторға ескертеріміз, жағымды әр жағымсыз кейіпкерлердің аузына бейпіл ауыз сөз салатыны. “Бір уыс бидай” пьесасында Батыр баланың Әжесіне:

*Өзің нағыз құдың қуысың,  
Сұмның сұмысың, - деуі.*

Немесе Атайдың Әжейге:

*Әне, әне, айтқанға жазықты болдық,*

*Не деген кеше. милаусың, - деп жер жебіріне жетуі ерсілеу. Ауыз екі тілде, сөйлеу кезінде айтыла жатар. Ал сахна төрінен құлаққа түрпідей тиеді емес пе?!*

Ескен кейбір сөздерді өз орнына қолданбағандықтан мағынасы бұзылып кеткен.

Мысалы,

*Тарт жағыңды*

*Рақымжан сенің құрдасың ба?! - деген тіркестегі “тарт жағыңды” емес. “тарт тіліңді” деген орынды.*

“Саған күшік керек пе?” деген екі бөлімді пьесасы драматургия жүгін көтеріп тұрған жоқ. Тақырыбына қарап күшікке деген қамқорлық, соларды қорғау екенін аңғарсақ та, ал пьесамен таныса келе, ол ойымыз ақталмайды. Әйелі босанған көршінің

Қуаныштың әжесіне мас болып келіп, ішімдікке ақша сұрап алуы, одан милицияға түсуі жайлы оқиғаны неге алған? Сондай-ақ, қорадағы малды үркітетін күшіктерді вагонға салып жібергісі келген өкесін күзетші ұстап алып, милицияға тапсыруы да сенімсіз. Мысалы, мен күзетшінің орнында болсам, қарияның қапшығын аштырып тексеріп, күшіктерді көрген соң, үйіне қайтарып жіберер едім. Шалды милицияға тапсырып жүргенде поезд жүріп кетпей ме? Қылымы жасаған адам бір шал үшін бүкіл бір составты жолдан қалдыра ма? Осы арасы сенімсіздеу.

Рөлдерге бөленімен пьесадаң гөрі құрғақ баяндауға құрылған шығарма. Диалогтары ұзақ. Кейіпкерлер аузынан былапыт сөздерді жиі естисін. Мысалдар келтірсейік:

**ШЕШЕСІ** (қызына): — Пәленің қызы құсап абыройдан айырылайын деп жүрсің бе?

**МИЛИЦИОНЕР**: — Сол қылығын естіген дәрігер өлгі жігітті өзін шақырып алып, әйелдер босанатын үйге ертіп апарып, әйелдердің босанар алдында қалай қиналатынын ескертіпті...

**САЙЛАУ**: — Білем, қандай қасқыр тартқанын. Сенің итің жылда Нақыштың итімен ұйығып жүреді. Соған апарып таста. Соның итінің күшіктері. Ой бағып-қақсын.

**ҚУАНЫШ**: — Ой, Нақышыңның аузын... Айтпа оны маған. Нақыш десе жыным келеді.

**ҚУАНЫШ**: — Сенің Нақышпен жүргеніңді. Ұятсыз, таза ауа жұтып тұрмын дейді, еше. Байымды қарайлап тұрмын десеңші, онанда.

Осындай диалогтарды корсерменнің қабылдауы қиын сияқты.

Ескен “Кім қорқақ, кім айбатты?” деген өдемі өлең жазған еді ертеректе. Тышқан — мысықтан, мысық — иттен, ит — қасқырдан, қасқыр — папасынан, папасы — мамасынан, мамасы — тышқаннан қорқатыны айтылатын бұл өлең тартымды шыққан-ды.

Кейін осы сюжетті Ескен “Ожет” жинағында “Әр нәрсеге бір зауал” деп оңгімелеп беріпті. Бірақ та өлеңнен көркемдік дәрежесі әлдеқайда төмен.

Әрі ақын оқиғалы өлеңін екіншілей қара сөзбен жазса не ұтпақ. Өлеңнің құны түспей ме?

Мысалы, өз басым “Ер Тарғын”, “Қобыланды”, “Алпамысты” қара сөзбен айтып бергенге де қарсымын. Бала кезімізде жырды тыңдап өскен біздерге, қара сөзбен айтылғаны жүрегімізді тербемейді. Сондықтан алғашқы өлеңмен жазылған нұсқасын ұнатамыз.

Ескен Елубаев нағыз балалар жазушысы. Жас оқырманына қандай тақырыпты ұсынып, қалай жазу кезеңінен өткен қаламгер. Алдағы уақытта тартымды тақпақтары, оқиғалы қызықты ертегілері, танымдылығы мен тәрбиелік мәні зор скетчтер мен пьесалары балалар жүрегіне жол табатын болады.

1998.

## Балалар поэзиясы – 1974

Ұлы жазушы А.М.Горький: “Біздің балаларымыз ата-аналары артына қалдырар үйдің де, жиһандың да, ақшаның да мұрагерлері емес, нағыз құдыретті асылдың, әкелері мен шешелері табан ақы, маңдай терімен орнатқан социалистік мемлекеттің мұрагері болып табылады”, - деген болатын. Соң мұрагер – жас ұрпақтың дүниесіне ізгі қасиеттерді егетін бағбандық қиын да қызығы мол жұмыс – балаларға өлең мен ертегілер, әңгіме мен повестер жазатын ақын-жазушыларға жүктеледі. Осы тұрғыдан бағдарлағанымызда қазақ балалар ақындары алдында тұрған мақсат-мұраттарын жақсы сезінгендіктері байқалады. Шынында да балалар ақындарының көпшілігі Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті күрғақ ақыл, өсиет айту арқылы жас оқырмандарына ұсынбайды. Қайта көркем тіл, айшықты ой, әдәмі теңеу арқылы бала ұғымына лайықты тақпақ етеді.

*Отан – сенің ата-анаң,*

*Отан – досың, бауырың.*

*Отан – өлкең, астанаң,*

*Отан – туған ауылың.*

*Отан – тарих, Отан – тіл,*

*Жасаған елің, өр халқың.*

*Отан – өлең, Отан – жыр,*

*Котерген көкке ел даңқын, - деп толғанса Б.Ысқақов*

“Отан” дейтін өлеңінде, ал Қ. Баянбаев:

*Кремль жұлдызы,*

*Жарқырап қарайды.*

*Сондықтан, билемін,*

*Аспаным арайлы.*

*Жалауын қарашы.*

*Желтиді жерімді.*

*Сондықтан, шамасы,*

*Отаным қоңірді, - дейді “Кремль” тақпағында.*

Әбдірахман Асылбековтің “Бір дегенім – білім. Білім – жарық күннің” деп басталатын “Санамақтар” өлеңінің бірінші бөлімі



баланың тілін ұстарту үшін осылай он санына шейін келіп, “Он дегенің — Отан, Отанды сүй, ботам!” деп баланың патриоттық сезімін оята аяқтайды.

*Москваны сүйеді,  
Адал ниет бар адам.  
Ол — әділет жүрегі,  
Бақыт содан тараған.  
Бейбітшілік тірегі,  
Москваның ұл-қызы.  
Москвада — Кремль,  
Мәңгі жарық жұлдызы.*

Ә.Ахметов осы “Москва” атты өлеңінде жас жеткіншектің бейбітшілікті, әділеттілікті, халықтардың бауырмалдығы мен достығын қалайтын елдің ұл-қыздары екенін мақтанышпен естеріне салады.

С.Сауытбеков туған жерге құштарлықты сұрақ-жауап арқылы құстар атынан былайша бөбектерге түсіндіреді.

*Сұрғылт күзде құс қайтты шулап-шұбап,  
Қойғанымыз бәріне бір-ақ сұрақ:  
— Ең жақсы жер әлемде қайда, - дедік.  
Айтты олар: Жақсы жер — туған жерің,  
Кіндік кесіп, кіріңді жұған жерің.  
Балалықтың базарын тамашалап,  
Жидегін жеп, қобелек құған жерің.*

Мұндай мысалдар Ф.Оңғарсынованың, Е. Елубасвтың, Қ.Толыбасвтың, Р.Тышқанбаевтың жинақтарынан да кездеседі.

Ф.Оңғарсынова өзінің “Көгершіндерім” атты жинағында кішкентай достарына ағынан жарылып, ашық сыр шертеді. Мектеп оқушыларының әр түрлі қылықтары, пионерлердің игі істері жинақта жақсы көрсетілген.

*Халқымыздың сенімі,  
Коммунистің серігі.  
Күрестерде шыныққан,  
Комсомолға мен іні, - десе пионер.  
Енді бірде: Жауына бұлтты торлатқан,  
Ұрпағына ол мақтан.  
Революция жеңісін.  
Өз қолымен орнатқан,  
Менің ағам — комсомол, -*

деп мақтанышпен айтады.

Үлкендерге арналған жырларында қалыптасқан саяси-әлеуметтік, азаматтық пафос Фаризаның осы жинағында да бар. Мұндай өлеңдер мен тақпақтар балалардың бойына патриоттық рух сеуіп, аға ұрпақтың жолын қуып, солардың ісін алға апарушы сенімді ізбасарлары болып тәрбиеленуге иіп ықпал етері сөзсіз. Бірақ.

*Құрыш болат білекпен,*

*Шөл далаға гүл еккен.*

*Қалаларды самсатып,*

*Жапандарды түлеткен,* - деп жалпылама айтқан-

нан горі,

*Апам орны басқа, бірақ,*

*Қуанды іштей о да керім.*

*Өссем екен шапшаңырақ,*

*Мен де сондай болар едім,* - деген, баланың ойы-

мен, соның тиімен нақтылы жазылған, адресі бар жырларды жас оқырмандарына ұсынса, бұдан ұтылмайды, қайта ұтар еді.

Жайма шуақ жаздың бір мамыр кешінде далаға шығып аспанға көз тіксеңіз, самсап тұрған жұлдыздардың ортасынан күс жолын, үркер, жеті қарақшы, темірқазықты бірден тани кетесіз. Көп ақынның арасынан біразын бөліп алып, “мыналар балалар ақыны” деп дарапап айтатын дәрежеге бүгінде қазақ әдебиеті де жетті. Солардың ішінде өздеріне ғана төн ақындық дауысы, поэтикалық стилі барларын ажыратып алуға да болады.

Осы тұрғыдан қарағанда үш ақынның жинағына айырықша тоқталғым келеді. Бұл — М.Жаманбалиновтың “Балғын гүлдей балақан”, Ә.Ахметовтің “Тырау, тырау тырналар”, Қастек Баянбаевтың “Қолшатыр көтерген он батыр” кітаптары.

Ақын М.Жаманбалиновқа төн нәрсе — өлеңін пақты бір тақырып, сюжетке құрып жазу. Өлең, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтары өрі қысқа, өрі тұжырымды келеді. Баланын оқып, жаттап алуына оңай соғады. “Батыр ұстаз” деген поэмасы мен “Күж жалмауыз бен Білек батыр” ертегісі жас оқырманды батылдыققа, ерлікке баулиды.

Ал Ә.Ахметов бобектерге танымдылығы бар өлеңдер жазуымен көзге түседі. “Төрт түлік пен төрт жігіт”, “Мал шақыру”, “Миллиард деген не?”, “Нан туралы сөз” сияқты өлеңдерін, “Халықбек”, “Хонсю хикаясы” ертегілері мен “Тырау, тырау тырналар” дастаны өзінің құрылымымен, тартымды баян талуымен ерекше. Әбекенң вьетнам, жапон балалары өмірінен алып жазған жыр-

ларында сол хатықтың салт-ғұрыптары мен дәстүрін сақтап отырған.

Кейбір ақындар сюжетті өлең жазғанда оның ішіне кірмей сырттан ғана суреттеп береді. Балаға сыртқы сурет те керек. Бірақ сол оқиға қаһарманының образын ашып, оның жақсы өдетінен тәлім алатындай, жаман қылығын әшкере етер толыққанды бейнесін жасағанда жас жеткіншек қызыға оқитын болады. Осы тұрғыдан келгенде Қ.Баянбаевтың “Қолшатыр көтерген он батыр”, “Футболшылар”, “Қоңыраушы”, “Талас”, “Откінші” сияқты сюжетті өлеңдерін, “Көзәйнек киген көжек”, “Жалмауыз жайын”, “Акула мен аққайраң” атты ертегілерін атаған орынды.

Осы жылдағы жақсы кітаптың біріне “Жыл он екі ай” жинағын жатқызғым келеді. Мұндағы өлеңдер мен әңгімелер, мақал мен мәтелдер, ертегілер орынды таңдалып алынып, ор түрлі ойындар, пайдалы кеңестер, көрнекті даталар өдемі безендіріліп берілген.

Осындай ауыз толтырып айтатын жақсы жақтарымен бірге кей ақындардың кітаптарынан сөзсіз өлеңдер, олпы-солпы ұйкастар, бірін-бірі қайталайтын шумақтар ұшырасады.

Ақын Қ.Ыдырысовтың “Қош келдің, январь” дейтін өлеңін балалар біраздан бері өнмен айтып жүр. Жыр:

*Январь, январь, январь,  
Бұл айдың бораны, қары бар.  
Ысқырып, пысқырып, гулюден,  
Азынап салатын өні бар, - деп басталатын.*

Январьға арнап ақындар Қ.Баянбаев пен Ә.Асылбеков те жыр жазыпты. Қастек Баянбаев:

*Асықпай ататын,  
Аязды таңы бар.  
Жытырап жататын,  
Ақ күміс қары бар, - десе, ал Ә.Асылбеков:  
Тамылжыған таңы бар,  
Әппақ ұла қары бар.  
Бар әлемді жаңғыртқан,  
Жылдың басы январь, - дейді.*

Көріп отырсыздар, екі ақын да өлеңнің мазмұны, әрі ұйкасы жағынан Қ.Ыдырысов өлеңін қайталап тұр.

Нұрхан Жанаев:

*Өзің тұрған үйді биік,  
Салып берген кім десең.*

*Құрыш қолды құрылысшы,  
Апалар мен ағалар, - десе, Шәймерген Әлдибеков:  
Біз тұратын үйді әсем,  
Салып берген кім десең.  
Құрылысшы ол құрыш блек,  
Біліп ал сен білмесең, - дейді құрылысшыларға ар-*

наған оленінде.

Жас жеткіншектерге жыр жазатын ақын әр сөзді өз мағынасында қолданғанда барып ұғымын кеңейтіп, сөздік қоры молая түсуіне әсер етеді. Егер де сөз өз орнында тұрмаса, сөйлемнің мағынасы өзгеріп, түсініксіз болып шығады.

*Ақтара алсаң қойнауыңды,  
Маржан толы жатыр нық,  
Бір өзінің бойында,  
Бар сұлулық, батырлық.*

Немесе,

*Манайдан бұл,  
Дәл сендей кіл.  
Төрт аяқты малды мен,  
Қуар едім алдымен.*

Осы шумақтағы “Маржан толы жатыр нық”, “Дәл сендей кіл” сөйлемдеріндегі “нақ”, “кіл” сөздері өз орнына қолданылмағандықтан, сөйлем түсініксіз. Сақа ақынымыз М.Жаманбалиновтың таңдамалы жинағына осындай сәтсіз шумақтардың кіргеніне еріксіз қынжыласыз.

Қ.Толыбаевтың “Шын” дейтін оленінде:

*Қыран самғап тайсалмай,  
Мүзға таяу барады.  
Одан әрі аса алмай,*

*Жартасқа үя салады, -* дейтін шумақ бар. Осындағы “қыран мүздан аса алмай, жартасқа үя салады” деген сөйлемде логикалық байланыс жоқ. Қыран басын ақ қар басқан жартас тұрсын. шыннан да өрі асып ұша береді. Сондықтан болса керек, халықта: “Қыран үясын шын басына салады” дейтін ұғым бар.

Р.Тышқанбаев:

*Таң бозынан шырлайсың,  
Әндетесің, жырлайсың.  
Бозды мақтап, мадақтап,  
Ала жаздай тынбайсың, -* дейді “Бозторғай”

оленінде. Мұндағы “шырлайсың” деген сөз ұйқас үшін алынып

түр. Шынында “шырылдайсын” болуы керек. “Бозды мақтап, мақтап” сойлеміндегі “бозды” сөзі сөйлем мағынасын түсініксіз еткен.

Енді бірде ақын “Жапалақтап ала қар” дейді, қар ала емес, ақша қар болуы керек қой.

*Елбек күшін шертеді,*

*Арал-судо-рем-завод*, - дейді Ә.Әленов. “Арал-судо-рем-завод” сөзі баланың түсінуіне қиын соқпай ма? Осындай авторлардың жіберген бір-екілі кемшілігін жинақ редакторы түзетін жіберсе, кітаптың құндылығы арта түсер еді.

Жоғарыдағы біз талдау жасаған ақындардың көпшілігінің жинақтарына жұмбақтар кіріпті. “Жұмбақ – халық шығармаларының шіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр. Әуелгі туысы арғы, ерте заман болғанмен, жұмбақ бергі замандарда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керектік қасиеттерін жойған жоқ”, – деп қазақтың көрнекті жазушысы М.Әуезов жұмбаққа орынды баға бергені бар.

Жұмбақ үшқыр да откір сөз есебінде өлі де халық ортасында бағалы. Сондықтан болса керек, жас балалар жақсы жұмбақты бір-екі оқысымен немесе естісімен жаттап алып, айтып жүреді. Ә.Ахметов, пен Қ.Баянбаевтың кейбір жұмбақтары болмаса, басқа ақындар үй тұрмысына енген жаңа заттарды жұмбақтап айтып берудің орнына, бұрындары көп айтылған кірпі, қоян, түлкі, қасқыр сияқты аңдарды жұмбақтайды.

“Жұмбақтың сөз қылған жайларын алсақ, - дейді М.Әуезов жоғарыда аталған жұмбақтар жайлы мақаласында, - ол бірден нәрсені анықтап айтады, екінші – қайдан шыққан нәсілін айтады, үшінші – оның атқаратын міндетін айтады, болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, парлап, бір-біріне жасайтын қарым-қатынасы арқылы суреттейді. Осы жайлардың барлығын жұмбақ және ақындық сөзбен, тең салыстырумен келтіреді”. Олай болса, жұмбақ бас-аяғы тұжырымды, образды келуі керек.

*Қапта тұрған тас еді,*

*Қазанға түсіп су болды*, - деп жұмбақтайды Ә.Әленов. Мұның шешімі “түз” екен. Мұнда жоғарыдағы Мұқаннның айтқандарының бірі жоқ. Меніңше бұл жұмбақты:

*Қапта тұрса тас еді,*

*Қазанға түссе ас еді*, - деп ұйқастырып, образды етіп жіберсе, жұмбақ тартымды болар еді.

Кітаптың әдемі болып безендірілуі балалардың эстетикалық талғамын арттыра түседі. Жақсы сурет, ою-өрнекпен жарыққа шыққан жинақтарға жас оқырмандар қызыға қарайды. Ішіндегі олеңдерді оқымай тұрып-ақ, суретіне бола кітапты сатып алады. Бірақ көп кітаптар нашар безендіріліп шығады. Суретшілердің авторлармен ақыдасып, олеңдердің мазмұнына зер салмағандықтан көзге қораш көрінетін суреттері бар кітаптар жарық көріп жатқанына қыңжыласыз.

Қорыта айтқанда, балаларды жан-жақты дамыған, ақылды да ойлы, абзал азамат етіп тәрбиелеп шығару үшін, қолында барларын місе тұтпай, алдағы уақытта парасатты да байыпты жырларымен ақындар өздеріне жүктелген жауапкершілікті жақсы атқаратын болады.

1974.

## Шежіре бауырмалдыкка баулиды

Еліміз егемендікке қолы жеткеннен кейін откенге көз тастап, жоғымызды іздей бастадық. Кешегі Кеңестер Одағы тұра берсе, Совет халқы болып, қазақ деген елдік атымыздан айырылып қалуымыз да мүмкін еді. Құдайға шүкір, тәуелсіздік алғанымызға келер жылы 10 жыл толады. Осы тәуелсіздігіміз ұзағынан болсын!

Бүгінде облыстардағы қандастарымыз жеті атасын ғана емес, тіпті әркі бабаларынан бастап бүгінгі ұрпағына шейін түгендеп шежіре жаза бастады. Әрине, шежіре үй ішінен үй тікпей, бір аймақта, бір өңірде мекен еткен әр руды біреуінен біреуін артық көрмей, тарихи деректерге жүгініп, көңкөз қариялардың айтқандарына, жазып қалдырғандарына арқа сүйсеу керек. Сонда жүрт қоңітінен шығады.

Осы орайда Тұрсынбек Жақсыбайұлының шежіресінде Қарағанды облысы Ақтоғай өңіріндегі Отеміс-Токсын ұрпақтарынан тарайтын Токсары, Құлық, Құлсары, Қожагүл ұрпақтарының шежіресін жан-жақты талдап таратады.

Сарым елінен кешегі жоңғар шапқыншылығында сайын даласын білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған баһадүр Жалаңтөс, Жидебай батырдың “Шаппай жүйрік, сөйлемей шешен болған Шабаным” деп ерекше бағалаған Шабанбай, Жанғұтты билер тек бір рудың ардақтылары емес, бүкіл қазаққа аттары танылған, елден лайықты бағаларын алған данагойлер.

Ойткені, Шабанбай Жанғұттыға бата берсе, Жанғұтты Абайға бата бергенін тарихтан жақсы білеміз. Шабанбайдың батасы тиген Жанғұтты әділ би, орақ ауызды шешен болса, Жанғұттыдан бата алған Абай қазақтың ұлы данышпан ақыны атанды.

Т.Жақсыбайұлы шежіресінің құндылығы — әр ұрпақ таралымын нақты көрсетумен бірге, солардың арасынан шыққан игі жақсыларды, елге сыйлы адамдардың қоғам, мемлекет алдында атқарған елеулі еңбектерін айтып қана қоймай, фотосуреттерін қоса берген. Солар жайлы, солардың өздері айтқан тапқыр шешендік сөздер мен әңгімелер де өз оқырманын қызықтырады. Сондай-ақ, Сарым елімен біте қайнасып, талай жылдар араласып

кеткен Қожа, Төре, Төленгіт, Татар, Ноғай, Тобықты, Кіші жүз Рамадан, Табын ұрпақтарының таралымы солардың отіншілері бойынша осы шежіреде келтірілген.

Т.Жақсыбайұлының шежіресі ұрпақты біріктіретінін, бір-біріне деген бауырмалдығын күшейтетінін, достық-туысқандық қасиеттерінің бұдан былай да арта түсетінін ылғи алға тартып ескертін отырады.

Кейбір шежірешілер өз руын ерекше етіп көрсету үшін кешегі барымташыл, ұры болған адамдарды батыр етіп көрсетуге тырысатыны, тіпті бұрын бір қорымда жерленетін ауылдастарының шейіт болғандарын ол тобеге жерлөтпей, өз руын басқалардан жоғары қойып, орынсыз көтереліндіктері жайлы естігеніміз бар. Әрине, мұндай кеудем соқтық ел арасын ашатын құбылыс.

Қорыға келгенде Тұрсынбек Жақсыбайұлына ризашылығымды мынандай өлең жолдары арқылы білдіргім келеді.

*Халқын ойлап жүрегі дүрсідеді,  
Терең бойлап тарихты бысін деді.  
Жас өркенге мирас қып шежірені,  
Сығға тартты Жақсыбай Тұрсынбегі.*

*Көкейдегі шырақты жандырады,  
Қаталаған шәліңді қандырады.  
Бабаларды тіріткен азаматқа,  
Алғыстарын жаңбырдай жаудырады.*

*Откен күннен белгі бар, жоққа түңлі,  
Бұлақ көзі — шежіре жоқтар ұлын.  
Тексіз еткен халықты гайып болды,  
Коммунистік дүмбілез шоқпар ұғым.*

*Ұйытқысы болмады бекер істің,  
Шежіреден бал менен шекер пүтім.  
Тұрымтайдай түс-түсқа тарап кеткен,  
Ұрпақтары қауышты Отемістің.*

*Омір көші жылжиды, алға асады,  
Уақыт та тапжылмай қалмас өрі.  
Егемен ел атандық, бабалардың  
Бауырмалдық дәстүрі жалғасады.*

2000.



## Радиожурналист — үлкен мамандық

Менің шығармашылық қызметімнің ширек ғасырға жуығы, яғни 20 жылы (1965-85 жж.) Қазақ радиосында өтті. Алғашқы жұмысымды онеркөсіп редакциясында бастадым. Кейін “Шалқар” бағдарламасы құрылғанда, оқуды жаңа ғана бітірген біздер сияқты жас жігіттер мен қыздар соның қалыптасып, аяғынан тік тұруына құлшына ат салыстық.

“Шалқар” бағдарламасының басында А.Абылаев, Е.Әбдіғаларов, Р.Сағымбеков сияқты, т.б. білікті журналистер тұрды. “Шалқар” ауылды жерлер мен шалғай аудандардағы тұрғындарды қамтитын, хабарлары тек қазақ тілінде тарататын бірден-бір информациялы-музыкалы бағдарлама болды.

Д.Жанботаев, Р.Күдайбергенова сияқты, т.б. жастар репортерді аркалап, жүгіріп жүріп материалдар жинадық. Сөйтіп, радиожурналистік жаңа мамандықты игеріп, шынығып, шыңдалып шықтық.

Кейін “Семья мен мектеп” радиожурналының аға редакторы Н.Баймұратова Комитетке жоғарылап кеткенде, мені сол редакцияға ауыстырды. Негізгі мамандығым қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан, редакция жұмысы етене жақын еді.

Қазақ тілінде Мәскеуде шығатын “Семья и школа” журналы жоқ болғандықтан, ашылған бұл радиожурнал өз міндетін барынша атқара білді. Бала тәрбиесін, мұғалімдердің іс-тәжірибелерін, үлгілі мектептердегі оқыту әдістерін бүкіл республика жұртшылығына кеңінен таратып отырды. “Ересектерге балалар жайында”, “Ұлағатты ұстаздар”, “Ұлы адамдар өмірінен”, “Тәрбие бесіктен басталады” сияқты тақырыптарда тәрбиеге, оқу жүйесінің жүйелі жүргізілуіне ерекше қоңл бөлінді.

Әдебиет-драма редакциясына О.Бодықов бас редактор болып келген соң маған “құда” түсе бастады. Мен өзім үйренген редакциядан кеткім келмесе де, жоғарғы бастықтарға айтып, ақыры сол редакцияға бөлім меңгерушісі етіп алды.

Әдебиет өзіме етене жақын болса да, жаңа редакцияға ауысқан соң, жаңаша жұмыс жасауға тура келді. Мұндағы басты қиын-

шылық – ірі-ірі ақын-жазушылармен, атақты өртістермен, Жазушылар және Театрлар одақтарымен жұмыс жасауға тура келді.

Неге екенін қайдам, бірінші бастықтарымыздан бастап, төменгілерге шейін “ана ақын-жазушымен, мына өртіс-режиссермен байқап сөйлес, ренжітіп алма” деп ылғи ескертетін. Бұл маған срейсеу көрінетін. Кейін жұмыс барысында бәрімен де тұл табысып кеттім.

Редакция бұрындары “Қалақай” сатиралық, “Шолпан” әдеби-радио журналдарын, ақын-жазушылардың әңгіме-өлеңдерін эфирге шығарып келіпті. Мен жаңадан “Творчестволық портреттер”, “Микрофон алдындағы кездесу”, “Тамаша адамдар өмірінен”, “Жаңа әңгімелер кітапханасы”, “Ұлы жазушылардың ұлы туындылары”, “Ақ қоңл” радиожурналдары сияқты тың тақырыптарда әдебиет мәселесі төңірегінде ой өрбітуге тырыстық. Бұл еңбегім жеміссіз болмады.

Көптеген ақын-жазушылардың, суретші, өртістердің творчестволық портреттері жасалынып, алтын қорға алынды. Бұрын шренетін ақын-жазушылар мен ірі-ірі режиссерлер енді өздері хабарласып, ат басын бұратын болды.

Редакция қатып қалған қалыпты жағдайдың сенін бұзып, оқиганың ішінде болып, кездесулерден, кештерден тікелей хабарлар жазып, эфирге шығаруды дағдыға айналдырды. Мұндай хабарлар радиотыңдаушыларға ерекше әсер етті. Ойткені, өзінің табиғилығымен ерекшеленетін. Сондай-ақ радиожурналистің тікелей эфирге шығып, хабарлар жүргізуін де алғашқылардың бірі болып енгізген мен едім. Сонау 70-ші жылдары өз хабарларымды өзім оқып, радиотыңдаушылардың жүректеріне жеткіздім.

Сол кездерде Б.Дәулетбаев, М. Рысбековтер директор болған тұста, олар бізге толық еркіндік беріп, хабардың жақсы жазылып, жасалуына көңіл боліп, ішкі ісімізге көп араласпайтын. Біз сол талап денгейінен көрне білдік.

Радиодағы Ә.Байжанбаев, М. Қуатбеков, С. Жақанова сияқты дикторлар әдеби хабарларды келістіріп оқитын. Ылғи соларға оқыға бергенді жөн көрмей, театрлардан арнайы өртістерді шақырып отырдық. Бұнымыз өте орынды болды. Солардың оқуымен көптеген көрнекті ақын-жазушылардың шығармалары алтын қорға қабылданды.

Бұрын өз өлеңдерін, публицистикалық мақалаларын “Дикторға оқыға сал” дейгін ақын-жазушыларды радиоға арнайы шақырып, өздеріне оқытқанды өдетке айналдырдық, кейбіреулері алғ-

ашқыда кібіртіктесе де кейін келе тоселіп сала берді. Ә.Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, С.Мәуленов, Х.Ергалиев, Ф.Қайырбексов, т.б. ақын-жазушылардың қай-қайсысы да әртістерден кем оқымайтын. Солардың дауыстары да Қазақ радиосында сақтаулы.

Мен С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндер сияқты қазақ әдебиетінің маркасқаларымен тең сөйлесе білдім. Олар да мені іштеріне тарта білді. Қай уақытта болмасын әңгімелесіп, әдебиет жайлы ойларын репортерға жазып алып, эфирге шығарып отырдым.

Бірде сол кездегі Радио-теледидар төрағасы К.Үсебаев шақырып:

– Жеңіс, осы мен бастықпын ба, әлде сен бастықсың ба? – дегені бар.

Бұл сауалы маған бір түрлі көрінді.

– Бұл сұрақты саған қойып отырғаным, - деді төраға түсі жылып, - таяуда бір отырыста Х.Ергалиев пен Ғ.Қайырбексовтерге “Жаңа шығармаларыңды радиоға әкеліңдер. Эфирге шығарайық”, - дегенімде, “Е, онда өзіміздің Жеңісіміз бар” - дегендері. Бұған мен іштей қуанып қалдым. Ұсақ-түйек нәрсеге бола авторларды төрағаға жібермей, олар сияқты редакторлардың томеннен шешкені дұрыс. Алдағы уақытта да жұмысыңды осылай атқара бер, - деп арқамнан қағып шығарып салды.

Кейбір іштарлық, қызғаншақтық білдіретін бастықсымақтар кей кездері кедергі келтіргені болмаса, Қазақ радиосындағы ширек ғасырға жуық қызметімді адал атқарыппын.

Еңбек жолында жеміссіз де болмаппын. 1965 жылы СССР Журналистер. 1973 жылы СССР Жазушылар одағына мүшелікке осы қазақ радиосында қабылдандым. Осында жүріп 12 олеңдер мен прозалық шығармаларым жарық көрді. 1971 жылы “Еңбектегі ерлігі үшін” медалімен және бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталыппын.

Таяуда “Атыңнан айналайын атамекен” атты кітабым жарық көреді. Ж.Жабаевтың 125 жылдығында С.Бегалинмен болған, Ғ.Мүсіреповтің 75 жылдығындағы кеште сөйлеген адамдардың сөздерін қаз-қалпында кітапқа енгіздім. Соны сол қалпында қалып оқырман қауым қабылдасын деген ізгі ниеттен туындаған ой болатын.

Қорыта айтқанда, радиожурналист болу – көрінгеннің қолынан келе бермейді. Мәселен, үй сыпырушыдан бастап, министрге дейін еркін сөйлесіп, репортерге жазып алу қиынның қиыны.

Бірақ “қалауынан тапса қар жанады” дегендей, ортақ тілге келсең, олар да жайылып сала береді. Мен ширек ғасырға жуық радиода істеген уақытта бір де бір адам меслімді қайтарып көрген жоқ. Қайта, мен хабарласа атмай қалсам, олардың өздері мені істейтін. Өздері ойыма ой, шабытыма шабыт қосатын. Осы үшін де радиожурналист болғанымды мақтан тұтамын. Ойткені, радиожурналистика мамандығы да – үлкен, салауатты да салықалы мамандық.

*2001.*

## Зерделі ғалым

Бүгінде еліміз тәуелсіздік алып, жеке мемлекет атануы, әрқайсымыздың қолымызды егемендікке жеткізді. Көсіліп еркін сойлеп, өз ойымызды айтуға жол ашты. Баяғы темір қалыпқа салған партиялық саясат шеңберінен шыққан адам енді еркін, ерікті сезінетін болды. Екінші тынысы ашылғандай күй кешті. Сондай азаматтың бірі – Мылтықбай Қарасев.

Мен Мылтекеңмен бес жыл университет қабырғасында бірге оқыдым. Ол кісі жас жағынан ішіміздегі ең үлкені де, мен ең кішісі едім. “Шет елден келген қазақ” деген сөзді көп еститімін. Сойтсем елуінші жылдардың ортасында бір кездері тағдыр телкегімен Кеңес үкіметінің қудалауына ұшырап, Қытай асып кеткен қазақтар, өз еліне орала бастапты. Ата-анасымен атажұртқа келген Мылтықбай сол кездің өзінде көпті көрген кексе азамат еді. Батырға үкесас зор тұлғалы, сөзін саралап, салмақты сойлейтін ол студенттен гөрі колхоз басқармасына үксайтын.

Екінші курста қысқы оқу семестрін бітіріп, ауылға оралдым. Демалыс бітіп, Алматыға кетерімде әкей арабша жазу жазылған тор көз дәптердің қос парағын торт бүктеп маған ұсынды. Оны нағашым Мүсілім Ермековке апарып беруімді өтіңді. Кітапханаға барып жүргенімде Мылтықбай бұрынғы араб тілінде жарыққа шыққан газеттерді ақтарып отырғанын сан көргенім бар. Сол кісіге тілек білдіріп, әкейдің арабша жазғандарын оқып беруін өтіңдім.

– Мына сөлемдеме ірі, үлкен адамға жазылыпты. Ол кісі қайда қызмет істейді? – деді.

Мен Маддәрігерлік институтының ректоры Мүсілім Ермековке табыс етуім керектігін айттым.

– Мүсілім де... Ол өлгі Алашорда көсемдерінің бірі, Ленинге барып Қазақстанның қазіргі шекарасын белгілеп берген Әлімхан Ермековтің інісі ғой. Екеуі де қазақтың нар азаматтары. Сен де тегін емес екенсің. Осы кезеңде ер жетіп, өмірге араласқаның қандай бақыт. Бұрынырақ тусаң “Халық жауының тұқымы” деп жауапқа тартылар едің. Бағың бар жігіт екенсің. – деді қуанышты тіл қатып.

Сәл үнездіктен кейін:

– Әкең мен нағашың бірін-бірі ерекше қадір тұтатын жандар екен. Сені мықтап тапсырыпты. Сөзін жерге тастамайтынына сенімді көрінеді. Нағашыңды ардақ тұт. Жиі барып араласып тұр. Жиеннің жақсысы нағашысына тартады, - деп ағалық ақылын айтып салды.

Менің өзім сол кезде Әлімхан Ермековтің “халық жауы” атанып, айдауда болғанын емес-емес сетітінмін. Ал Мылтықбай болса, нағашымның өмір тарихын әріден қозғап тұр.

Мұның ояндқ сыры бар екен.

Шыңжан өлкесіне көшіп барған әкесі Әбіш үш ұл, бір қызының қызығын қору үшін қолынан келгеннің бәрін жасап бақты. Солардың ер жетіп, білім алуларына ерекше көңіл бөлді. Ел тарихын, қисса-дастандарды, күйші-әншілер өмірін білуге ынтыққан кенже ұлы Мылтықбайға ілтипаты ерекше еді.

Мылтықбай да әке сенімінен шыға блді. Ауылды жерде Көкей-ұлынан оқу оқыған шәкірт 1950 жылы Үрімжі қалалық гимназиясына оқуға түседі. Оны ойлағдай тәмамдаған соң, Тибет аймағындағы Кокнүн төңірегі қазақтарының балаларын оқытуға мұғалім болып барады.

Сол кездегі ел ішіндегі жағдай, халықтың тұрмыс-тіршілігі жас ұстаздың ойын мазалай береді. Ел өміріп жан-жақты көрсетіп, халыққа жеткізуді мансұқ тұтқан Мылтықбай “Шыңжан” газеті мен Демократия жастар одағының Орталық органы “Одақ” журналының тілшісі болады. Мұғалімдік қызметімен қоса, тілшілік жұмысы да өз жемісін береді. Көптеген хабарлары мен мақалалары қалың оқырмандарының көңілдеріне жол тауып жатты. Озі журналистік мектептен шынығып шығады.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Дегерес жылқы зауытына қоныс тепкен ата-анасының қасында қалып еңбек етуіне де болар еді. Бірақ білімге деген құштарлық Мылтықбайдың көңілін алаңдата берді. Алғашқыда Алматыдағы кинотехникумды бітіріп шығады. 1957-1959 жылдары Жамбыл аудандық мәдениет үйінде қызмет атқарады. “Жеткен жерім осы екен” деп шектеліп қалмайды. Тағы да білімге деген тойымсыздық Қазақ университетінің филология факультетіне оқуға түсіреді.

Университет қабырғасындағы бес жыл Мылтықбай өміріне ошпес із қалдырды. Ол кезде М.Әуезов “Абайтанудан” дәріс бергін. Университет студенттері тұрсын, басқа оқу орындарының студенттері мен мұғалімдері ұлы жазушының мағыналы да

мазмұнды әңгімесін ұйып тындайтып. М.Қараев Мұхтар Әуезовтен бастап Бейсембай Кенжебаев, Есмағанбет Ысмайылов, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаев, Зейнолла Қабдолов, Тауман Амандосов, Ханғали Сүйінішалиев, Көкен Аханов, Орынбасар Төлегенов, Хасен Әдібаев сияқты қазақтың әдебиеті мен тілін, тарихын жетік білетін біртуар ғұлама ғалымдарынан оқып, білім алады.

Осы ғалымдардың үшқыр ойы, терең білімі қазақ тарихын, әдебиеті мен тілін дамытуға деген таудай талаптары Мылтықбайдың жүрегіне үшқын тастады. Ол студент кездің өзінде-ақ ғылыми жұмыстармен айналыса бастады.

Ал университет бітірген соң, ұстаздық жұмысын жалғастырды. Әрі ғылыммен біржолға араласты. Кандидаттық диссертация қорғады. “Шеберлік сыры”, “Абай реализмінің баспалдақтары”, “Қазақ әдебиеті”, Ф.Мұстафин шығармалары туралы зерттеулері сияқты отыздан аса кітаптар мен методикалық құралдардың авторы М.Қараев бүгінде елге танымал әдебиетші-ғалым.

Оның бұл кітаптары мектеп оқушыларынан бастап, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған ғылыми оқулықтар. Мылтықбай әдебиет пен тілді, тарихты қатар алып, бірдей зерттеп жүрген зерттеуші. Қытай қазақтары мен өзіміздің қазақтардың бұрын соңды жазған шежірелерін саралап, іріктеп, біріктіріп, “Қазақ шежіресін” жазып бітірді.

“Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары” аталатын докторлық диссертациясы академияның М.Әуезов атындағы әдебиет институтының ғылыми кеңесінде жатыр. Ондағы академик-ғалымдар оң қабақ танытып, қорғауына жол ашатындарына сеніміміз зор. Ойткені, егемен еліміздің өз ғылыми кеңесі М.Қараев сияқты ғалымдарына қол ұшын бермегенде кімге береді. Кешегі ыдыраған Кеңес үкіметі тұсында бүгінгі көптеген академик, ғалымдар докторлық диссертацияларын бірі Грузияда, бірі Әзірбайжаңда, бірі Ленинградта, бірі Мәскеуде қорғағандарын жақсы білеміз. Әңгімеміздің басында айтылғанда, тоуелсіз мемлекетімізде М.Қараев сияқты ғалымдарға еш бөгет болмайтындығына, уақытында қорғайтындығына ғылыми кеңестің мүшелері де ынталы деп ойлаймыз.

Филология ғылымының кандидаты, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық университетінің доценті, корнекті ғалым, білікті маман Мылтықбай Қараевтың жұлдызы онынан туатынына үмітпен қараймыз.

Кейде құрдастарыма қалжыңдаймын:

– Мен бай адаммын. Ойткені, кілең байлармен бірге оқыдым, - деймін.

– Ал байларыңды айта қойшы, - дейді олар да жапатармағай.

– Айтсам, олар мыналар: Дүкенбай Досжанов, Кәрібай Ахметбеков, Маралбай Сқақбаев, Мылтықбай Қараев, - деймін төрт саусағымды бүгіп. – Бөрі де қазақ әдебиеті мен тілін, тарихын жан-жақты зерттеп, байытып жүрген зиялылар.

Осылардың тартымды туындыларын, зерделі зерттеулерін оқып шынында да бір байып қаламын. Халқымызды рухани байытатын абзал азаматтар көп болсын.

1995.



## Тұлға

Сонау жетпісінші жылдары қаладағы мекеме қызметкерлерін ауыл еңбекшілерінің қауырт жұмысына жәрдемдесу үшін көмекке жіберетін.

Мен ол кезде Қазақ радиосында әдебиет редакциясын басқаратынмын. 1971 жылы комсомолдан партия қатарына өткен болатынмын. Қоғамдық жұмыс ретінде Радио комсомол ұйымының жетекшісі едім.

Бір күні радио партия ұйымының хатшысы М.Мертенев мені шақырып алып:

– Жеңіс, сен жас коммунистсің. Біздің қызметкерлерді ауыл шаруашылығы жұмысына бастап алып барасың. Бұл партиялық тапсырма, - деді.

Ертеңіне арнайы автобуспен 20-30 адамды алып, облыстық партия комитетінің өкілімен Шелек ауданына келдік.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Құсайын Бижанов өз кабинетінде жылы шыраймен қарсы алды.

Бұл кісінің басқа хатшылардан бір айырмашылығы — өте қарапайым екен. Алдымен сөйлескенде қоңырқай жүзі шырайланып, езуіне күлкі үйірледі. Көйінен нұр үшқындап тұратын хатшыны біздер де іштей ұнатып қалдық.

– Сіздер, - деді хатшы жайдары үнмен, - “Қартұрық” совхозына темекі жинауға барасыздар. Бұл жұмыс жеңілдеу болып көрінгенмен оның да қиындығы бар. Темекіге үйір емес, бұрын бұл салада жұмыс істемеген кісіге ауырлау тиеді. Сол жағын ескеріп, біз сіздерді темекіні тізіп, кептіретін жағына жібереміз. Екі апта сондағы салынып бітіп қалған аурухана үйіне орналасасыздар. Үш мезгіл тамақты асханадан ішесіздер. Қасында дүкен орналасқан. Жұмыстан кейін дем алуға да жағдай бар. Радиотеледидар күндіз-түні жұмыс істейді. Суға түскілеріңіз келсе қастарыңыз да. Монша да әзір. Біздерді халыққа насихаттап жүрген сіздерді барынша қолайлы жағдаймен қарсы алуға тырыстық. Сіздер де аянып қалмассыздар.

Салмақтың бір жағын бізге аударып, хатшы қасында отырған совхоз агрономымен таныстырып, біздерді шығарып салды.

Екі апта темекі жинауға көмектесіп, қайтар кезде:

– Күсеке, өзіңіз басқарып отырған шаруашылықтың ұңғыл-шұңғылын жақсы білетін адамсыз. Сондықтан аудан еңбекшілерінің қажырлы еңбегін, халықтар достығын айтып, радиодан сойлеп берсеңіз, - деп өтіндім.

Хатшы бұл ұсынысымды қабыл алып, жиын-терін біткен соң сойлеуге келісімін берді.

– Халықтар достығы дедіңіз. Расында біздің ауданда әр ұлттың өкілдері тұрады. Орыс, көрпе, неміс, өзірбайжан, курдтар, солардың ішіндегі басым көпшілігі қазақтар мен ұйғырлар. Олар құда-жегжат болып қоян-қолтық араласып кеткен ағайындар. Әңгіме болсын, мынандай бір қызық жәйтті айта кетейін.

Ертеде қазақ пен ұйғыр көрші тұрыпты. Бір күні қазақ ұйғырды қонаққа шақырады. Келесі жолы ұйғыр:

– Көрші-ақа, біздің үйге келіп, еккен шай ішіп кетіңіз, - дейді.

Көршісі мол дастарханға өрік-мейізін, жеміс-жидегін, палауын, тәтті тағамдарын үйіп қойып, “еккен шайын” ұсынады. Бәрін ішіп болған соң қазақ үндемей отырып қалады. Бірадан кейін ұйғыр:

– Сізге бір нәрсе ұнамай қалды ма? Неге үндемейсіз? – деп сұрайды. Сонда қазақ:

– Көршім, сен ет пен шайға шақырдың емес пе? Шайыңды іштік, ал етті қайда? – депті.

Тыңдап болып ұйғыр көзінен жас аққанша күліпті. Артынша:

– Көрші-ақа, бұл ұйғырдың ұлттық тағамы. Бұны “Еккен шай” дейді. Сіз ет пен шай деп түсінген екенсіз ғой. Оқасы жоқ. Етті келесі жолы жерсіз, - депті күлін.

Ыңғайсыз сұрақ қойғанын енді аңғарған қазақ та қосылып күлін, құшақтасып тарасыпты.

Бүгінде екі отбасы тағу-төтті көршілер. Бірінің үйіне бірі бас сұқпаса, отыра алмайды, - деп хатшы бір желпіндіріні тастады.

Кейін хатшы орамды ойларын айтып, радио арқылы сойлеп берді.

Қ.Бижановпен екінші кездесуім 1977 жылы. Сол жылы қазақтың біртуар азаматы, Социалистік Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің 75 жасқа толу мерейлі мерекесі Алматы облысының Шелек ауданында басғалып, арнайы тойланды.

Ауданның “СССР-дің 50 жылдығы” атындағы совхозда жазушымен қызықты кездесу өтті. Алматы облыстық партия

комитетінің хатшысы Ізбасар Балтағұлов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы Шерхан Мұртазаев бастап апарған арнайы делегация құрамында қазақ өнері мен әдебиетінің ығайы мен сығайлары бар еді. Атап айтқанда, С.Майқанова, С.Қожамқұлов, Ә.Тәжібаев, Ш.Жандарбекова, К.Қармысов, Ғ.Қайырбек, Жайсаңбек Молдағалиев және мен болдым.

Октябрь селосының мәдениет сарайында бүкіл Шелек ауданының әдебиетті сүйетін өкілдерінің көп жиналғандығы сонша, залға сыймай кетті.

Кездесуді ашқан Шелек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қ.Бижанов Ғабеннің шығармашылық жолына кеңінен тоқталды. Бір ғажабы бұл кісі әдебиетті жетік білетінін, көп оқитынын өзінің ой толғаныстары арқылы жиналған қауымға жатық тілмен жеткізді.

Сөзінің соңында:

– Ғабен, кітабыңызды оқығанда, сіздің әр кейіпкеріңізбен бірге жүргендей әсерде боласыз. Соңғы кездерде біздің ауданда Қайрош, Ұлпан, Еркебұлан атты есімдер көбейіп кетті. Бұл сіздің қаламыңыздан шыққан кейіпкерлеріңіздің ықпалы мен өнерісі.

“Сүйер ұлың болса сен сүй” деген екен Абай атамыз. Бүкіл еліміз болып сізді ардақ тұтамыз. Мақтан етеміз. Абайы, Жамбылы бар, Мұхтары, Қаныш, Сәбит, Ғабиден, Ғабиттері бар қазақ халқы шын мәнінде бақытты халық. – деп толғана толқи сойлеп, Ғабен зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеп сөзін аяқтады.

Жиналыс бітіп, сыртқа шыққан соң, мені көрін қалған хатшы:

– Ә, журналис інім, сен де келген екенсің ғой. Оты орынды Ағанның тойын тамашала, – деп қолын ұсынып сәлемдесті.

– Күссеке, аппараты бар мәшинеммен арнайы келіп, Ғабенмен болған кездесудегі сөйлеген алаңдардың құттықтау, тілектерін бірін қалдырмай жазып алдым. Кейін радио арқылы беріледі, – дедім.

– Бұның өте орынды екен. Берілер кезде хабарларсың, – деп қонақтардың қасына қарай жылжыды.

Кейін радио арқылы бір сағаттық “Жазушы және оқырман” деген хабар беріліп, алтын қорға қабылданды. Соның алдында Қ.Бижановқа телефон соғып қай күні, қай сағатта берілетінін айттым.

Артынша хатшы телефон соғып:

– Әй, журналис інім, Жеңісжан. Хабарың өте тамаша өтті. Бүкіл аудан болып тыңдады. Жұрттың бәрі риза. Табыстан та-

бысқа жете бер, інім, - деп ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырды.

Мен хатшының бір сөзділігі мен тиянақтылығына қайран қалдым.

Қ.Бижанов өз уақытында қоғам қайраткері, елдің қамын жеп, жоғын жоқтаған, өзінің іскер ісімен, шешендік сөзімен жұртты соңынан ерте білген білікті басшы, тұлғалы азамат болды. Осындай ірі тұлғалар мен жаны жайсаң жандар ғана халық сүйіспеншілігіне бөленіп, артына ошпес із қалдырады.

2000.

## Шипалы қол, абзал жүрек

Теңлік ақ халатын киіп жұмыс кабинетіне кіргені сол еді.  
— Теңлік Изақович, сізді балалы әйел таңертеңнен күтін жұп  
Кіргізейін бе? — деді мейірбике.

— Кіргізіңіз! — деді дәрігер сабырлы үнмен. Болмеге он екі он  
үш жастар шамасындағы бала мен егде тартқан әйел енді.

— Сәлеметсіз бе? Сіз боласыз ба Теңлік Изақович?

— Иә, менмін! Жұмысыңызды айта беріңіз?

— Теміртаудан келдім. Сіздің адресіңізді бізбен корші тұратын  
Михайловтардан алдым. Олар әрдайым сіздің есіміңізді аузыма  
рынан тастамайды. Бұдан бір-екі жыл бұрын төртінші класты  
оқитын қызының басына операция сәтті жасаған екенсіз.

— Иә-иә, қазір қыздың халі қандай екен?

— Сауығып кетті, мектепке барып жүр. Сізге сәлем жолдан  
жатыр.

— Рахмет! Өз шаруаңыз не?

— Мына Витя-жанымның басы бір жылдан бері ауыра бергені  
болған соң, өзіңізді іздеп келіп едім, - деп әйел баласының басы-  
нан синады.

— Жергілікті жердегі дәрігерлерге көрсеттіңіздер ме? Олар не  
дейді?

— Әрине, көрсеттік. “Басына суық тиген. Кітапқа көп қарау-  
ына болмайды. Мектепті ауруы айыққанша қоя тұрсын” деп дәрі-  
дәрі-дәрі беріп еді, дәрі бірақ көмектеспеді. Міне, енді амалсыз  
дан өзіңізге келіп тұрмыз, - деп әйел Теңлікке жалынышты кө-  
к қиығын тастады.

— Жарайды, балаңыздың басын қарап, қандай ауру екенін анық-  
таған соң, тұжырымды жауап берейік.

— Сізден қатты өтінемін, дәрігер жолдас, Жалғыз балам еді.  
Осы ұлымның қатарға қосылуына бар көмегіңізді жасай көрсеніз,  
- деп ана көзіне жас алды.

— Қамықпаңыз. Витя бізде қала тұрсын, ал өзіңіз барып дем  
алыңыз.

Ауру балаға мүқият анализ жүргізілгеннен кейін Витяның ми  
кабығында ісік бары анықталды. “Мұны тек операция арқылы

ғана жазуға болады” деген тұжырымға келді дәрігер.

.. Операция бөлмесі. Міне, тағы бір адамның өмірі үшін күрес жүргізіліп жатыр. Теңлік бірінші рет осы бөлмеге кіріп тұрғандай сезінді өзін. Витяны аман алып қала ма, жоқ па? Осы бір ой мақалай түседі. Сонда да нар төуекелге бел байлап, өзінің бұрынғы жинақтаған тәжірибесіне сүйеніп, операция жасау үстінде.

Әуелі Витяға ұйықтататып дәрі берді. Содан кейін бас терісін желкесіне дейін сыпырды. Бастың үстінгі сүйек қақпағын ашты. Ми қабығы үстінде томпайып тұрған ісікті көрді. Міне, жүгерінің үлкендігіндей осы ісікті сылып тастау керек. Егер бұдан асынып кетсе бала өміріне қауіпті.

Бұл түсқа келгенде дәрігер бұрынғыдан да қатты толқыды. Жазатайым пышақ ұшы миға тиін кетсе, бала есінен ауысуы мүмкін. Ойлау қабілеті төмендейді. Дегенмен дәрігердің шиналы етті қолдары ісікті сәтті алып тастады. Ол содан кейін барып маңдайынан шын-шын етіп шыққан терін орамалмен сүртті. Операция ойдағыдай аяқталды.

Жақсылық хабарды естігенде Витяның анасының қуанышында шек жоқ еді. Дәрігерге деген алғысын үсті-үстіне жаудырумен болды.

Витя дәрігер белгілеген мерзім ішінде әбден айықты. Бұрынғыдай тұнжырап үн-түнсіз ұзақ бір нүктеге қарап жатып алмай, ананы-мынаны сұрап, әңгімелесетін болды. Ауладағы өзі сияқты балалармен көңілді ойнап жүрді. Басы бұрынғыдай ауыратынын да қойды.

Витяны ауруханадан шығарар күні алып қайтуға келген анасы:

– Көп жасаңыз, Теңлік Исақович. Сіздің бұл жақсылығыңызды ешқашан да ұмытпаймыз. Сізге сыйдың қандайын болса да жасауға өзіміз. Көп-көп рахмет!

– Сырқат адамды емдеу – дәрігерлік борышым, әрі басты міндетім. Бізге дәрігерлерге, сол сауыққан жандардың көңілді күлкісін естігеннің өзі бір ганибет. Одан артық біздерге ешқандай сыйдың керекті жоқ, - деп дәрігер жылы шыраймен шығарып салды.

Иә, біз Алматыдағы екінші клиникалық емхананың неирохирургия бөлімінде хирург болып істейтін Теңлік Исақовтың дәрігерлік қызметі жайлы бір ғана мысал келтіріп отырмыз.

– Теңлік Қарағандыдағы қалалық ауруханада дәрігер болатын. Осыдан біраз жыл бұрын ол астанамызда білімін жетілдіру

үшін ординатурада екі жыл оқыды. Біздің клиникада практикада болды. Өзінің адам жанының арашашысы, пиянақты дәрігер екенін танытқан соң, 1988 жылы Алмағыға шақырып алдық, - дейді осы емхананың бөлім меңгерушісі Леонид Семенович Шектер. – Оның шипалы қолы осы аз ғана уақыттың ішінде көптеген адамдардың өмірін ажалдан арашалап, аман алып қалды. Олардың науқастарынан құлан-таза жазылып, еңбек майданына араласуына хирург Изақовтың еңбегі айрықша.

Жақсылықты кім ұмытады! Сол Т.Изақовтан сауығып шыққандар өздерінің сүйікті дәрігерін өсте жадынан шығармайды. Олар радио, газет және хат арқылы дәрігерге деген сүйіспеншіліктері мен алғыстарын білдіріп тұрады. Міне, сол хаттың бірі Шемонайха қаласында тұратын Ж.Балазаровтан келіпті.

“Біздің сүйікті өрі қымбатты адамымыз Теңлік! Сізге деген сөз жетпейтін алғысымызды адал көңілмен білдіргіміз келеді. Бұдан екі жыл бұрын менің жолдасым Зура сізде емделген еді. Оған дер кезінде сәтті операция жасап, өлім аузынан алып қалдыңыз. Қазір ол кісі өзін өте жақсы сезінеді. Сондықтан, сізге бүкіл семьямызбен көп-көп рахмет айтамыз! Сіздің ғұмырлы болуыңызға тілектеспіз!” – деп жазыпты.

Айта берсек, дәрігерге келген хаттар көп-ақ екен. Бәрінде де Т.Изақовқа деген адал жүректің шексіз алғыстары айтылады.

Кейін Теңлік кандидаттық диссертация қорғады. Медицина институтында сабақ беріп, жас мамандарды тәрбиеледі. Сонда да өзінің шипагер екенін бір сәт те жадынан шығармайды. Қазіргі нарық қысқан жағдайға байланысты, көмек сұрай келген адамдарға әр кез қол ұшын беруге өзір.

Бүгінде Орта Азия мен Қазақстанға белгілі нейрохирург. Дәрігерді біздің еліміз емес, басқа мемлекетте тұратындар да қатты сыйлап, қадір тұтады.

Өзінің адамға деген шексіз мейірімі мен шипагерлігі арқылы ел құрметіне бөленген абзал жан Теңлік Изақовқа 1992 жылы 60 жасқа толған торқалы тойында мынандай өлең арнадым.

*Уақыт зымырайды, алға асығар,  
Азамат сүйген жармен жолға шығар.  
Бір кезде Айдосынан айырылса,  
Бүгінде Баян, Айжан, Жанбосы бар.*

*Сырқаттың алдын алып дабыл қағар,  
Жанына шипа табар ауырғандар.*





## Табысу

Таңертеңгі тамақтан кейін жаңа ғана келген демалыс күннің газеттерді қолына ала бергені сол еді. Телефон ышылдыр ете түсті. Құлмағамбетті мұндайда көп тұрғыза бермейтін әйелі Мария апай ауыз үйден келіп телефон трубкасын көгерді.

— Құлмағамбет үйде, не айтайын деп едіңіз, - деді амандық-саулық сұрасып болған соң.

Бірақ телефон соққан адам Күлекеңнің өзімен сойлескісі келетінін айтты. Орнынан жайлап тұрып, таяғына сүйеніп телефон қасына келген Құлмағамбет трубка қолына тиер-тиместен:

— Бұл кім? Жайшылық па? — деді көтеріңкі дауыспен өзін мазалағанды жақтырмай. Кішкенеден кейін:

— Ә, Әкім көрші, сен скенсің ғой. Үй-іші, бала-шаға аман ба? Менің не қажетім болып қалды? — деп сұрады Күлекең даусын бөсіндетіп.

Бұл кісінің машинасы барын білетін көршілері кейбір қысылтаян уақытта бір жаққа жеткізіп салуды өтінетін. Сондай бұйымтаймен телефон соғып тұрған болар деп ойлаған Күлекеңнің “Не қажетім бар!” деп сұрақ қоюы да тектен-тек емес-ті.

Трубкадан көршісінің қолы үні естіліп, бірденелерді асығыс айтты. Сол-ақ екен Күлекең қасында тұрған креслоға сылқ етіп отыра кетті.

— Не болып қалды? Отыра қобалжыдың ғой. Тыныштық па екен? — деді қасында тұрған Мария апай үрейлене қалып.

— Тыныштық. Анамыз табылыпты. Әкімнің үйінің алдында тұрған көрінеді. Соны хабарлады. Енді не істесек екен, ә?

— Абыржыма, аптықпа. Отыз-қырық жыл хабар-ошарсыз жүріп, қалай бір жетінің ішінде табыла қойды? — деп өз күдігін білдірін жатыр Мария апай.

Телефон трубкасын тағы құлағына тосып:

— Әкім, сен ол кісіні үйіңе кіргізіп, сөз кідірте тұр. Мен машинамен барып Есмағұл қарияны алып келейін. Үлкен адам ғой, қуанышымызға ортақ болсын, - дегенді енгізіп айтты.

Есмағұл Төлебаевпен бұл кісілер талай жыл бірге тұрып, ағайын адамдарша араласып кеткен. Күлекең ол кісіні өке орнына

санаса, балалары ата деп сыйлайды. Мынандай қуанышқа ортақтастырмаса, үлкен бір ағаттық жіберіп алатындай сеянген ол тез киінді де, машинасымен қарияны үйіне әкелді.

Әкім көршісіне қайыра телефон соғып:

– Далада көрісіп, жылап жатқан ұят болар. Біздікіне өзін ана кісілерді ертіп кел. Мынаны байқай алдың ба, оң қолының сау-сақтары жоқ болуы керек. Менің есімде қалған белгі сол ғана, – деді Құлмағамбет бұл жолғы сабырлы үнмен.

Ар жақтан бұны растаған үн естіді. Сонымен телефонмен сөйлесу доғарылды.

– Анам болды. Мен айтқан белгіні Әкім көріпті. Енді еш күмәнім жоқ, – деді үйдегілерге қуанышты үн қағып Құлмағамбет.

Кішкенеден кейін Әкім көршісі анасы Айғаншаны ертіп үйге келді. Құлмағамбетті бауырына қысып анасы ұзақ жылап аймақты. Әкім басқан беттерінің сай-сайынан қуаныш жасы тамшылады.

Ағасы Нұрмағамбет, апасы Күнімнәуә, әкесі мекен еткен жері табылған соң Күлекең анасы мен інісі Баймағамбетті іздестіруді жөн көрді. Газет-журналдардан гөрі радиодан берілетін “Бармысындар, бауырлар” хабары арқылы өзінің және анасы мен інісінің аты-жөнін айтып, радиотыңдаушыларға үн қатты. Алматыдағы адресін де берді. Арада бір жеті өтпей-ақ бұл хабарды тыңдаған анасы Айғанша өзінің жоғалтқан ұлы Құлмағамбетті іздеп келген еді.

\* \* \*

... Бұл сонау отызыншы жылдардың басы болатын. Қырдағы елдің астығы да, малы да тапшы еді. Күн қору қиынға соқты. Сондықтан көптеген жүр даладан қалаған лек-легімен ағылып жатты. Қаладағы өндірісте жұмыс істеп, семья мен бала-шағаны асырауға жағдай баршылығын олар да жақсы білепін.

Қарқаралыдан Ақтоғай асып, ондағы туыстарына бір ұл, бір қызын қалдырып. Балқашқа жеткен жас ана (күйеуі Балқашқа жете қайтыс болды) алты мен үштер шамасындағы екі баласын осындағы балалар үйіне тапсырады. Үлкенінің аты – Құлмағамбет те, кішісінің аты – Баймағамбет еді. Құлмағамбеті аурулау болып өскендіктен нәзік, жұқалтаң, айтқанға ланғыш та, Баймағамбеті одан кіші болса да бір беттілеу, ширақтау болатын. Сол мінезі оны балалар үйінде тұрақтатпай, анасының жетегінде

жүргізді. Ал Құлмағамбет балалар үйінде тәрбиеленіп қалды.

Балқашта, Алматыда, мұндағы Талғар, Қаскелең, Есік, Талдықорған, Үштобе, Жаркент, Шу станциясындағы балалар үйлерінде тәрбиеленіп білім алып, ер жетіп есейді.

Бұдан кейін соғыстың алдында Алматыдағы әскери училищенің біріне түседі.

– Оны бітіруге, – дейді Күлекен бізбен әңгімесінде, мүмкіншілік болмады. Соғыс басталып кетті. Мені майданға алып Дон бойындағы шайқастардың бірінде қатты жараланып, Борошов, Свердлов, Хабаровск қалаларындағы госпитальдарда жатып емделдім. Ақыры протез киіп, таяқпен жүретіндей халге жеттім. Қазір “Запорожені” сияқты машинаны өзім айдап, жүргізе беремін.

Қандай адам болмасын, есейсе, өсе келе туған жерін, өскен елді аңсайды емес пе. Туған-туыстары кім? Соны білгісі келіп, іздеуіңіз бастайды. Міне, Күлекеннің де осындай сезім жүрегін түрткілеп берген соң елін, ағайындарын іздестіріпті.

1956 жылы Жаңақорған санаторийінде жатқанда ҚазМУ-нің төртінші курсына оқитын Кошен дейтін жігітпен танысады. Ол Қарағанды облысынан екен. Санаторийден кетерде:

– Сен біздікіне келіп тұр! – деп үйінің адресін береді.

Кейіндері Кошен етене жақындарша Күлекеннің семьясымен араласып кетеді. Келер жылы оқуды бітіп, елге қайтпақ кезде:

– Өзін танитын Қарқаралының жігіті болса бізге ертіп кел, – деген соң Серік дейтін ҚазМУ-дің студентімен таныстырады.

Ол да оқуы бітіп елге кеткен соң да мейрам сайын құттықтау телеграммалар жібереді.

– Жұмыс бабымен әр ауданда қызмет жасаған соң, Кошен мен Серіктің адресінен адасып қалдым. Содан арамыздағы байланыс біраз үзілді. Біздер де жаңа үйге ауыстық. Олар да іздестіргенмен таба алмаулары мүмкін еді.

1968 жылы Қарағанды облысына Күлекен жұмыс бабымен командировкаға барыпты. Қонақ үйге, екі кісілік болмеге орналасады. Қасындағы серігі оңгіме арасында Қарқаралыда істейтіндігін білдіреді.

– Мүмкін, сіз Серік Мусин дейтін жігітті танитын шығарсыз? – деп сұрайды әлгі кісіден.

– Е, танымай не болыпты. Ол аудандық партия комитетінде істейді. Сіздің жақыныңыз ба?

– Иә, інішегім еді. Адресін жоғалтып, қайда тұратынын таба алмай жүр едім.

– Оның адресін менімен бірге істейтін жіпті жақсы біледі. Сонымен таныстырайын, - дейді Құлекене. - Оның әйелі дәрігер. Серіктің келіншегімен қызметтес. Сондықтан менен гөрі сол сізге толық мағлұмат беруі мүмкін.

Ергесінде Құлекен жаңағы құрылысшы жіптіпен жолығып, Серіктің үй адресін, телефон номерін алады. Сол күні-ақ телефон соғып, қуанысып қалады. Бір-біріне жаңа адрестерін береді. Әңгіме аяғында Серік:

– Құлеке, бала-шағаңызды, жеңгейді ертіп бізге қылырып келіңіз, - деп тілек білдіріпті.

Бол отіншін Құлекен қабыл алып, сол жылы жаз айында Қарқаралыға Серіктікіне қонаққа келеді. Бір жетідей тынығып дем алған соң:

– Серік, баяғыда өзіңе айтып едім ғой. Менің туған жерім Қарқаралы болуы керек. Мүмкін сонда ағайын, туыстар тұрар, ілестіре жүр деп. Енді көп жата бермейік, көнекоз қария, ақсақалдардан менің әкемді, ол кісінің қыстағын сұрастырайық. Білетін біреуі табылар. Саған келгендегі екінші ойым осы еді, - дейді.

Серік бұған қарсы болмайды. Қайта машина тауып алып, ағайындары Балтабай, Қартабай Исин үшеуі Қарқаралы маңындағы ауылдарды Құлекенмен бірге аралауға шығады.

Бір ауылға келгенде:

– Қарағым, “Жүз жылда жер өзгереді, елу жылда ел өзгереді” деген, сштеңе таба алмассың, - депті сексендерге келіп қалған бір ақсақал.

– Оның бұл сөзі менің жаныма батқаны сондай, жүрегіме ине қадалғандай өсер етті. Маңдайымнан суық тер бурк ете түсті. Не дерімді білмей, үндемей отырып калыппын, - дейді Құлекен сол жәйтті айтқысы келмесе де, бізге қинала баяндап.

Одан әрі бір орман күзетшісінің үйіне келеді. Күзетші Смағұл дейтін кісінің болғанын айтқанмен, бірақ қай жерді қыстағанын білмейді екен. Алғашқы сәтсіздікке мойымай әрі қарай іздеп, сұрастыра беруді жөн көреді де, Мұқтар дейтін кісінің үйіне соғады. Ол да Құлмағамбет сияқты соғысқа қатысып, аяғынан айырылыпты. Екеуі бірден шүйіркелесіп кетеді. Сұрастыра келгенде, Мұқтар Құлмағанбеттің әкесін көрген кісі болып шығады.

– Онда мен 13-14 жасар бала едім. Әкенді де, шешенді де сол кезде көрдім. Біздің үй сол кісілермен араласып тұрды. Тапшылық кезі ғой. Қант, шай, азық-түлік болса бірге бөлісетін. Кейін елдің бәрі қалаға көшіп жатқанда, олар да Балқаш жаққа кеткен

еді. Содан ол кісілерді көргенім жоқ, - деп бар билген дерегін айтты.

Мұны естігенде Құлмағамбеттің көңілі босап, Мұқтармен көрісіп жылсады. Ата-анасын көрген адам көзіне оттай басылады. Мауқын басқан соң:

– Сіз менің әкемді көрген, бірге тұрған болсаңыз, онда қыстауын да билетін шығарсыз. Сол жерге біздерді алып барсаңыз қайтеді, - деп өтінеді.

– Жобамен айтсам, Қарқаралы тауының күншығыс жағы болуы керек. Егер сол жерге апарсам, есінде қалған бір белгілер арқылы қыстаудың орнын өзін де танырсың, - дейді Құлмағамбетке.

Бұл кісі көрсетуім мүмкін беп уәде береді. Сондағысы, бала күннен есінде қалған мынандай белгілерге сүйенінті. Қыстаудың жанында жуан қарағай өсіп тұрыпты. Оның кейіндері біреу-міреу кесіп өкетсе, онда есік алдына шоккен түйедей тас жатады екен. Сол тас арқылы танып қалармын деп ойлапты.

Қыстауға бір шақырымдай жер қалғанда бұлар машинаны тоқтатады. Көк иісі аңқыған жасыл шөптен жуа теріп жейді. Кішкене бой сергітіп дем алып, өзекке машина тұрып қалмайтынына көздері жеткен соң әрі қарай жүреді. Қыстауға жүз метрдей қалғанда тағы да жерге түседі.

– Қайта-қайта тоқтап, жерге түсіп жүргеніміз, Мұқтар мені көз үйретсін. Бір белгілерді таныр. Осы біздің қыстау деп өз айтар деген оймен жасапты. Оны мен кейіндері аңғардым. Жобалы жерге таяған сайын жүрек аттай тулап, көңілді қуаныш кернейді. Айналадағы қайың, терек, тау-тас бәрі ыстық көрінеді. Бала кезде осы ағаштардың басына өрмелеп, тауға шығып ойнаған шығармын деймін іштей. Енді бірде бағанағы ақсақалдың: “Жүз жылда жер өзгереді, елу жылда ел өзгереді” деген сөзі тағы ойыма оралғанда оқпелеген баладай тұнжырап қаламын. Дегенмен үміт оты сонбейді екен, - дейді қуанышты түрде Құлскен оңгімесін әрі жалғап. Біздер де ынтыға түсеміз.

Бұл жерде ешкім тұрмайтын көрінеді. Тек геологтардың барлау машинасы жерден бұрғылап су шығарып, зерттеп жүр екен. Құлскендер солардың қасына келіп, су ішіп, беттерін жуып болған соң:

– Сіздің қыстауыңыз осы жер. Туған-туыстарыңыз да осы араны мекен еткен, - дегенде Құлмағамбет өзіне не болғанын білмей қалады.

Жерге жата қалып, көгалға бетін тигізіп мауқын басады.

Қарқаралыға қайтып келе жатып бағанағы күзетшінікіне қайта соғады. Болған жайды айтып, олармен қуаныштарын бөліседі. Алғаш осы үйге соққанда күзетшінің әйелі болмапты. Бұл жолы әңгіме торкінін таныған соң, қуанышқа қуаныш жалғастырыпты.

– Қыстауыңыз сол жер болса, - дейді шай үстінде күзетшінің әйелі тағы бір сөздің тармағын шығарып, - онда сіздің Ақтоғай ауданында тұратын Нұрмағамбет деген ағайыңыз бар. Сырттай естіп едім.

Күлекең бұған нана қоймайды. Бір аттас кісі шығар деп ойлайды. Сөйтіп күзетшінің үйінен тамақ ішіп алып Қарқаралыға оралады.

Мұнда келген соң Күлекеңнің тынышы кете бастады. “Мүмкін бағанағы Нұрмағамбет шынында менің ағайым шығар. Ол кісі үлкен болса, біздерді, өзінен кейінгі інілерін таниды ғой. Әлі уақыт бар. Ақтоғайға да барып қайтқан жөн болар” деп тұжырым жасайды.

Ертеніне Серік Ақтоғаймен телефон арқылы байланысып, Нұрмағамбет деген кісіні сұрастырады. Ол “Қаратал” совхозында тұратын болып шығады. Ал түстен кейін бұлар машинамен солай қарай жол тартады.

“Қаратал” совхозына жете бере өрімтал өскен өзен жағасына тоқтап, сәл тыныстайды. Суға түсіп бой сергітеді.

– Біздер ауылға кірген соң, жолыққан адамдарға да, Нүрскең үйіне де сыр бермей, Балқашқа бара жатқан жолаушылар едік. Мүмкін болса, сусын ішейік деген сылтаумен үйге кіріп жайғасқан соң, жөн-жосық сұрасайық, - дедім. Бұл пікірімді қасымдағылардың бәрі қостады.

Кешкі сағат жеті-сегіздер шамасында совхоз орталығына кіреді. Алғашқы жолыққан адам Нұрмағамбеттің үйін сұрап, сол кісінің үйінің алдына машинаны тоқтатады. Шофер жігіт:

– Қарқаралыдан Балқашқа жол тартып бара жатыр едік, сусындап шығуға болмас па екен, - дейді үй иесіне.

– Жолаушы болсаңыздар, үйге кіріңіздер. Сусын ғана емес, шай ішіп, тамақтануға да болады, - деп Нүрскең бұл кісілерді үйге өзі ертіп кіреді.

Тынығып әбден жайғасқан соң, жөн сұраса бастайды. Нүрскең қай елдікі екенін, әке-шешесі кім болғанын айтып, олардан – Күлпаш, өзінің туғанын және Күлмағамбет деген баланың болғанын айтқанда, онсыз да жүрегі лүпілдеп отырған Күлекең:

– Бауырым, сол інің мен боламын. Сені өліп қалды деп жорышы едім. Тірі екенсің ғой, қайран бауырым! – деп өкіріп бас салып, құшақтасып көріседі.

Нүрекенмен көрісіп, мауқын басқанша ауыл адамдары да үйге жиналып қалады. Нүрекен үйде бұлармен бірге отырған жезделері Жөкенді, өз жолдасын Құлмағамбетпен таныстырады.

– “Қуаныш пен қайғы ортақ” дейді ғой. Біздің табысып жатқанымызды естігенде елдің жиналғаны сонша, Нүрекеннің үйін лезде қаумалап қоршап алды. Мен бұған ерекше таң қалдым. Мәселен, қалада бір жиын болады деп алдын ала хабарландыру жазғанның өзінде ел сылбыр жиналады емес пе, – дейді Құлекен өзінің аңғарғыштығын танытып.

Нүрекенге құрдастары қалжыңдап:

– Осы сен жалғызбын деуші едің, мынадай інің бар екен ғой. “Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді” деген. Міне, сол сөз рас болып, інің табылып отыр, – дегенді айтады.

Түн ортасы ауып, ел аяғы басылып, үйде өздері онаша қалғанда өңгіме арасында Нұрмағамбет:

– Сенің інім екеніңе көзім толық жетпей отыр. Танитын еш белгің есімде жоқ. Сенбеймін, – деп түнжырап қалады.

Жаңағыдай қуаныштан кейін мына сөзді естіген Құлекен бір түрлі болады. Бұл кісі де ашу шақырып:

– Озің біл. Жаңағы апайдың аты Күлпаш емес, Күнімнәуә. Менің де есіме енді түсіп отыр. Ол кісі де қазаға ұшыраған болар деуді едім. Ал егер сеніңкіремессеңіз мен сіздің малыңызға ортақтасайын деп келгенім жоқ. Туыс іздеп келдім. Сенсеңіз інінізбен, сенбесеңіз, бір көрген танысыңыз болайын, – деп тіл ұшына келіп қалған сөздерді айтып салады.

Осы кезде қастарында отырған жездесі:

– Әй, Нұрмағамбет, сен анау-мынауы қой. Мынау інің екен. Оған еш күмән жоқ. Себебі сен де, мен де апанды Күпаш дейміз. Ал шын аты Күнімнәуә. Құлмағамбет дұрыс айтты. Інің екеніңе осының өзі дәлел саған, – деп қазылық айтты.

Осыдан кейін әңгімелері жарасып сала берді. Сөл жерде бұл кісілерді іздеуге ат салысып бірге еріп барған Серікке Нүрекен бір қарасын сүйінші деп тарту етеді.

Ертесіне Ақтоғайдағы апасы Күнімнәуәмен дидарласады.

– Жо ығысуымыз қызық болды, – дейді Құлекен протез аяғын сөл сырып қойып. – Жездеміз үйдің жанына келген соң үйге өзің кір. Біз далала тұра тұрайық. Апаң таныр ма екен деген

тытек білдірді. Июль айы болғандықтан күн ыссы, ауа қапырық еді. Табадырықтан үйге кіргенде, терезеге қағаз тұтып қараңғылап қойыпты, ешкімді көре алмадым. “Кормеген жердің ой-шұқыры көп” дегендей, сипалап бөлмелерді іздегенше, дауыс шығарайыншы дегенше:

– Бұл кім, - деген әргі бөлмеден әйел үні естілді.

– Мен – Құлмағамбетпін. - дедім даусым дірілдеп.

– Бауырым, бар екенсің ғой, тірі екенсің ғой! – деп мені бауырына қысып көрісті апамыз.

Үйден дауыс шыққан соң даладағы кісілер кіріп бұларды ажыратып, беті-қолдарын жуғызды. Түнімен әңгіме-дүкен құрып, өткен-кеткен жылдарды бір-біріне әңгіме етеді.

Бір-екі күннен кейін Күлекең Қарқаралыға оралып, одан Алматыға ұшып кетеді.

Апасы мен ағасын тапқан Күлекең араға бірер жыл салып Ақтоғайға бұрынғыдай емес, жақын ініше еркелеп, арнайы демалыс алып туыстарына тағы келеді. Алғашқыда уақыттың тығыздығы бар жайды қазбалап білуге азшылық етсе, бұл жолы інісі Баймағамбет және шешесін сұрастырады.

Нұрмағамбет шешелері Айғаншаның бұлардың әкелері Балқашта қайтыс болған соң, басқа адамға гүрмысқа шыққанын айтады. Арада екі-үш жыл өткен соң, Қарағандыға барғанда жолдасының шахтада істейтінін, Баймағамбеттің де солардың қолында екенін мал айдап барғанда көргенін айтады. Арада екі-үш жыл өткен соң, Қарағандыға тағы келгенде олардың басқа жаққа көшіп кеткенін естиді. Бірақ нақтылы қайда кеткенін білмейді. Содан шешесі мен інісінен еш хабар болмайды.

– Бұл жөйттер мені бұрынғыдан да мазалай түсті. Басы сөтті басталған істің аяғы да табысқа жеткізеді емес пе. Мен енді шешем мен інім Баймағамбетті іздестірдім. Олар да табылар деген үміт оты кеудемде маздап жана түсті, - дейді өз әңгімесіне Күлекең одан сайын қызықтыра түсіп. - Ол өз нәтижесін таяуда берді де.

– Қалай таптыңыз?! Кім көмектесті? – дейміз ол кісі айтқанша тағатымыз таусылып.

– Жамандаса біреуді жеріне жеткізе жамандайтын, мақтаса асқар таута шығара орынды жаза билетін жарқын жанды журналистер кездесті. Олар кім бол мейлің, адамның бәріне бірдей қарап, ортақ тұлға біледі емес пе! Қуанышқа шын қуанып, ренішке ортақтаса билетін соларға мың да бір рахметімді білдіремін. Бәрін



дәлме-дәл баяндасам көңлім босап, әрі қарай айта алмай қалармын. Сондықтан нақтылыққа көшейін.

Шешеміз 1946 жылдан Алматыда тұрады екен. Қазір жасы жетпістің ішінде. Інім Баймағамбет те осында. АЗТМ-де (Алматы ауыр машина жасау зауытында) жұмыс істейді. Екінші әкеміз Ұлы Отан соғысында қазаға ұшырапты. Ол кісіден туған екі ініміз де Алматыда жұмыс жасайды. Бәріміз таяуда шүйіркелесіп табыстық, - деп көз алдына іркілген қуаныш жасын бізге бидіргісі келмей саусақтарының ұшымен сырғытып жіберді.

Анасы Айғанша, апасы Күнімнәуә, інісі Баймағамбет, ағасы Нұрмағамбетпен отыз-қырық жылдан кейін Құлмағамбет Смағұлов осылай табысқан еді.

1969.

## Сәдіқан тоғайы

Біз мектепте оқитынбыз. Ауылымыздың маңында Тоқырауын деген өзен бар. Ол “Үшаралды” үш бөліп ағатын. Тоғай ішнен жада қарақат, итмұрын, долана сияқты жемістерді қызыға теретін едік. Сөндай-ақ, ешкітал, өрімтал, ұшқат тәрізді қалың ағаштар бой түзейтін. Күн ысығанда солардың көлеңкесінде отырып жемістер жейтінбіз. Бұтақтарда қонақтаған әр алуан құстар әсем әнге салағын.

Бір күні тоғай аралап жүргенімізде дүрс-дүрс соғылған дыбыс естіді. Ол бірте-бірте үдей берді. Әуелгіде елең ете қалдық. Со-сын қоңыл аударғанымыз жоқ.

Біраздан кейін:

– Ей, сенің мұның не? Кім рұқсат берді? – деген октем дауыс шықты.

Біздер селк ете түстік. Не болғанын білгіміз келді. Сол жаққа қарай жүгіре жөнелдік.

– Оғынды қиюын мұның. Жап-жас бола тұра біраз талды жығыпты, – деді жаңағы дауыс.

Қастарына барғанда орманшы Сәдіқанды таныдық. Ол аттың үстінде. Ал қасында Айтікен тұр.

– Мынаны не істесем екен, ә!

Орманшы қаһарланып алған. Шүйілген қыран тәрізді.

– Мен сенен сұрап тұрмын. Талды кесуге кім рұқсат берді деп.

Айтікеннің басы төмен салбырап кеткен. Үн-түнсіз. Сәлден соң:

– Атам шарбақ тоқимыз, тал кесіп кел деп еді...

Дауысы солғын, мінгірлеп шықты.

– Бұл “Үшаралдың” бір шыбығын сындыруға ешкімнің қақысы жоқ. Атаңмен өйім сойлесем. Бар, қайт үйіңе! – деді бұйыра.

Қастарында тұрған бізді енді аңғарды орманшы.

– Сендер де Айтікенге ердіңдер ме?

– Жо-оқ, – дедік біздер үрейлі үнмен.

– Оларың жақсы екен, – деді Сәдіқан атынан түсіп жатып.

Орманшының басындағы қалпағы, үстіндегі киімдері әскери адамдардікіндей. Өңі қоңырқай. Кішкене етіп қойған мұрты жарасымды. Жүзінен жылылық байқалады. Көзі күлім қағады. Атын жетектеп біздің қасымызға келді. Томаршаның үстіне отырды.

— Ал балалар бері таман жақындаңдар. Сендерге айтар бір сөзім бар.

Ол жан қалтасынан темекі алып, оны оттықпен тұтатты. Со-сын әңгімесін бастады.

— Балалар, табиғат деген адамның досы. Мына Тоқырауын өзеніне ыстықтағанда суға шомыласыңдар. Жағажайдағы майда құмға жатып, күнге қыдырынасыңдар. “Үшаралдың” көк шалғын шобінде ойнақ салып, ал қызыл гүлдері мен жемістерін тересіңдер. Құстардың әсем үніне құлақ түресіңдер. Осының бәрі көңілдеріңе күй толтырады. Жандарыңды рахатқа бөлейді.

Қолындағы шылымын үсті-үстіне сорып, көк түтінді бүрк еткізді де:

— Мына Айткен сияқты балалар, - деді қатқыл үнмен. - табиғаттың көркін бұзады. Құстардың мазасын алады. Күніне он-он бес бала талдарды кессе, “Үшаралдың” тоғайынан не қалады?

— Ол үшін не істеген жөн, аға? — деді қасымыздағы Қаппар.

— Ол үшін өздеріңдей мектеп оқушыларынан “Табиғат сақшыларын” ұйымдастыру керек. Олар мына Айткен сияқтыларға жол бермейді, - деді орманшы.

Сәдіқанның ұсынысын қуана қарсы алдық. Каникул кездерінде тоғай аралаймыз. Сол қолымыздың қарына жасыл шүберек байлаймыз. Онда жазылған “Т.С” екі үлкен әрпі бар. Бұл “Табиғат сақшылары” деген ұғымды білдіреді.

Содан былай қарай “Үшаралдың” бір талын ешкім кеспейтін болды. Сыңсыған қалың ағаш шоғырлары алыстан көз тартады. Кейін “Үшаралды” барлық ел “Сәдіқан тоғайы” атап кетті.

1975.

## Веймар – ұлы ақындар қаласы

. Герман Демократиялық Республикасына туристік сапармен Советтік Қазақстаннан барған жастар Берлин, Лейпциг, Дрезден, Эрфут, Подстам, Майсин қалаларын аралап, ондағы тарихи орындармен танысқаннан кейін Веймар қаласына келдік.

Веймар – байырғы ескі қалалардың бірі. Мұны ұлы адамдар қаласы десе де болады. Неміс халқының көрнекті ақындары Гете мен Шиллер осында тұрып, өздерінің тамаша туындыларын жазған. Әйгілі композитор Лист те осында жаңа музыкалық шығармаларын шығарған. Опера театрында дирижерлік еткен. Бүгін де Веймар қаласында осы ұлы адамдардың тарихи музей үйлері бар.

Біздер ГДР-де болған он екі күннің үш күнін Веймарда өткіздік. Бір аңғарғанымыз, у-шуы аз, өте тыныш, жасыл желек көмкерген қала екен.

Бірінші күні Гетенің музей үйін тамашаладық. 24 болмеден тұратын бұл музейге қойылған экспозициялар, көптеген тарихи деректер Гетенің өмір сүріп, қызмет еткен уақытын, әсіресе творчествосын жан-жақты көрсете алады.

“Адамды өз уақытының нақтылы жағдайында бейнелеу, оған уақыттың қалай әсер етіп, кедергі жасағанына қарап өмірге, адамға байланысты өз көзқарасын суреттеп, ақын немесе жазушы кейінгі шығармаларында көрсетуі керек” – деген Гетенің сөзін музей қызметкерлері де орындауға тырысқан.

Музейге қойылған экспонаттар әр түрлі орындардан, кітапханалар мен архив қазыналарынан іріктеліп алынған. Яғни, ұлы сөз шеберінің өмірі мен творчестволық жолын өз дәуіріне сай, 1749-1832 жылдары Германиядағы жалпы қоғамдық және саяси өмірдің дамуымен байланыстыратын нақтылы тарихи деректер қойылған.

XVIII ғасырдың аяқ жағында Германияда пайда болған жағдайды “Солтүстік Жұлдыз” атты чартистік газетте жазған әйгілі мақалаларында Фридрих Энгельс дәл суреттеп берді. Ол классикалық неміс өлебіетін, әсіресе оның асқар шыңы болған Гетенің творчествосын ерекше бағалады. Музей қазіргі заманға сай ғылыми эстетикалық таптам тұрғысында жасалған. Бұл келушілердің

Гете жайлы білуге деген күштарлығын арттыра түседі. Әрине, ұлы ақынның шығармаларын оқып, оның творчествосының шалқар көліне сусындағандай әсер етіп, барлық сұраққа бірдей жауап бере алмайды. Дегенмен музей Гетенің творчествосын түсіндіріп, оның кейбір шығармаларын жазу үстінде сол кездегі болған тарихи жағдайлармен таныстырады. Келушілерді ақынның шалқар ой мұхитына бойлатып, оның шұрайлы поэзиясын бағалай білуге көмектеседі.

Гетенің ұлы идеяларын, дүние танымын, сан қырлы универсалды ойы мен творчествосын ұшы-қиырсыз кең кеңістікке тенеуге болады. Ол Энгельс өте жоғары бағалаған ұлы Ренессансқа жақын. Гетенің өзі де сондай болуға талпынды. Жаңа қайта ту бастаған ақын буржуазиялық-прогрессшіл қоғам дамуының қозғаушы күшін көрді. Ол гректер жасаған реалистік адам образдарын олардың саяси демократиясының көрінісі деп білді.

Ол Ренессанстың жасағандарын қайтадан жаңғыртып, бүкіл елдің көдесіне айналдыруға тырысты. Адам идеяларын сонымен қаруландырып, бұл туындылардың жақа қоғам құрылысының үлгісі ретінде қызмет атқаруын ойлады.

Гуманизм мен парасатты ойлылық және адам – бұлар қоғам мүддесінің ортақ нүктесі. Адам – философия мен педагогикалық еңбектердің ең биік мақсаты. Оларды көкке көтере Гете мен оның замандастары Германиядағы церковьтар мен феодалдық тәртіптерге қарсы ұн қатып отырды. Сондықтан да немістің классикалық әдебиеті оның классикалық философиясымен тығыз байланысты. Және ғылыми социализмнің бірден бір көзіне айналды.

Әуелгі кезде жас Гете “Прометей”, “Жас Вертердің қайғысы”, “Фаустың” бірінші бөлімінде, “Тассо”, “Ифигения Тавритте” сияқты және басқа да шығармаларында феодализмді сынады. Ал одан кейінгі “Вильгельм Мейстердің сапар кешкен жылдары” мен “Фаустың” екінші бөлімінде капиталистік қоғамды әшкерелей отырып, жаңа қоғамдық құрылыстың бұрынғы қайшылықтардан тазартылғанын көрегенділікпен білді.

Гетенің творчествосы негізінен алты саладан тұрады. Оз өмірінде болған осы алты оқиғалар арқылы ол Германияның және бүкіл жер жүзінің мәдениетін байытты. Ең әуелі оның көркем сөздің шебері болғанын айтуымыз керек. Бұдан Гетенің өзі де және бүкіл жер жүзі оның өмірінің ең бір негізгі тармағын көрді.

Әр түрлі экспонаттар, оқытушысының көмегімен атасы мен әжесіне шығарып жазған жаңа жылдық құттықтаулары, алғашқы

балалық тәжірибелері, сондай-ақ “Фаустың” екінші бөлімінің қолжазбалары қорушілердің назарын аударады.

Осы тұрғыдан алғанда музейге алдымен деректі материалдар қойылған. Мәселен, “Геца фон Берлингеннің” алғашқы басылымы мен сахнада қойылатын “Фаустың” қолжазбасының ескі нұсқалары бар. Осылардың бәрі басқа да документтермен қосылып, сол уақыттың тынысын ұлы жазушының творчествосына ықпал еткен нәрселерді білуге септігін тигізеді.

Гетенің поэзиясы — немістің ұлттық әдебиетінің биіктікке көтерілген асқар шыңы сияқты. Ол неміс мәдениетінің бүкіл дүние жүзі мәдениетінің бір бөлігіне айналуына өзіндік үлес қосты. Оның шығармалары басқа халықтарға өмірді, салт-сана мен дәстүрді түсінуге ерекше ықпал етті. Сондықтан да болса керек, басқа халықтар неміс поэзиясына қызығып, өз ана тіліне аударып отырды. Сойтіп, неміс әдебиеті дүние жүзілік тарихи маңызы бар әдебиетке айналды.

Гете “Дүние жүзілік әдебиет” деген ұғымды тудырып қана қойған жоқ, сол әдебиетті құруға белсене ат салысты.

Поэзияны халық тудырып, халық дамытады. Мұны әдебиет революциясының алдыңғы қатарлы теоретиктері үйретті. Бұған Гетенің творчестволық практикасы да ұштасып жатты. Мәселен, чех пен серб елдерінің халық өндерін неміс тіліне аударды. Сойтіп неміс әдебиетіне прогресшіл демократиялық мазмұндағы фольклордың бай қазынасын енгізді. Гете творчествосының екінші тармағы — тіл. Бұл музей экспонаттары арқылы аз көрсетілгенімен, соның өзінде халыққа кейбір мағлұматтарды бере алады.

Көптеген жергілікті сойлеу тіліндегі ерекшеліктер мен говорларды жинақтап, жаңа жоғарғы неміс әдеби тілін құрған Лютердің жаңалығын Гете де асқар биікке көтерді деуге болады.

Бұл арада Гетенің неміс тілін қоркем де бай тілге жеткізгенін еске аламыз. Сондықтан болса керек, ағайынды Гриммдер “Неміс сөздігін” Гете тілінің бай қазынасына құрды. Олар өз сөздіктеріне Лютерден бастап Гетеге дейінгі жинақталған барлық сөздерді кіргізді.

Музейге кірген адамның ойы — грамматика, синтаксис, дыбыс құрамы, сойлеу екінің сияқты тілдің басқа жақтарын емес, Гетенің лексикасынан алынған мысалдарға аударылады. Музейге келген адам ондағы қойылған құжаттар мен әдеби анықтамалар арқылы Гетенің неміс тілін алғашқы байытқандардың бірі болғанын аңғартады.

Гете бірде 1817 жылы неміс тілін дамытудағы оған қосар о үлесі мен тілді тазартудың проблемасы жайлы былайша ой айтқан:

“Ана тілін тазартып, оны байыту тамаша ой адамдарының міндеті. Тілді байыту емес, тазарту, яғни оған қалай болса солай көңіл бөліп, тек мазмұнына ғана бойлауға болмайды. Ақылды адам сөздің қандай элементтерден тұратынына назар аудармайды. Қайта өзінің сөздік қорын көбейтуге тырысады. Ал ақылыз адам айтары болмаған соң, қалай болса солай сөйлей салады. Сөзді өз мағынасында дәл қолданбағанына тіпті өкініш білдірмейді. Ойткені, сол сөзді қолданарда ол ойланбайды. Тек аузына түскен соң айта салады.

Поэзия мен жалынды сөз – сөздің өмірге жол табар жалғыз ғана көзі. Егер де сол көз өзімен бірге қоқысты ағызып шығарса, сол қоқыс ақыр аяғында су түбіне барып шөгеді. Ал мөлдір таза жылға оның үстімен әрі қарай аға беретін болады”.

Гете өмірінің үшінші тармағы саясатқа араласуы болды. Он жыл көлемінде Гете Саксен-Веймар-Эйзенах мемлекетінің министрі болды. Бұл міндетті ол таққа құмартқандықтан емес, халыққа көбірек пайдам тиер деген оймен атқарды. Ойткені, бұл жұмыс қандай бір қоғамдық саяси жүкті жеңілдетуге оған көмектесті. Осы уақыт аралығында жұп жеңілдесе де оның бірнеше рет ауыр күресуіне тура келді.

Саяси қайраткер ретінде оның бағы онша жана қойған жоқ. Ескі көзқарастар мен дәстүрлер айтарлық Веймардағы феодалдық тап күшінің қозғалмайтын дуалына соқтығысына тура келді. Соған қарамастан ол саяси қайраткер болған адам. Ол администрацияның айтқанын екі етпейтін чиновник емес, өзінше жоспарлап, әрекет ететін мемлекет адамы дәрежесіне дейін көтерілді.

Веймарда өткізілген алғашқы он жылдың соңынан, Италиядан оралып келгеннен кейін тағы да бес-ондаған жылдар мемлекет қайраткері болуға тура келді. Бұл аралықтар ол ғылым және өнер саласымен аз айналысты. Гете үкімет мүшесі ретінде Йен университетін, кітапханалар, сурет институтын және басқа да қоғамдық орындарды құрумен айналысты. Кейін келе оның жалпы саяси проблемаларды шешуге ат салысканы байқалды.

Гетенің жан-жақтылығы оған сын тағуға да әсер етті. Замандастары оның сөз суреткерлігіне көңіл бөліп, күшін әр нәрсеге жұмсайтындығына реніш білдірген.

Бұл күнде көптеген адамдар жаратылыстану жайлы еңбектерін жергітеп, соған қалай талпынғандығын біту арқылы Гетені таниды.

Ғылымның бұл саласына көңіл болуіне сол кезде оның атқарған қызметі көп көмек жасады. Оның саяси қайраткер ретінде профессионалды ғалымдар мен ғылыми мекемелермен, жалпы қоғаммен қоян-қолтық араласуына тура келді. Ол кейбір сыннан қорықпай өз зерттеу жұмысының қорытындыларын басып отырды. 1910 жылы басылған “Түс бояу жайлы ғылым” дейтін еңбегін өз өміріндегі ең басты еңбек деп бағалау керектігін сан рет ескерткен екен. Бұл еңбегі оны физиканың, әсіресе оптикалық химия проблемаларын зерттеуге әкеліп тіреген. Гете Италияға барған сапарының табиғат пен көркем өнерге жазушы қозғарасы қалай қалыптасуына көмектескенін кезінде айтып отырған.

Осыдан барып, оның өмірінің бесінші тармағы — өнер теориясы жайлы қозғарасы қалыптасады. Оны поэзия ғана емес, көркем өнермен шұғылдану жұмысы да сонша қызықтырған. Бірде: “Мен енді бүтіндей сурет өнеріне берілдім”, - деген көрінеді достарына.

Осы екі форманың қоғамдық санада пайда бола бастауы алғашқыда Гетеге шығармашылық практика сияқты әсер еткенімен, кейін келе ол бұлардың, түп негізінің неде екенін, олардың дамуының қандай заңдылықтарының барына көңіл аударған.

Жоғарыдағы айтылғандардан кейін Гете адамзат өмір сүргеніндегі жалпы проблеманы қарапайым формулаларға әкелуге, оны дәл түсіндіруге және де сол проблемалардың жарықшасын өз кезеңінің адам түсінігімен көруге тырысқанына еш таңдануға болмайды.

Гетенің творчествосынан философияның рухын аңғарасыз. Оның эволюция жайлы еңбегі Дарвиннің түрлердің шығу тегі жайлы еңбегіне жақындайды. Яғни, философия — Гете өмірінің алтыншы тармағы. Ғылыми социализмнің жалғыз философияны ғана емес, неміс әдебиетінің классикалық дәуірін де қамтығанын дәлелдейді. Бұны былайша түсіндіруге болады. Гетенің ұзақ өмір жолы феодализмге қарсы күреспен басталып, дамыған капиталистік қоғам құрылғанға дейін жалғасқанын еске түсіруге болады.

Гете қайтыс болғанда Карл Маркс он төрт жаста, Фридрих Энгельс он екі жаста, ал Гегель онан бір жыл бұрын қайтыс болған екен. Сондықтан марксизмнің бірден-бір қайнар көзі неміс классикалық философиясы жайлы сөз қозғағанда өз уақытының философиясымен тығыз байланыста болған неміс классикалық әдебиетін де соған жалғыз керек.

Гетенің музейін аралап, ондағы экспонаттармен танысқанымызда біздер Гете жайлы осындай мағлұматтар алып шықтық.



Екінші күні Фридрих Шиллердің музейінде болдық. Алғаш рет Шиллер Веймар қаласында 1787 жылы аялдаған. Сол кезіңде әдеби өмір қайнаған бүкіл Германиядағы қала осы Веймар болған. Онда Гете, Гердер, Виланд сияқты неміс әдебиетінің ірі өкілдері тұрды. Солармен бірге болу үшін, Веймар емес, соған таяу орналасқан Йен қаласы ақынның он жылдай тұрақты тұрған мекеніне айналған. Сол арада өмір сүріп, творчествосын әрі қарай дамытып түсті. Йен қаласында өткен өз өмірінде Шиллер университетте тарих профессоры болады. Бұл университет қазір соның есімімен аталады.

Шиллердің Италиядан оралған Гетемен танысуы оның Веймарға келуінен бұрынырақта болса да, олардың бірігіп, жемісті еңбек етулері 1894 жылдан басталған. Ал Йен қаласы неміс әдебиетінің тарихында қайталанбайтын ұлы ақындардың достық одағының куәсі болып қала береді.

Бірнеше жылдар бойы тарих және философиямен айналысып келген Шиллерге Гетемен достасу жаңа творчестволық орлеу туғызды. Оған жаңа бағыт сілтеді. Сол кезде Шиллер “Валленштейн”, “Орлеан қызы”, “Вильгельм Телль” сияқты шығармаларын жазды. Ал Гете “Вильгельм Мейстер”, “Фауст” сияқты туындыларына қайта оралады.

Олардың өнер мен теория саласында бірігіп тығыз жұмыс істегендері сондай, екеуінің бір-біріне күнде кездесіп тұруларына тура келген. Гете Йенге, ал Шиллер Веймар қаласына алма-кезек жиі келіп тұрған. Бір-біріне жазған көптеген хаттарына олар көркемөнер теориясы, философия, әдебиет жайлы өз көзқарастарын білдіріп отырған.

Вильгельм Гумбольдтке жазған хатында Шиллер: “Өте қызық жағдай. Гетемен күнделікті араласуымнан бері менде реалистік сезім пайда бола бастады”, - деп жазады. Ал Гете: “Сіз маған екінші жастық шағымды оралттыңыз”. Ақын болудан қалған мені қайтадан ақын еттіңіз”, - деп Шиллерге хат жазады.

Өзінің жаңа досы Гете мен театрдың жанында болуға тырысқан Шиллер 1799 жылы Веймар қаласына көшіп келеді. Әуелгі кезде жұбайы Шарлоттамен пәтер жалдап тұрады. Ал кейін қазіргі музей болып тұрған үйді сатып алады.

Шиллер өмір сүрген кезде үйдің бірінші қабаты шаруашылыққа бейімделіп, екінші қабатында семьясы тұрған. Ал үшінші қабаты жұмыс істеуге қолайлы болғандықтан, оны Шиллер өзіне қалдырған.

1847 жылдан бері бұл үй акынның музейіне айналған. 1945 жылдың тоғызыншы февралында ағылшын-американдық самолеттердің бомбалауына ұшыраған музей үйі қираған. Сол кездегі совет жауынгерлерінің достық көмегінің арқасында қайтадан қалпына келген. Біздер аралап көрген Шиллердің қазіргі музей үйі бұрынғыдағыдай қаз-қалпында.

Гете мен Шиллердің музейін көріп болған соң Қазақстаннан барған жас ақындар Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгерсева бәріміз ұлы ақындар моласына төжім етіп, гүл шоқтарын қойып қайттық.

Веймардағы Гете атындағы парктің қасында тағы бір ұлы адамның музейі бар. Бұл үйде кезінде композитор Лист тұрған екен.

Лист Веймар қаласына келіп тұрғанды ұнатқан. 1841 жылы ол оның рояльда шебер ойнайтынымен Веймар жұртшылығының сүйіспеншілігіне бөленеді. Осында он жылдай операда дирижерлік еткен. Римде отқызген сегіз жылдан кейін ол Веймарға қайтып келген. Ара-тұра Будапешт пен Римге барған кейбір сапарлары болмаса, өмірінің соңына дейін осында тұрған.

Ференц Лист қайтыс болғаннан кейін бұл үйді музейге айналдырған көрінеді. Композитор тұрған екінші қабаттағы бөлме сол қалпында сақталған. Онда композитордың ноталары, хаттары, өзі ойнаған рояль, әр жерден алған сыйлықтары, дирижерлік таяқшасы, жолдастары мен туысқандарының суреттері қойылған.

Музейді аралап болған соң пленкаға жазылып алынған композитордың төл шығармасын ұйып тыңдадық.

Веймардың маңында ұлы Гете жырға қосқан Эгтерсберг деген кішігірім тау бар. 1937 жылдың июль айында немістің ұлы гуманистері жұмыс жасап, өмір сүрген осы тауға қатаңдық пен адам көрпсіз айуандық жасаған концлагерь пайда болған. Алғашқыда бұл лагерьді неміс фашистері таудың астына байланысты атаған. Кейін Веймар халқының өтініші бойынша бұл Бухенвальд деп өзгертілген.

Концлагерьге әкелегін бетонды жолды тұтқындар: “қанды жол” деп атаған. Фашистер бұл жолды қысқа мерзімнің ішінде тұтқындарға салдырған көрінеді. Сол жолмен тұтқындарды шықпыртып айдап отырған. Көптеген адам соққыны көтере алмай жан тапсырса, басқа тұтқындарды итке талатып өлтірген.

Концлагерьге кіретін шойыннан жасалған сондағы қақпа өлі сақталған. Онда неміс тілінде жазылғандай “Әркімге өз сыбағасы” деген жазуды бүгін де оқуға болады. Бұл концлагерьде 32

елдің адамлары жан айтқысыз азапты бастан өткерген.

Қақпаның ішкі кіре берісінде кең апель-плац, яғни тұтқындары сапқа тұрғызатын алаң бар. Ертеңгісі және кешкісі тұтқындар бәрінің есімдері аталып біткенше бірнеше сағат бойы қақшиып тұрады екен. Көптеген тұтқындар мұндай ұзақ тұруды котере алмай, сол жерде жан тапсырған.

Апель-плацтен әріректе барактор болған. Барактарға соғыстың аяғына дейін 40 мыңнан астам адамды ұстаған. Бұл барактар қазірде бұзылған. Орындарында ескерткіш плиткалар жатыр. Одан әріректе крематорий орналасқан. Бұл өлгендер мен қиналғандарды ортейтін орын болған. Осында 1944 жылғы августтің 17-нен 18-не қараған түнінде Баутиеннен Бухенвальдке алып келген Герман Коммунистік партиясының председатели Эрнест Тельманды өлтіріп, ортеп жіберген.

Бұрынғы дезинфекциялық баракта бүгінде лагерьдің музейі мен Эрнест Тельманның ескерткіші бар. Музейге қойылған фотосуреттер мен документтер тұтқындардың ерлік күресі мен фашистердің қылмысты істерін өшкерелейді.

Фашистер концлагерьге мыңдаған жас балаларды айдап әкелген. Бухенвальд антифашистері лагерь басшыларынан сол балалардың жеке баракқа орналасуына көмек сұраған. Бұны лагерь басшылары орындапты. Соғыс аяқталғанда 904 бала тірі қалған. Олардың ең кішкентайын тұтқындар “Юша” деп атаған Ежи Цвейг деген төрт жасар поляк баласы болды. Жазушы Бруно Алиш “Қасқыр аузында” деген романында тұтқындардың сол баланың өмірі үшін күресін суреттеген. Музей ішінде адамның терісінен жасалған әр түрлі бұйымдар бар. Оны фашистер үй жиһазы ретінде пайдаланған.

Бухенвальд концлагерінің сырт жағында бүгінде набат мұнарасы тұр. Сол Бухенвальд қоңырауы бүгінде: “Нацизмді тамырымен жою – біздің ұранымыз. Жаңа, бейбіт, азат өмір құру – біздің мақсатымыз” – деп, бейбітшілік сүйгіш бүкіл жұртшылыққа үн қатады.

1972.

## Халықтар достығы — әдебиеттер достығы

Әр елді, әр халықты бір-бірімен жақындастыратын мәдениеті мен әдебиеті әрі өнері. “Тілі басқа, тілегі бір, жүзі басқа, жүрегі бір” деп тегін айтпаған. Осының бір дәлелі ретінде үсіміздегі жылы март айының аяғында Молдавияның астанасы Кишинев қаласында болып өткен Бүкілодақтық балалар мен жастар әдебиетінің апталығын айтар едім.

Бұл апталықта Болгариядан, Венгриядан, одақтас және автономиялық республикалардан, Москва мен Ленинградтан келген ақын-жазушылар және Қазақстаннан мен делегат болып қатыстым. Молдавияның астанасы Кишиневте осы апталықтың ашылу салтанатына орай “Күміс қонырау” деген атпен совет балалар прозасының антологиясы жарыққа шықты. Оған қазақ жазушысы Мағзом Сүндетовтің “Бозінген” атты өңгімесі енген.

Молдавия! Осы елді есіңізге алғанда самсаған алмасы мен жүзімі бар бау-бақша, смен ағаштары ғана өсетін шоғыр-шоғыр ормандар, қанатын кеңге жайып, көк піреген зәулім үйлер қоз алдыңызға елестейді. Молдавияны аралағанымызда бұған қозіміз толық жетті!

Осындай елдің қуанышы мен бақытын көргеніңізде көңіліңізге нұр толады, жүрегіңіз еріксіз жыр төгеді. Осы сапарда мен “Молдавия мақамдары” деген олендер топтамасын жаздым.

*Молдавия, нұрлы өлке, жасыл өлке,  
Жанға жақын ыстықсың асыл өлке.  
Сен жігіттей еңсеңді тік көтердің,  
Ауыртпалық түскенде басыңа ерте.*

*Жандар кірт жеріңе қара жүрек,  
Дәулетіңді, еліңді талады кеп.  
Сабыр сақтап бәріне шыдадың сен,  
Арман оты қайтсе де жанады деп.*

*Шыққан кезде шуақты аңсаған күн,  
Жұртың еркін сімірді таң самалын.  
Бір отауы болғанды Одағымның,  
• Халқың сенің ұмытты шаршағанын.*

*Бір оziңе көңiлiм таза менiң,  
Достық жырын жүректен жазар едiм.  
Бiлмегенге бұл елдi келедi ылғи,  
Катовский. Фрунзе, Лазо дегiм.*

*Молдавия, бiрiсiң ерiктi елдiң,  
Жылдан-жылға жасарып, көрiктендiң.  
Ару қыздай соулеттi келбетiңдi,  
Дәуiрлеген шағында келiп көрдiм.*

Молдавияның жерi қандай көрiктi болса, ақ жарқын адамдары сенi өзiнiң жақын бауырындай көрiп, бар ултипатын, сый-құрметiн жасайды.

Апталыққа барған ақындарды топ-топқа бөлiп, молдаван жазушылары құрметке алды. Бiздiң топта Аурел Чокану, Ефим Тарлапан, Титус Штирбу сияқты молдаван ақындары болды. Олар өте көңiлдi, өзiл-оспақты жақсы көретiн жандар екен. Бiздер барып түсiсiмен сыбызғышыны алып келiп:

– Сiздер шаршап келген шығарсыздар. Кiшкене музыка тыңдаңыздар, - деп Е.Тарлапан сыбызғышыға “Дойнаны” ойнатты.

*Сызылтып кеп Дойнаны,  
Молдаван дос ойнады.  
Жолсоқты боп келсем де,  
Шаршағанды жойғаны.*

*Сыбызғымен Дойнаны,  
Үстi-үстiне ойнады.  
Желiк оты түпанды,  
Сөнiп қалған бойдағы.*

*Сызылтып кеп Дойнаны,  
Ойнауын бiр қоймады.  
Шөлiркеген көңiлiм,  
Тәттi оуенге тоймады.*

Апталық ашылатын күнi Ленин ескерткiшiне делегаттар гүл шоқтарып қойып, астананың көрiктi жерлерiн аралады. Кишинев қаласының дәл ортасында ақындар аллеясы бар екен. Алқызыл раушан гүлдерiмен жасыл желекке оралған аллеяның басында ойлы қалыпта А.С.Пушкин тұр. Ал аллеяны қақ жарып жатқан асфальт жолдың екi жағында молдаван одсебиетiнiң негiзiн салушы – Когәлинчану, Александр Руссо, Негруци, Доничтай ұлы тұлғалардың ескерткiштерi бар.

*Аллеясын аралап ақындардың,  
Ескерткішке гүл қойып, жақын бардым.  
Халқы сүйген молдаван ұлдарының,  
Жүрегіме мәңгілік атын жаздым.*

*Мақтауға сөз жетпеген, жыр жетпеген,  
Ұлдары бұл ерекше құрметтеген.  
Елнің қуанышы, қасіреті.  
Қаламына Ілінбей құр кетпеген.*

*Бұрқан-тарқан өзен боп тасынғандар,  
Озбырлыққа кек тұтып айынғандар.  
Аллеяда түр бәрі шоқ жұлдыздай,  
Ойға батқан тұңғиық асыл жандар.*

*Құстар әнмен маңайға жар салуда,  
Перуци, Руссо... қарсы алуда.  
Бастап тұрған соларды Пушкинді,  
Үксатамын ақындар маршалына.*

Орыстың ұлы ақынын патша үкіметі 1820 жылы Молдавияға жер аударған. Осы елде болған кезінде А.С.Пушкин “Қара орамал” сияқты бірнеше өлеңдерін және “Цыгандар” поэмасын жазған.

1820 жылдың сентябрінен ноябріне шейін Пушкин тұрған үй бүгінде ұлы ақынның музейі. Музейге ақынның Молдавияға байланысты шығармаларының қолжазбалары, кітаптары, столы, орындығы, дәптер-қаламдары және басқа да заттары сол қалпында сақталған.

Музей демекші, біздер Огресв ауданындағы молдаван әдебиеті классиктерінің бірі, сықақшы ақын А.Доничтің музей үйінде де болдық. Донич Крылов сияқты ұлы орыс сықақшыларының өлеңдерін молдаван тіліне аударып, сол негізде өзі де көптеген сықақ өлеңдер тудырған.

Музейден сыртқа шыққан соң әр республикадан келген қонақтар достық аллеясына бір-бір жас шыбық отырғыздық. Бір кезде топ ішінен менің көзім қазақ қызын шалып қалды. Бірақ та біздің топта басқа қазақ жоқ болғандықтан “Бұл қарындас қайдан жүр?” деген ойға кеттім. Сөйтіп тұрғанда:

— Сәлемеген бе, ағай. Сіз Қазақстаннансыз ғой, - дегені әлгі қарындастың.

— Иә, сөз дедім мен өз кезегімде.

– Мен Қызылордаданмын. Сөнда туған-туыстарым гүралы,  
деді де үндемей қалды. Сәлден кейін:

– Мұнда молдаванға тұрмысқа шығып едім, - деді де төмен  
қарады.

Қасымда тұрған молдаван ақыны Ефим Тарлапанға:

– Ефим, скеуіміз құда болдық, - дедім.

– Құда? – деп танданды ол.

– Иә, мына қарындасым еснің ініне тұрмысқа шығып, осын-  
да тұратын көрінеді.

– Е, онда тіпті жақын туыс болдық қой, - деп арқамнан қақты.  
Бәріміз де күліп жатырмыз.

*Донич ақын мұзейнен,  
Сыртқа шықтым, мол ұққаным.  
Қарсы алдымнан бір кезде мен,  
Қазақ қызын көріп қалдым.*

*Сенемін бе, сенбеймін бе,  
Қазақ қызын елестеттім.  
Жоқ-ты еш жан келген бірге,  
Бұл көрініс елес пе екен.*

*Осылайша тұрғанымда,  
Өз-өзімнен аң-таң болып.  
Қызға жанар бұрғанымда,  
Ойым кетті талқан болып.*

*Бидай өнді, ашаң келген,  
Қазақ қызы қолаң шашты.  
– Келдіңіз, деп, - қашан елден?  
Топтан шығып амандасты.*

*Білем, біздің ауылда ба,  
Молдаваннан келіндер бар.  
Әжем қатты ауырғанда,  
– Дәрігер, - дейді, - келіп жазар.*

*Біздің тілге пысық еді,  
Сөзден сені жаңылдырар.  
Сыйлай біліп кісілерді,  
Жұртты өзіне табындырар.*

*Күлкі, шаттық арылмасын,  
Осы саған тілегенім.*

*– Бақытты бол, қарындасым! –  
өедім де елге жүре бердім.*

*Естігенді, көргенді айттым,  
Көжірегім жырға толып.  
Кишиневтен елге қайттым,  
Молдаванға құда болып.*

Біздің топты басқарып жүрген Ефим Тарлапан:

– Қазір таңертеңгі астан соң Криулян ауданына барамыз, - деді біздің бөлмеге кіріп келе жатып.

Айтқанындай-ақ, көп кешікпей біздер жолға шықтық. Ол аудан Днестр өзенін қиып өтеді екен.

– Мына Днестр-Нистру (молдавандар осылай атайды) соғыс жылдарында не көрмеді дейсіз? Суы қан болып ақты ғой, - деді күрсініп. - Бұның да тағдыры менің халқымның тағдырына ұқсайды. Сәл үнсіздіктен кейін:

– Қазір арнасы толы, суы тап-таза, жағалай қалың ел жайлап, мал бағып, бау-бақша, жидек егеді. Жағасында дем алатын үйлер, санаторийлер бар. Біздің жазушылардың да дем алатын үйлері осында, - деді.

*Атыңды білуші едім картабағы,  
Көргенде сағынышым тарқамады.  
Өзіңді белбеу етіп орап алған,  
Беліне Молдовия шартарабы.*

*Құлпыртып шалғын, талды жағадағы,  
Бал суың қан тамырдай таралады.  
Халыққа мейірімді анадайсың,  
Өзіңнен жанға қуат, нәр алады.*

*Сүйеді сипап қана жел бетіңнен,  
Толқының жайлап қана тербетілген.  
Кешегі соғыс салған алапаттың,  
Ізі де блінбейді келбетіңнен.*

*Танкілер тесіп сенің бүіріңді.  
Кеудеңе снарядтар жиі кірді.  
Қан ағып арнаңменен сенің-дағы,  
Басыңа қатер бұтты үйірілді.*

*Баса алмай зар жылаған өксігінді,  
Естімей қуанышты, ешбір үнді.*



*Күлместен сұлық жаттың іштей тілеп,  
“Жарық күн, аямастай тоқші нұрды!”.*

*Аңсаған арман менен тілегіңді,  
Халқың да іштей сезіп, біле білді.  
Басыңа бақыт келді жеңіспенен,  
Азат еткен жауынан ұлы елімді.*

*Тұрмын мен толқыныңа қайран қалып,  
Жағаңнан қоныс тапқан сайран халық.  
Суарып жасыл белді, жүзім, бауды,  
Сыланып ағасың сен сайран қағып.*

Апталық ортасында бір күн 5-6 сағаттай бос уақытымыз болды. Мен көшеден бір таксиді ұстадым да қаланы араладым. Әлгі таксист:

— Сіз Алматыдан, Қазақстаннансыз ба? — деп сұрады.

— Дәл таптың, тура солай, - дедім.

— Ендеше туысым болдың. Соғыс кезінде біздер Алматының жанындағы Қаскелеңде тұрғанбыз. Сондықтан Қазақстан менің де Отаным! — деді мақтанышпен.

Расында соғыс кезінде Молдавиядан көптеген семьялар кең байтақ республикамыздың түкпір-түкпіріне келіп, тату бір семьяда өмір сүріп, еңбек еткен. Бір-біріне бауыр басып кеткен. Жаңағы таксистің де мені көргенде туған ағасын көргендей қуанғаны сондықтан екен.

*Жоспарым еді кешеден,  
Кишинев көркін қарамақ.  
Тоқтатып такси көшеден,  
Қаланы келем аралап.*

*Жазықтау келген мандайы,  
Бір кезде таксист тіл қатты:  
— Келдіңіз бе сіз арнайы,  
Ұнатқандықтан бұл жақты?*

*— Ол рас, достым, дәл таптың.  
Ұнатам байтақ елімді.  
— Көрейін, - дедім, - байқап бір,  
Молдаваландарды көңілі.*

*Бірінші рет келуім,  
Қазақстаннан боламын.*

*Життығы жоқ қой жерінің,  
Созылып жатсын Отаным.*

*— Солай ма, - деді бұрылып, —  
Қазақстаннан келдім де.  
Еңбеше, досың сырын үк.  
Қуанттың мені сен мүлде.*

*Сұрапыл соғыс әлі есте,  
Көтердік жүктің ауырын.  
Барғанда ерив мен кошке,  
Қарсы алды қазақ бауырым.*

*Боп кеттік біздер ағайын,  
Тату да тәтті күн кештік.  
Жылдардың артқа талайын,  
Тастадық, күліп бірге өстік.*

*Ырзамын бейбіт өмірге,  
Жүрміз ғой тауып мол бақыт.  
Оралдым туған еліме,  
Откен соң біраз уақыт.*

*Көзіңіз тоймас көрсеңіз,  
Сағындым бұйрат жотаны.  
Қазақтың жері, сенсеңіз,  
Молдаванның да отаны!*

Юрий Гагарин атындағы республикалық жастар орталығында болған кеште ақындар олеңдерін оқып, жазушылар өз шығармаларының қалай туындағаны жайлы өңгімелер айтты. Кеш соңынан жастар үлкен концерт қойды. Ең артынан “Молдаванеска” билеуге шақырды.

*Молдаван қыз аққудайын ерке еді,  
Сауық кештің ел атң қалар көркі еді.  
Мың бұралған талшыбықтай биімен,  
Жұртты еріксіз соңынан ол ертеді.*

*Батыл адам би білмесіп, қорқа ма,  
Қыз ұнаса жасайды амал жорта да.  
Орнымда жай шыдап тұра алмадым,  
Мен де шықтым суырылып ортаға.*

*Одан басқа жанды маңнан түк көрмей,  
Билеп кеттім қанат маған біткендей.*

*Молдаван қыз көзі от шашып күледі,  
Осы ерлікті бір өзімнен күткендей.*

*Сенбеймін еш, сенбеймін еш күдікке,  
Оянады қызға деген үміт те.  
Үйленердей би біткен соң аруга,  
Ұқсап кеттім жалын атқан жәгітке.*

Қандай бір сапардан оралғанда сіз өзіңізге ерекше әсер етіп, жаныңызды толқытып, тебіренткен жақсы жойттерді есіңізге аласыз ғой. Сондай тағы бір әсерлі нәрсе Жазушылар одағы ұйымдастырған Каса Марс.

Каса Марс – кең дастархан, үлкен үй. Досты қарсы алатын жер деген сөз. Яғни, қазақша сабантой деген ұғымды білдіреді.

– Сіздердің жолдарыңыз болсын. бақыттарыңыз толсын! – деп әдейі “Норок” ресторанындағы кең болмеде откіземіз, - деді молдаван дос Ефим Тарлапан.

– Ал “Норок” деген қандай сөз? – деп сұрадым.

– “Норок” бақыт, денсаулық деген мағынаны білдіреді.

– Сіздер достарыңыздың ылғи да бақытты болуын тілейді екенсіздер ғой, - деп күлдім.

– Әрине, тағы да біздің кездесуіміз үшін денсаулық керек қой, - деді Ефим де жымынып.

*Каса маре – кең дастархан, кең бөлме,  
Именбей кір қонақтыққа келгенде.  
Ақ пейілмен молдавандар қарсы алса,  
Туысындай боп кетесің деп-демде.*

*Асыл жандай көптен күтіп сағынған,  
Барын тосып жарылады ағынан.  
Ал белгісі шуақ көктем – Марцишор,  
Ордендей боп омырауыңа тағылған.*

*Сыбызғышы сазды әуенді ойнайды,  
Сол бір әуен ән бойыңа бойлайды.  
Сол бір әуен желіктіріп әкетіп,  
Сені еріксіз билемеуге қоймайды.*

*Молдавандар көңілді ел, сылқым ел,  
Сыңғыр, сыңғыр төгіледі күлкілер.  
Каса маре – мереке стол басында,  
Тост ұсынып өзіңнен ән-жыр тілер.*

*Досың болсын қысылып бір қалмашы,  
Оларға да достық лебіз арнашы.  
Қазақ салған әнмен кетсін қосылып,  
Ертіс пенен Днестрдің арнасы.*

*Қол соғады, ырағына ереді,  
Көңілдерге шұғыла нұр себеді.  
Әуезді әнді шырқасын деп тағы да,  
Лемеп сені желпіндіре береді.*

*Бұрын көрмей келсең-дағы алыстан,  
Сен де құрбым, сырт қалмайсың таныстан.  
Достықтың кең бөлмесінде көңілді,  
Дос жүректер бір-бірімен табысқан.*

Иә, мен Ефим Тарлапан, Аурел Чокану, Титус Штирбу сияқты достар тауып қайттым десем, бұл достық бұдан бұрынырақ басталыпты. Егер де қазақша Ион Чобану, Спиридон Вангели, Аурелу Бусуйок сияқты молдаван жазушыларының, ал молдаван тілінде Бердібек Сокпақбасвтың, Шерхан Мұртазаевтың кітаптарының жарық көруі сол достық байланыстың дәлелі.

Біздің “Халықтар достығы – әдебиеттер достығы” дейтініміз де сондықтан болса керек.

1978.

## Маяковский күндері

Біздің ұлаи байтақ Отанымыз қандай көрікті, қандай сұлу болса, онда еңбек етіп, ел дәулетін еселеп, игілігін арттырып жатқан адамдар да таңғажайып сұлу. Олардың жан дүниесі ғана көрікті емес, олардың ой өрісі мұхиттай терең, көңілдері байтақ даладай кең.

Бүгінгі совет адамы – жан-жақты қалыптасып, жан-жақты дамыған адам. Ол халықаралық жаналықтарды жіті қалағалап отырады. Әдебиет, модениет, поэзияны да жанындай жақсы көреді. Содан өзіне шексіз лоззат алады.

Бұған біз Р.Ниязбекков екеуміз жақында Грузияның Кутаиси қаласында откен Маяковский күндеріне барғанда куә болдық.

Атақты “Колхида” машиналары жасалатын Еңбек Қызыл Ту орденді С.Орджаникидің атындағы Кутаиси автомобиль зауыдында Маяковский күндеріне келген делегаттар жұмысшыларымен кездесті. Москва, Ленинград, Украина, Прибалтика, Белоруссия, Молдавия, Қазақстан, Орта Азия республикаларынан, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Абхазия, Оңтүстік Осетиядан, барлығы 50-ге тарта жас ақындар жиналды.

Сонда, жаңағы заводтың үлкен цехында тұрып, туысқан республикалардан келген ақындар ана тілінде оз олеңдерін оқыды. Менің таң қалғаным, жаңағы завод жұмысшыларының аяқтарынан тік тұрып, поэзияны ұйып тындағандары.

Бізді басқарып жүрген делегацияның жетекшісі, СССР Жазушылар одағы басқармасының хатшысы Сузовцев:

– Маяковский күндері ертеректе де өткен, - деді, – бірақ биылдан жаңаша бағыт алып, игі достүрге айналады.

Бұл сөздерге кейін зер салсақ, мынаны білдік. Республика партия ұйымдарының бастамасы мен Грузия Жазушылар одағының шешімімен жыл сайын тұрақты түрде Маяковский күндері өтетін болыпты. Яғни бүкілодақтық маңызы бар жас поэзия форумына айналады.

Осындай кездесулер туысқан республикалар ақындарын жақындастырып, олардың көркемдік идеялық бағытын қалыптастырады.

Ақынның туған жері Багдадада (қазір Маяковский деп аталады). В.Маяковский музей-үйінде өткен кездесу де ерекше есте қалды. Риони өзені қасынан ағып жатқан жасыл желекті ақынның музей-үйінің айналасына село тұрғындары қоршап алды. Бірі жасыл шалғында отырып, бірі ағаштың бұтағына шығып алып, бірі тік тұрып біз оқыған жырларды тыңдады.

*Советтердің көрсетіп күшін де ерен,  
Ақын еді тұлғалап мүсіндеген.  
Ленинді, Ленин партиясын,  
Түсіндірді жауына түсінбеген.*

*Дей алмаймын лапылдап жапқан іштен,  
Қолбасшыдай жырымен алға түскен.  
Жаңа өмірді, жаңа елді, жақсылықты,  
Жырлап еді күркіреп бар дауыспен.*

*Грузия аспаны нұр құяды,  
Риони өзені сыр құяды.*

*Маяковский кезіндегі тірі жүрген,*

*Жүректерге селдетіп жыр құяды,* - деп сонда шығарған жырымды мен де оқып бердім.

Кутаиси қаласындағы Маяковский атындағы орта мектеп оқушылары мен оқытушылары делегаттарға ерекше сый дайындапты. Мектепте Маяковский музейі бар. Онымен біздерді оқушылардың өздері алып жүрін таныстырды. Соңынан мектеп клубында оқушылардың күшімен тамаша концерт қойылды. Мұндағы бір ерекшелік бірінші кластан бастап, оныншы кластың оқушыларына дейін би билеп, он салып берді.

Мұны мысалға келтіріп отырғаным, кейбір мектептердегі кездесулерде біздер ресми жағына қағысып, балалардың ойын-сауығына қарамай “асығыспыз” деп кетіп қалатынымыз бар. Осыдан кейін балалардың сағы сынып қалады. Ал оларға қоңіл болудің өзі үлкен тәрбие емес пе.

Маяковскийдің поэзиясы күндерінде бәріміздің жан дүниемізді баурап алатын нәрсе тек қана — поэзия. Сондықтан да саяси азаматтық рухымыз өте көркем деген шығармаларға жылы сайын Владимир Маяковский атындағы сыйлық және үш Маяковский күндерінің жүлдесі тағайындалады.

В.Коротичтің басқаруымен сарапқа түскен шығармаларға жюри мүшелері Маяковский күндерінің жүлдесін иемденген үш лауреаттың есімін атады. Олар М.Хетагури (Грузия), Л.Голота (Украин-

на) және Ю.Поляков (Москва), ал Маяковский күндеріне қатысқан біздерді Грузия ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградтады.

Осындай үлкен жиынға барғанда тек көрген-білгенді ғана айтып, жазу мақсат емес сияқты. Сондықтан мен мынандай өз түйген ойымды айта кеткім келеді.

Мысалы, бүкілодақтың Пушкин күндері бар. Бұған еліміздің ірі-ірі ақын-жазушылары қатысады. Енді “Маяковский күндері” құрылып отыр. Бұған еліміздің жас ақын-жазушыларымен бірге социалистік елдердің де жас талапкерлері қатысатын болады.

Осындай игі дәстүрлер неге біздің республикада жоқ деген орынды сұрақ туады. Мысалы, үлкен поэзия үшін “Абай күндерін” бүкілодақтық дәрежеде өткізуге болар еді ғой.

Ал енді жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу үшін “Советтік менің өз елім” деген девизбен “Қасым Аманжолов күндерін” туған жері Қарқаралы қаласында өткізсе нұр үстіне нұр емес пе! Қарқаралы – табиғаты көрікті жер, тарихи тұлғалы адамдар шыққан республикамыздағы ауыз толтырып айтуға тұрар қала. Сонда Қасым Аманжоловтың музей үйі мен ескерткішін ашса. Әр облыстан таңдаулы деген үш-төрт жас ақынды таланттына қарай іріктеп алып, республикалық форум “Қасым Аманжолов күндеріне” делегат етіп сайласа, біздің жас поэзиямыз бұрынғыдан да гүлдене түспей ме. Ойгені, кейінгі жас буын ақындардың көпшілігі Қасым мектебінен отіп, содан үйреніп, поэзия өлеміне кірген талапкерлер. Қазіргі поэзияда Аманжолов мектебі бар. Сол мектепті дамытып, ұлғайтуға да жол ашылар еді.

Азаматтық, патриоттық жаңа жырларын оқыған делегаттардың 3-4-іне “Аманжолов күндерінің лауреаты” атағын беріп, одан кейінгі жас ақындардың өлеңдерінің көркемдік дәрежесіне орай Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің облыстық, аудандық комсомол комитеттерінің Құрмет грамоталары мен ескерткіш сыйлық берілсе, жас талапкерлер ынтасы арта түспей ме.

Мұндай дәстүр керек-ақ. Өйткені, бізде жас ақындардың республикалық семинарлары өтіп жүр. Бұл да дұрыс. Бірақ, ауқымы тар. Жас ақындар секциялар бойынша семинарларда болады. ЛКСМ Орталық Комитетіндегі кездесуде өлеңдерін оқиды. Содан кейін үйлеріне қайтады.

Ал сол ақындардың творчествосы жайлы кең көлемде сөз болмайды. Олар қайсысының жақсы ақын екендігі туралы қонақ үйде бір-бірімен таласумен болады.

“Аманжол топ күндерін” өткізетін болсақ, онда жюри мүшелері – көрнекті ақындар, партия, комсомол қызметкерлері бірлесіп отырып, жүлдегерлерін анықтаса, жас ақындарға әлдеқайда срекше ықпал егері сөзсіз. Және жыл сайын өткізіп тұру қажет.

Мен Қушпенде өткен Маяковский күндеріне қатысып, барып қайтқаннан кейін осындай тұжырымға келдім.

Бұған партия, совет орындары, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, Қазақстанның Жазушылар одағы не дейді екен?

*1980.*



## Изекең айтқан екен

*Жасы тоқсаннан асып қайтыс болған Изақ ақсақалды Қарағанды облысының Ақтоғай аймағы жақсы біледі. Менің әкем Рахметолламен құдандалы жегжат еді. Талай жыл корші тұрды. Жастайымнан мен де Изекеңнің әзіл-қалжықын тыңдап өстім. Сол кісіден естіген қағытпа сөздерді қалың оқырманның назарына ұянууды жөн кордім.*

\* \* \*

Бір күні “Қуаныш” колхозынан атшанамен шыққан Изекең мен Сәтмағанбет ақсақал жол жүріп келе жатады. Жол бойы Сәтмағанбет әңгімені бірінен соң бірін қоздатып, жанындағы серігіне сөз бермей қояды. Сонда Изекең:

— Әй, Сәтмағанбет, тоқтат. Енді мен сөйлейін, аузым тоңып қалды, - деген екен.

\* \* \*

— Біздің София келін қызық, - дейді Изекең. - Қарағандыдан оралғанда жүрісін өзгертіп сала береді. Онысы — күйеуіне қыр корсеткені.

\* \* \*

Ауылдағы Әлжан деген шопырға:

— Сенің машинаға мінген кісі иманын айтып, бұл дүниемен қолтаса берсе де болады, - депті.

\* \* \*

Қарағандыда бесінші қабатта тұратын бір туысы қонаққа шақырыпты. Үйге кіріп, еңтігін басып отыра бергенде:

— Сенің үйіне шыққанша диірменнің тасынша айналдым ғой, - деген екен.

\* \* \*

Бірде аудан басшысының бірі Изекеңнің үйінде отырып:

— Қасқыр кобейіп кетті. Малды қырып жатыр, - деп сөз бастайды.

– Оның түк қиындығы жоқ, – дейді сонда Изекен. – Қасқырды қырудың ең оңай жолы – бір арланды ұстап алып, мойнына бір жарты арақ байлап жіберіңдер. Сол арақты тауып ішкенше білің ауылдың жігіттері бүкіл қасқырды қырып шығады.

\* \* \*

Ауылдағы замандасы момын шалдың балалары еркін қоспа сойлейтін, өте ширақ болып өсіпті. Сонда Изекен:

– Ей, осы сендердің әкелерің кім еді? – дейтін көрінеді.

\* \* \*

Бірде ауылдағы бір бала:

– Аға, менің бойым ұзарып барады, – депті.

– Тәйт әрі, ұзын кісі ақымақ болады, – деп қынжылыпты.

\* \* \*

Шәдеханада арақ ішіп, желіккен ауыл келіншектері түнімен шулап, маңайындағылардың мазасын алып ұйықтатпапты. Ертеңіне біреуінің күйеуі Изекенге келіп сәлем беріпті.

– Ей, ішкімің шешіп алып басына киіп жүрген, сірә, сенің келіншегің-ау, – депті.

\* \* \*

Кемпірінің жалғыз тауығын қуып жүргенін көріп шалы:

– Әй, кемпір, тауыққа неге маза бермейсің. Ол жұмыртқаламай қояды, – депті. Сонда қасында отырған Изекен:

– Егер бұл тауық жұмыртқаласа, онда сенің мына кемпірің де бала туады, – депті жұлып алғандай.

\* \* \*

Ауылға әртістер келіп, түнімен әр түрлі өнер көрсетіпті. Ертеңіне әртіс келіншектер өтірленіп, сыланып-сипанып далаға шығыпты.

– Ей, мына құнажын-байтал сияқтылар қайдан келіп қалған, – деген екен.

\* \* \*

Қатты мас болған жігіттің бетіне қарап тұрып:

– Мынаның кескіні жуылмаған біздің сиырдың желініндей екен, – деп теріс айналып кетіпті.

\* \* \*

Шабындық басталған күні пішеншілер арасынан келген бір жігіт есік алдында отырған Изекенді көріп бұрылады.

Жіпт қызулау екен, амандықтан соң:

– Түске дейін талай жердің шөбін шаптық. Биыл шоп шығымды екен. Енді қыстақтарға коктей жеткізіп аламыз, – деп лепіре сөйлейді.

Жайшылықта көп сойлемейтін біртоға адам болса керек.

– Жұмыртқаға тіл бітірген қайран арақ-ай, ә, – деп Изекен басын шайқап отырады да, бір кезде:

– Әй, мынаған тағы бір жүз грамм құйып беріңдерші, қалған шопті кешке шейін шауып бітіріп тастасын, – деп айқай салыпты келініне.

\* \* \*

– Әй, бала! Біз қартайдық, анау оқуда, мынау оқуда, бәріңе бірдей докей қызмет табыла бермес. Сен үйде қалып, мына малға ие бол, – депті кіші ұлына.

\* \* \*

– Біздің ауданның оқу бөлімінің бастығы қара шыбыннан да мазасыз, – деп кейіс білдірген бір мұғалімге:

– Оның ие, карағым. Қара шыбын күндіз маза бермейді. Ал мынау күндіз де, түнде де үйге келін, арақ пен бағлан етіне гоймайды, – деп оның сөзін толықтырыпты.

\* \* \*

Бір үйге қонаққа келгенде, алдарына табақ тартып қойған ет тіс батпайтын көрі малдікі болса керек.

– Қожанәсірің тері шалбарын жедім гой, – деп көңілісіз қайтыпты.

\* \* \*

Бес биенің сабасындай бір келіні аяқ-қолын керін күйеуінен бұрын төсекке жатып алыпты.

– Оу, келінжан, мына төсектің бәрін бір өзің немденіпсің. Әлгі күйеуің қайда жатады? – депті таңданып.

\* \* \*

Балалары көп бір үйге түсе қалса:

– О, Изекен келді, – деп әйел шелпек пісіреді. Шелпектердің бірісін бірі, екісін екінші балалары қағып алып, әкете беріпті.

– Әй, мына үйдің балалары кісі жейді гой, – деп теріс айналыпты.

\* \* \*

Соғым кезінде ауыл адамдары бірін-бірі шақырысып, әңгіме-дүкен құрады екен. Ізеккеңмен бірге ет жегіш жігіттер мен келіншектер де болады. Ізеккең табақтағы еттен бір-екі түйірін аузына апарған соң “мен болдым” деп кейін сырғып отырады екен. Қасындағылар да тәртіп сақтап соны істейтін көрінеді. Ертесіне:

– Иәке, сіз бізге ет жегізбейсіз, мұныңыз қалай? – деп жігіттер реніш білдіріпті.

Келесі қонақта ет салған табақтан қолын алмай:

– Жендер жігіттер, жендер, – деп отырып алатын болыпты.

\* \* \*

Ауданнан санақшылар келетінін есігіп көршісі артық малын өзеннің ар жағына тасалау жерге айдап кетіпті.

– Мені санақшылар сұрай қалса, қайда кеткенімді білмейтініңізді айтыңыз, – деп өтініпті.

Ет пен қымызға тойып алған санақшылардың:

– Нығаң көршіңіз қайда? – деген сауалына:

– Нығаң ба, ол өзеннің ар жағында артық малының ішінде жүр, – деген екен.

\* \* \*

Нығаң аңқау, аңғал адам болыпты. Екі биесінің күрес айғырын балалар түнімен мініп, үсті-басын саз-саз етіп таңертең қоя беріпті.

Қос биесінің қасында тұрған айғырды сойылдың астына алып, қуып жүргенің көрген Ізеккең:

– Ей, Нығаң, айғырынды неге сабайсың, – депті таң қалып.

– Үйбай-ау, бұл менің айғырым ба еді, – деп қапаланып сойылын сылқ өткізіп жерге тастай салыпты.

\* \* \*

Ауданнан инспектор келіп сабаққа кіретін болған соң, Нығаң Арал теңізінің көрсету үшін тақтаға қарта іледі. Өзі кластан шығып кеткен кезде, күрдасы қартаны ауыстырып қояды. Сабақ берін тұрып:

– Балашыр, Арал теңізі мынау, – деп тақтаға қараса, бағанағы қарта орынды болмай шығады. – Жаңа ғана осы арада тұрған Арал теңізі қайда кеткен? – деп қапаланыпты.

Осы оқиғаны естіген Ізеккең:

– Ныға, Арал теңізің таптың ба? – деп кездескен сайын сұрайды екен.

\* \* \*

Изекең бірде науқастанып қалғанда дәрігер тамырынан ыстық дәрі беріпті.

– Сенің дәрің бүкіл денемді, тіпті артым мен табаныма шейін қыздырды. Тағы да берші, - депті.

\* \* \*

Бір күні Изекең қатты ауырған соң, ауылдағы молланы шақырса, ол жоғалған байталын іздеп кетіпті. Артынша молла келіп аурудың тамырын ұстап “демі бітуге таяу, бір-екі күннен қалмас” деген оймен орнынан тұрып, есік жаққа беттейді. Сол кезде аурудың:

– Ей, осы сенің байталың табылды ма? – деген сұрағынан шошыған молла селк ете түсіпті.

\* \* \*

– Ой, бауырым-ай, қайран туысым-ай, - деп бір топ кемпіршал қатын-қалаш “демі таусылған екен” деп үйге жылап кіріпті.

Сонда Изекең жайлап көзін ашып, ернін шығарыпты.

\* \* \*

Изекең тірісінде адам мен мал оқыста жығыла беретін болған соң, кешеді шашылып жатқан темір-терсектерді жинастырып жүрді екен. Ол кісі өмірден өткен соң, сым-темірлерге оратылып біреудің құлыны өліпті.

Сонда Игісін деген құдасы:

– Әттең. Изекеңнің жоқтығы осындайда да байқалады екен, - деп өкініш білдіріпті.

1990.

## ОҚЫРМАНҒА

Қарағанды маңызды білім беретін “Болашақ” институты жанындағы “Болашақ-Баспа” редакциялық-баспа бөлімінің оқу орнының тыныс-тіршілігімен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқанына да біраз жылдың бедері болыпты. Әуелде қазіргі заман талабына сай оқу процесіне қажетті, иса қат, жаңа оқу құралдарын, әдістемелік кітап-қағаздарды, нормативтік құжаттарды басып шығару мақсатында құрылған бөлім кейін келе, материалдық-техникалық базасы нығайған соң, оқу-әдістемелік, т.б. құралдар шеңберінен шығып, ел-халық, жер тарихын тектеп, таразылау, ұлттық рухани жәдігерлерімізді әспеттеп, ұрпақ санасына зерделеу ісіне де дендеп көңіл болып, осы мазмұндағы кітап-қағаздарды көптеп шығара бастады.

Оған мысал ретінде, соңғы жылдар сорабында жарық көрген: осы өңірдің өсіп-өркендеуіне еселі еңбек сіңірген адамдардың өмірбаяндарынан түзілген “Қарағандының туғырлы түлгалары” (“Кто есть кто в Караганде”), туған өлке тарихын көркем сөзбен кестелеген ақын-жыршыларын ардақтаған “Шет өңірі ақындарының жырлары”, “Атыңнан айналдым, Жаңаарқам”, мысты, жезді өлкенің қалыптасу тарихын баян ететін “Жезқазғанның мыс алыбы”, “Өлке өмірін өз көзімізбен” (Қарағанды телерадиокомпаниясының қалыптасу-даму тарихы), “Арқадағы киелі өнер шаңырағы” (С. Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының шежіресі), “Жасампаз жылдар жыналасы” (облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің тарихы). Нарманбет ақын шығармалары, халқымыздың біртуар азаматтарының бірі “Е.А. Букетовтің қабырғалы еңбектері”, “Жақсы Жанғұтты”, “Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би”, т.б. кітап-жинақтарды айтсақ та жеткілікті болар.

Осылардың ішінде бір ғана Нарманбет ақын шығармаларының өзі неге тұрады?! Ардагер ақынның артында қалған мол мұра, асыл қазына әр кезеңде, әр жылдары әредік мерзімді биспадсөз беттерінде сөз болып, кей жинақтарға енгізіліп

келгенімен, барлық шығармаларының басын біріктіріп, бірегей туынды етіп шығарудың реті келіменгі. Осы олқылықты дер уақытында байқап, орнын толтыруға бірден бір мұрындық болған — “Болашақ-Баспа”. Бұл кітап бүгінде үлкен сұранысқа ие.

Аталған кітаптар қазірде оқырман қауым арасына кең тараған, көзі қарақты адамдардан лайықты бағасын алып та үлгерді. Осындай қол жеткен табыстарға канаттанған баспагерлер бұл бағыттағы ізденістерін індетте түспек ниетте.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының тікелей әтінішімен, институттың өз қаржысы есебінен жарық көріп отырған қолдарыңыздағы кітап та сондай игі типат, ілкі ізденістердің ишарасы. Тұған өлкеміздің тұғырлы таланттарының биік тұлғасын, сара парасаты мен адамгершілік абзалдығын сөз ететін мазмұны бөлек, тағылымды кітаптың басылып шығуына қол ұшын тигізгендеріне баспагерлер бек қуанышты.

Сөз сонында, кітап авторына, өткен жылы ғана алпыс жастың асқарына көтеріліп, ақсақал жасына аяқ басқан ақын ағамызға алдағы уақытта осындай шырайлы шығармаларыңызбен қуанта беріңіз, шабытыңыздан тәнбаңыз деп тілек етеміз!

**“Болашақ-Баспа”  
редакциялық-баспа бөлімінің ұжымы**

## Мазмұны

Бағыр бабалар - әулие даналар .....	3
Баһадүрдің сом тұлғасын сомдаған .....	13
Жыр атыбы .....	22
Ғабиден аға - ұлағатты дана .....	33
Жазушы шыққан белестер .....	40
Бояу жырлары .....	54
Жүрек жылуы мол қаламгер .....	65
Қос саңлақ .....	69
Камқор болған әкедей .....	79
“Сахна — менің өмірім” .....	84
Сокпақты да сонарлы жол .....	92
Актер алған асулар .....	98
Ақынның соңғы жырлары .....	102
Күй кереметі .....	104
Қырық жылдың жемісі .....	108
Ұландарға шырын жыр .....	114
Бала жанын баураған .....	117
Ақ құлынға мінген ақын .....	124
Балалар өлемінің жыршысы .....	129
Қаламы қарымды жазушы .....	135
Балалар поэзиясы — 1974 .....	143
Шежіре бауырмалдыққа баулиды .....	150
Радиожурналист — үлкен мамандық .....	152
Зерделі ғалым .....	156
Тұлға .....	160
Шипалы қол, абзал жүрек .....	164
Табысу .....	168
Сөдіқан тоғайы .....	177
Веймар — ұлы ақындар қаласы .....	179
Халықтар досығы — әдебиеттер достығы .....	187
Маяковский күндері .....	196
Изекен айтқан скен .....	200
<i>Оқырманға</i> .....	205



**Женіс Қашкынов**

## **Туған жер топжарғандары**

*(Деректі әңгімелер, ой толғамдары,  
портреттер, сипарнама)*

*“Болашақ-Баспа” редакциялық баспа бөлімінде  
басылып шығарылды*

Бас редакторы *Б.Х.Абдулина*  
Редакторлары *Ю.А.Игнатьева, Ж.Қ.Оспан*  
Техникалық редакторы *М.Т.Шақимов*

Теруге 14.01.2003 ж. жіберілді.  
Басуға 27.03.2003 ж. кол қойылды.  
Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.  
Әріп түрі “Times”. Ризографиялық басылыс.  
Көлемі 13 б.т. Таралымы 300 дана.  
“Болашақ-Баспа” редакциялық-баспа бөлімінде  
басылып шығарылды.  
470061, Қарағанды қ., Ерубасев қ., 16.



**Жеңіс Қайқыров**

1942 жылы 4 наурызда Қарағанды облысы  
Ақтоғай ауданының Қуаныш ауылында дүниеге келген.  
1959 жылы Алматыдағы №12 мектепті бітіргеннен кейін 1961  
жылы ҚазМҰ-дің филология факультетіне оқуға

Еңбек жолын "Тениннің өңі" газетіне "Қас Алаш"  
сәбетінде бастап, кейінде ұзақ жылдар Қазақ радиосында  
жұмыс істеп, тілшілікпен айналыған.

1965 жылдан Қазақстан Журналистер одағының  
1973 жылдан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан  
жазушыларының бірінші съезінің делегаты.